

ӘДЕБИЕТ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
9-СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Өңделіп, толықтырылған төртінші басылымы

ТАШКЕНТ
«O'ZBEKISTON»
2019

УЎК 821.512.122(075)
КБК 83.3(5Каз)я721
Қ 17

Қ. ЖҰМАЛИЕВ, Т. АҚШОЛАҚОВ,
Қ. СЕЙДАНОВ, А. БУКСИНБАЕВА

П і к і р ж а з ғ а н д а р :

Б.Оразов – Гүлстан мемлекеттік университетінің оқытушысы.
А.Үмбетова – Ташкент облысы, Қыбырай ауданындағы
9-жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

Әдебиет: 9-сыныпқа арналған оқулық / **Қ. Жұмалиев, Т. Ақшолоқов,**
Қ 17 Қ. Сейданов, А. Буксинбаева. –Төртінші басылым. –Т.: «O‘zbekiston», 2019.
–304 б.

І. Жұмалиев Қ. және т.б.

ISBN 978-9943-01-523-4

УЎК 821.512.122(075)
КБК 83.3(5Каз)я721

**Республикалық мақсатты кітап қоры есебінен
жалға беру үшін басылды.**

ISBN 978-9943-01-523-4

© «O‘ZBEKISTON» баспа-полиграфия
шығармашылық үйі, 2006, 2010, 2014, 2019

Бірінші бөлім



ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Ауыз әдебиеті туралы түсінік

Халық арасына кең таралған ауыз әдебиеті үлгілері кейде фольклор деп те аталады. Ол негізінен ағылшын сөзі болып, «халық шығармасы», «халықтың ауызша айтқан көркем сөздері» деген мағына береді.

Ауыз әдебиеті үлгілері барлық халықта аса мол кездеседі. Қай халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін алып қарасақ та, ол елдің жазба әдебиетінен бұрын фольклоры өмірге келгендігін анық аңғарамыз. Халық арасынан шыққан талантты сөз шеберлері, сол ауыз әдебиеті үлгілерін бізге мұра ретінде қалдырған. Ауыз әдебиеті үлгілерін ауызша айта отырып, кейінгі ұрпақтар сан ғасырлар бойы бірінен соң бірі жаттап алып, күні бүгінге дейін, біздің дәуірімізге жеткізген.

Иә, адам баласы өз айналасындағы табиғаттың тамаша сырларына жан-жақты үңіле отырып, меңіреу табиғаттың түсініксіз, мылқау да әсем сырлы күштерімен танысып, олармен күресу нәтижесінде дамып, ілгерілейді. Әрине, табиғаттың тамаша сырларын түсініп, ұғынуға жеткенге дейін адам баласы талай-талай ғасырды өз басынан кешіреді. Сөйтіп, қоғамның жалпы дамуына, ой-сананың әбден жетіліп, өсуіне – тіршілік үшін болған күрестер, өзара тартыстар негізгі себеп болды десек, сол күрес-тартыстардың нәтижесінде экономика мен ой-сананың дамуына орай ауыз әдебиеті үлгілері де өсіп, өркендей түскен.

Өзге елдер сияқты, қазақ халқының ауыз әдебиеті де – сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан ежелгі әдеби мұра. Мәселен: халқымыз арасында кең таралған «Құламерген», «Ер Төстік» сияқты т.б. ертегілер – бізге дейінгі әлденеше ғасыр бұрынғы халықтың тірлік-тыныстарына байланысты ғана туып қойған жоқ, тіптен, өмірін жеңілдетудің бірден-бір құралы бола алды десек, артық айтқандық бола қоймас. Өйткені онда еңбекке үндеумен бірге, мал бағудың мәні, аңшылықтың терең сырлары, айлакерлік тәсілдері, тапқырлықтың тамаша үлгілері көрсетіледі. Сөйтіп, адам баласының мінезін жөндеу арқылы жақсы өмірді, бақытты тұрмысты аңсау, қиялдау нәтижесінде, келешектен қой үстінде боз торғай жұмыртқалайтын жақсы өмірді

іздейді. Осындай ұлы тілек-мақсаттарды өзіне арналы арқау, өрісті өзек еткен ауыз әдебиеті үлгілері, тіршіліктің бірден-бір құралы болғандығын анық айқындай түседі.

Біздің заманымызға дейін сары майдай сақталып келген ауыз әдебиеті үлгілері, сан ғасырлар бойында талай-талай әлеуметтік жағдайларды өз басынан кешірмеді дейсіз. Оның үстіне, ауыз әдебиеті үлгілерін талай жыршы, сөз шеберлері өздерінің ой електерінен өткізіп, оның көбін халықтың рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдырып отырған.

Иә, әлеуметтік-таптық құрылымы жағынан қашан да қоғам біркелкі болған емес. Кез келген қоғамда әр түрлі тап, топтар болатындығы сөзсіз. Олар үнемі ауыз әдебиетінде өз іздерін қалдырып отырған. Оның үстіне, таптық қоғамда әлеуметтік теңсіздіктің болатындығы да – заңды құбылыс. Содан езілушілердің үстем тап иелері – езушілерге қарсы наразылығы туа бастайды. Нәтижесінде, езілуші тап өзінің сезімін, ой-пікірін, наразылығын, күйініш-сүйініштерін қалай да сыртқа шығаруы, оны басқаларға айтып беруі керек-ақ.

Мұндайда халықтың қолданған күшті құралдарының бірі – ауыз әдебиеті үлгілері – өлең-жырлар, ертегілер, тазша әңгімелері, сондай-ақ, қара сөздің басқа да түрлері болған. Мәселен, оған хандарды өз уәждерімен ылғи да жеңе беретін Тазша баланың әңгімелерін айтуға болады. Оны біз екі ағасын өлтірген байдың көзін жойып, кек алғаны туралы арнайы сөз қозғайтын «Ағайынды үш жігіт» т.б. сол сықылды ертегілерден анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Өнер – өмір сәулесі. Ал оның бір бұтағы саналған әдебиет те – өмір айнасы. Өйткені, ауыз әдебиеті үлгілерінің қай түрін алсақ та, онда ол сол қоғамдағы тұрмыс-салтты, әлеуметтік өмірді, іс-әрекетті, таптық ой-сананы тайға таңба басқандай етіп айқын көрсете алады. Сондықтан да ауыз әдебиеті үлгілері арқылы біз әрбір заманның сырын, өзіндік ерекшеліктерін терең танып, жақсы түсінуге аса мол мүмкіндіктер аламыз.

Халық қашан да аса тамаша өмірді келешектен күтіп, ылғи да келешекке үлкен үмітпен, сенім арта қараған. Иә, ондай ерекше бір наным-сенімдер көркем шығармалардан да берік орын алып отырған. Рас, халық өзінің ауыр тұрмыс-тіршіліктерін жеңілдету жағына айрықша мән бере қараған. Соның нәтижесінде халық арасында «Ұшқыш кілем», «Жалмауыз кемпір» сияқты т.б. қиял-ғажайып ертегілер өмірге келген. Ондай ой, терең пікірлерді ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерінен де анық аңғарамыз.

Ауыз әдебиетінің түрлері

Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілеріне назар аударсақ, онда оның әр салада, әр түрлі жанрларда дамып, кең өріс алғандығын анық аңғарамыз. Халық арасына кең тараған тұрмыс-салт жырларынан бастап, эпостық және лиро-эпостық жырларға дейінгі бай мұралар, қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық сипаттарын жан-жақты таныта түседі. Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі түрлері: **а) тұрмыс-салт жырлары; ә) мақал-мәтелдер, жұмбақтар; б) ертегілер; в) эпостық жырлар; г) лиро-эпостық жырлар; д) айтыс өлеңдер; е) тарихи жырлар; ж) шешендік** сөздер.

Халықтың ең асыл өнері – бай ауыз әдебиеті арқылы өзінің тарихын, халықтық рухын, сыр-сипатын бейнелеген. Сөйтіп, халықтың бүкіл тіршілік тыныстары өлең-жырларға ылғи да арналы өзек болып отырған. Тіптен, дүниеге келген жас нәрестені бесікке бөлеп, әлди айту арқылы оның құлағына әннің, өлеңнің сазын естірткен. Бара-бара өз ойын қызық-тамаша, той-думандарда да өлеңмен, әнмен жеткізген. Дүниеден өткен адамдарды да қайғылы, жоқтау өлеңдер айтып, жерлейтін болған. Солай екен, қазақ халқы өзінің ең бай асыл мұралары болған өлең-жырлары арқылы, өздерінің бүкіл өмір кезеңдерін өз өлең-жырларында, әр түрлі жанрларда жырлап отырған.

Айтушылар ауыз әдебиетінде кездесетін кейбір бір-екі шумақ өлеңдер мен әнге салынып айтылатын өлеңдерге дейін, өздерінің көңіл күйлерін білдіріп отырған. Олардың кейбіреулері лирикалық жанрларға жатса, енді бірі – ертегі, аңыз-әңгімеге, батырлар жыры мен лиро-эпостық жанрларға жатады. Кейде батырлық жырларды эпостық поэмалар деп те атауға болады. Ондай жырлар ылғи да сюжетке құрылады да, баяндау түрінде айтылады.

Эпостық жанрдың аса көлемді түрінің бірі – **батырлар жыры**. Оған «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» жырларын жатқызуға болады.

Эпостық жырларда негізінен бір ел мен екінші елдің арасындағы күрес-тартыстар, жер мен жайлы қоныс, ел билеуге байланысты өзара қақтығыстар жайлы сыр шертеді. Халық арасынан шыққан батырлардың күрес-тартыстары, әрі Отанын, елін қорғаудағы ерлік күрестері бейнеленеді. Сондай-ақ, эпостық жанрлар санатына жататын мысал өлең үлгілері мен қиял-ғажайып ертегілер де ауыз әдебиеті үлгілерінде аса мол кездеседі.

Кейбір ертегілер тақырыбы, құрылысы жағынан роман жанрына үндесетіні анық байқалады. Мәселен: Ерте замандардан бері халқымыз арасында кең өріс алып келе жатқан «Алдар Көсе», «Тазша» әңгімелері новеллаға тән болса, «Азу сары, Керпішбай» секілді ұзақ әңгімелер повеске ұқсайды деуге болады.

Бірақ, ауыз әдебиеті үлгілерінде драмалық шығармалардың да кейбір элементтерін аңғарамыз. Бұл орайда «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Еңлік-Кебек» секілді шығармаларды атауға болады.

Ал, қазақ әдебиеті тарихында шын мәніндегі драмалық шығармалар ХХ ғасырдың бас кезінде дүниеге келе бастады. Ауыз әдебиетіндегі жар-жар, түрлі-түрлі айтыс өлеңдер–драмалық жанрдың алғашқы бастау бұлақтары. Оларда драмалық шығармалардың кейбір элементтері кездеседі деуге болады.

Сөйтіп, ауыз әдебиетінің сан алуан түрлерін, жоғарыда атап өткен үш жанрдың төңірегінде топтастыра ой жүгіртуге болады.

Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері

Ауыз әдебиеті де, жазба әдебиет те–негізінен көркем шығармалар.

Өйткені, олардың көркем шығармаларға тән сипаттарын анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Дегенмен де, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке қарағанда, өзіне ғана тән негізгі айырмашылықтары бар. Мәселен: Ауыз әдебиеті көпшіліктің шығармасы. Оның белгілі бір авторы болмайды. Кім айтқандығы, кім жазғандығы да белгісіз. Сондықтан да оны әр кезде, әр дәуірде аса қабілетті адамдар, не ақындар өмір құбылыстарын бақылай отырып, әр алуан тақырыпқа өлең-жыр, не әңгіме, кейде ертегілер шығарып отырған.

Алғаш ауыз әдебиеті үлгілерін біреулер айтса, келе-келе оны басқа біреулер айтып дамытып отырған. Кезінде жазу-сызу болмағандықтан, оны алғаш айтушылар, шығарушылар кім екендігі де, ұмытылып кеткен.

Оның үстіне, кейінгі айтушылар оған әр түрлі өзгерістер енгізіп, кейде дамытып отырса, енді біреулері қысқартыңқырап та айтқан. Кейде кейбір оқиға алынып тасталса, енді бірде оған жаңа-жаңа оқиғаларды қосып, өзгертіп айтқан тұстары да аса мол болған.

Сөйтіп, ауыз әдебиеті үлгілері талай-талай өзгерістерге ұшырап, бізге дейін жетіп келген. Айтушы ақын, не жыраулар мен әңгімешіл адамдардың шығармашылық дарынына орай, әрі таптық дүние танымына қарай, әр түрлі өзгерістердің сыр сипаттары да түрліше болған.

Мәселен: Халық мүддесін ойлайтын жыршылар болса, ол шығармалардың халықтық сипатын жандандыра түскен. Әрі оның көркемдік-идеялық сапасын да жетілдіре, ширата бастаған. Ал үстем тап иелерінің шашбауын көтеретіндері, сол үстемдік тұрғыдан ой түйіп, өздерінше жамау-жасқау жасап, халықтық шығармаларды өз мақсаттарына пайдаланған.

Сондықтан да халық ауыз әдебиетіндегі феодалдық-рулық салт-сананы, әдет-ғұрыпты дәріптейтін шығармалардың өмірге келуі – соның салдарынан деуге болады. Бұл ретте «Қобыланды батыр» жырындағы кейбір діни қоспалар мен «Қыз Жібек» лиро-эпостық шығармасындағы әменгерлік мәселесін көтеретін тұстарын айтуға болады.

Ауыз әдебиеті негізінен ауызша шығарылып, ауызша айтылатын болғандықтан, ол ылғи да кейбір айтушылардың шығармашылық жолымен өзгерістерге ұшырап отырған. Сондықтан да олардың әр түрлі нұсқалары бар. Мысалы, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» лиро-эпостық шығармасының он бес шақты нұсқасы болса, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», жырларының да бірнеше нұсқалары бар. Солай екен, көп варианттылық – ауыз әдебиеті үлгілерінің бәріне тән сипат. Сол үшін де, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен екінші айырмашылығы – оның әртүрлі вариантты болуында.

Ал, енді оның үшінші бір айырмашылығы – ауыз әдебиеті шығармаларында синтаксистік, лексикалық қайталаулар жиі-жиі ұшырайды. Оларда қалыптасқан дағдылы сөздер мен сөйлемдер, тұрақты сөз тіркестері мен тұрақты ұйқастар мол кездеседі. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырындағы мына бір шумақтарға көңіл аударалық:

Мал салдым базар бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды.
Арқаның бөрі көзіне...
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыдыртып...

немесе, «Қыз Жібек» жырындағы мына бір жолдарға назар аударалық:

Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады... –

деген сияқты жолдар қайталанып келіп отырады.

**Ауыз әдебиетінің
даму кезеңдері және
оның мәні мен
маңызы**

Сондай-ақ, ертегілердің көбі «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен. Қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деген сияқты жолдармен басталып отырады. Оның үстіне, батырлар

жырының басталу кезеңдерінде де, осы сияқты қайталаулар жиі-жиі кездесіп тұрады. Ал, жазба әдебиетте мұндай жағдайлар болмайды.

Шынында да, ХІХ ғасырға дейін жазуы кенжелеп дамыған қазақ халқы үшін оның өнері де, көркем әдебиеті де – негізінен ауыз әдебиеті үлгілері болған. Сондықтан да қазақ халқының бүкіл тірлік-тынысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, рухани өмірі – ауыз әдебиеті үлгілерінде аса мол көрініс тапқан.

«Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұндар жолаушы – қазақ халқы» – дейді М. Әуезов, одан әрі: «Бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті», – деп, ой түйеді.

Шынында да, ауыз әдебиетінде қазақ халқының басынан кешірген талай тарихи оқиғалары мен өмірі кеңінен көрініс тапқан. Әрине, халық ауыз әдебиетін білу – өз халқының тарихын, мәдениеті мен этнографиясын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, арман-қиялын, мақсат-мұратын меңгеру деген сөз.

Әр халықтың, әсіресе жазу-сызу өнері дамымаған халықтардың ауыз әдебиеті – сол халықтың көркем тарихы деуге болады. Онда халықтың әлі сәбилік, балаң кезеңіндегі, табиғаттың тамаша ішкі сырларын, көптеген құпияларын терең түсіне алмай, соларға табынған. Сөйтіп, өздерінің көңіл көздері жетпеген, нәтижеде бәріне құлшылық еткен шақтары. Әрі соларды білуге ұмтылған армандары, сол негізде сан ғасырлар бойы жүргізген күрес-тартыстары, бастарынан кешкен қилы-қилы қиыншылықтары, жақсылық-жамандықтары, қуаныш-реніштері, бүкіл өткені мен бүгінгісіне дейін өз шешімін тапқан.

Әрқандай таптық қоғамда әдебиет – сол дәуірдің, белгілі бір таптың идеялық қаруы, бірден-бір құралы деуге болады. Өйткені әдебиет – сол дәуір мен сол қоғамның жырын жырлайды. Мұның мұндап, негізгі мақсаттарына үн қосады.

Халық ауыз әдебиеті де сондай күрес-тартыстар үстінде, өсіп, дамыды, кең өріс алды. Әрқашан да, халықтың арман-мүддесін жырлаған көркем шығармаларды үстем тап өкілдері, ат төбеліндей шонжарлар оншалық жақтыра бермейді. Кезінде үстем тап иелері ауыз әдебиеті үлгілерін таратушы, айтушы ақындарды, ертегішілерді қуғын-сүргін жасап, жәбірлеп те отырған. Дегенмен де, кертартпа қара күш иелері халықтың өлмейтін, өшпейтін асыл мұралары болған ауыз әдебиеті үлгілерінің дамуына бөгет бола алмаған. Қарапайым еңбекші халық ішінен шыққан ақындар, айтушылар белгілі бір күрес үстінде ауыз әдебиетін дамытып, кең өріс алдыра білген.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті – сан ғасырдың тамаша жемісі. Ауыз әдебиетінің түп төркіні, сонау патриархалдық – рулық заманаға барып тіреледі. Оның тамаша жанрлары болған – тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, эпостық және лиро-эпостық жырлар, негізінен сол дәуірден бізге дейін жетіп келген. Оның үстіне, қазақ даласында феодалдық қарым-қатынастардың қалыптасып, орнығуы – қазақ халық ауыз әдебиеті дамуының келесі бір кезеңі болды деуге болады. Бұл кезде патриархалдық-рулық дәстүрлер әлі де күшті болғанмен, жаңа тарихи кезең ауыз әдебиеті үлгілеріне өзінің игі әсерлерін тигізді. Ауыз әдебиеті үлгілерінде қазақ халқының сол кездегі тарихи жағдайлары, ірі-ірі тарихи оқиғалары өз шешімін тапты. Әсіресе, жоңғарлармен шайқас, аса қайғылы «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары, еңбекші халықтың феодалдардың езгісіне қарсы күрестері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, асқақ армандары көрінісін тауып отырған.

Шынында да, халық ауыз әдебиеті – халқымыздың аса бай, сарқылмас асыл қазынасы. Одан біз халқымыздың өткен өмірін жан-жақты байқаумен бірге, сол арқылы бүгінгі заманамыздың ұлылығын, өміршеңдігін аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Өйткені, ауыз әдебиеті үлгілерінен халқымыздың қаһармандық болмыс-бітімі мен ерлік істерін көреміз. Әсіресе, халық ақындары жырларынан Отанға деген патриоттық сезімді, елге, жерге, халыққа деген сүйіспеншілік идеяларын анық аңғарамыз. Оларда жастарды Отанын қорғауға, елін, жерін, халқын сүюге үндеу идеялары кең өріс ала түскен. Мәселен: «Жалаңаш бар да жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің», «Қатер – мың, ажал – біреу», «Қорлық өмірден, ерлік өлім артық», «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» – деген сияқты мәтелдер жастарды өлімге емес, өмірге жігерлендіріп, елін қорғауға жұмылдыра түседі.

1991 жылға дейін 73 жыл жасап, келмеске кеткен Кеңес мемлекеті тұсында халық ауыз әдебиетін дамытуға аса мол үлес қосқан Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Доскей Әлімбаев, Нартай Бекежанов сияқты т.б. халық ақындарын ерекше атауға болады.

Қорыта айтқанда, ауыз әдебиетін – жазба әдебиеттің арғы атасы деуге болады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде телегей теңіз сөз маржаны арқылы тамаша ойлар, халықтың асқақ арманы, игі тілектері жан-жақты көрініс тапқан. Тамаша көркем бейнелер жасалған.

Оның үстіне, халық ауыз әдебиетінің бал-бұлақтарынан рухани нәр алмаған, сусындамаған, одан үйренбеген бірде-бір халық, ақын-

жазушы жоқ десек қателеспейміз. Жазба әдебиетіміздегі көркем сөз шеберлері халық ауыз әдебиеті үлгілерінен сөз саптау, сюжет құру, образдарды сомдау, композициялық тәсілдер жасау жағынан үйреніп қана қоймай, олар ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінен рухани нәр алған.

Сондықтан да күні кешегі Кеңестік дәуірде қалам тербеткен қаламгерлердің біразы ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері негізінде жаңа-жаңа туындылар жазды. Бұл ретте белгілі сөз зергерлері: Сәбит Мұқановтың «Сұлушашын», Мұхтар Әуезовтің «Айман – Шолпанын», Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуын» атай аламыз.

Сөйтіп, халық ауыз әдебиеті үлгілерінде халықтың мұңы мұңдалып, жыры жырланды. Олар өз дәуіріндегі әділетсіздікті сынай отырып, елін, жерін, Отанын қорғауды негізге алды да, халықты ынтымақ, бірлікке, достық пен туысқандыққа үндеді, соған жұмылдырды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Фольклор дегеніміз не?
2. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттен қандай айырмашылығы бар?
3. Ауыз әдебиетінің түрлерін атаңдар және даму кезеңдері мен маңызы туралы айтып беріңдер.
4. Ауыз әдебиеті үлгілерін шығарушылар кімдер?

ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ

Халық ауыз әдебиетінде кең өріс алған тұрмыс-салт жырларында халықтың тек өзіне ғана тән тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, шаруашылық кәсібі жан-жақты көрініс табады.

Солай екен, тұрмыс-салт жырларын басты-басты екі түрге бөліп қарауға болады: 1) **Еңбек пен шаруашылық кәсібіне байланысты туған өлең-жырлар.** Оған төрт түлік мал және басқа жан-жануарлар жайлы, аңшылық туралы айтылған өлең-жырлар мен наурыз жырларын жатқызуға болады.

2) **Әдет-ғұрыпқа байланысты туған өлең-жырлар.** Бұған той бастар, жар-жар, сыңсу, бет ашар, қоштасу, көңіл айту, естірту, жоқтау секілді өлең-жырлар жатады.

Адам баласының алға басуы, ой-санасының өсіп, қалыптасуы – қоғамның экономикалық, тіршілік жағдайларының жақсаруына байланысты екендігі өз-өзінен түсінікті.

Еңбек пен шаруашылық кәсібіне байланысты өмірге келген өлең-жырлар

Әр қашанда халықтың рухани өмірі мен мәдениеті, оның ішінде ауыз әдебиеті – қоғамның экономикалық тіршілігінің бірден-бір көрінісі.

Ал, ауыз әдебиеті үлгілеріне барлай назар аударсақ, оның көпшілігінде адам еңбегі сөз болатындығын анық аңғарамыз. Еңбек және шаруашылық кәсібіне байланысты өмірге келген өлең-жырлар да халықтың сол дәуірдегі тіршілік тынысы, еңбек, кәсіп негізінде туып, дамыды және өзі де соның ілгерілеуі үшін ықпал етті. Сонымен қатар оларда өз дәуірінің дүниетанымы мен ой-санасының да елесі өз көрінісін табады.

Тұрмыс-салт жырларының еңбек пен шаруашылық кәсібіне байланысты өмірге келген түрлері – көбіне төрт түлік малға арналған жырлар деуге болады.

Төрт түлік малға байланысты туған өлең-жырлар

Төрт түлік мал – қазақ халқының күн көрісінің, шаруашылығының бірден-бір негізгі саласы. Олар сауса – сүт, кесе – киім, мінсе – көлік болған. Сондықтан да қарапайым халық күні бүгінге дейін малды аса қадірлеп, оны өсіруге, бағып-қағуға ерекше көңіл бөліп, өздерінің өлең-жырларында барынша бейнелеп, әрбірінің өзіндік қасиеттерін жыр жолдарына қосып отырған.

Иә, төрт түлік мал туралы айтылған өлең-жырлардан сонау ескі заманның елесін анық аңғарамыз. Ол кезде адам баласы табиғаттың терең сырларын жан-жақты түсінбей, сыртқы бір «күдіретті күштерге» ғана табынып, жалбарынған. Өзі сырын ұқпаған, түсінбеген табиғат құбылыстарының барлығының иесі, тәңірі бар деп түсінген. Сол үшін де олар күнге, жерге, аруаққа сыйынып, құлшылық еткен. Солар арқылы өз еңбектерін жеңілдетіп, молшылыққа, мақсат-мұратқа жетпек болған. Хайуанаттардың әрбірінің иесі бар деп білуі де, түсінуі де сондықтан. Мәселен, қой атасы – «Шопан ата», түйе атасы – «Ойсыл қара», жылқы атасы – «Қамбар ата», сиыр атасы – «Зеңгі баба» деп, әрқайсысына жекелей ат қойып, айдар таға тілге алған. Солардан медет тілеген. Сондықтан да, Шопан атадан: «Тегене кұйрық қошқарды, малды берсең, қойды бер». Жылқышы атадан: «Айғыр берсең байсалды, үйірі толған байталды, өңкей мама бие бер, сауғанда ол иіген», Зеңгі бабадан: «Сиыр берсең сүтті бер, өңкей мама торсықтай», Ойсыл қарадан: «Маң-маң басқан, маң басқан, шудаларын шаң басқан, төрт аяғын тең басқан», – деп, төрт түлік мал беруді тілей отырған.

Әр түлік малдың әрбірінің «өз иелері бар» деп жыр жолдарына қосуы – төрт түлік мал туралы айтылатын бұл өлең-жырлардың алғашқы нұсқалары сонау ерте заманда шыққандығын анық дәлелдей түседі.

Халық өлең-жырларында малдың өсіп-өрбуі, сол иелерінің шарапатына да байланысты дегендіктен, халық арасында: «Мал баққанға бітеді» деген даналық ой айтылады. Тіптен сиыр «қалың құрақ нуға», жылқы «бетегелі белге», түйе «жалмаң құлақ сорға» бітеді деседі. Сөйтіп халық, малдың жайылымы, күтімі, бағып-қағуы дұрыс болған жерде ғана өсіп-өнетіндігін әдемі жеткізеді. Халық өзінің бай тәжірибесінен осындай терең түйін, тамаша қорытынды жасай білген. Оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде қалдырған.

«Түйе, түйе, түйелер» деген өлеңде:

Еніп кеттім еңіске,
Қойным толды жеміске,
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.

Жусанын мен қойға бердім,
Қой маған қошақанын берді...
Суын қара сиырға бердім,
Қара сиыр сүтін берді... –

деп, игілік көзі еңбекте екенін тамаша айтып берген.

Жердің жусаны, қойдың қошақаны, қара сиырдың сүті – осының бәрі адам еңбегінің жемісі. Демек, тұрмыс-салт жырларында халық жасампаз еңбекті дәріптеген. Тек төрт түлік иелеріне сыйынып, қол қусырып отыра бермеген. Ырыс, береке еңбекпен келетінін де жақсы білген.

Халық төрт түлік туралы өлең-жырларда әр түліктің қасиетін, адамға берер молшылығын дөп басып айтқан. Тегене құйрық қойды халық еті мен жүні, жылқыны – сүті мен күші, «найза ұстаған ерге» қанат болғанын ділге алса, «екі өркеші баладай» аруана – түйені – жүні, сүті, ұзақ сапарға төзімділігі, «желіні бар қазандай» сиырдың сүті, өгізді «қос жегуге жараған» күші үшін бағалаған.

Халық өзінің ең асылын малға балаған. Баласын жақсы көргенде «ботам», «қозым», «құлыным» деп аймалаған. Көзі мөлдіреген аруды «бота көз» деп сипаттаған. Малмен көзін ашқан адамға бұл бейнелі сөздер, сұлулықтың ерекше белгісіндей танылған.

Ал осы «бота көз» деген бейнелі сөз мал шаруашылығымен еш байланысы жоқ ел үшін мүлде оғаш көрінері де анық. Неге десеңіз, өмір тіршілігінде, түйенің еш мәні жоқ, ел адамына ботаның өзі де, оның мөлдіреген қарақат көзі де көркем бейнені елестете алмайды, сезімін де селт еткізбейді.

Адамның мал бағудағы кейбір өрескел істерін шеней де көрсеткен ауыз әдебиетінің нұсқалары бар. Мал мен адамның айтысы малды дұрыс бағып-күтпейтіндерді сынау мақсатымен шығарылған өлеңдер екені сөзсіз. «Малдың баласын сүюі» деген жырлар – мал үшін емес, адам үшін, адамның малды бағалай білуі үшін айтылатын сөз.

Халықтың тамаша бейнелерді жақсы деген жануарлардың айнала-сынан іздеуінің екі себебі бар. Біріншіден, ғасырлар бойы қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығының мәні зор болды да, ол адамның ой-санасына мықты әсерін тигізді. Екіншіден, малдың қай түрі болсын, көпке белгілі. Демек, белгісіз бір нәрсені белгілі жануарларға теңеу, салыстыру, балау арқылы таныстыру ұтымды болған.

Қазақтың ауыз әдебиетін, жазба әдебиетін алсақ та «жігіттің жам-позы», не «жігіттің нары» деген метафораны кездестіреміз. Ал жігітті – «өгіз», баланы – «бұзауым, торпағым» – деп аялау, мадақтау – қазақ халқы арасында еш уақытта да айтылмайды. Мұның себебі, қой мен түйеге қарағанда қазақ халқы сиырды кейінірек малданған болса керек, екіншіден, көшпелі өмірде сиырдың мәні нақ әлгі үш түліктей болған емес. Сондықтан да ауыз әдебиетінің ескі нұсқаларында сиырға, оның төліне байланысты атаулар өте аз, ол тек соңғы кездегі ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларында ғана кездеседі.

Адам – табиғат перзенті. Табиғаттан тыс адам өмір сүре алмайды. Сол табиғаттың жанды көрінісінің бірі – төрт түлік мал. Оны халық әр заманда ардақтаған, бағалаған. Бүгінгі өмір тіршілігімізде де малдың алатын орны ерекше. Мәселен:

ШОПАН АТАҒА

Шаруаның бір түлік пірі – Шопан,
Келтірмей қу, пір ата, қойға топан!
Қойды андыған бәленің бәрі құрып,
Бықбырт тиіп, үні өшсін қасқыр апан.

Ай мүйізі шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең, қойды бер!

Аппақ қана сүті бар,
Шағаладай құрты бар,
Шопан ата баласы –
Қойлар бассын үйінді!
Қойлар басса үйінді,
Қоймай бассын үйінді!

ЖЫЛҚЫШЫ АТАҒА

Шаруаның бір пірі –
Жылқышы ата,
Тілегенде өзің бер ақтан бата!
Өңкей ала шұбардан
Жал, құйрығы шұбалған
Айғыр берсең байсалды,
Үйірі толған байталды,
Өңкей мама биімен.

Сауған сайын иіген
Биесі бұтын жимасын,
Көнекке сүті сыймасын,
Ұзара берсін желісі,
Кеңі берсін өрісі...
Жылқышы ата баласы
Жылқы бассын үйіңді.

ЗЕҢГІ БАБАҒА

Шаруаның бір пірі – Зеңгі баба.
Сиыр берсең, сүтті бер,
өңкей мама,
Тағы бір тілек тілейін,
Бергеніңді білейін,
Қос жегуге жарамды
Ылғи бойшаң өгіз бер,
Жүп-жұбымен егіз бер.
Бұқалары әукелі –
Шүйделері білеудей,
Аяқтары тіреудей,
Әр түстен ыңғай сегіз бер...
Сәйгел тисе, мөңкіген,

Оқыра тисе, жөңкіген,
Саздау жерге тоқтаған,
Үй арасын боқтаған,
Сиыр деген мал екен...
Дауысы бар азандай,
Желіні бар қазандай,
Мүйізі бар жылтылдақ,
Буыны бар сыртылдақ,
Зеңгі баба баласы –
Сиыр бассын үйіңді.
Сиыр басса үйіңді,
Сыймай бассын үйіңді!

СЕКСЕК АТАҒА

Қойды көсем бастайтын,
Өткелден үркіп саспайтын,
Қарағай мүйіз серкелі,
Шүйде жалды, желкелі,
Сексек ата баласы,
Шібегелер шігесі,
Қатпа келер шекесі,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса, сүті бұлақтай,
Екі қонақ келгенде,
Ептеулісін қайтерсің.

Жалғыз қонақ келгенде,
Жараулысын қайтерсің.
Ауыл көшіп қонғанда,
Өрегенін қайтерсің.
Бөрі бақыр келгенде,
Көрегенін қайтерсің,
О бөріні көргенде,
Пысқырғанын қайтерсің,
Құйыршығын артына
Қыстырғанын қайтерсің.
Бөрі ала қашқанда,

Бақырғанын қайтерсің,
«Ойбай, ием, кеттім» – деп,
Шақырғанын қайтерсің.

Ешкі бассын үйінді,
Ешкі басса үйінді,
Кешке бассын үйінді!

ОЙСЫЛ ҚАРАҒА

Шаруаның бір пірі –
Ойсыл қара,
Түйені өсір жарылқап,
болып пана!
Ит-құс, пәле, індеттен
аман сақтап,
Топ-топ қылып боталат,
аруана!
Және бір тілек тілейін,
Бергенінді білейін,
Қотанға сыймас түйе бер,
Түйе берсең, үйе бер!
Жатқан жері даладай,
Азу тісі қаладай,
Екі өркеші баладай,
Қаршылдаған бурасы,
Жалбыраған шудасы,
Жібектен болсын бұйдасы.
Ойдан-ойға бошалап,
Сансыз іңген боталап,
Боталарын өсіртіп,
Салтанатпен көшіртіп,

Қоныстан-қоныс таңдатып.
Көшкенде жонды шаңдатып,
Жақсы жайға қондырсын,
Шаруаны толтырсын!
Көзі жарық жұлдыздай,
Мойны иіл қобыздай,
Құйрығы ұзын қамшыдай,
Шудасы бар жамшыдай.
Маң-маң маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Екі өркешін қом басқан.
Тілін тікен теспеген,
Алабота, теріскен,
Мұрындығы келіскен,
«Шөк!» – дегенде, «бық!» – деген,
Шешіп үйін жүктеген,
Ойсыл қара баласы, –
Түйе бассын үйінді.
Түйе басса үйінді,
Кие бассын үйінді!

* * *

Аңшылық туралы өлең-жырлар

Еңбек пен шаруашылық кәсібімен байланысты
өлең-жырлардың және бір түрі – аңшылық туралы
жырлар.

Аңшылық әуел баста күн көріс көзі, тіршілік үшін керекті кәсіптің
бір түрі болған. Кейін ол тек күн көріс көзі ғана болмай, саят, көңіл
ашу, ермек, мергендік өнеріне де айналған.

Бүкіл өмірін аңшылықпен өткізген адамдар қазақта аз болмаған. Сол үшін де халқымыз арасында көп айтылатын: «Қару жисаң – мылтық жи, жаяу жүрсең – таяғың, қарның ашса – тамағың» деген мәтел де осыны дәлелдейді.

Аң, құс, әр түрлі жануарлар туралы аңыз ауыз әдебиетінде көп кездеседі. Өзінің мергендігімен, батырлығымен талай аңды тайдай тұлалатып, өзгеге олжа салған аңшыны ақындар асқақтата, мадақтай жырлап, оны кейінгілерге үлгі етеді.

Ұяда сұңқар түлетіп,
Қиядан сұңқар тілеткен
Қиядан барып теке атқан,
Бас бармақтай бөдене,
Басынан байлап, көзге атқан.

Азулы да бөрі атқан,
Есіктен қабан ақырған
Төріне сұңқар шақыртқан
Арыстан деген аң болар,
Асауын ұстап байлаған, –

деп, аңшыларды ақындар көкке көтере дәріптейді.

«Қамбар батыр» жырында «тоқсан үйлі тобыр мен алпыс үйлі арғынды» құс етімен асыраған Қамбардың аңшылығын ерекше шабыттана жыр жолдарына қосады. Әрі аңшылармен бірге, олардың жан серіктері болған қыран құстарды да жырлайды. Ақындар өздерінің жыр жолдарында «Арыстандай айбатты», «Жолбарыстай қайратты», «Кер маралдай керілген», «Тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған» деп, аса тамаша көркем сөздермен аңшылық өмірді шебер сипаттады. Тіптен ақындардың:

Түлкінің жүгірісін қыран байқар,
Ойласаң сөзің емес маған айтар.
Қанды көз, май жем алғыш ақ иықпын,
Сен түгіл қасқыр көрсем, бір-ақ шайнар...

деген ойлы шумақтарынан халықтың аңшылық кәсіпті қаншалық сүйіп, оны қаншалық қадір тұтқандығын анық аңғаруға болады.

Ауыз әдебиеті үлгілерінде қыран құсты жеріне жеткізе дәріптеген ұзақ-ұзақ өлең-жырларды да мол кездестіреміз. Мәселен, «Көкжендет» өлеңіне назар аударсақ, оны:

Көкжендет, тұғырың алтын, маржан баулы,
Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.
Алпыс қаз, тоқсан үйрек бір күнде алған,
Көріп пе ең Көкжендеттей қыран шәулі, –

деп, Көкжендеттің алғырлығын жыр жолдарына қосса, одан әрі:

Көкжендет, қанды балақ шіркін, кәрі,
Болар ма Көкжендеттей құстың бәрі!
Ауылды құс етімен кәні қылушы ең
Шіркіннің, не қылайын, өтті зары! –

дей отырып, құстың тек иесінің ғана емес, бүкіл ауылдың ырысы екендігін де аша сипаттайды.

Расында да, ауыз әдебиетінде қыран құстармен бірге құлан, киік, ақбөкен, аққу, қоңыр қаз сияқты т.б. құстар да кеңінен жырланып отырған. Әсіресе, аққу мен ақбөкенді сұлулықтың, әдеміліктің символы ретінде дәріптеген. Мәселен, хас сұлудың көзінің қаралығын ақбөкеннің көзіне теңесе, аққуды пәктік, тазалық, адал махаббат символы етіп алады. Мәселен:

Қалқатай отыр ма екен, жатыр ма екен,
Аққудай көл шайқаған аппақ болып, –

деп, аққуды ерекше бағалай тілге алады.

Сондай-ақ, аңшылықтың бір түрі – мергендік. Қазақ халқы құс салып, ит жүгіртумен бірге, мергендікті тамаша меңгеріп, садақ тартып, мылтық атып, аң аулайтын болған. Оны халық ақындары былай жырлаған:

Бес жасыңа келгенде,
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден оқ аттың,
Кәне, шыққан мүйізің?

Немесе:

Құралай көрсе, көзге атқан,
Құланды көрсе, белге атқан.
Оң келгенін оң атқан,
Сол келгенін сол атқан.
Солақай тартса құлатқан, –

деген жыр жолдарынан, қазақ халқының өз балаларын жастайынан мергендікке баулып, ол кәсіпті айрықша бағалағандығын байқауға болады.

Шындығында да, кезінде қазақ халқы аңшылық пен мергендікті, күн көріс көзі деп білсе, кейде оны үлкен өнер ретінде бағалаған. Сондықтан да, ауыз әдебиеті үлгілерінде аңшы-мерген жігіттерді барынша дәріштеп, мадақтап отырған. Оларды көпшілікке үлгі, өнеге ретінде тілге алған. Әсіресе, көптеген ертегілердің «Құламерген»,

«Жоямерген» боп келуінің өзі, қазақ халқының мергендіктің ел үшін де, ер үшін де аса керек екендігін жан-жақты аңғарта түскендей. Мәселен: «Жоямерген» ертегісінде жеті басты жалмауыздың қаһарына тап болған әкесін Жоямерген өзінің құралайды көзінен ата алатын атқыштығымен ғана аман алып қалады. Оны жыршы:

Балаға сонда кемпір жалт қарады,
Маңдайда жалғыз көзден қалды басып... –

Ертегіде әкесінің де, Жоямергеннің де бақытқа жетуінің бірден-бір жолы – мергендіктің арқасында болғандығын аңғару оншалық қиын емес.

Наурыз жырлары

Сан ғасырлардан бері халқымыз арасында кең өріс алып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – **Наурыз жырлары**. Наурыз жырлары кейде қысқа, ықшамдау болып келсе, кейде аса көлемді болып келуі де мүмкін. Ал, наурыз жырлары негізінен – әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларына жатады. Өйткені оның тұрмыспен, еңбекпен, кәсіппен, салтпен байланысы аса мол. Наурыз жырлары өзінің шығып келу тегі жағынан алғанда, ол еңбек пен кәсіп жырларына тым жақын.

Халқымыздың ескі дәстүріне орай, көне замандардағы күн тізбектеріне байланысты 21 наурыз – күн мен түннің теңелген шағы, жаңа жылдың басы болып есептеледі. Наурыз күнін халқымыз ерекше қадір тұтып, мерекелеп отырған. Сондықтан да оны кәрі, жас демей «құшақтасып көріскен, жаңа ағытқан қозыдай, жамырасып өбіскен» дей отырып, оны «Ұлыстың ұлы күні» деп білген.

Қытымыр қыстың қыспағынан шығып, енді ғана басы кеңіп, күн жылып, жайма шуақ бола бастаған сәтте бүкіл халық болып қуанады. Қыс бойы боранмен, суықпен алысып, көкке көз тігіп, қалт-құлт етіп отырған халық, көгілдір көктемнің басталуын асыға күтіп, ол кіріп келген шақта маз-мейрам болады. Бұл күнді халқымыз үлкен мереке ретінде атап өтеді. Қуаныштарында шек болмайды. Наурыз көжелер әзірлеп, оны жиылған жұртшылыққа таратады. Балуандар күресі, жігіттер жарысы болумен бірге, қыз-жігіттердің айтысы, өзара қақтығыстары кең өріс алады. Ақындар мүшәйра өткізсе, жыршы-жыраулар жыр айтып, халықтың көңілін көтереді. Сөйтіп, Наурыз – қазақ халқының үлкен мерекесіне, халық қуанышына айналады. Оның үстіне, наурыз күндері бұлақтардың көзі ашылып, атыз-арықтар тазаланып, ағаш отырғызылады. Нәтижеде наурыз

күнін халқымыз «Ұлыстың ұлы күні» – деп, айрықша қадір тұтқан, қастерлеген. Мәселен:

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден баға алсаң,
Сонда олжалы жол болар...
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң, жол болсын!
Ұлыс бақытты болсын!
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Пәле-жәле жерге енсін!, –

деп, Наурыз мерекесін халқымыз айрықша қастерлеп, оған ерекше мән бере қараған.

Әдет-ғұрыпқа байланысты өлең-жырлар

Қазақ халқының ұзақ замандардан бері келе жатқан, тек өздеріне ғана тән әдет-ғұрпы, ойын-сауықтары, дәстүрі, салты болған. Әрине, олар – бір күннің, немесе бір жылдың жемісі емес, сан ғасырдың туындысы.

Иә, қайсы бір елдің болмасын, адам өмірінің үш кезеңі, яғни, туу, үйлену, өніп-өсу, өлу – бәрі де ауыз әдебиетінде өз шешімін тапқан. Міне, осы адам өмірінің үш кезеңінде әрбір халықтың өздеріне ғана тән салты, әдет-ғұрпы, дәстүрі болады. Кейбір халықта олар ән, би, өлең-тақпақ арқылы өз көрінісін тапса, қазақ халқында ол көбінесе ән, өлең-жыр арқылы өзінің шынайы шешімін табады.

Қазақ халқының өмірінде жас нәресте өмірге келгеннен соң болатын шілдеханадан бастап, әр түрлі той-жиындарының барлығы ән, күй, өлең-жырлармен өтеді. Адам жарық дүниеден өткенде де, оған жоқтау айтып, өлең-жырмен қоштасады. Сондықтан да ұлы ақынымыз Абай:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы, бос қақпай өлең-селең, –

деп, бекер айтпаған.

Сондай-ақ, тұрмыс салт жырларының бір түрі – шілдехана өлеңдері. Бұл – бала туған күні айтылады. Негізгі мазмұны – дүниеге келген жаңа адамды құттықтау. Онда баланың бақытты болуы, еліне, халқына адал

қызмет ететін, ірі тұлға болып жетілуі ерекше сүйіспеншілікпен тілге алынады.

Әдетте халқымыз арасында «Той – тондынікі, ас – аттынікі», – деген қанатты сөз бар. Той жыры негізінен той-жиындарда айтылады. Ал той бастар болса, әр түрлі тойларға байланысты айтылады.

Той бастар

Әрине, қазақ халқының қыз ұзататын той жиыны, сүндет тойы, үйлену тойы, мерейтойы – әрбір адамның әл-ауқатына, жағдайына байланысты әр қилы болып келеді. Дегенмен, қазақ халқының тойларының көпшілігіне тән сипат – той асы, қонақ асы берілгеннен соң, әр түрлі қызықтар өткізу салтқа айналған болатын. Олардан – ат шабу, палуан күрестіру, қыз бен жігіттердің өзара қақтығыстары мен қалжыңдары, ақындар айтысы сияқты әр түрлі ойындары кең өріс алады. Тойға жұртшылық қызық көру үшін келеді. Сондықтан да халық арасында «Тойға барсаң, тойып бар, жұмысыңды қойып бар», – деген қанатты сөз бар. Міне, осындай қызықтың бірден-бір беташары – той бастар жыры деуге болады. Тойды:

Әдетім той бастайын әуел баста,
Сұлу сөз жарасады қарындасқа.
Шабытым көкірегіме жел берген соң,
Бұл тойды кім бастайды бізден басқа, –

деп, ақын жігіт тойды бастайды.

Той бастардың негізгі мәнінде, той салтын дәріптеу жатса, екіншіден ұзатылып бара жатқан қызды мадақтау, той иелерінің игі істерін дәріптеу болып табылады. Мәселен:

Құтты болсын тойыңыз, той иесі,
Той есесін тәңірім толтырады...
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын!..

деп, одан әрі той жиынды дәріптей түседі.

Рас, той бастар жырының түрлері көп. Оның үстіне, той бастар жырының көбі – бата берумен, жақсы тілектер айтумен аяқталып жатады. Әрі, қыздың ұзатылып барған жерінде бақытты болуына, тату-тәтті өмір сүруіне, жыламауына негізделген тілектер, ойлар көтеріледі.

Той бастар жырында қыздың кір жуып, кіндік кескен жерін, елін, жұртын, алтын ұясын тастап кетуі оңай емес екендігі де баса айтылады. Әлпештеп, аялап өсірген қызын екінші бір елге аттандыру да ата-ана, ағайын-туыс үшін де оңай еместігі ескеріледі. Мәселен:

Егіліп сен жылайсың; «Елім-ай!» – деп,
«Құрбылас, ойнап-күлген теңім-ай», – деп.
Елжіреп жүрек, бауыры шешең жылар:
«Ашыған тар құрсағым, белім-ай», – деп,
Үстінде төсегінің әкең жылар:
«Алланың ақ бұйрығы осылай!», – деп.

Сөйтiп, той бастар жырында ұзатылып бара жатқан қызды:

Жарқыным кетемін деп көп қайғырма.
Бұрынғы қалған жол ғой ата-анадан.
Шырағым, жыласаң да уанарсың,
Ақ отау шетке тіксе қуанарсың, –

деген сияқты өлең-жырларымен жұбатады.

Дегенмен, қазіргі таңда той бастар жырының мәні мен мағынасы жаңа сипат алды. Жаңарған жаңа тойларда көпшілікті думанды қызыққа үндейді. Той бастаушы дүйім жұртшылыққа қарай:

Шырқа әнге шалықта,
Би билеуге жалықпа.
Жиылған жұрт, халайық,
Билеп бүгін қалайық, –

деп, жаңарған өміріміздің жаңа тойын тойлай жөнеледі.

Қазіргі тойда бұрынғыдай ұзатылып жатқан қызды жұбату жоқ, қайта оларды қуанту, шаттандыру жағы басым болады. Ақ ниеттер, көп тілектер айтылып, жастар тойын көңілді, думанды өткізуге күллі жұртшылық үлесін қосады.

Жар-жар

Жар-жар – негізінен халқымыздың үйлену салтына байланысты өмірге келген айтыс өлең. Жар-жар қыз ұзатылу тойында айтылады. Жар-жарда қыз ел-жұртынан, ата-анасынан, туған-туыстарынан қол үзіп, басқа жұртқа ұзатылып бара жатқан сәттерде айтылатын өлеңнің бір түрі. Онда қыздың зар-мұңы, қайғы-қасіреті айтылумен бірге, оны жұбату сырлары да анық аңғарылады.

Шынында да ата-ана қолында әлпештеліп, аяланып өскен қыздың күні ертеңгі өмірі жұмбақ. Атастырған жігіті кім, барар жері қандай, алда қызды қандай өмір күтіп тұр – осының бәрі қыз байғұсқа күңгірт, жатқан бір сыр. Бұрын елінен екі елі аттап шықпаған қыз байғұсқа оның бәрі үрейлі, қорқынышты. Сондықтан ол зар жылап, іштегі запыранын өлеңмен шығарады. Содан жар-жарды қыз тобы, жігіт тобы болып, екіге бөлініп өзара айтыса бастайды. Мәселен, қыз жағы

ұзатылып жатқан қыз өмірінің мұнды, қайғылы жақтарын айтса, жігіт жағы оларды жұбатпақ болады. Тіптен қыз жағы: «Қанша жақсы болса да қайын атамыз, жар-жар-ау, Айналайын әкемдей қайдан болсын, жар-жар-ау» – деп, өксіктерін баса алмай айтады. Одан әрі: «Айналайын шешемдей, айналайын ағамдай..., айналайын жеңгемдей..., айналайын інімдей қайдан болсын, жар-жар-ау!» – деп, жылай үн қатады. Сөйтіп, қыз туған жерін, елін, әке-шешесін, туған туысқандарын, бірге өскен құрбы-құрдастарын қимай жар-жар айтады. Тіптен, ата-анасына:

Қыз да болсам сізге мен
Перзент едім, жар-жар-ау!
Жалғыз басым сыймастай,
Неттім, әке, жар-жар-ау!–

деп, өксиді. Налып жылайды.

Ал, жігіттер жағы қыздың көңілін көтеріп, жат жұрттық боп жаралғаннан соң, мұның өзі өмір заңдылығы екендігін ашық айтады. Сөйте келіп: «Әкем-ай деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар-ау, Әке орнына қайын атаң, онда болар жар-жар-ау, Шеше орнына қайын енең, шеше болар жар-жар-ау!» – деп, қыз көңілін одан әрі жұбатады.

Сөйтіп, жар-жарда екі жақ бір-біріне осылайша сөз жарыстырады. Айтыс барысында ылғи да *жар-жар* деген сөз, әр өлең жолының соңында қайталанып отырады. Оның үстіне, жар-жар сөзінің қайталанып айтылуы да тектен-тек қолдана бермейді. Онда үлкен мән-мағына бар. Жігіттер жанға жылы тиетін *жар* сөзін айту арқылы, қыз күдігін сейілте түсіп, ертеңгі өмірге қызықтыра бастайды. Жаңа қонысы мен жаңа түндігінің жақсы, жарқын болатындығын ескертеді. Жар-жардың өзіне тән тағы бір ерекшелігі – оның психологиялық параллелизмге құрылғандығында. Мәселен:

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар,
Шешем-ай деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар,
Шеше орнына қайын енең онда болар, жар-жар,
Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар,
Құлын-тайдай ойнасқан оң жақ қайда, жар-жар –

деп, адам өмірімен табиғаттың әсем сырларын салыстыра айту арқылы жастардың күйінішін сейілтеді.

Жар-жар келе-келе топтық сипаттан айрылып, қыз бен жігіттің айтысына айналып, даралық сипатқа ие болған. Нәтижеде, жеке

адамдардың мұндасуына, қызды жұбату мен махаббат сырларын шерту жайына өткен. Әрі, жар-жардың бір тобы ескі қоғамдағы белгілі бір қарым-қатынастарды аңғартса, енді біреулері қыз ұзату барысындағы халықтың салтын, әдет-ғұрыптарын да байқатады.

Рас, жар-жардың күні кешегі Кеңес дәуіріне дейінгі түрлерінде жастардың қайғылы халі, өз сүйгеніне бара алмаған мұңы, қасіреттері сыр шертсе, бүгінгі таңдағы жар-жарлар да ескі салт айтысының тек түрлері ғана сақталған да, мазмұны мен мәні түгелдей өзгерген. Енді мұнда қайғы, қасірет мүлдем жоқ. Жастар өз еркімен сүйіп қосылған, ата-ана әмірімен емес, өздері бірін-бірі көріп, танып, бас қосқан. Сүйіспеншілік пен шаңырақ көтерген сәттері анық аңғарылады. Жаңа тұрмыс құрып жатқан жастардың қуанышында шек жоқ. Олардың қызығын көру – ата-ана үшін де шексіз бақыт, қуаныш. Сондықтан да жаңа заманның жар-жары жаңаша ырғақ, жаңаша мәнмен жаңа мазмұнға ие болды. Мәселен:

Жаңғыртайық жар-жарды,
Жаңаша біз, жар-жар.
Жаңа тілек, жаңа өмір,
Жарқырай түссін, жар-жар.

дегендей, жаңаша ой кең өріс алып келеді.

Тіптен, ұзатылып бара жатқан қыздың «Қаламысың қол бұлғап, туған елім», «Айналайын жан әкем, анамменен жар-жар», – деген жар-жарларда мұң да, қайғы-қасіретте жоқ. Қайта, туған елге, жерге, ата-анаға деген сүйіспеншілік лебі анық еседі. Оның үстіне қыздар:

Жерлерінде асфальтті жол бола ма, жар-жар,
Әлде жолы батпақты сор бола ма, жар-жар!
Менсінбейтін автобус, трамвайды, жар-жар,
Қайран басым арбаға қор бола ма, жар-жар.

десе, жігіттер тобы:

Шыға қалсаң, егерде жолға бізбен, жар-жар,
Аралаймыз даланы «Волгамызбен», жар-жар!
Зеріктірсе, көк «Волга» көңіліңді, жар-жар,
Қыдыртамыз ауылды жорғамызбен, жар-жар!

(Ш. Мұхамеджанов)

Сөйтіп, қазіргі таңдағы жар-жарларда жаңа өмірдің жарқын көріністері, жан-жақты сипатталады. Жарасымды жаңа өмірдің тамаша көріністері анық байқалады. Содан «Барар жерім берекелі ел екен»

деп, сүйген жігіті аулына қуана ұмтыла бастайды. Онда өкініш, реніш жоқ. Тек қана ерке наз, әзіл, қағытпа қалжыңдар ғана баршылық.

Сыңсу

Ауыз әдебиетімізде әріден келе жатқан салт жырларының бірі – сыңсу. Бұл өлең-жыр той бітіп, қыз ұзатылар шақта айтылады. Яғни қыз, ел-жұртымен, ата-анасымен, туған-туысқандарымен қоштасады. Ұзатылып бара жатқан қыз өз ауылының әр адамымен, ең жақын туыстарымен жылап көрісіп, сыңсып қоштасады. Өзінің мұңын, жат жұртқа баруға риза емес екендігін, малға сатылып бара жатқандығын, қам көңілін сыңсып жүріп білдіреді.

Сөйтіп, ұзатылып бара жатқан қыз туған елі, өскен ортасымен қоштаса отырып, ата-анасы, туған-туысқандарымен, аға, іні, апа-сіңлі, құрбы-құрдастарымен қоштасып, әбден сыңсиды. Мәселен:

Айналайын, ел-жұртым, –
Не болар менің заманым?
Дәуренім менің өткен соң,
Бұралқы иттен кеткен соң,
Естіле жүрер дейсіз бе,
Не болып жүрген хабарым?
Заманым қиын болар-ау!

Көкірекке қайғы толар-ау!
Ел-жұртым, сенен айрылып,
Санамен жүзім солар-ау!
Есіктің алды сауырдан,
Ат жүрмейді сабырдан,
Қыздай мұңды бар ма екен,
Тірі айрылған бауырдан! –

деп, зарлана мұңын айтады.

Ерекше бір ескерте кетерлік жайт, сыңсу өлеңдерінің кез келгені көңіл-күй лирикасына жатады. Оларда негізінен қыздың көңіл күйі анық аңғарылады.

Сыңсудың жар-жардан негізгі айырмашылығы, онда қыз не айтса да ойын ашық айтады. Өйткені, сыңсуда қызды үгіттеу, оған насихат айту деген мүлдем болмайды. Әрі, сыңсуда ащы зар, терең мұң да оншалық аңғарылмайды. Тек, «Мұңсыз жар болмайды», «Жарсыз қыз болмас», «Ұзатқанда жыламайтын қыз болмайды», «Қыз жат жұрттық» деген сияқты сөздер айтылып, сыңсу өлеңдерінің салтқа айналғандығын байқауға болады. Мәселен:

Аққу көнбес ешкімнің байлауына,
Қайтар ән сап ақ сұлу жайлауына
Қыздан сорлы бар ма екен? Тәңірі-ай деген
Мал бергеннің кетеді айдауына...
Уылжымай ақша бет қуарсайшы,
Мөлдіреген екі көз суалсайшы,
Бір жаманға қор болып кеткенімше,
Өліп қана қыз сорлы уансайшы.

Анасынан онан да тумасайшы,
Өксігенше өмірі жылауменен, –

деп, қыз өз басына түскен бар қайғы-қасіретін, мұң-шерін сыңсу арқылы жеткізеді. Кім қалың мал берсе, соның жетегінде кете беретіндігін айттып, көз жасын егіле төгеді.

Сөйтіп, күні кешегі Кеңес дәуіріне дейінгі қазақ әйел-қыздарының аянышты жағдайы, мүшкіл тағдырлары сыңсу өлеңдерінен де анық аңғарылады.

СЫҢСУ

Заманым өтті басымнан.
Дәуренім өтті басымнан.
Бұл не деген іс болды?..
Көлінен кеткен құс болдым –
Бұлғақтап жүрген заманым.

Айналайын, ел-жұртым,
Не болар менің заманым?
Дәуренім менің өткен соң,
Бұралқы иттей кеткен соң,
Естіле жүрер дейсіз бе,

Қандай да жерге түс болдым?...
Ата-анам еді дәулетім, –
Мен жұртыма жау ма едім?
Жат жұрттық болып кеткен соң,
Кетер ау бастан сәулетім!

–Не болып жүрген хабарым?
Заманым қиын болар-ау!
Көкірекке қайғы толар-ау!
Ел-жұртым сенен айрылып,
Санамен жүзім солар-ау!..

Беташар

Беташар – негізінен жаңа түскен келінге байланысты айтылатын өлең-жыр. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері келе жатқан салт-дәстүрінің бірі – келген келіншектің бетін ешкімге көрсетпей, басына ақ жаулық салып, халық алдына алып шығып, беташар рәсімін жасайды. Соңыра, халық алдында келіншектің бетін ашу үшін, жиылған күллі жұртшылық алдында белгілі ақындар қолдарына домбыра алып, термелете отырып, өлеңмен бетін ашады.

Өмірде жанұя болудың мәні ерекше. Өйткені, қоғам – жанұялардың жиынтығы. Сондықтан болашақ ана, жап-жас жанұя күллі жұртшылық үшін де аса үлкен қуаныш болады. Сөйтіп, беташар өлеңі, келін түскендегі айрықша бір қуанышты жиынның мәні мен сәні болса, екіншіден жас келіншектің келешек өмірде қалай болу керектігі жайлы да жол-жорық, бағыт-бағдар, жөн, жол сілтеу боп та табылады. Нәтижеде беташардың тәлімдік-тәрбиелік мәні ерекше болмақ.

Бөтен елден, өзге жерден келген келін басына ақ желек салып, сәукеле кигізу – ата салтымыз, халқымыздың негізгі дәстүрі. Беташарда

жаңа түскен жас келінге ел ағаларын, қарияларды қалай сыйлау, оларға қандай құрмет, ілтипат көрсету сырлары да жатады. Жаңа түскен жас келіншекті сақтыққа, ибалылыққа шақырумен бірге, оларды үлгілі, өнегелі болуға үндейді. Әрі өленде тәлім-тәрбие беру жағы да аса мол орын иелейді. Мәселен:

Айт, келін-ау, айт, келін!
Атыңның басын тарт, келін!
Сауысқаннан сақ келін!

Жұмыртқадан ақ келін!..
...Ел-жұртыңа жақ, келін!..

дей отырып, одан әрі:

Кайнағанның алдында
Қақандама, келіншек.
Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама, келіншек!
Аузы-мұрның сүйреңдеп,
Өсек айтпа, келіншек.

Үй артына мал келсе,
Бақандама, келіншек...
Өзің жатып байыңа
Тұр-тұрлама келіншек!
Сауыр етігін шоңқайып,
Үй қыдырма, келіншек, –

деп, жаңа түскен келіншекті әдептілікке, ибалылыққа баулумен бірге, ата-енесін, туған-туысқандарын, қайнаға, қайын енелерін сыйлауға жұмылдыра түседі. Өсектен аулақ болып, қыдырма келін болудан сақтандырады да, ел-жұртына, ауыл-аймаққа жаға білетін, тәртіпті келін болуға шақырады.

Бүгінгі таңда той бастар, жар-жар, беташар сияқты салт өлеңдердің мәні мен мазмұны түгелдей өзгеріп, жаңаша сипат алды. Кезінде Ілияс Жансүгіров, Кенен Әзірбаев, Асқар Тоқмағамбетов, Қабдыкәрім Ыдырысов секілді белгілі ақындарымыз беташар жырларын жазған болатын. Сөйтіп, ақындарымыз жаңа өмірдің талабына орай, жаңа түскен жас келіншекке жаңа-жаңа бағыт, бағдарлар беріп отырған. Мәселен, Ілияс Жансүгіров:

Қағаз оқы, хат таны,
Сауатыңды аш, келін, –

деп, емірене тілге алса, дәл бүгінгі таңда да ақындарымыз жаңа өмір алға тартқан игі жайттарды келінге аша айтады. Мәселен, кезінде белгілі халық ақыны Асқар Тоқмағамбетов:

Болашақ күннің бағы үшін,
Бәрін-бәрін жасаған.
Заманның қызыл гүліндей,
Құлпырып өссін жас адам.

Деген осы заманда,
Не тілесен әзір ел.
Сол күнді берген халқыңа,
Тұрып соған тәжім ет, –

деп, келін алдына үлкен мақсат, игі талаптар қояды.

БЕТАШАР

Бетінді, келін, ашқаным, –
Жаңа жұртқа қосқаным.
Жасы үлкенді сыйлап жүр,
Құрмет қылып жасқанып.
Балалық күнің өтті енді,
Аналық күнің жетті енді,
Жаңа дәурен есігі
Алдыңнан енді ашылды.
Бәйбішелер келтіріп:
Шараларын толтырып,
Шашулары сатырлап,
Есіктен төрге шашылды.
Айт, келін, енді айт, келін!
Атыңның басын тарт, келін!
Қыз көңілден қайт, келін!
Сауысқаннан сақ келін!
Жұмыртқадан ақ келін!
Күйеуіңе шақ келін!
Ел-жұртына жақ, келін!
Өзің бір ақыл тап, келін!
Ата-ененді бақ, келін!
Кісі келсе үйіңе,
Киізінді қақ, келін!
Атаңды бұрын жатқызып,
Түндігіңді жап, келін!
...Бұрынғы күнің – балалық,
Ер жеткен күнің бүгін-ді,
Өзім айтқан сөз емес,
Осылай деген бұрынғы.
Келін боп келмек оң жаққа,
Ата-ананың мұрасы.
Бұрынғы үйің бекер-ді,
Мекенің осы тұрағың.
Келін боп келген қиын іс,

Жаңа өспірім балаға
Қызмет қыл иіліп,
Ата менен анаға.
Бар айтқаным бұл емес,
Құлағың салып тыңдап тұр,
Сөз бар айтар және де:
Тұратын болса, ата-анаң
Отырып қалма орнында,
Тұрып барып есік аш,
Еріп шықпа соңына.
Орамалын алып бер,
Ұмытып кетпе оны да.
Бұрынғыдай ойламай,
Сабыр етіп, шыдам қыл,
Аштық пенен тоғыңа.
Ынтаменен қызмет қыл,
Құдай қосқан еріңе.
Күле сөйлеп жауап бер,
Оның айтқан сөзіне.
Қатты қылып сөйлеме,
Ақырын сөйле мүдіріп,
Майдалығы сөзіңнің
Кеткендей болсын үгіліп.
Бір нәрсеге барғанда,
Көп кешікпе, кідіріп.
Үй арасы болса да,
Қатты жүрме жүгіріп.
Бозбалаға қарама
Артық аса тігіліп.
Сыпсың болып біреумен,
Өсекке жүрме ілініп.
Жасырынбас жаман ат,
Ақыр бір шығар білініп.
Жаман атың бір шықса,
Кетеді елің түңіліп.

Қоштасу

Қоштасу өлеңдерінің ішкі мәнінде қайғы, қасірет, мұң жатады. Қазақ халқы тарихына, өткен өміріне

жан-жақты назар аударсақ, онда олардың басынан талай-талай ауыр күндер өткендігін байқаймыз. Мәселен, Жоңғар қалмақтарына қарсы күрес кезіндегі, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» сәттерінде кір жуып, кіндік кескен жерінен баса көшіп, қайғылы жайттарға тап болады. Кейде, ел билеген үстем тап иелері, хан-сұлтандар халықты қинап, зәбір-зұлымдықтарын өткізген уақыттарда, ел арасындағы азулы ақындар да, не-не дүлдүл шешендер де елін, жерін тастап кетуге мәжбүр болады. Міне, осындай жағдайларға байланысты қоштасу өлеңдер кең өріс алған.

Қоштасу өлеңдерінің тақырыбы әр түрлі болғанымен, оның негізгі мазмұнында елмен, жермен, туған-туысқандармен қоштасу болып келеді де, олар бір-бірімен мәндес боп көрініс табады.

Қоштасу өлеңдерінің қай-қайсында да, көңіл күй, еліне, жеріне, өзінің ғашық жарына деген ыстық сезімдер, нәзік сүйіспеншіліктер жатады. Мәселен: өзінің сүйген жарымен қоштасқан сәттерінде өз басындағы күйініштерін, жардан айрылудың қиындығын, қосыла алмағандығын арман етсе, өлім құшағында жатқандар да, өмірмен, туған-туысқандарымен, ата-ана, бауырларымен қоштаса отырып, өмірдің мәні мен мағынасын жыр жолдарына қосады. Ал енді кейбір қоштасу өлеңін ақындар өмірмен, тірі адамдармен қоштаса отырып өз өмірінің жақсы жақтарын келешек ұрпақтарға үлгі-өнеге етуді мақсат етеді:

Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
Заманымда өзімнің
Жасанысқан жау көрдім.
Белсеніскен дау көрдім,
Үрікпедім де саспадым.
Бірі өтірік болмасын,
Табаным тайып қашпадым.
Тәуекел – ердің жолдасы,
Тілектес болған дос-жарым.

Мол дәулеттің тұсында,
Самарқантты сапырып.
Шапқан шөптей жапырып,
Аспадым да таспадым.
Қанды көйлек жолдасты
Сары алтындай сақтадым.
Менің көрген затым – бұл,
Төкпей-шашпай қолданып,
Ортаңа сүйреп тастадым...

Бұл өлең жолдары қоштасудан гөрі үгіт, насихат, өсиет сөздерге ұқсап кетеді. Дегенмен де, сөз саптау, өлең құрылысы жағынан, сондай-ақ, ішкі мазмұнына мән берсек, онда қоштасуға тым жақын келетіндігін де байқау оншалық қиын емес.

Қоштасуда адам өмірінің не-не қызғылықты жақтарын айта отырып, болашақ өмірдің бірден-бір тірегі болған – жастарға өздерінің тіршілікте

еткен ерлік істерін үлгі, өнеге ететіндігін де тілге алады. Кейінгі жас ұрпақтардың да өздеріндей асқан батыр, өз Отанына адал берілген, пәк сезімді болуларын арман етумен бірге, қиын-қыстау кезеңдерде жол таба білетін айлакер болуын армандайтын сырлары да байқалады.

Оның үстіне, қоштасу өлеңдері эпостық, лиро-эпостық жырларда да жиі-жиі кездеседі. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырындағы Ай мен Таңсықтың:

Балталы, Бағаналы ел, аман бол!
Теруші ем еріккенде ермек үшін.
Екпе жиде, алма ағаш, гүл аман бол!
Жібектей шалғынында ойнап-күлген.

Сегіз сай, тау біткен-ді, сала аман бол!
Үйеңкі, қайың, терек, тал аман бол!
Қалған ел, халайықтың шалы аман
бол! –

деп, қоштасады.

Жоқтау

Қазақ поэзиясының шұғылалы шыңы Абай Құнанбаевтың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» – деген өлең жолдарында, жоқтау нышандары анық сезіледі. Қазақ халқында бұл пәниден өткен адамдарды жоқтау – тым әріден келе жатқан ата салтымыз.

Жоқтау жыры қазақ халқы даласына сонау ислам діні келместен бұрын пайда болған. Әр қашанда сүйген жары, қадірменді ата-анасы, жалғыз ұлы, ел ардағы, қол басы, батырлары өмірден өткенде, қайтыс болғанда олардың игі істерін айтып, іштегі шерін шығаратын болған.

Кейінірек, ислам діні қазақ қоғамына еркін ене бастаған соң, қожа, молдалар оны «құран шығару, құран оқу» арқылы, қайғылы адамдар көңіліне медеу бола бастаған. Бірақ, халық арасында кең өріс алған жоқтауды олар түгелдей жойып жібере алмаған. Сөйтіп жоқтау, салт жырының бір түріне айналып, күні бүгінге дейін қала берген. Оның үстіне, жоқтау да – лирикалық өлең-жырға жатады. Онда азалы жанның қайғысы, налуы, ішкі шері жатады.

Ауыз әдебиетінің басқа үлгілері сияқты жоқтау өлеңдерін алғаш шығарушылар, қабілетті дарын иелері мен кейбір ақындар болған. Ал өз жанынан өлең шығара алмайтындар бұрынғы жоқтауларды жаттап алып, кейде оған өздері өлеңдер қосып та айтатын болған. Дегенмен жоқтау, беташар, той бастар сияқты халықтың салт өлеңдері бастан-аяқ жаттап алып айтуға келе бермейді. Өйткені, өмірден өткен әр адамның өмірі, халқына, еліне, жеріне еткен істері әр түрлі. Соған орай, олардың еткен еңбегін, халқына қылған қызметін дөп басып, дәл жоқтап айтуы керек. Сол өмірден өткен адамның өміріне сәйкес болуы шарт.

Жоқтау жырының негізгі мәнінен асырап, бағушысынан айрылған, жетім-жесір боп қалған, бақытсыздыққа тап болған жанұяның қайғы-қасіреттері анық аңғарылады. Мәселен:

Төбеге шығып қарайын,
Төбе шашым тарайын.
дейді.

Қоя тұршы, қарағым,
Көкем көңілін аулайын, –

Ауыз әдебиетіміздегі жоқтау өлеңдер – тұрмыс-салт жырларының ішінде кең, әрі аса мол сақталған түрлерінің бірі. Оның бірден-бір себебі, жоқтауда көбінесе елдің мұңы, халықтың қайғысы, ел азасы көрініс табады. Халық қамқоры болған батырларды, ел ағаларын, халық қадірмендерін жоқтап, олардың азаматтық тұлғаларын тілге алады. Халқы үшін талай жаулармен айқасып, ерлік көрсеткендігі, еліне қамқор бола білген ардақты ұлдарының биік тұлғаларын ашына айтып, жиылған жұртшылықты ерекше күйзелтеді. Мәселен: Қанжығалы Бөгенбай батыр өмірден өткенде Үмбетей ақын былайша жоқтау айтқан:

Уа, Алатаудай Ақшадан
Асып тудың, Бөгенбай,
Болмашыдай анадан
Болат тудың Бөгенбай!
Темір жұмсап, оқ атқан,
Қорғасындай, Бөгенбай...

Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай таудан асырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың...

деп, ел ардақтысы – батырына егіле жас төккен.

Жоқтауда жеке адамдардың мұңы, қайғы-қасіреттері ғана емес, ел үшін, халқы үшін еселі еңбек еткен ұлы тұлғалармен батырлары өмірден өткенде, бүкіл жұртшылық қайғырып, көз жастарын төккен. Сөйтіп, кезінде ел қамқоры бола білген ел ағаларын, кемеңгер көсемдерін жоқтап зар еңіреген.

Бір айта кетерлік жайт, жоқтауда эпостық және лирикалық жырлардың да элементтері анық аңғарылады. Мәселен, жоқтап отырған адамның өмірі, істеген іс-амалдары айтылумен бірге, онда эпостық сарын байқалса, сол аяулы адамының өліміне өзінің ішкі жан дүниесін көрсетіп, егіле түссе, ондай жоқтаулар лирикалық сарын түрінде боп келеді. Жоқтау негізінен батырлық жырларда да, лиро-эпостық шығармаларда да жиі-жиі кездеседі.

Әрине, тұрмыс-салт жырларының мұнан да басқа естірту, көңіл айту және т.б. түрлері бар.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тұрмыс-салт жырларының түрлерін айтыңдар.
2. Төрт түлік мал мен аңшылық жөніндегі өлең-жырлардың негізгі мәні қалай?
3. «Көкжеңдет» өлеңінде нендей мәселе көтерілген? Оны жаттап, сыныпта айтып беріңдер.
4. Әдет-ғұрыпқа байланысты қандай өлең-жырларды білесіңдер?
5. Қазіргі дәуірдегі тұрмыс-салт жырлары жайлы не айта аласыңдар?

ЖОҚТАУДЫҢ БІР ТҮРІ

Қалмақтан жылқы қудырған,
Құлынын жолда тудырған.
Жеті рудан қол жиған,
Алыстан дұшпан аттанса,
Қар, жаңбырдай бораған.
Жақыннан дұшпан аттанса,
Қарт бурадай жараған,
Толарсақтан саз келсе,
Қажымай оған жүретін
Қабырғадан қан келсе,
Қажымай оған күлетін.

Қылыш жанай жүретін
Тұғырда қонған сұңқары,
Суытып қойған тұлпары,
Күні де түні, базарым,
Алладан қайтты назарым,
Бетімнен кетті ажарым...
Алпыс басты ақ орда,
Ақ сұңқар үйде тұрғанда,
Жаздың күні болғанда,
Күннің көзі байланды,
Ақ сұңқар ұшып айналды...

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Мақал-мәтелдер қазақ халқының сан ғасырлық тамаша шежіресі. Онда негізінен халық тарихы, олардың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, ақыл-өнегісі жан-жақты көрініс тапқан.

Мақал-мәтелдер ойдың дәлдігі, тереңдігі, әрі аса ықшамдылығымен көз тартып, көңілге ұялай түседі. Мақал-мәтелдерде өмірдің алуан түрлі құбылыстарына терең баға беріліп, үлкен бір түйіндеулер жасалады. Сөйтіп, халықтың сан ғасырлар бойғы бай тәжірибесі қорытындыланады.

Мақал-мәтелде халық даналығы үлкен бір ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ұсынған. Мәселен: «Көз – қорқақ, қол – батыр», «Аз сөйлеп, көп тыңда», «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада», «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын», – деген сияқты мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылықпен үнділік, саздылық, аса тамаша ұйқаспен кемел ырғақты анық аңғарамыз. Мақал-мәтелдерде басы артық сөз болмайды. Бәрі, тап-тұйнақтай кесіп-пішіліп, орны-орнымен сұрыпталып, екше-

леп айтылады. Онда айтылған ой өрнектері барынша ықшамдалған, жымдаса біріккен, тұтастық сипат алады. Мәселен, «Қой шелді болмай, төлді болмас» – дегенде, ондағы сөздерді өзгерту мүмкін емес. Өйткені «Шелді мен төлді» іштей үндесіп, жымдасумен бірге, ойды анық білдіріп отыр.

Оның орнына *майлы, семіз* деген балама сөздерін алсақ, мақал бүкіл көркінен, шырайынан, мән-мағынасынан айрылған болар еді. Сөйтіп, оның мақалдық қасиеті жұтаңдайды. Мәселен: «Ер дәулеті – еңбек» – дегенде, еңбектің бүкіл игілік көзі екендігін анық аңғартып отыр. Онда ой қазығы – еңбек болған соң, мақалда «е» дыбысы ерекше естіледі. Мақалға негізінен саздылық, үнділік беріп тұрған да сол.

Мақал-мәтелдерде халық сөзі барынша ықшамдалып, үнемделіп қолданылады. Кей ретте, сөз тастап кетіліп те отырады. Бірақ одан мақал-мәтелдерге титтей де нұқсан келмейді. Мысалы «Ақыл жастан, асыл тастан», дегенде, *шығады* сөзі түсіп қалып отыр. Бірақ одан ой ойсырап тұрған жоқ.

Мақал-мәтелдердің тақырыптары Халқымыз арасында кең өріс алған мақал-мәтелдердің тақырыптары әр қилы боп келеді. Оларда халықтың әлеуметтік жағдайлары, еңбек, шаруашылық, рухани өмірлері түгелдей қамтылады. Оларға ой көзін қадай назар аударсақ – *Отан, туған жер, атамекенге* байланысты өмірге келген мақал-мәтелдердің алуан түрін аңғарамыз. Қашанда елін, Отанын шын жүректен емірене сүйген халық Отанды айрықша қастерлеген. Мәселен: «Отан – оттан да ыстық», «Ел – елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы», «Отан үшін отқа түс – күймейсің», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Өз елің – алтын бесігің», «Өз елім – өлең төсегім», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі» деген сияқты т.б. мақал-мәтелдерде туған жеріне, еліне, атамекеніне, Отанына деген сүйіспеншіліктің сыры жан-жақты аңғарылады.

Сондай-ақ, мақал-мәтелдердің аса мол саласы еңбекке арналған. Халық ылғи да адал еңбекті ардақтап, оны бүкіл игіліктің бірден-бір көзі деп бағалаған. Мәселен: «Еңбек түбі – береке, көптің түбі – мереке», «Еңбек етсең – емерсің», «Ер дәулеті – еңбек», «Бейнет түбі – зейнет», «Еңбек ет те егін ек – жарымасаң маған кел», «Белді бу да бейнет қыл – байымасаң маған кел», – деп, еңбек, маңдай тер адам баласы үшін аса мол байлық екендігін ашық айтады.

Ылғи да халық еңбек пен бақытты егіз ұғым ретінде қабылдаған. Адам баласын ер атандыратын да, байлыққа кенелтетін де – еңбек деп

білген. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай ізет», «Еңбек-ерлікке жеткізер, ерлік – елдікке жеткізер», «Еңбек ет те, міндет ет», «Еңбек еткен – мұратқа жеткен», «Еңбексіз – рақат жоқ», «Еңбегі бардың – өнбегі бар» сияқты мақал-мәтелдер де еңбектің мәні мен мағынасына айрықша жоғары баға берген.

Оның үстіне, жалқаулықты, еріншектікті мінеген мақал-мәтелдер де ауыз әдебиетімізде аса мол кездеседі. Мәселен: «Тауық – құс емес, жалқау – кісі емес», «Ақымақ күлкіге тоймас, жалқау ұйқыға тоймас», «Жұмысы жоқтың – ырысы жоқ», «Еріншектің егіні піспес», «Еңбек адамды бүтіндейді, жалқаулық адамды түтіп жейді», «Еріншектің ертеңі бітпес», «Жақсы болар жігіттің жұмыссыз жүрген күні жоқ», «Жаман болар жігіттің еш жұмысқа қыры жоқ» сияқты мақал-мәтелдерде жалқаулық, еріншектік қатты сын астына алынады.

Мақал-мәтелдердің тағы бір саласы батырлық, ерлікке байланысты туған деуге болады. Әрқашан да халық ерлік пен елдікті, ел қорғаны болған батырларды қадір, қасиет тұтқан. Мәселен: «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Батыр туса – ел ырысы, жанбыр жауса – жер ырысы», «Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі», «Ер – елімен Жақсы», «Елі жоқ – жер жетім, ері жоқ – ел жетім», – деп, ел қорғаны болған хас батырларды мадақтап, дәріптеп отырған. Мақал-мәтелдерде ер мен ез, батыр мен қорқақ адамдардың айырмашылықтары да анық айтылады.

Сөйтіп, мақал-мәтелдерде ел үшін туған есіл ерлер, халық батырлары мадақталып, қоян жүрек қорқақтар сын астына алынады. Жастарды өз Отанын қорғай білуге жұмылдырумен бірге, ерлікке, елдікке баулуды мақсат етеді.

Сондай-ақ, мақал-мәтелдерде ынтымақ-бірлік туралы айтылған тамаша ой түйіндерін анық аңғаруға болады. Мәселен: «Бірлік болмай – тірлік болмас», «Бірлігі бар елдің белін ешкім бүге алмас», «Байлық байлық емес, бірлік – байлық», «Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді», «Ынтымақ арты – игі», «Бірлік алды – ырыс» деген мақал-мәтелдерде ырыс та, береке де, елдік те, негізгі күш те – ынтымақ, бірлікте екендігі айтылады.

Мақал-мәтелдердің тағы бір алуандары достыққа, жолдастыққа арналған. Мәселен: Өзбек халқында «Досы жоқ басым – тұзы жоқ асым» делінсе, қазақ мақал-мәтелдерінде «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды», «Жақсы дос ашып айтар, жаман дос қосып айтар», «Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады», «Ағаш тамырымен, адам досымен мықты», «Доссыз көңіл – түл, ма-

хаббатсыз өмір – тұл», «Жолдасы көптің – олжасы көп», «Жолдасы жақсы – жолды болар, жолдасы жаман – қолды болар» – деп, достық пен дұшпандықты, жақсы жолдас пен жаман досты өзара салыстыра отырып, адал достарды ардақ тұтады, үлгі, өнеге етеді.

Қазақ халқының күн көріс негізі, кәсібі, тіршілік тынысы малға байланысты болғандықтан, сол шаруашылыққа байланысты аса мол мақал-мәтелдер де туындаған. Мәселен: «Мал – баққандікі, жер – жыртқандікі», «Ат – ер қанаты», «Өлкенің көркі – мал болар, өзеннің көркі – тал болар» – деп, мал шаруашылығына байланысты мақал-мәтелдерді айтып отырған.

Сондай-ақ, егіншілік кәсібіне байланысты мақал-мәтелдерді де аңғаруға болады. Мәселен: «Ексең егін – ішесің тегін», «Жердің сәні – егін», «Берген алар, еккен орар». Ендігі бір алуан мақал-мәтелдер өнер, білім, оқу-ағарту, ғылым салаларын дәріптеу болып келеді. Мәселен: оқу, білімнің қоғамдық өмірден алатын орнын, оның мәні мен мазмұнын былайша береді. «Ғылым – теңіз, білім – қайық», «Кітап оқығандікі, білім тоқығандікі», «Білімсіз – өмір жоқ, өмірсіз – ғылым жоқ», «Өнер – ағып жатқан бұлақ, ғылым – жанып тұрған – шырақ», – деп, өнер-білімді дәріптей отырып, жастарды өнер, білімге жұмылдыра түседі.

Адамгершілік, пәктік жайлы да айтылған мақал-мәтелдерді молынан кездестіруге болады. Мәселен: «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Тәні сұлу – сұлу емес, жаны сұлу – сұлу», «Әдепті – әдепсізден де үйрен» деген сияқты мақал-мәтелдерді атай аламыз.

Қоғамдық қатынастарға, әлеуметтік мәселелерге байланысты туған мақал-мәтелдер де баршылық. Әрі, ата-ана, туған-туысқан, денсаулық сияқты өмірлік мәні бар мәселелерге байланысты дүниеге келген мақал-мәтелдер де аса мол кездеседі. Мәселен: «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», «Қойды құртаң бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді» – десе, одан әрі «Ата-ананың қадірін – балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы – болғанда білерсің», «Бала – ата-ананың бауыр еті, көз нұры», «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал», «Баласыз ана – гүлсіз алма», «Ана алдында – құрмет, ата алдында – қызмет» деген сияқты мақал-мәтелдерде жастарды ата-анасын, туған-туысқандарын құрмет тұтуға үндейді. Тіптен, «Денсаулық – зор байлық», «Денің сау болса, жарлымын деме», «Тазалық – саулық негізі,

саулық – байлық негізі» – деп, тән саулығы мен жан саулығының мәнін аша түседі.

Орай келгенде бір ескерте кетерлік мәселе, халық мақал-мәтелдерін ақын-жазушылар өз шығармаларында өнімді пайдаланады. Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ұлы тұлғалардың көптеген өлең жолдарында мақал-мәтелдер, қанатты сөздер аса мол кездеседі. Мәселен: Ыбырай өлеңінде: «Шегірткем бір секірдің құтылдың, екі секірдің құтылдың, үшіншіде тұтылдың» делінсе, Абай Құнанбаев: «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да», «Күн жауғанда қойнында, күн ашықта мойнында», «Тұлпардан тұлпар озбас шабылса да, оған да үкі тұмар тағылса да», «Доссыз – ауыз тұшымас», «Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты», – дейді.

Мақал-мәтелдер ХХ ғасырда жасап, өз соңына тамаша шығармалар қалдырған Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов секілді тарлан таланттардың көркем туындыларынан да аса мол орын алған.

Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағыналары да бола береді. «Өнер алды – қызыл тіл», «Мал – жаным садағасы, жан – арым садағасы», «Ер қанаты – ат», «Елін сүйген – ер болар», – деген мақалдарда ешқандай астар, тұспал, ауыстырмалы мағына жоқ. Ой барынша ашық, анық айтылған.

Ал, енді бір мақал-мәтелдерде ой астарлы болып келеді. Мәселен: «Не ексең, соны орасың», «Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер», «Тай атқа, ат мұратқа жеткізер», «Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі», «Жауырды жаба тоқиды» – деген сияқты мақалдарда ишара, астар аса мол екендігін аңғару оншалық қиын емес.

Мақалдар мен мәтелдердің негізгі айырмашылықтары Мақал-мәтелдер өзара қосарлана айтылып, бір-бірімен туысып, үндесіп жатқанымен, олардың бір-бірінен айырмашылықтары да бар. Олардағы негізгі айырмашылықтар ойды түйіндеп айту жағынан, әрі құрылысы жағынан анық байқалады. Бірақ, оны кез келген адам анық аңғара бермейді. Мәселен: «Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кіреді», – деген мақалды алатын болсақ, оның екі жай сөлемнен құралғанын байқаймыз.

Міне, бұдан көп ретте мақалдардың екі бөлімді болатындығын аңғарамыз. Оның үстіне, мақалдарда ой тиянақты болады. Алдыңғы ой, екінші түйінді пікірдің шарты түрінде келеді. Яғни, киіз қазықтың жерге кіру себебі, оның тоқпағының күшті болуына байланысты. Оның

үстіне, «Мезгіл жетсе, мұз да ерiр» – дегенге де осы ойды айтуға болады. Әсіресе мақалда бiр-бiрiне қарама-қарсы ұғымдар мен нәрселердi өзара салыстыру арқылы ой-пiкiрлердi айқындау жағы басым болады. Мақал негiзiнен шендестiруге құрылады. Мәселен: «Бiреу тойып секiредi, бiреу тоңып секiредi», «Ер жiгiттiң екi сөйлегенi – өлгенi, еменнiң иiлгенi-сынғаны» – дегенде, өмiр құбылыстары типтендiрiлiп, дәлелдеу мен қорытынды пiкiр бiрдей айтылғандығын анық аңғарамыз.

Мәтелдiң құрылысы ойды түйiндеп айту жағынан мақалға қарағанда өзгешелеу болады. Мәселен: «Әлiн бiлмеген әлек», «Көппен көрген ұлы той», – деген мәтелдерде тек тұспал ғана бар. Онда мағына ашық емес, қорытынды пiкiр де жоқ. Осындай бейнелi сөзбен айтылған сөз айшығы арқылы, негiзгi айтайын деген ойды тыңдаушының өзi топшылайды. Өйткенi, мәтелде дәлелдеу де, тиянақты тұжырымды ой да анық аңғарылмайды.

Мақал-мәтелдердiң көркемдiк ерекшелiктерi

Ауыз әдебиетiмiзден кең орын алған мақал-мәтелдердi негiзiнен сөз мәйегi, сөздiң асылы, саф алтыны деуге әбден болады. Сондықтан да мақалды – сөз атасы деймiз. Олардағы сөздердiң тереңдiгi, дәлдiгi, ықшамдылығы көз тартып, көңiлге ұялай түседi. Мақал-мәтелдер негiзiнен нақыл сөз ретiнде халыққа қызмет етедi. Олар – прозалық, поэтикалық құрылымды боп келедi. Олардың қай-қайсысынан да прозаға, поэзияға тән тамаша ырғақ, үйлесiм, әдеми саз, әуездi интонация анық байқалады.

Оның үстiне, мақал-мәтелдер дыбыс үндестiгiне негiзделген. Сол үшiн де олар өзiнiң музыкалық саздылығымен оқушыларына ерекше әсер етедi. Мәселен: «Ердiң iсi – келiс, ездiң iсi – керiс» – деген мақалға ой көзiн қадасақ, ондағы «е», «i» дыбыстары бiрнеше рет қайталанған. Мiне, осы дыбыстар мақалдың саздылығын күшейтумен бiрге, құлаққа аса жағымды болып естiледi. Мақалдағы айтылайын деген негiзгi ой ер мен езге байланысты. Әңгiме солардың бойындағы адамгершiлiк қасиеттер туралы. Онда негiзгi ұйқас сөз аяғындағы «келiс» пен «керiс» сөздерiнде болса да, мақалдағы басқа сөздер де iштей үйлесе, үндесе түскен. Сөйтiп, «Ердiң iсi» мен «Ездiң iсi» өзара iшкi ұйқаспен үндесе кеткен.

Сондай-ақ, «Түсi игiден түңiлме» деген мақалдың мәнiнде жақсы жан ешқашанда жамандыққа бармайтындығы ескертiледi. Ол «т», «i» дыбыстары арқылы өрнектелiп, сол ойды кейiптеу арқылы берiлген. Мақал-мәтелдерде көп қолданылатын, көркем өрнек – синтаксистiк

параллелизм. Мәселен: «Терін төксе жеріне, жер тілегін береді», «Жолдасын таппаған ер азады, қордасын таппаған жер азады», «Су–кірді тазартса, оқу–миды тазартады», «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес»–деген мақал-мәтелдер де жолдас, дос қадірін білу үшін, әрі оқушыға ойын анық жеткізу үшін жерді қосарлап алып, тамаша кесте жасай білген. Ал, «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес» деген өрнекті ойда «Сөздің сүйектен өтетін» ғаламаттығын әдемі жеткізген.

Мақал-мәтелдерде теңеу арқылы да аса тамаша көркем ой түйдектерін бере білуге болады. Мәселен: «Түсіне қарасаң күндей, ішіне қарасаң түндей»–дегенде де, жүзіне қарасаң күндей күлімдеп тұрса да, ішмерез, сұм адам екендігін әдемі жеткізе білген. Онда «күндей», «түндей» деген теңеу сөздер арқылы анық аңғартқан.

Ал, мақалдағы көркемдік тәсілдердің бірі–әсірелеу. Мәселен: «Тарыдан–тау, тамшыдан–көл». Мақал-мәтелдерден көркем сөздің не-не тамаша айшықтарын да анық аңғаруға болады. Мәселен: «Еңбек–ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы», «Еңбексіз өмір–тұл, ойсыз көңіл–тұл», «Кітап–білім бұлағы, білім–өмір шырағы» сияқты метафора, «Талапсыз адам–табансыз, алымсыз адам–шалымсыз», «Өрлеген балық–ауға жолығады, өр көкірек жігіт–дауға жолығады», «От ауызды, орақ тісті» секілді эпитет, «Кітап–көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа–маржан» сияқты метонимия да аса мол кездеседі.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер ерекше бейнелі, өрнекті боп келеді. Ылғи да көркем сөз айшықтарымен көмкеріле отырып, терең ой, аса мазмұнды, мән-мағына береді. Оларда ой оралымды, тілге үйіріле, көмкеріле кетеді. Әрі ойдың өткірлігі мен ұшқырлығы тыңдаған адамды өз жетегіне үйіріп алады.

ТУҒАН ЖЕР, ОТАН ТУРАЛЫ

Ер елінде,
Гүл жерінде.

Пәлен жерде пайда бар,
Өз жеріндей қайда бар.

Ерден аспақ бар,
Елден аспақ жоқ.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Өз елім–өлең төсегім.
Өз елімнің басы болмасам да,
Сайының тасы болайын.

Отан–оттан да ыстық.

ЕҢБЕК ТУРАЛЫ

Еңбекке бейім болсаң,
Қатарыңнан кейін болмассың.

Бейнет,
Бейнет түбі – зейнет.

Еңбек етсең, емерсің.

Ер қадірін ел білер,
Зер қадірін зергер білер.
Кәсіп, кәсіп түбі – нәсіп.

Еңбегі аздың өңбегі аз.

Жан қиналмай, жұмыс бітпес,
Талап қылмай, мұратқа жетпес.

Еңбегіне қарай өнбегі.

Ердің атын еңбек шығарар.

Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.

Еңбексіз өмір – сөнген көмір.

Еңбек етпесең елге өкпелеме,
Егін екпесең жерге өкпелеме.

ЫНТЫМАҚ, БІРЛІК ТУРАЛЫ

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай,
Тірлік болмас.

Кеңеспен пішкен тон келте болмас.
Ынтымақ болмай, іс оңбас.

Бірлік, ынтымақ, байлық-бақ.
Тірлік, тірлік түбі – бірлік.

Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

Ұрыс – ырысты қашыар,
Ынтымақ халықты асыар.
Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ,
Ұйым жоқ болса, күйің жоқ.

Игілік – басы ынтымақ.

БАТЫРЛЫҚ, ЕРЛІК ТУРАЛЫ

Ел үмітін ер ақтар.
Ер атағын ел сақтар.

Ерлік білекте емес, жүректе.

Айласыз батыр алдырар.

Ерді намыс өлтірер.

Ер жігіт ел үшін туады,
Ел үшін өледі.

Батыр туса – ел ырысы,
Жаңбыр жауса – жер ырысы.

Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады.

Жүк ауырын нар көтереді,
Ел ауырын ер көтереді.

Шын ер жеңсе, тасымас,
Жеңілсе, жасымас.

Ат басына күн туса,
Ауыздығымен су ішер.

Ер басына күн туса,
Етігімен су кешер.

Өжет адам өлімді жеңеді.
Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.

Қанды соғыс ерге сын,
Қаптаған жау елге сын.

Елдің көркі – ерімен.
Отан көркі – жерімен.

Жолдас қадірін жорықта білесің.

Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.

Еменнің иілгені – сынғаны.
Батыр – елдің сәулеті,
Балқұрақ – көлдің сәулеті.

Ер бір рет өледі,
Қорқақ мың рет өледі.

Ел – ырыстың кілті,
Ер – ырыстың қорғаны.

Ер басына күн туса,
Ереуіл атқа ер салар.

Жауға жаныңды берсең де,
Сырыңды берме.

Батырға от дарымайды,
Батылға жау жоламайды.

Ер жігітке өлім бар да,
қорлық жоқ.

Отан үшін отқа түс, күймейсің.
Арың үшін алыссаң, өлмейсің.

Тізерлеп жүріп күнелткеннен
Қайрат көрсетіп өлген артық.

ЕЛ, ХАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Ел аузы – дуалы.

Ел ұлсыз болмас,
Жер гүлсіз болмас.

Халық – қатесіз сыншы.

Елдің көзі елу.

Елдің елдігі ерінен танылар,
Елдің байлығы жерінен танылар.

Көлден кетсе, жалбыз мұң,
Елден кетсе, жалғыз мұң.

Ел ағасыз болмайды,
Су жағасыз болмайды.

Қатардан ассақ та,
Халықтан аспақ жоқ.

Тозар елдің жанжалы бітпес,
Озар елдің арманы бітпес.

Ел жоғалтқанды ер тауып қайтар.

Ерте тұрған елден озады.

Көп түкірсе – көл.
Халық айтса, қалып айтпайды.

Кеңес қылған ел азбас,
Кеңінен пішкен тон тозбас.

АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.
Жақсы адам – елдің ырысы,
Жақсы жер – жанның тынысы.

Адам болатын бала
Алысқа қарайды.
Білген тауып айтады.
Білмеген адам қауып айтады.

Ақылсыз адам айқайлай келеді,
Жан-жағын жайпай келеді,
Ақылды адам жай келеді,
Жан-жағын байқай келеді.

Саналы адам
Сағынды сындырмас.
Санасыз адам
Жағынды тындырмас.

Кісі болар баланың,
Кісіменен ісі бар.
Кісі болмас баланың
Кісіменен несі бар.
Әдептілік, ар-ұят –
Адамдықтың белгісі.
Тұрпайы мінез, тағы, жат –
Надандықтың белгісі.

ӨНЕР-БІЛІМ ТУРАЛЫ

Өнерлі – өрге жүзеді.

Шебердің қолы көпке ортақ.

Өнерліге өлім жоқ.
Өнерлінің өрісі ұзақ.

Өнер – ердің қанаты.

Ақыл – көпке жеткізер,
Өнер – көкке жеткізер.

Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

Өнерлі бала сүйкімді.

Бой жетпеген жерге ой жетеді.
Қыран жетпеген жерге қиял
жетеді.

Өнер – таусылмас азық,
жұтамас байлық.

Көп көрген – нұсқа,
Көп істеген – ұста.

Білімді өлсе,
Қағазда аты қалар.

Ұста өлсе,
Істеген заты қалар.
Көп жасаған білмейді,
Көп көрген біледі.

Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
Өнер – ағып жатқан бұлақ.
Ілім – жанып тұрған шырақ.

Ақыл – дария, алсаң да
таусылмайды.
Жер – қазына, саусаң да
таусылмайды.

Оқу – білім азығы,
Білім – ырыс қазығы.

Оқу түбі – тоқу.

Оқу – инемен құдық қазғандай.

Оқусыз – білім жоқ,
Білімсіз – күнің жоқ.

Көп оқыған білмейді,
Көп тоқыған біледі.

Кітап –
көзі жұмыққа арзан,
көзі ашыққа маржан.
Ілім – бұлақ,
Білім – шырақ.
Өнер көпке де жеткізеді,
Көкке де жеткізеді.

Білімдіге дүние жарық,
Білімсіздің күні кәріп.
Туа білмейді, жүре біледі.

Жұмбақтар

Жұмбақтар да ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көне түрлерінің бірі. Ол халықтың табиғат құбылыстарының, өзін қоршаған дүниенің сырын танып білуге талпынған ойынан туған. Жұмбақ адам баласының ой-өрісі, дүние тануы кеңейген сайын, халықтың қоғамдық тұрмысының, кәсіп-тіршілігінің өзгеріп отыруына байланысты мазмұны, тақырыбы жағынан үнемі жаңарып, байып отырады. Оның тақырыбы сан алуан. Мәселен: «Өзі тоқ, көлеңкесі жоқ» (ұра), «Қара күшігім қаңқ етті, даусы Бұқарға жетті» (мылтық), «Ерте тұрдым, алып ұрдым» (есік).

Жұмбақтардың тақырыптарына, мазмұнына қарай туған кезеңдерін шамалауға болады. Мысалы, қалам, сия, хат, кітап, паровоз, телефон, ұшақ т.б. өнер-білімге, техника жаңалықтарына байланысты туған жұмбақтар, бертінгі дәуірдің туындылары екендігін аңғару оншалықты қиын емес.

Қазақ халқының әр дәуірдегі қол жеткен экономикалық және мәдени зор табыстары да жұмбақтардан мол көрініс тауып отыр. Мысалы,

Бір бұлбұл отырады салып әнді,
Жүруге аяғы жоқ, емес жанды.
Өнері қандай асқан, деп ойладым,
Бір демде жер түбінен хабар алды. (Радио)

Бүгінгі таңдағы жаңарған жаңа өміріміздің ұлы өзгерістеріне орай туындаған жаңа-жаңа жұмбақтар да баршылық.

Әрине, жұмбақ айту – аса тапқырлық пен білімділікті керек етеді. Онда айналадағы қоршаған ортаны, өмірді тани білуге жұмылдырады. Сол үшін де оның жастар білімін жетілдіруде алатын орны айрықша.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мақал-мәтелдердің өздеріне тән ерекшеліктері қандай?
2. Мақал-мәтелдердің басты-басты тақырыптарын атаңдар.
3. Мақалдар мен мәтелдердің өзара айырмашылығын ажыратыңдар.
4. Мақал-мәтелдердің тура мағынасы мен ауыспалы мағыналарын қалай ажыратуға болады? Дәлелдеп айтып беріңдер.
5. Өздерің мақал-мәтелдер жазып келіңдер.
6. Мақал-мәтелдердегі прозаға, поэзияға тән сипаттарды айтыңдар.
7. Мақал-мәтелдердің дыбыс үндестігіне мән беріп, параллелизм сырларына үніліңдер.
8. Жұмбақтарды қалай түсіндіңдер?
9. Жұмбақ негізінде не жатады?
10. Үйлерінде жұмбақтар жазып келіңдер.

ЕРТЕГІЛЕР

Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан аса көлемді де көне түрінің бірі – ертегілер. Ертегілерден халқымыздың дүниеге көзқарастарын, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, ой-армандарын, әдет-ғұрыптарын аңғаруға болады.

Қазақ халық ауыз әдебиетіндегі ертегілерді тақырыптарына, суреттеген оқиғаларына қарап, белгілі бір дәуірлерге, топтарға бөліп қарауға болады. Кейбір ертегілер халқымыздың өте ерте замандағы өмірін, тірлік-тыныстарын көрсетсе, ендігі бір ертегілер де әр түрлі кәсіпке байланысты туындағандығын байқаймыз. Мәселен: аңшылық, малды қыстан аман алып қалу, әр түрлі дүлей күштерден сақтану, күресу т.б. мәселелер кең қамтылған. Басты кейіпкерлердің іс-әрекеттері, ұнамды күрес-тартыстары да соған орай сипатталады. Оны біз «Ер Төстік»,

«Күн астындағы Күнікей қыз», «Құламерген» сияқты т.б. ертегілерден байқай аламыз.

Қоғамның өсуіне, ілгерілеп дамуына орай адам баласы өз алдына өскелең арман-тілектерін қоя біледі. Ізгілік пен әділдікті, жақсы өмірді аңсайды, арман етеді. Табиғаттың құпия сырларын ұғынып, оны жан-жақты меңгеруге ұмтылады.

Адамдардың осы мақсаттарды көкसेген ертегілері – кейінгі кезеңдердің тамаша жемісі деуге болады. Халық бұрынғыдай тек мал шарушылығы мен аңшылық кәсіптерін аңсап қана қоймай, ол сонымен бірге отырықшылдық, егін егу, кеме жасау, ұшқыш кілем сияқты нәрселерді армандап, ертегілердің тақырыптық аясын кеңейте түсті. Бұл орайда «Гүл Сараға, Сара гүлге не дейді?», «Ыста тас» секілді ертегілерді атауға болады.

Қай кезде де болсын, халық басына түскен ауыр жағдайларда, сары уайымға салынбай, дүниеден түңілмей алғы өмірге ұмтылып отырған. Ылғи да жарық күнді, жақсы өмірді алдан күткен. Әсіресе, табиғаттың терең тылсымдарын ашу, оны өздеріне бағындыру, әр қилы алып күштерге қарсы күресу – бәрі-бәрі адам баласының оптимистік сипатын аңғартқандай.

Алдағы өмірден көп нәрселерге үміт артқан халық, өзінен кейінгі ұрпақтарының тіршілік-тыныстарын жеңілдету үшін, табиғаттың мылқау күштерін өзіне бағындыруды, ерте замандардан-ақ арман етіп, қиялдана білген. Әсіресе, биікке ұшу, су түбіне сүңгу сияқты т.б. жайындағы ертегілер бұдан бірнеше ғасыр бұрын өмірге келген. Мәселен: «Ыста тас» ертегісінде кішкене ғана тас, тіл астында жатады да, оған арман етіп тіл қатқанда ол оның бәрін орындайды. Оның атын атаса болғаны, ол «Ләббай» деп үн қатады. Не бұйырса, соның бәрін істейді. Мәселен, «Ханды ханымымен бірге жеті дарияның ар жағына апарып таста» – десе, апарып тастайды. Енді бірде: «Ханның ордасын көшіріп әкел» – десе, оны да лезде алып келеді. Адам айтқанының бәрін көзді ашып-жұмғанша істейді. Міне, мұның барлығы – халықтың асқақ арманынан туындаған терең ойдың жемісі.

Егер қазіргі таңдағы техника табыстары мен ертегі оқиғаларын салыстыра назар аударсақ, онда халықтың бір кездегі аңсаған арманы – біздің дәуірімізде іске асқандығын байқау оншалық қиын емес. Ертегілерде жас ұрпақтарды залымдықтан, зұлымдық іс-әрекеттерден сақтандырып, адамгершілікке үндеу ерте кездерден-ақ қолға алғандықтарын аңғарамыз. Ертегілерде жиі-жиі кездесе беретін әділдік пен

жауыздық арасындағы күрес-тартыстар, сондай ниеттерден туындаған деуге болады. Халық арасынан шыққан аса әділ, әрі батыл қаһармандар жалпы адам баласының бақыты үшін еш нәрседен тайсалмайды. Қорықпай, қандай алып күштер болса да, онымен қарсыласа күресе біледі. Жолда олар талай-талай қиындықтар, не-не азаптар көрсе де, оған мойымай, өз мақсат-мұраттарына жетеді.

Оларға қарсы–жеті басты айдаһарлар, жалмауыз кемпірлер, дәу-алып тұлғалар, мыстандар мен жезтырнақтар қарсы күрессе де, бәрін жеңіп өз мақсаттарына жетеді. Оның үстіне, зұлымдық иелері неше түрлі сұрқиялық іс-әрекеттер жасаса да, олардың бәрін адам баласы жеңеді.

Бұл–адам баласының тек мылқау күшті жеңуі, өзіне бағындыруы ғана емес, онда әділдіктің жауыздықты, зұлымдықты жеңуі негізге алынады.

Адам баласы қоғам ішіндегі зұлымдық пен жауыздықтың рәмізі ретінде мыстан кемпірді, жеті басты дәуді, әбжыланды алса, әділдіктің жақтаушысы ретінде құралайдың көзінен атқан мергенді, алып күш иесі–батырларды, айлалы, ақылды адамдарды алады. Бұлардың бірен-сарандары болмаса, барлығы дерлік жай-қарапайым еңбек адамдары боп келеді. Олардың істеген істерінің бәрі–әділдік, игілік үшін. Яғни, «Ақтың отын–ақымақ сөндіре алмайды»–деген ойлы идеялар өз шешімін табады. Кейде, күрес-тартыс барысында үлкен қиыншылықтарға тап болып, уақытша жеңілсе, ақыр соңында әділдіктің өкілі ретінде жеңіске жетіп отырады.

Ауыз әдебиеті үлгілеріне көңіл көзін қадасақ, оның көпшілігі таптық қоғамда өмірге келгендігін аңғарамыз. Ал, таптық қоғамда езуші мен езілуші болатындығы өз-өзінен түсінікті. Олар арасындағы қайшылық, күрес-тарыстар ертегілерде де өз шешімін тапқан. Үстем тап иелерінің қарапайым еңбек адамдарын езуі, қанауы арқаларына аяздай батқан халық, одан құтылудың жол-жобасын таба алмаса да, өзінің қиял дүниесі арқылы өз бастарына жақсылық туғызуды арман еткен.

Қырма кедей, жесір кемпірдің баласы, немесе әке-шешесі жоқ, өмір бойы кедейліктен көз аспаған тазшалар, өзінің ақыл-айласымен, тапқырлығымен ханды, оның уәзірлерін жеңіп, ең соңында хандықты, немесе уәзірлікті өз қолдарына алады.

Сөйтіп, олар аса дана, тым әділ, әрі мейірімді хан болады. Әрине бұл, ол кездің шындығына сай келе бермейтін, тек ертегілерде ғана

болатын жайттар. Бірақ бұл, езілуші халықтың асқақ арманынан, қиялынан туындаған тазшалар, аса ақылды қырма кедейлер.

Жазба әдебиеті сияқты, ауыз әдебиетінің де өз тыңдаушысы, өз оқырмандары бар. Сондықтан ертегі шығарушылар да оларды ылғи да еске алып отырған. Шынында да, ертегіні кімге айтады, не үшін айтады, ертегінің мақсат-мұраты не? Ертегі шығарушылар оны да ескерген. Мәселен, балаларға арнап «Қотыр торғай», «Башпай батыр», «Өзі бір қарыс, сақалы қырық қарыс», «Құйыршық» сияқты т.б ертегілер өзінің құрылысы жағынан да, тілдік ерекшелігі жағынан да мүлдем өзгеше. Олар үлкен кісілер емес, балалардың ой-санасына, дүниетану дәрежесіне лайықталып шығарылған ертегілер. Қолданылған сөздері де, балалардың ойына, сезіміне лайықты етіп берілген.

Қиял-ғажайып ертегілер

Халқымыз арасына кең таралған ертегінің негізгі түрлерінің бірі, қиял-ғажайып ертегілер. Оларда өмірде бола бермейтін асқақ армандар сыр шертеді.

Мәселен: «Керқұла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ұшқыш кілем», «Адам жеңбес Айыртөс батыр» сияқты т.б. қиял-ғажайып ертегілер санатына қосылады.

Мұндай ертегілердің негізгі оқиғасы қиялға – фантазияға құрылады. Мәселен: олардың қаһармандары «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айсұлуларды» іздеп, жеті қат жер астына түседі, алты қабат аспан әлеміне ұшып, жан баспаған қияндарға барады. Олардың алысатындары да жеті басты жалмауыз, мыстан кемпір, жез тырнақ сияқты алып күш иелері боп келеді. Күрес барысында оларға көмек қол созатын достар да болады. Мәселен: «Ер Төстікте» Саққұлақ, Көлтауысар, Желаяқ, Таусоғар сияқты батырлар көрініс табады.

Сондай-ақ, қиял-ғажайып ертегілерде алты айшылық жолды алты-ақ аттайтын желаяқтар, алып құстар, самұрық, қанатты аттар боп келеді. Міне, бұлардың бәрі – адамдардың өршіл қиялы негізінде өмірге келген бейнелер деуге болады.

Адам осындай ғажайып достарының көмегімен адамдар не-не дүлей күштерді жеңеді. Халық қиялы еңбек адамын ардақтайды, олардың күшіне аса мол сенім білдіреді. Кейде қиял-ғажайып ертегілерде әдеттегі өмір сырларымен қиял дүниесі астаса көрініс тапқан кездері де болады. Ертегілердің негізгі қаһармандары қарапайым адамдар боп келеді. Бірақ, олардың көбі әбжылан – айдаһарға, самұрық құсқа тап болып, адам ойына сыя бермейтін ғажайып істер істеп жатады. Мәселен: «Сикырлы тас» ертегісінде бір ханның қойшысы, яғни

жалғыз атты кедейдің баласы кәсіп іздеп келе жатады да, елден ұзап кетеді. Жолай тамақ үстінде бір арқардың мүйізіне қақалып, жұта алмай жатқан айдаһарға тап болады. Содан ол айдаһарды өлімнен құтқарады. Айдаһар өлімнен аман қалғаннан соң, оған сыйлық ретінде бір кішкентай тас береді. Оның атын «Ыста тас» дейді. Онан соң ертегінің бәрінде ұшқыш кілем тәрізді фантазиялық оқиғалар кен өріс алып отырады.

Қиял-ғажайып ертегілердің негізінде адамның асқақ арманы, тәтті де өршіл, ізденгіш қиялдары айрықша көрініс табады. Халықтың сәбилік кезінде де айшылық жерді алты аттайтын тұлпарларды аңсау, жердің жеті қабат астына түсіп, олардан не-не ғажайыптарды көруі, алты қабат аспан әлеміне самғай ұшу жайттары – бәрі-бәрі халықтың асқақ арманынан өмірге келген ертегілер. Олар бүгінгі таңда іске асып отыр. Сөйтіп олар, сонау сәбилік дәуірде-ақ, өз қиялдарымен болашаққа болжам жасаған.

Тұрмыс-салт және хайуанаттар жайында ертегілер

Халық арасында кең тараған ертегілердің тағы бір саласы – тұрмыс-салт ертегілері мен хайуанаттар жайындағы ертегілер. Оларда халықтың бақташылық кәсібі, тұрмыс-тіршіліктері, малшы, қойшы, тазшалардың тірлік – тыныстары қиялды оқиғалармен көмкеріле өз шешімін табады. Сөйтіп, өмірде кездесе бермейтін мәселелер мен кейбір болатын нәрселердің араласып отыруы – ертегілердің өздеріне тән негізгі ерекшеліктері. Мәселен: «Аю, түлкі және қойшы» ертегісін алатын болсақ, онда аю мен түлкі адамдарша ойлап, тіл білмейтіндіктері болмаса, басқа жақтарының бәрі де, өмірде қойшының іс-әрекеттері ретінде алынады.

Ең қызығы, хайуанаттар, жан-жануарлар ертегілерде адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы көрсетілсе, кейде өзара қарым-қатынас жасаулары да көрініс табады. Бұл ретте «Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе», «Аю, қасқыр, түлкі, бөдене» ертегілерін атауға болады.

Оның үстіне, «Боз інген» атты ертегінің танымдық сипаты аса мол болумен бірге, екіншіден, ботасынан айрылған боз інгеннің зары, қасірет қайғысы арқылы ананың балаға деген шексіз сүйіспеншілігін, махаббатын сипаттай алған. Ал, «Түлкі мен ешкі» ертегісінде аса айлакер түлкі ешкіні өз құрығына оп-оңай түсіреді. Мәселен: апанға абайсызда түсіп кеткен қу түлкі шыға алмай, әбден берекесі кетеді. Сонда шөлдеп су іздеп жүрген ешкіні алдап апанға түсіреді. Аса қу, әккі түлкі

ешкінің мүйізіне шығып алып, одан әрі апаннан ырғып шығып кетеді. Сөйтіп түлкі аңқау ешкіні алдап ұрады.

Бұл ертегіден халық тамаша ой, керемет кемеңгерлік түйін жасай білген. Яғни, «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болады» деген ойды алға тартады. Ертегі аса шағын болғанмен, оның ғибраты аса мол. Қашан да халық қулық, сұмдықты жек көрумен бірге, барынша адал, ақ көңіл, аңқау жандарды қу-сұмдардан сақтандырып отырған. Бұл ертегінің бір ғажабы—оның өміршеңдігі. Өйткені, бүгінгі таңда да сондай түлкі іспеттес қулар да, сұмдар да ел арасында баршылық.

Солай екен, жануарлар, хайуанаттар жайындағы ертегілер де солардың мінездері, іс-әрекеттері арқылы адамдар бойындағы жақсы мінез-құлықтармен бірге, ерсі, оғаш қылықтарды, қулық, сұмдықтарды сын астына алған. Мәселен: ертегілерде түлкі—қулық пен сұмдықтың, айлакердің символы ретінде алынса, арыстанды—зорлықшыл, жәбірлеуші, озбыр ретінде алады. Ал қоян—қорқақ ретінде алынса, қой—момын, қасқыр—зұлым, жауыз адамның сипатында алынады. Халық ылғи да, тұспалдау арқылы озбырлық пен зұлымдықты, қулық-сұмдықты әшкерелеп отырған.

Шыншыл ертегілер Сондай-ақ, қазақ ертегілерінің аса мол түрінің бірі—**шыншыл ертегілер**. Халқымыз қашан да өзінің дүние танымын, қоғамдық өмірдегі іс-әрекеттерін, барлық мұң-мүддесін, күрес-тартыстарын, ой-армандарын осы реалистік-шыншыл ертегілерге жинақтаған. Бұл ертегілерде қоғамдық өмірдегі тап тартыстары, қанау, зорлық-зомбылық, оларға деген қарапайым еңбек адамдарының күрестері—бәрі дерлік көрініс табады.

Шыншыл ертегілердің қаһармандары—қиял-ғажайып ертегілердегідей қиялдан, ойдан өмірге келген бейнелер емес, күнделікті өмірде болған, әрі бола беретін қарапайым еңбек адамдары алынып отырған. Олар—алты қабат аспан әлемінде, жеті қабат жер астында емес, күнделікті өмірдегі көріп-біліп жүрген тіршілік иелері.

Шыншыл ертегілердегі жауыздық, зұлымдық өткізуші адамдар да—көбіне нақтылы өмірден алынған жандар. Олардың барлығы дерлік—хандар мен байлар, үстем тап иелері шонжарлар мен қожа-молдалар боп келеді. Оның үстіне, шыншыл ертегілердің таптық сипаты да анық. Мәселен: «Айлалы тазша» ертегісінде айлакер тазша бала, өзінің тапқырлығы арқасында, ақылдылығымен ханнан да, оның баласынан да кек алу мүмкіндігіне ие болады.

Жалпы тазшалар жайындағы ертегілерде жауыздық, зұлымдық иелері күлкі, әжуа етіледі де, олардың зорлық-зомбылықтары ылғи да әшкереленіп отырады. Ерекше тапқыр да, айлакер, ақылды тазшалар – халықтың сүйікті қаһармандары болып көрініс табады. Мәселен: «Аяз би» ертегісіндегі Аяз би де, онда көрініс табатын Мадан хан да, оның уәзірлері де – қиялдан туған сиқырлы бейнелер емес, күнделікті қоғамымызда бар жандар. Ондағы хан екі басты шұбар жылан бейнесіндегі жер астының Бапы ханы емес, жер үстінде жасайтын елдің әміршісі, ел ханы. Ондағы Жаман – «көптің бірі және айласыз, жалқы адам» (Мұхтар Әуезов). Ол бәрін өзінің ақылымен шешіп отырады. Оның даналығы да, өмірден көп көргендігі, аса мол тәжірибе жинауында. Көп нәрсені көңіліне түйіп, одан қорытынды шығара білуінде. Мәселен: хан одан: «Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы – сауысқан екенін сен қайдан білесің?» – деп сұрағанда:

– Уа, тақсыр хан, елу жасқа келіп Жаман болғаным жоқ, жасымнан-ақ Жаманмын. Өмірде отын, су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шеңгелді әкеп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «киім жырттып, мал жемейтін шеңгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау» – деп, ойлаған едім. Ал енді қара қоғаны алып, отқа жақсам, отқа жанбайтын еді. Үрлесем жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, мал жаманы сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң қара қоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой деп ойлаушы едім. Қара қоғаның жамандығын содан білдім» – дейді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – деген хан сұрағына:

– Қырғауылдың жүні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс еді... Қырғауылдың айыбы тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Сондықтан құс жаманы – сауысқан деймін – деп, жауап береді.

Аяз би – халық даналығының тамаша бейнесі. Оның көрген мектебі – өмір, еңбек. Оның бар даналығы – соның жемісі, нәтижесі.

Сондай-ақ, халық арасына кең тараған ертегінің бірі – «Дүмше молда» ертегісі. Онда халық түк білмейтін дүмшелікті қатты сын астына алады. «Аңқау елге, арамза молда» дегендей, дүмше молдалардың іс-әрекеттері сын астына алынады. Мәселен: хат танымайтын дүмше молда ауыл балаларын оқытпақ болып, жиып алады. Ауыл адамда-

ры оның дүмшелігінен бейхабар. Ол балаларды үйіне жинап алып: «Көп оқығаның аз оқығаныңа үйрет»–деп, тапсырма береді де, өзі үйден шығып есік алдында, маңдайына қолын тіреп отырады да қояды. Молданың бұл отырысына түсінбегендерге ол: «Балалар өзімен өзі болса, сабаққа жақсы зейін қояды»–дейді. Бірақ молда өзінің қаншалық дүмше емес екендігін көрсеткісі келсе де, оның дүмшелігі ақтық оқиға арқылы ашылады да қалады.

Ел арасында қашанда әзіл-оспақ, қалжың сөздер болып тұрады анық. Екі дос ұзақ сапарға аттанады. Бірақ, қайтар кезде екеуінің біреуі қайтпай қалып қояды да: –«Екі-үш күннен кейін барармын»– деп, хат жазып береді. Ол өз қулығын арттырмақ болып, досының зайыбына барып: «Күйеуің дүние салды, хош айтысып жазған хаты мынау еді»–деп, әлгі әйелге хатты береді. Қан жұтып қайғырған әйел хатты молдаға алып барады. Әліпті таяқ деп білмейтін молданың сыры дәл осы жерде паш болады. «Өлгені рас па екен?»–деген әйелге молда: «Иә, солай, солай» –деп, жауап қатады. Содан әйел молдаға құран оқытады. Осы сәтте әлігі құрдас жігіт қалжыңдап кіріп келеді. Әйелге: «Неге жылайсың?»–деп ішек-сілесі қатып күледі. Оған әйел:

–Күйеуі өлген әйел жыламай қайтеді?–дейді. Сонда жігіт:

–Әй, хатты кімге оқытып ең, онда олай жазылмаған еді ғой,–дейді.

Әйел жігітке қарап:

–Хатты мына молдекеңе оқытып ем, осы кісі оқыған еді,–дейді.

Сонда төрде отырған молда өзінің шерменде болғанын көріп, үйден шыға жөнеледі.

Шап-шағын ертегіде үлкен ой өз шешімін тапқан. Сөйтіп, дүмше молданың бар қылығы әдемі әшкереленеді.

Сондай-ақ, шыншыл ертегілерге «Аяз би», «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек», «Атымтай Жомарт», «Ұр, тоқпақ», «Пәнші» сияқты ертегілер жатады.

Ертегілердің құрылысы

Қайсы бір халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін алсақ та, оларда айтылатын ертегілердің бәрі де ауызша айтуға лайықты етіп құрылған болады. Олардағы сөз, сөйлем құрылыстары ойға оралымды, ықшам, тілі жеңіл болып келеді.

Оның үстіне, қай халықтың ертегілерін алсақ та, онда белгілі бір дәстүр, салтқа байланысты туындап отырумен бірге, оның басталуы және шешілуі болады. Мәселен: Орыс ертегілерінде «Жил, был»–деп басталып, «Стали жить и поживать, и добра наживать»,–деп аяқталады.

Ал қазақта:

Бар екен де, жоқ екен,
Бөрі бақауыл екен,
Түлкі жасауыл екен,

деп басталса, кейде:

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен,
Құйрығы келте екен,
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен, –

деп, басталып отырады.

Әрине, ертегілердің бұлай басталуы айтушылар үшін ерекше қолайлылық тудырады. Әрі адам баласы қашанда білмегенін білсем деп, ылғи да алға ұмтылып отырады. Ертегілерді тыңдаушылар үшін жұмбақтай бастап, оқиғаның дамуын жандандыра түседі. Сөйтіп, ертегілерді солай бастау әдетке айналып кеткен. Ертегінің көбі қара сөзбен айтылады. Дегенмен, кейде араларында өлең үзінділері де жиі ұшырап тұрады. «Күндерден күн өткенде, күн артынан күн жеткенде, айлардан ай, жылдардан жыл өтіп, темір етік теңгедей, темір таяқ тебен-инедей болып, өлдім, талдым, өштім, жандым дегенде» – деген сияқты әсірелей айту – ертегінің өздеріне ғана тән бірден-бір сипаты деуге болады.

Ал, ертегілердің негізгі қаһармандары – хан, сұлтандар, ханның уәзірлері, мыстан кемпірлер мен шалдар, құралайды көзінен атқан мергендер мен тазшалар, қойшылар мен алып дәулер, жалмауыз кемпірлер мен әбжылан – айдаһар, самұрық құстар боп келеді.

Халық – қашан да оптимист болған. Ылғи да жаңалықты, жақсылықты алдан күтеді. Болашаққа үлкен сеніммен қарайды. Халық арасында кең тараған «Сикырлы тас», «Керкұла атты Кендебай», «Аламан, Жоламан» сияқты ертегілерде де халықтың асқақ армандары анық байқалады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Күн астындығы Күнікей қыз» ертегісін үйде оқып келіңдер.
2. Онда көтерілген негізгі мәселелерді талдаулар жасаңдар!
3. Ертегілердің қандай түрлерін білесіңдер?
4. Ертегілер неліктен көп вариантты болып келеді?
5. Ата-аналарыңнан естіген ертегілеріңді сыныпта айтып беріңдер.

АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

Халық ауыз әдебиетінде үлкен орын иелейтін бір саласы – аңыз әңгімелер. Аңыздар негізінен әңгіме түрінде айтылады. Кейде ол, өлең, жыр түрінде де келе беруі мүмкін. Ылғи да аңыз әңгімелер белгілі бір адамның атына, немесе іс-әрекеттеріне байланысты туындап отырады. Аңыз әңгімелерде кейде шындық пен қиял-ғажайып ой түйіндері араласа келіп отыруы да ықтимал.

Міне, осыған қарағанда аңыз бен ертегі екеуінің бір-біріне жақын екендігі анық аңғарылады. Ал оның негізгі айырмасы – аңыз әңгімеде көп ретте тарихта болған адам өміріне арналған боп келеді. Алғаш тарихта болған, кейін келе-келе «сондай адам тарихта болыпты-мыс, болып келеді» деп, ел аузында сақталған кейбір аңызға айналған адамдардың өмірі өрісті өзек болады.

Аңыз әңгіменің тарихта болған адамдардың төңірегінде тууының негізгі себебі, ол адамның өз басы үшін істеген істері, белгілі бір кезеңдегі атқарған рөліне, әлеуметтік мәні бар қызметтеріне байланысты болады. Ол адам не батыр, не ел басшысы, не елдің аса қадір тұтатын асқан ой иесі болып келулері де мүмкін. Тіптен, асқан шешен, табан астында тауып кететін алғыр ойлы, әділет іздеуші, халықтың мұңын мұндап, жырын жырлаушы болып келеді. Бірақ, ол келе-келе «солай етіпті-мыс», «солай деген екен», «солай айтқан екен» деген әр түрлі аңыздар, бірте-бірте ұлғайып, ол аңыз әңгімелерге айналып кеткен. Оларды кейде әңгіме етіп, өлең-жырға айналдырып, оны біреулер жаттап алып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Аңыз әңгімелерге қиял элементтері қаншалық көп араласса да, сол аңызға айналған адам кәдімгідей-ақ, қарапайым адамдардың қатарында болады. Бұл ретте халқымыз арасында кең өріс алған Асан қайғы, Жиренше шешен, Қожа Нәсір, Алдар көсе, Қорқыт ата жайындағы аңыз әңгімелерді атауға болады.

Оның үстіне, аңыз-әңгімелер ылғи да бірдей сюжетке, бірдей идеяға құрыла бермейді. Олардың тақырыбы біркелкі болғанмен, идеялық мазмұны мен негізгі мәні әр түрлі болып келеді. Тіптен, онда әр таптың өкілі өз көзқарастарынан келіп шығып, оны өз табының көзқарастарына лайықтап, өз мүдделеріне пайдаланулары да мүмкін. Мәселен: қазақ халқы арасында Асан қайғы туралы аңыз-әңгімелерінің бірнеше түрлері – варианттары баршылық. Кейбіреуінде Асан қайғы өз халқына бақыт іздеп, Жерұйықты тапса, сөйтіп жақсылықты алғы өмірден

іздесе, ал ол жайлы кейбір аңыздарда ол хандардың қамқоршысы, сары уайымға салынған, кертартпа адам ретінде де тілге алынады.

Аңыз-әңгімелерде кейбір адамдардың халық үшін еткен игі істері, биік парасаттары, халықтың асқақ армандары жан-жақты сыр шертіп отырады.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН МЕН ҚАРАШАШ

Аңыз-әңгімелерде Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу тарихта болған ба, әлде жоқ па, ол жағы күні бүгінге дейін белгісіз. Бірақ, халық арасында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда, олардың тарихта болғандығы, Өз-Жәнібектің тұсында өмір сүргендігі тілге алынады. Оның үстіне, Жиренше шешен жөнінде аңыз-әңгімелер аса көп. Көбінесе оның шешендігі сөз етіледі. Жиренше шешен қазақ халқы ауыз әдебиетінде кең орын алған ұнамды бейне. Ылғи да, хан мен Жиренше кездескен сайын оның ақылдылығымен тапқырлығын анық аңғарылумен бірге, ханның ақымақтығы паш етіледі. Сөйтіп, халық арасынан шыққан аса дарынды, дана адам, үстем тап иелерін үнемі жеңіп отырады да, оның биік тұлғасы даралана түседі. Мысалы, Қаңбақ Жиреншеге: «Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?» – дейді.

Аңыз әңгімелерде Жиренше мен Қарашаш қатар аталады. Халық Қарашаш бойына даналықты да, шешендікті де дарытқан. Жиренше талай тұйыққа тіреліп, не қыларын білмей сасып қалған жағдайларда, Жиреншеге ақыл тауып беретін де, аузына сөз салатын да Қарашаш сұлу болып келеді. Мәселен: «Еркек қойларды қозылатып әкел» – деп, хан әмір еткенде де, Жиренше шешенге ақыл тауып беретін Қарашаш боп сипатталады. Ол жайтты Қарашашқа келіп айтқанда Қарашаш: «Сасатын түгі де жоқ, қойларды алып келе бер» – деп, мезгілі жеткенге дейін қошқарларды шетінен сойып жей береді. Мезгілінде келген ханды сөзден жеңіп, оны кері қайтарады.

Әрине, мәселе онда ғана емес, өзіне ғашық болып қалған ханды қонақ асқа шақырып, жұмыртқаларды әртүрлі бояуларға бояп алдына қояды. Әрі, тым тәтті тағамды өз сүтімен дайындағандығын айтып, ханды қатты ұялтады.

Аңыз-әңгімелерде Қарашаш өзінің аса ақылдылығымен, әрі асқан сұлулығымен өз жетегіне үйіре түсетін бейне ретінде алынады. Әрине, мұның ерекше мәні бар. Өйткені, әйел – аса көп халық. Олардың әлеу-

меттік өмірде алатын орны айрықша, маңызы аса зор. Сондықтан да, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей-ақ, әйелдер арасынан да асқан ақылды, ерекше дарынды жандар бар екендігін бұл аңызда орынды тілге алынады.

Қорыта айтқанда, аңыз-әңгімелердің негізінде – халық мүддесі, ел тілегі, арман-мұраттары ылғи да өз шешімін тауып отырады. Халық әрқашанда өз арасынан шыққан ақылды, биік парасат иелерін ел тілегімен астастыра, қабыстыра сипаттап отырған. Сол арқылы өз кезіндегі жұртшылықтың нені аңсап, нені арман ететіндіктерін, тайға таңба басқандай анық етіп, өздерінен кейінгі ұрпақтарына уағыздайды.



Жи́ренше шешен

ЖИРЕНШЕНІҢ ХАН СЫНАҒЫНА ТҮСКЕНІ

Бір күні Жи́реншені хан шақыртып алып, оған қырық сиыр беріпті. Осы сиырлардың ішек-қарнын тірілей тазалап әкел, барлығын да соясың, сойғанда біреуінің ішінен бір түйір де қылтаң шықпасын! – депті.

Жи́ренше қырық сиырды айдап, әйелі Қарашашқа келеді. Қарашаш: – Қорықпа! Сиырларды ащы құдықтың басына айдап барып, жалғыздап суар да, суарғаныңды сол жерде айналдыра қуа бер. Әуелі ішінің қармауы кетер, онан кейін жын аралас су кетер, ең соңында қара судың өзі кетер, – депті.

Бір күні хан Жи́реншеге хабар береді:

– Жи́ренше Қарашаштың барлық айтқандарын істеген екен, оның айтқандарының барлығы да дұрыс келіпті. Сөйтіп, қырық сиырдың барлығының ішін тазалап, ханға алып келіпті. Хан сиырларды шетінен сойғыза бастапты. Сонда ешбіреуінің ішінен қылтаң таба алмай, аңтаң болған екен.

Бір күні хан Жи́реншеге хабар береді:

– Жи́ренше біздікіне келсін, келгенде жолмен де жүрмесін, жолсызбен де жүрмесін! – депті.

Жи́ренше бір ит пен бір ешкіні қосақтап алып, жолға түсіп, ханның үйіне қарай келе жатады, ханның үйіне жақындайды.

Оның келе жатқанын хан көріп:

– Мынау кім өзі? Жолмен де жүрмейді, жолсызбен де жүрмейді. Қалай жүріп келе жатқан адам? – депті.

Жириеншенің тапқырлығын көріп, хан таң қалған екен дейді.

Тағы бір күні хан Жириеншені шақыртып алып, оған сексен еркек қой береді де:

– Жазғытұрым қой қоздаған уақытта, осы қойлардың барлығын қоздатып алып келесің, – деп жарлық етеді.

Жириенше қойларды алып, Қарашашқа келіп ақылдасады. Қарашаш:

– Сасатын түгі де жоқ! Қойларын шетінен сойып жей берелік. Хан келсе, жауабын өзім беремін, – дейді.

Қой қоздайтын уақыт жетіп, о да өтіп кетеді. Хан Жириеншеге хабар жібереді. Жириенше жауап қатпай, қойларды шетінен жалғыздап сойып жеп, жата береді.

Бір күні хан шыдай алмай, атына мініп, Жириеншенікіне келеді. Оның келе жатқанын Қарашаш көріп, Жириеншені үйге жатқызып тастайды да, өзі білегін қанға былғап, ханның алдынан шығады.

Хан:

– Жириенше қайда? – деп сұрайды.

Қарашаш:

– Жириенше үйде, жас босанып жатыр! – депті.

Хан:

– Ол не дегенің! Еркек адам да бала таба ма екен? – деп күліпті.

Сонда Қарашаш:

– Тақсыр, еркек адам бала тумаса, еркек қой қалай қоздайды? – депті.

Хан Қарашаштан жеңіліп, атының басын бұрып алып, ізінше кейін қайтқан екен дейді.

ӘЗ ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ЖИРИЕНШЕГЕ АЙТҚАН ЕСТІРТУІ

Жириенше түзде жүргенде, оның Қарашаш дейтін ақылды әйелі өліп, қазаны естіртуге ешкімнің ақылы жетпейді. Сонда Әз Жәнібек түзде жүрген Жириеншені шақыртып алып:

– Ал, Жириенше, әкесі өлген қалай екен? – депті.

Жириенше:

– Асқар тауы құлады десеңші, – депті.

– Шешесі өлген қандай екен?

- Ағар бұлағы суалды десеңші!
 - Ағасы өлген қандай екен?
 - Онда оң қанаты қайрылғаны.
 - Інісі өлген қандай екен?
 - Сол қанаты қайрылғаны.
 - Баласы өлген қандай екен?
 - Бауыр еті күйгені.
 - Әйелі өлген қандай екен?
- Сонда Жиренше:
- Онда қара орманы бүлінгені. О, дариға-ай, Қарашаш сұлу өлген екен! – деп, қамшысын таянып отыра кеткен екен.

АЛДАР КӨСЕ

Өмірде көрініс табатын кейбір орынсыз, ұнамсыз жақтарды мінеп-шенеуде аса күшті құралдың бірі – күлкі, әжуа. Қазақ халық ауыз әдебиетінде де сол күлкіні, күлдіретін әңгімелерді молынан пайдаланған. Солардың арасында ерекше көз тартып, көңілге ұялай түсетіні – Алдар көсе, Қожа Насыр жөніндегі аңыз-әңгімелер. Олар өздерінің сөз тапқырлығымен де, айлакерлік іс-әрекеттерімен де жұртшылықты еріксіз күлдіреді.

Әсіресе, Алдар көсе жайындағы аңыз-әңгімелер халқымыз арасында кең тараған. Қарапайым халық арасынан шыққан олар, үстем тап иелерін, зәбір-зұлым өткізушілерді мысқылдау арқылы сын астына алады. Алдар көсе, Қожа Насыр жайлы айтылған кез келген аңыз-әңгімелерге назар аударсақ, олар ылғи да халық сүйетін, халық қадір тұтатын сүйкімді бейне ретінде тілге алынады. Олардың айтқан мысқылдары да, келемеждері де халықтың тілек-арманынан келіп шығып жатады. Өзін езіп, қанап отырған үстем тап иелерін халық ылғи да Алдар көсе мен Қожа Насырды қарсы қоя отырып, айтқан аңыз-әңгімелерінде жеңдіріп отырады.

Тіптен, халқымыз арасында мәтелге айналып кеткен «Жұмыртқадан жүн қырыққан», «Өзі тойса да, көзі тоймайтын», «Кесіп алса қан шықпайтын», – деген сияқты үстем тап иелерін жеңетіндіктері де олардың тапқырлығынан. Опасыздық та, сараңдық та, озбырлық та – үстем тап иелеріне тән қасиет. Сондықтан да, Алдар көсе әңгімесінде шық бермес Шығайбайдың сұрқиялық, сараңдық істері қатты әшкереленеді. Шығайбайдың әдеті мен істерін жек көретін халық, қапияда жол таба

білетін, айласы мен амалы мол Алдар көсені жіберіп, Шығайбайды жеріне жеткізе күлкі етеді.

Аңызда шық бермес Шығайбайдың түн ауа өз асын өзі ұрлап ішпек болуы, таңертең қойға барарда, ыстық нанды Алдар көседен жасырып, қойнына тығуы—адам баласын байдан жирентеді. Адамдық арын мал-дүниеге сатқан дүниеқоңыз Шығайбайды Көсе әшкерелейді. «Апама жездем сай»,—дегендей-ақ, оның тәрбиесіндегі үй іші—әйелі, қызы тап өзі сияқты. Өйткені, Алдар көсе үйіне кіріп келген сәтте, әйелі илеп отырған қамырын, қызы үйітейін деп отырған қазды бірден жасыра қояды. Міне, бұлар да шық бермес Шығайбайдың мінезін толықтыра түседі.

Шығайбай қаншалық Алдар көсеге ешнәрсе бергісі келмесе де, аса айласы мол, ақылды Көсе сараң байды тақырға отырғызып кетеді. Аңыз-әңгіме Шығайбайдың қызын Алдар көсенің алып кетуімен аяқталады.

Дегенмен, Алдар көсе жайындағы кейбір аңыз-әңгімелер өзінің сюжеті, құрылысы жағынан ертегілерге жақындау боп кетеді. Мәселен: Алдардың жұртта қалып, шайтан бейнесіне енуі, шайтанмен бірге жүріп, «Әлаулайын, қалаулайын» айтуы, кейде жеке адамдардың көзіне көрінбеулері—бәрі ертегілерге тән негізгі ерекшеліктер.

Дейтұрғанмен де, «Алдар көсенің шайтанды алдауы»—өзінің сюжеті, құрылысы жағынан болсын, амалы, іс-әрекеті жағынан болсын, негізінен күлдіргі әңгіме. Бірақ, басқа аңыздарға қарағанда өзгешелеу. Өйткені, басқа аңыз-әңгімелерде шайтан ылғи да жұртшылықты алдаушы болып көрініс тапса, бұл әңгімеде керісінше, шайтанды Алдар көсе алдайды. Солай екен, жын-шайтан жөніндегі ұғымды жоққа шығарудың бұл—алғашқы адымы тәрізді. Онда да басынан аяғына дейін Алдар көсе Құлан мен Түленді ақымақ етумен бірге, оның өзінің өтірік өліп, тірілуі, шайтандарға қазы алдырулары, оның үстіне өзінің үлкендігін айтып, алтынды алдап алуы—бәрі оның ақыл-парасатының биіктігін аңғартқандай.

Шынында да, халық арасынан шыққан жай ғана, қарапайым адам, өзінің ептілігімен, айлакер—қулығымен, ең соңында шайтанды да алдап, өзінің мұрат-мақсатына жетеді. Оның үстіне, Алдар көсенің қулық, сұмдық, айлакерлігі де үнемі тапқырлықпен, күлкімен ұштасып жатады. Мәселен: Шығайбайдың қызының есімі—Біз (Бізбикеш). Соны пайдаланған айлакер Алдар Шығайбайға: «Бізінді алайын, әйеліңе айт»,—деп айқайлауы, оның алға қойған мақсатын орындауға мол мүмкіндіктер береді.

Сөйтіп, байдың қызын алып кетеді. Міне, бұл – оның тапқырлығы, айлакерлігі. Тіптен Алдар көсе жұрттың ойлағанын алдын ала біледі. Тез аңғарады. Мәселен: «Алдағыш болсаң, мені алдашы», – деп, алдына барған Жиреншені көргенде, бір моланы сүйеп тұра қалады. Сөйтеді де: «Алдағыш таяғым үйде қалыпты, соны алып келейін» – дейді де, Жиреншенің атын мініп ала жөнеледі де:

– Міне, алдады деген осы,
Әкем моласының қасы. –

деп, шоқыта жөнеледі.

Расында да, Алдар көсе жайында айтылған аңыз әңгімелердің қай-қайсына көңіл аударсақ, онда оның тапқырлығымен, алғырлығы, айлакер, ақылдылығы анық аңғарылады. Сондықтан Алдар көсе ел арасында ұнамды бейне ретінде тілге алынып, ол айрықша қастерленеді.

АЛДАРДЫҢ ШЫҚ БЕРМЕС ШЫҒАЙБАЙҒА ҚОНАҚ БОЛҒАНЫ

Сол баяғы ерте заманда, құйрығы келте заманда, Шық бермес Шығайбай дейтін бай болыпты, төрт түлігі сай болып, көңілі жай болыпты. Сол Шық бермес Шығайбай үйіне ешкімді қондырмайды екен, қондырса, дәм бермейді екен, заманының деген сараң байы, өзі тойса да, көзі тоймайтын бай екен, үйіне кісі келсе, оның жауабы:

– Шық, әй! – екен.

Осыдан жұрт, оны Шығайбай деп атап кеткен екен, Шық бермес Шығайбайдың атын естімеген ел болмайды екен. Оның «шық, әйін» естімегендер болмайды екен.

«Түстүлек болса да, дәмін татам!» – деген талайлардың тауы шағылған екен.

Бірақ «Алдар қу, Алдардың алдамайтыны, жалмамайтыны, арбамайтыны жоқ!» – деген атақ та ел-елге жайылады, ел аузындағы мәтелге айналады.

«Әй, Алдарың қанша қу болса да, Шық бермес Шығайбайды алдай алмас!» – дейді екен жұрт.

Осы сөз Алдарға жетеді. Шық бермес Шығайбайдың атын Алдар да естиді екен.

«Шық бермес Шығайбайды мырза байға айналдырмасам, Алдар деген атым құрысын!» – деп, Шық бермес Шығайбайдың атын жаю

үшін Алдар сапарға аттанады. Күні-түні жүріп, Шық бермес Шығайбайдың елін іздеп сапар шегеді. Ақырында, елден іргесін аулақ салған, айдалада жалғыз үй отырған Шығайбайдың үйіне келеді.

«Шық бермес Шығайбай, атың жаман, жұрт айтатын сырың жаман! Не істеп отыр екен қу!» – деп ауылына білгізбей түсіп, Алдар байдың жабығынан сығалайды. Сығаласа, Шығайбай қазы айналдырып, бәйбішесі нан илеп, тоқалы бас үйтіп отыр екен, қызы тырнаның жүнін жұлып, отыр екен. «Осыдан дәм татпасам – Алдар атым құрысын» – деп, көсе жылмаң етіп үйге кіріп келеді.

– Кеш жарық!

Бұлар да жылдам екен, Алдар «кеш» дегенді айтып болғанша, қолдарындағы асты астарына жасырып: Шығайбай таспаны, бәйбіше ұршықты, қызы тігіліп жатқан көйлекті, тоқалы көсеуді қолдарына алып отырыса қалады, түк білмегенсіп қолдарындағы іспен болып отырғансып, елеусіз бола қалады.

«Әй, әккі болған неме екенсіңдер, мызғымас қу екенсіңдер!» – дейді Алдар ішінен. Амандасқансып, қол алысқансып, байға сүйкене барып, төр алдына отырып алады.

«Ай, Көсе екенсің! Жұртты құртқан қу ма екенсің! Жүрісің жылмаң екен. Жырыңды болған сұм ба екенсің? Қу болсаң да, сұм болсаң да, менен түк те тимес!» – дейді бай ішінен.

– Қайдан жүрген қусың? Қайда барасың? Не естіген-білгенің бар?» – дейді бай Алдарға. Алдар көсе:

– Көргеннен айтайын ба, естігеннен айтайын ба? – дейді.

– Естіген жалған болар, көргеніңнен айт, – дейді бай.

Алдар көтеріле түсіп, күлімдеп, желдірте түседі:

– Көрген-білгенім көп! Жолда келе жатып, үлкен сары жылан көрдім, жуандығы тап өзіңнің астындағы қазыдай.

Артық-кем қып асырмай,
Шын айтқанда жасырмай,
Таспен ұрып жібердім
Тоқал астындағы басындай.
Былш ете түсті иленіп,

Бәйбіше астындағы нанындай.
Өтірік болса, сақалым жұлынсын
Қыз астындағы тырнадай.
Бәрін де осының көріп келдім,
Асыңды ашпы ұрламай! –

депті. Осыны айтқаннан кейін бай:

– Шоқ түссін тіліңе! – деп астындағы қазысын лақтырып тастайды.

– Тілің тасқа болсын? – деп бәйбіше астындағы нанын лақтырады.

– Жағыңа жылан жұмыртқаласын! – деп, қызы тырнаны лақтырады.

– Қазаныңды аса бер, бәйбіше! – дейді бай «Амал қайсы?» – деген пішінмен.

Бәйбіше:

– Піс, қазаным, бес ай! – деп қазанға ас салады.

– Отырайын он ай! – деп, Алдар етігін шешіп, босағаға лақтырып, төрге нығайып отырып алады.

Қазан ұзақ қайнайды, бірақ түсірілмейді. «Қайнасаң қайна!» – деп, бақырайып Алдар да отырады. «Мына көксоққан қашан жатады?» – деп, үн жоқ, бай да отырады. Ақырында, бай шыдамайды:

– Әй, кемпір, сал төсекті, жатайық, жолдан шаршап келген қонақ та жататын шығар, – дейді.

Төсек салынады, жатуға кіріседі. – «Жатсаң жат!» – деп Алдар да жатады. Байдың көзі ұйқыға барды-ау деген кезде, Алдар орнынан тұрып, қазандағы етті сүзіп алып, оның орнына төрде жатқан тулақты турап салып қояды.

Бір уақытта бай бәйбішесін оятады.

– Мына ит ұйықтады, білем. Түсір асыңды тез! Уақытымен асымызды жегізбеді ғой, ит! – дейді.

Бәйбіше жалма-жан қараңғыда асты түсіреді. Бай пышақты қолға алып жіберіп:

– Жат, жігітім, жат! Сазайың осы! – деп, аузына бір кесегін салып жіберсе, тісі өтпейді. Олай қидалайды, былай қидалайды, болмайды.

– Етің не болып кеткен! Өңкей шандыр! – деп, бәйбішесіне ұрсады бай, түйіліп қалып, май сұрайды.

Кемпір кебежені ашып, аяққа май салады. Әдейі осыны андып Алдар орнынан тұрып барып, аяққа салынған майды алып, оның орнына іргеден сиырдың жас тезегін салып қояды.

Шығайбай аяқты ала, былжырап тұрған тезекті май деп, аузына салып жібереді. Салып жібереді де, лақ еткізіп құсады.

– Қазы орнына шандыр бердің, май орнына тезек бердің, алжыған!.. – деп, таяқпен кемпірін бір қояды.

Кемпірінің басы жарылып, ойбайлап қалады.

Кемпірдің даусынан оянған болып, Алдар сыртқа шығады. «Бұл сұмның қастығы аз болмас! Атыма бірдеме қылып, өшін алар», – деп, атына барады. Атының қасында байдың да аты тұр екен. Өз атының маңдайындағы қасқасы болмаса, екеуінің ешбір айырмашылығы жоқ екен. «Маған ойлайтын зияны болса, өзіне тисін!» – деп, өз атының

қасқасын жас тезек жағып жоғалтады да, бай атының басына бор жағып, қасқа ат қылып қояды. Сөйтеді де, орнына келіп жатып, ұйықтап қалады.

Етті, майды жеп қойған Алдар екенін, бұл жұрттан асқан қу екенін бай біледі де, ішін ыза кернеп: «Тұра тұр, бәлем!» – дейді ішінен. Алдар ұйықтады-ау деген кезде, сыртқа шығып, Алдардың атын жарып тастайды. «Міне, жігітім, сазайың!» – деп, мақтанып, төсегіне келіп жатады да, ұйқыға кетеді.

Таңертең бай орнынан тұрып жатып, Алдарға айтады:

– Мына кемпір: «Бір қасқа ат өліп жатыр», – дейді. Сенің атын болу керек, жарылып қалған. Атыңды бақпай, қазан бағып жүрген, не қылған адамсың?! – деп қарқ-қарқ күледі.

Алдар тұрып:

– Қандай қасқа екен? Тезек қасқа болса менікі, бор қасқа болса сенікі болар, – дейді.

Бай құдайдың ұрғанын біледі де, тұра жүгіреді. Жүгіріп барса, өліп жатқан байдың бор қасқасы екен.

Бай күйініп кетіп, Алдарға келіп:

– Жоғалт қаранды, сұм! Құртатын болдың ғой әбден! – деп, кейіп шығып кетеді.

Сыртқа шығысымен бәйбішесіне:

– Өлгі наныңды бер. Мына иттің қарасын көрмейін, тез жөнелт! – дейді.

Әйелі жер ошақта пісіп жатқан нанды оттан суырып бере қояды. Мұны көре салып, Алдар жүгіріп шығады.

– Ей, бай-еке! Енді бұдан былай жолығамыз ба, жоқ па? Ақтық рет көрісіп айырылысайық! – деп, бара байды құшақтайды оны қысып жібермейді де оттан жаңа шыққан нан байдың кеудесін күйдіріп кетеді.

– Ау, жарайды енді! – деген сайын қыса түседі.

– Ау, мына ит жегіріңді ит жесін! Мә, жемтігіңді ал! – деп, қойнынан нанды лақтырып тастайды.

– Бісміллаһи піскен ас, ауызға келіп түскен ас! – деп, Алдар қағып алады.

Бай енді кетейін десе, Алдар тағы жібермейді.

– Ау, сұм, алатын наныңды алдың, енді нең бар? – дейді.

– Мынау етігім жыртылып, шұлғауым шығып жүр, бізінді беріп кет! – дейді. Байдың қызының аты Бізбикеш еді.

Байдың бізді бергісі келмейді. Алдар жабысып жібермейді. Ақыры, болмаған соң:

– Әй, алсаң, алшы, ант ұрған! Ал да, қаранды жоғалтшы! – дейді.

Алдар рақметті жаудырмалатып, күліп қала береді. Бай кетісімен Алдар бәйбішеге жүгіріп келіп:

– Ал, қызыңды киіндір! – дейді.

– Е, не үшін?

– Баймен келісіп, Бізбикешті алатын болдым!

– Жоғал әрі, жұртты жалмаған! Қызымды беретін сен кім едің? – дейді.

– Әйтпесе, өз құлағыңмен естіп қал! – деп сыртқа шығып, көп жерге барып қалған байдың артынан айқайлайды.

– Әй, бай, Бізбикешті бермей жатыр бәйбішең! – деп, «Бізін» қаттырақ айтып дауыстайды.

– Әй, бәйбіше, бер, бер! Жоғалт соның көзін!.. – деп айқайлайды бай.

– Әне, есіттің бе? – дейді Алдар қасында тұрған бәйбішеге.

– Мына кәрі ит алжыған ба өзі? Елді құртқан бір қу аяққа қызын беріп, құтырған ба? – деп, таң қалады бәйбішесі.

Алдар анау-мынау дегенге көнбестен, жасауын буып, қызды атқа мінгізеді де:

– Алдардың ойыны осылай болады! – деп еліне тартып отырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ертегілер деген не және олардың түрлерін атаңдар.
2. «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде нендей мәселе көтерілген?
3. Аңыз әңгімелердің түрлері жайлы не білесіңдер?
4. Жиренше шешен мен Қарашаштың тапқырлығы неде?
5. Аңыз әңгімелердің негізгі ерекшеліктері неде?
6. Алдар Көсе әңгімелерінің мәнінде нендей мәселе көтерілген?

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Халық ауыз әдебиеті шығармалары ішінде ел арасына аса көп тарағандарының бірі – **батырлар жыры** болып саналады. Олар халқымыз арасында сан ғасырлардан бері келе жатқан асыл мұра. Батырлар жырын алғаш белгілі бір ақындар шығарса да, көне замандарда жазу өнері кең дамымағандықтан, ауыздан-ауызға өтіп, айтыла бергендіктен, оны шығарушылардың аты ұмытылып кеткен. Дегенмен,

батырлар жырын айтушылар да, бізге сары майдай сақтап жеткізушілер де – жыршылар болған.

Батырлар жырының қай-қайсысы да бірден аса үлкен, ерекше қомақты жыр болып шықпаған. Жыр айтушылар әр батырдың әр кездегі ерлік істерін, күрес-тартыстарын, асқан батырлығын, жеке-жеке жырлаулармен толықтырып, дамытып отырған. Мәселен: халқымыз арасына кең тараған «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» сияқты т.б. батырлар жырын алсақ, алғаш олардың әр кезде еткен ерлік күрестерін дәріптейтін өлеңдер, келе-келе біріктіріліп ұзақ жырға айналған. Міне ол, жырлардың құрылыстарынан да анық байқалады. «Алпамыс батыр» жырында екі түрлі оқиғаның сарыны аңғарылады. Әрі, олардың әрқайсысының өзінше даму жолы, өзінше шешулері де баршылық. Оны біз Алпамыстың Гүлбаршынды алу үшін аттануынан аңғарсақ, екіншіден, ауылын шауып кеткен қалмақ ханы Тайшаның еліне баруынан байқауға болады. Сондықтан да, бұл алғаш Алпамыс туралы айтылған екі түрлі ұзақ өлең болып, кейіншелік сол екі өлең бірігіп, үлкен жырға айналған деуімізге толық мүмкіндіктер береді. Сол үшін осындай ойды «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сияқты т.б. батырлық жырларға да айтуға болады.

Қайсы бір елдің батырлық жырларын алсақ та, олардың негізінде тарихи оқиғалар жататындығы анық. Дегенмен, жырда оқиғалар болған күйінде сыр шертпейді. Жырды шығарушы ақын сол бір оқиғаны өз ұғымына сай етіп, өзінің таптық көзқарасына орай жыр жолдарына қосады.

Батырлар жырында көбінесе олардың өз Отанын сыртқы жаулардан қорғаулары, өз елін өзгелерге тәуелді етпеу сияқты идеялар ерекше көрініс табады. Сондықтан да, қазақ халқы арасына кең тараған батырлар жырының қайсы бірін алсақ та, оларда қыпшақ, ноғайлы қазақтарының қызылбастармен, қалмақтармен болған күрестері көрініс тапқан. Ол жырларда қазақ жерін қалмақтардың, қызылбастардың жаулап алмақ болған іс-әрекеттері, басқыншылықтары сипатталады. Содан, қазақ батырлары ел намысы, жері үшін олармен қарсы күресіп, өздерінің батырлық тұлғаларын анық аңғарта түседі. Мәселен: Қобыландының бар өмір жолы жырда тек қана қалың қыпшақ қамы үшін өз жауларымен шайқасса, Алпамыс та, Ер Тарғын да, Қамбар батыр да өз елі, өз жері үшін күреседі. Мәселен: «Қамбар батыр» жырында Қамбардың ерлік күресін жыршы:

Қараман мен Қамбарбек,
Қарсыласып қылыш шабысты.
Ақ найзалар айқасып,
Нар бурадай алысты.
Шанышқанына шыдамай,
Астындағы Құлбадам
Шөге жата қалысты.

Қалмақтың ханы Қараман,
Сол жағынан құлады...
Түртіп өтіп кеткені,
Тақиядай ұшады.
Екпініне шыдамай,
Атының жалын құшады... –

деп, Қамбардың ерлігін дәріптей түседі.

Әрине бұдан, батырлар жыры ылғи да ерлікті, батырлықты, ал лиро-эпостық жырлар тек қана ғашықтықты, сүйіспеншілікті, күйініш-сүйініштерді жырлаудан ғана тұрады деу, оншалық шындыққа тура келе бермейді. Өйткені, батырлар жырында да еліне, жеріне, туған-туысқандарына, ата-анасына, сүйген жарына деген сүйіспеншілік сезімдері жан-жақты көрініс табады. Әрі олардың батырға деген сүйіспеншіліктері де, лирикалық толғаныстармен әдемі өрнектеле түскен тұстары да анық байқалады.

Шынында да, батырлар да – адам. Олар да қуанады, кейде қайғырса, енді бірде сүйген жарын құшып, мез-мейрам болатын тұстары да жиі-жиі боп тұрады. Сол үшін де жыршылар олардың адамгершілік асыл қасиеттерін де өз жыр жолдарына қосып отырған. Дегенмен, ол жырдың негізгі өрісті өзегі емес, жырдың негізі – олардың елі үшін, жері үшін күрескен ерлік істері, батырлық тұлғалары. Сондықтан да олардың батырлар жыры аталуының бірден-бір себебі – сонда жатыр.

Құрылысы жағынан батырлар жырының да өзіне ғана тән, өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден олар, ылғи да біреудің құдайдан тілеп, сұрап алған жалғыз баласы болып келеді. Ал оның өзі, қырық шілтен, Қыдыр ата тәрізді әулиелермен байланысып отырады. Оның үстіне, олардың күштілігі төрт – бес жастарынан-ақ белгілі бола бастайды. Әрі, өздеріне серік әйел мен мінетін аттары табылып, олар жастайынан-ақ, ел қамын, күллі жұрттың пайдасын ойлай бастайтын боп келеді.

Бұлар батырлар жырының тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері болып саналады. Екіншіден, кейбір батырларға атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді, отқа салса жанбайды, суға салса батпайтын болып келеді. Бұлайша әсірелеу (гипербола) арқылы сипаттау, олардың ертегілік сипат алатындығын аңғартқандай. Мұндай жағдайлар, тек қазақ халқындағы батырлар жырында ғана емес, басқа халықтардың жырларына да тән сипат.

Эпостық шығармаларда Отанына, еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілік сыры кең орын алады. Әрі, жырларда елдің салты, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігіне байланысты ой түйіндер де мол орын алады.

Батырлар жырының көбінде қазақ халқының өз бастарынан кешірген жауынгерлік өмірлері жан-жақты көрініс табады. Өткен замандарда елін, жерін, халқын жаулап алмақшы болған дұшпандарға қарсы халқымыз талай-талай майдандарға шыққан. Мәселен, бүкіл ноғайлы, қазақ елі аттанып шапқыншы жаулардың тас талқанын шығарып, елін, жерін аман алып қалған.

Міне, осындай сәттерде елі үшін, жері үшін ешнәрседен қаймықпай оққа қарсы шығып, қамал бұзған, өз Отанын жан-тәнімен сүйген халықтың адал ұлдары халық арасында аз болмаған. Мәселен: елін шапқан Алшағырды қирата жеңіп, торғауыттың тоғыз қабат қамалын бұзған Ер Тарғын, сондай-ақ, Қыпшақтарды Қараспанға қайта қондырған Қобыланды батыр сияқты ерлердің – өз халқын жанындай сүйген ерлік істері, күрес, тартыстары бүгінгі жастар үшін де үлгі, өнеге екендігінде дау жоқ.

Сондықтан да олар жырларда өз елінің нағыз патриоттары, адал ұлдары ретінде сипатталады. Олар өлімнен қорықпайды. Ел намысын туғып ұстап, өз Отанын, халқын жаудан қорғап қалады. Өздерінің алға қойған мақсаттарын орындау жолында, нендей қиыншылықтарға киліксе де, одан мойымайды. Қайта жігерлене, қажырлана түсіп қарсы күреседі. Олар жауын жеңбей тынбайды. Оның үстіне, олар: «– Жау көп пе, аз ба?» – деп, сұрап та отырмайды. «Жау қайда?» – деп, дабыл қаға отырып, алға ұмтылады. Оларша жауды жеңбей жолдан қайту – өлім саналады. Қанша мың жау болса да, жалғыз өзі соғысып, ерлігін, батырлығын паш етеді. Мәселен: бел омыртқасы шығып кеткен Ер Тарғын батырды хан жұртына тастап, опасыздық жасаса да, ел басына ауыр күн, қатер төнгенде, жауға жалғыз өзі аттанып елдің кегін қайтарады. Елдің елдігін сақтап қалады. Міне, мұны нағыз хас батыр деуге болады.

«Қамбар батыр» жырында Назым қыздың ағалары – Әзімбайдың бес бірдей тентегі Қамбарды «жалаң аяқ, жарлы» деп қорласа да, намысына тисе де елін, қалмақ ханы шаппақ болып келгендер «Әзімбайдың көргенсіз, ақымақ балдарына өкпелеп, көргенсіздік етпейін» деген оймен, қолына қару алып жауға аттанады. Себебі ол, елі, жұрты, халқы барлық нәрседен қымбат деп біледі. Сол үшін де халқымыз арасында «Жалаңаш бар да, жауға шап, ажалың жетпей

өлмейсің» – деген, қанатты сөз бар. Оның мәні күні бүгінге дейін жоғалған емес.

Аса даңқты батырлардың кез келгені табан астында сөз, қапияда жол таба білетін боп келеді. Кескілескен соғыс үстінде талай-талай айла-амалдар жасап, қиын-қыстау сәттерде де өз жауларынан ылғи да үстем болып отырады.

Солай екен, жас ұрпақтарды өз Отанын сүйе білуге жұмылдыруда – батырлар жырының орны айрықша деуге болады. Оның мәні мен маңызы күні бүгінгі жастар үшін де айрықша екендігінде дау жоқ.

Батырлар жырының көркемдік ерекшеліктері Халқымыз арасында кең таралаған батырлар жырында бейнелі сөз кестелері аса мол кездеседі. Батырлар жырындағы айрықша көзге түсерлік көркемдік тәсіл – әсірелеу деген болар едік. Әсірелеу – батырлар жырында тым жиі кездеседі. Мәселен: Батырдың асқан ерлігін, астына мінген тұлпарларының шабыстарын, дүлдүлдігін көрсету үшін жыршылар әсіреулерді молынан және өнімді пайдалана білген. Мәселен: «Қобыланды батыр» жырында әсірелеудің классикалық үлгісін байқауға болады. Оны біз Тайбурылдың шабысынан анық аңғарсақ, «Ер Тарғын» жырында Тарлан атын жырау былай сипаттайды. Мәселен:

От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар отаудай...
Шықшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей...

Танауыңа болайын,
Тығының алған шелектей,
Омырауыңа болайын,
Еділден шыққан аңғардай....

деп, әсірелеудің тамаша үлгісін көрсеткен.

Батырлар жырында жыршылар сан алуан сөздердің тамаша бояуларын солғындатпай, адам баласының кескін-келбетін, сырт пішінін, тұлғасын ерекше өрнектейді. Оны біз «Ер Тарғын» жырындағы анти-теза арқылы бере білген мына бір жолдардан аңғара аламыз.

Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр! –

деген жолдардағы өрнекті де көркем сөз арқылы, Ақжүністің көркем бейнесін әдемі танытады. Тіптен, Ақжүністің ажарын:

Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай,
Ет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған
Арпа-бидай ақ ұндай,
Бұралып белі бүгілген,
Қараған кісі үңілген.

деп, Ақжүністің әсем келбетін тамаша суреттейді.

Батырлар жырында **сұрай арнау, зарлай арнау** сияқты тәсілдердің де алуан түрлері кездесіп отырады. Ондағы сөз қолданыстары өзінің көркемдігімен де, бейнелілігімен де оқырмандарға ерекше әсер етеді. Мәселен: «Алпамыс батыр» жырындағы жалғызымен кездескен сәтінде, Құлтай, Тортай, Байбөрінің, сондай-ақ «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің «Ай, Қартқожақ, Қартқожақ! Атыңның басын тарт Қожақ» –деп, Қартқожаққа арнайы айтқан монолог түріндегі арнауы –жырдың көркемдік ерекшелігін ерекше таныта түскендей.

Сондай-ақ, батырлар жырында сыр шерткен кейіпкерлердің күйініш-сүйініштерін, ішкі толғаныс-тебіреністерін білдіруде де, ақын-жыраулар **психологиялық параллелизмді** өнімді пайдаланған. Мәселен, «Ер Тарғын» жырында батырдың бел омыртқасы үзіліп жатқан сәттерінде Ақжүніспен мінген аты Тарланымен жападан-жалғыз қалғандағы монологында, Тарғын батырдың жан арпалысын, күйінішін, ішкі сезімін жыршы:

Асыл туған, Ақжүніс,
Күнді байқай қарасам,
Күнді бұлт қоршайды.
Күн жауарға ұқсайды!
Айды бұлт қоршайды.
Айды байқай қарасам,

Түн жауарға ұқсайды.
Бойды байқай қарасам,
Қол – аяғым көсіліп,
Аузы-мұрным ісініп,
Алланың хақ бұйрығы
Маған таянғанға ұқсайды. –

деп, батырдың халін табиғат құбылыстарымен астастыра, жымдастыра сипаттайды. Батырдың басына түскен ауыртпалық пен қайғы-қасірет, жан күйзелісі оқырмандарға айрықша әсер етеді.

Батырлар жырындағы ерекше көз тарта түсетін тағы бір жайт, айттайын деген ойын түйдектеп, жеті-сегіз буынды жыр жолдарымен өлең айшықтарын әдемі жеткізе білу сәттері деуге болады.

«АЛПАМЫС БАТЫР»

«Алпамыс батыр» жыры – қазақ халқының батырлар жырының ішіндегі ең көне, әрі аса көлемді жырларының бірі. Ол негізінен патриархалдық-рулық қарым-қатынастар кезінде дүниеге келген шығарма деуге болады. Өйткені, жырда көрініс тапқан кейіпкерлердің қиял-ғажайып ертегілердегі қаһармандарға ұқсап кетуі, көне замандардағы батырлық ертегілерінің сарындарының кездесуі. Бұл жырдың негізі бағзы замандардан бері кең өріс алып келе жатқандығын дәлелдей түскендей. Ал оның қалмақтармен болған қақтығыстары, айқастары – кейінгі дәуірлердің оқиғасы.

Жырдың тақырыбы

«Алпамыс батыр» жыры – негізінен халықтың бірлігін, ынтымақ, тұтастығын армандаудан өмірге келген дүние. Өйткені жырда, тек ынтымақ-бірлігі бар ел ғана жауға қарсы тұра алады, күресу мүмкіндігіне ие болады деген идея анық байқалады. Сол елдің тұтастығын сақтайтын, жауына айбар көрсетіп, елін қорғайтын, сөйтіп еліне қамқор бола алатын жандар – халық батырлары.

«Алпамыс батыр» жырында Байсарының ағайынға өкпелеп, басқа жерге қоныс аударуы, сөйтіп қалмақтың қол астына кетуі – ру бірлігін бұзады. Елді аздырып, тоздырады. Сондықтан да, қалмақ билеушілері Қоңыраттарды «келімсек» деп кемітіп, оларға зорлық-зомбылықтар көрсетеді. Оның үстіне, қалмақ ханы Гүлбаршындай аруды өзіне жар етіп алу жолын қарастырады. Осы хабарды естігенде Алтыншаш күйеуіне:

Көшпе деп зар жыладым мен елімде,
Мұнда келіп қанша дүние арттырдың? –

дейді.

Қоныс аударудың кесірі, бір пәлеге душар болудың негізі деп біледі. Не шара?... Байсарының жаумен белдесер күш-қуаты жоқ. Арқа сүйер елі де, оларға қарсы тұралық батыры да жоқ. Оны жырау:

Байсарының кетті медеті,
Қолынан тайды дәулеті. –

деп, жыр жолдарына қосады.

Содан, Байсарының соңынан ерген Қоңыраттарды қалмақтардың қыспағынан Алпамыс қана құтқарады. Сондықтан да, жырдың негізгі идеясы – батырлықты дәріптеп, мадақтау.

Жырда халық өзінің арман-мұратын Алпамыс образы арқылы бере білген. Алпамыс – халықтың бірден бір – қажымас қайратының, сарқылмас күшінің көрінісі іспеттес. Өйткені, Алпамыс тек қара басының қамын ғана ойламайды. Үнемі елдің амандығын, ел бірлігін, ел намысын ойлап, соның қорғаны болуға ұмтылады. Ол жырда:

Ақ сұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін...
Токтай алмай барамын,
Ағайын-туған ел үшін...

деп, Алпамыс ұзақ сапарға тек өз намысы үшін ғана емес, қалың елі – Қоңырат үшін, елін қорғау үшін аттанады. Алпамыс осы мақсатпен жаумен жағаласады. Не-не қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткізеді.

Қашанда батыр, ел үшін туады

Жырда халық сондай үлкен айқастарға, халқы үшін аянбай белін буған батырдың дүниеге келу сырларын айрықша етіп тәптіштейді. Ол жастайынан-ақ аса зор күш иесі болып өмірге келеді де, барынша өжет, қайсар да қайрат иесі болып көрініс табады. Тұлғасының өзі де асқан батырға лайық боп көрінеді. Оны ақын: «Бүркіт қабақты, бір кірпігі алтыннан, бір кірпігі күмістен» – деп, елден ерек етіп сипаттайды. Оның батырлығы жастайынан-ақ көзге түседі. Ойнап жүрген сәттерінде балаларға қолы тие қалса, олар өліп қала салады. Тіптен, түртіп қалғанының өзінде өрмек тоқып отырған кемпірдің баласы тіл тартпай өліп кетеді.

Алпамыс – ата-анасының зарығып, тарығып жүріп, қартайғанда көрген перзенті. Әрі, әулие-әнбиелерге зиярат етіп жүріп, Алладан сұрап алған жалғыз баласы. Жырда Алпамыстың дүниеге келу сырлары да жан-жақты көрініс табады.

Алпамысты сынау үшін Құлтай оған: «Сенің қайратты, ер жігіт екеніңді білейін, өзіңе арналған атты ұстап ал, егер еншінді танып ұстасаң, өз қолыммен ерттеп берейін», – дейді. Ондағы мақсаты өзіне серік атты таңдай білу болса, екіншіден, оны құрықсыз тоқтату. Екеуі де үлкен сын. Міне, оларды Алпамыс мүлтіксіз орындайды. Алпамыс аса көп жылқы ішінен «Жалы құлағынан асқан, төрт тұяғын тік басқан, құйрығы бір қолтық сексеуілдің шырпысындай Байшұбарды таңдайды. Сонда Алпамыс Байшұбардың құйрығына жолбарыстай қол салып, қол

салса да мол салып, жануардың тізесін үш рет бүктіреді. Алпамыс жібермейді. Өзінің зорлығын білдіреді».

Сондай-ақ, Алпамыстың батырлығын айқындайтын бір жері, оның Қараманмен кездесу сәттері. Ал Қараман болса, қалмақтың қамал бұзған бірегей батырларының бірі. Өз елінде хандай қадірленген, талай жаудың бетін қайырған Қараман – аса беделді тұлға. Қараман аттың дүбірін естіп: «Тайшаның әскері де, менің әскерім де қайтындар. Жақын жерге жау келіп қалды. Қырық мың қол, не қырық мыңға татырлық біреу келе жатыр» – дейді шошына.

Алпамыстың Қараманнан батырлығының, күш-қайратының артық, аруағының басым екенін талай жорықтарға мініліп, әбден әккі болған Қараманның аты да сезіп, ілгері жүрмей жан-жағына жалтақтай береді. Сонда Қараман атына:

Не көрдің, Қара ат, не көрдің?
Бектер құрған шатыр ма?
Алдында жолбарыс жатыр ма?
Келгендер бізден батыр ма?
Не көрдің, Қара ат, не көрдің?
Ат шомылған тер ме екен?
Келгендер бізден ер ме екен?
Батырың қайғы жер ме екен?
Не көрдің, Қара ат, не көрдің? –

деп, атының сескенуінің тегін еместігін бірден байқайды.

Содан жырда Алпамыс Қараманның беліне қол салады, қол салса да мол салады. Оны ырғап-ырғап көтеріп, иығына алады. Қатты-қатты Қараманды қыса түскенде, оның ауыз-мұрнынан дірдек-дірдек қан ағады.

Қараман да осал батыр емес. Талайларды тақырға отырғызған, тақымы мықты, қажырлы батыр. Бірақ, зордан зор шықса, екі көзің сонда шығар дегендей, күш атасын танымағандықтан, Қараманның Алпамысқа шамасы келмей жапа шегеді.

Алпамыстың ірілігі, қайраттылығы ол ғана емес, Гүлбаршынның тойында, ханның қырық балуанының тоғызын бірдей жығуы, сондай-ақ хан әскерлерінің Алпамыспен шайқасуы анық аңғарта түседі. Оны жырау:

Шұбарға қамшы салады,
Сансыз тұрған қалмаққа,
Қылышын суырып алады.

Жолбарыстай ышқынып,
Тура келген қалмақты
Қақ маңдайдан шабады,—

деп сипаттайды.

Жырдағы Алпамыспен жауласқан, қарсы күрескен батырлардың бәрі де осал жаулардан емес. Дегенмен де Алпамыс айқасқан жауын алмай қоймайтын, асқан батыр ретінде суреттеледі. Оны ақын: «Қолындағы күрзісі, отыз батпан алмас ед... Қаһарланып сілтесе, тау болса да қалмас ед,... Ерегіскен дұшпанын еңселетпей қоймас ед», – деп сипаттайды. Ол әккі Таймас батырмен де қақтығысады. Оны да жеңеді. Жыршы Алпамыс батырды әсірелеу тәсілімен:

Жаны жоқ кәлла не білсін,
Ұшқан кәлла жөнелді,
Қалың топты аралап,
Бес – алтауын өлтірді.
Он шақтысын жаралап,
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге сыймай ағылды.—

деген суреттеулер арқылы жауын жусандай жапырған батырдың ерлік істерін анық байқатады.

Әсіресе жыршы Алпамыстың жаумен айқасқан ерлік күрестерін көсемше, етістіктерді ойната, құбылта қолдану арқылы шебер өрнектей түскен:

Енді бала құтырып,
Ителгідей жұтынып,
Жетіп келді ұмтылып,
Жағасынан ұстады,
Буындырып қалмақты.

Алпамыс негізінен арлы батыр. Ары үшін, намысы үшін өлімге дайын жан. Айбатпен айқайлап келе жатқан қалмақ батырын көріп, үрейі қашқан Гүлбаршын оған: «Тілімді алсаң қаш енді» – дегенде, Алпамыс: «Ар қылмай ерлер қашар ма, қашпағым менің ар шығар» – деп қашуды өзіне ар, намыс санайды. Нәтижеде, қас батырға тән азаматтық мінез танытады.

Әрине, жырда Алпамыстың батырлығын көрсететін эпизодтар ол ғана емес, жас та болса оның даңқы жер жара бастайды. Сөйтіп, досына сүйініш, дұшпанына қорқыныш болған Алпамысты, Байбөрінің жылқысын айдап кеткен Тайшық хан түсінде көріп, шошып оянады. Не

істерін білмей сасқандығының өзі, Алпамыс батырдың қаһармандық сипатын анық аңғарта түскендей. Мәселен:

Мен бір түнде түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім,
Заманым менің қағынды,
Қағынбаса не қылды.
Құрсаулы қара бір бура,
Қарсы қарап шабынды...
Басымда тәжі-дәулетім
Жерге менің төгілді.

Бір арыстан өзіме,
Шабатұғын көрінді...
Қаламның аузын қан қылды,
Қақпаның аузын шаң қылды,
Айдарлымды құл қылды,
Тұлымдымды тұл қылды,
Солкылдаған мырзамды
Табанға салып жүн қылды.

Сөйтіп, Алпамыс батыр Тайшық ханға құрсаулы тұрған қара бурадай, айбарлы арыстандай болып елестейді. Ханның көрген бұл түсі шындыққа айналады. Содан, қалмақ елі Алпамыс батырдың шапқыншылығына тап болып, Тайшық хан батырдың қолынан арғы дүниеге аттанады.

Батырлықтың алып күшінен басқа, оған тән сипат—олардың аңқау, аңғалдығы дер едік. Сол аңғалдық Алпамыс батыр бойынан да табылады. Мәселен: батыр, мыстан кемпірдің сөзіне еріп, Байшұбардың басын өз қылышымен шауып тастай жаздайды. Сондай-ақ, өзінің аяулы досы—Қараманды шауып тастамақ болып, қылышын қынабынан суырып алуы да, оның тым сенгіштігінің жемісі деуге болады. Әсіресе, мыстан кемпірдің «қырық балам сенің малыңа таласамын деп, қалмақтар қолынан қаза тапты»,—деген сөзіне сеніп:—«Бұл кемпір мұсылман екен, енді ол менің шешем болады, оның үйіне барып, бір күн дем алайын»—деп, соның құрығына түсуі де, батырдың аңғалдығын анық аңғартатын көріністер.

Дегенмен де, Алпамыс үнемі аңғалдыққа салына бермейді. Ол алды-артын болжай алатын ақыл-есі бүтін, керекті жерінде айла-тәсіл де жасай білетін, айлалы. Әрі он қолынан өнері төгілген шебер ретінде де байқалады. Мәселен: Оның Кейкуатқа жасаған кейбір іс-әрекеттері соның нәтижесі іспетті. Әрі ол зынданнан шығу амалын да Гүлбаршынға өзі айтып береді. Өзі жоқ кездерде елі қандай күйде екенін білу үшін, диуана кейпінде келеді. Демек, Алпамыс тек аңқау, аңғал ғана емес, не-не қиын-қыстау кездерде айла-амал таба білетін, айлалы жігіт ретінде де танылады. Осындай ақыл-айласы бар адам ретінде көрінумен бірге, ол өнерлі жан болып та сипатталады. Оның сексен серкенің сүйегінен жасаған сыбызғысы, Кейкуатқа үйреткен

күйі, өз нөкерлерімен келген хан қызын есеңгіретіп тастайды. Оның жасаған сыбызғысының сазымен жаны арбалған Қаракөзайымның:

Егер қылса адамзат,
Жолына оның өлейін,–

деуі – Алпамыс жасаған сыбызғыдан нәр алғандығын байқатумен бірге, ондай өнер адамына ғашық болу сырларын да аңғартқандай. Содан да ол, Кейкуаттан сыбызғыны кім жасағандығын өтіне сұрайды. Жалбарынып, жалынған қыз оның дегеніне көнеді. Тіптен, Қаракөзайым Тазшаны мойнына мінгізуге дейін барады. Оның үстіне, Алпамыстың зынданнан шығуына да сол сыбызғының әсем үні, Алпамыстың өнерпаздығы себеп болады.

Алпамыс асқан батыр, айласы мен ерлігі, өнері қатар болған, сөйтіп, елін, ата-анасын, үй ішін шын сүйе білген аса нәзік жан да. Мәселен:

Жаңа келдім Байсынды,
Жерім деймін, жар-жар.
Жаңа көрдім Қоңыратты,
Елім деймін, жар-жар,–

деген Алпамыстың тамаша сөздерінде, қаншалық жылылық пен еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктің сыры жатыр десеңізші. Ол өз әкесі Байбөріні көргенде:

Жалғызым деген даусыңнан,
Мүсәпір болған, жан ата,
Мендей қозың айналсын,–

деп, зарлай егіледі. Атасы Құлтаймен «ботадай боздап көріседі». Тіптен, жырда анасын көрген Алпамысты:

Анасын көріп Алпамыс
Шыдай алмай жылады,
Емгендей болып емшегін,
Көзінің жасын бұлады. –

дейді.

Жалғыз бауыры Қарлығашты көргенде де:

Жалғыз бауырым, Қарлығаш,
Басылсын мауқым, көзіңді аш. –

деп, емірене түседі.

Сөйтіп, «Алпамыс батыр» жырын жырлаушылар батырдың сүйекпен еттен жаралған ізгі жандылығын, жан дүниесінің сұлулығын аса тамаша өрнектей білген.

Ауыр азапта жүрген ата-анасын, үй-ішін көргенде көзіне жас алса, жалғыз баласы Жәдігерді көргенде, ол атынан құлап түседі. Оны ақын:

Тауға біткен шиесі,
Босатты бала жүйені.
Алпыс екі тамыры
Алпамыстың иеді.

Ат үстінен баланы,
Көтеріп алып сүйеді.
Мейірі сонда қанады,
Атынан барып құлады. –

деп сипаттайды.

Жырда Алпамыс суға салса батпайтын, отқа өртесе жанбайтын, оқ атса өтпейтін, ерен күш иесі болып сыр шертіледі. Әрі, оның бойына аса биік адамгершілік қасиеттердің дәнін де егеді. Өнерлі, ақыл-айласы бар, халық қамқоры ретінде сипатталады.

Әрине, мұның барлығы – халықтың осындай ерді армандау ниетінен туындаған ойлардың жемісі. Яғни ол – «буырқанып бұрсанған, мұздай темір құрсанған», аса күшті болумен бірге, жаны мен тәні таза халықтың сүйікті ұлы, ел ардағы.

Жырда Алпамыс батыр бастан аяқ ұнамды қаһарман ретінде танылады. Оқырмандар оны ерекше қадір тұтып, соның тарапында болады. Оның жырда көрініс берген әр түрлі әрекеттері аса әділ, әрі дәлелді боп келеді. Еліне зәбір-зұлым көрсетушілерге қарсы тұрып, өз халқының қамқоры және қалқаны бола алады. Ол жауға, қас дұшпанына мейірімсіз болса, досына адал, еліне шын берілген халық батыры ретінде көрініс табады.

Алпамыс ел намысы үшін жаумен шайқасып жүргенде, елде қалған Ұлтан құл елді еңіретіп, олардың берекесін алады. Өзін әкім, хан етіп көпке жариялайды. Жырда Ұлтан құл деп аталғанымен ол құл емес, оны халық жағымсыз іс-әрекеттері негізінде солай атап кеткен. Ол, негізінен, күннен туғанымен Алпамыстың әкесі Байбөрінің немере ағасы болған Құлтайдың баласы. Оны асырап, өз бауырына салған адам – «тоқсан мың қорасы, сексен мың маясы», «тоғай сайын мың жылқының иесі» болған Байбөрі. Сондықтан да Ұлтан құлақ кесті құл емес, құр құлқынның құлы, қу нәпсінің иесі.

Ұлтан жырда Байбөріден де, Құлтайдан да, Алпамыстан да қорлық, зәбір-зұлымдық көрген емес. Қайта, өз баласындай етіп бауырына басқан Байбөрі, оны «тумаса да, туғандай қылайын» – деп, бүкіл еліне той жасап береді. Бірақ, аса пейілі жаман Ұлтан, Байбөрі мен Құлтайды «Алжыған қақпастар» – деп, олардың жанын жәбірлейді. Сондықтан да

жырда Алпамыс пен Ұлтанның бейнелері, олардың мінез-құлықтары, кескін-келбеттері қарама-қарсы сипатталады.

Жырда Ұлтанның сырт көріністері, келбеті адам жиренетіндей жексұрын етіліп көрсетіледі. Мәселен: «Кеңірдегі жәһиттің көріндей, күрек тісі кетпендей, аузы ошақтай, азу тісі пышақтай» – деп, сипатталады. Сөйтіп ақын Ұлтанның жауыздық іс-әрекеттерін жырда әдемі аша түседі.

Оның атының Ұлтан қойылуы да тектен тек емес. Алпамыс ел қамын, ел бүтіндігін, ел бірлігін ойласа, Ұлтан қара басының қамынан аса алмайды. Алпамыс биік арман иесі болса, Ұлтан аяқ асты дүние малдың құлы, қуыс кеуде. Соның үшін де оны Ұлтан құл деп атау арқылы, оның жауыздығы мен қатыгездігін, мейірімсіздігі мен пасықтығын әшкерелейді.

Әкімдік тізгінін өз қолына алған Ұлтан Байбөрінің малын өзіне иемденіп алады да, оны түйе бақтырып қояды. Ал әкесі Құлтайды қойдың соңына салып, жеті жасар Жәдігердің қол аяғына кісен салып қозы бақтырады. Аналыққа отын, су тасытып, күң орнында жұмсайды. Алпамыстың қарындасы Қарлығаштың көрген күні азаппен өте бастайды.

Сөйтіп, Ұлтан жақсылыққа жамандық жасайды. Нәтижеде «Ат шаптырып, той жасаған, асықты жілік ұстатып» бала тұтынған Байбөріге зәбір көрсетеді.

Бұдан хабарсыз Алпамыс қалмақтармен күресіп, елін қорғап жүргенде, елде қалған Ұлтан Алпамыстың үй ішіне ғана емес, елге де өзінің өктемдігін жүргізеді. Ұлтанның ауыр тепкісіне төзе алмаған ел адамдары быт-шыт боп, көшіп кете бастайды. Ол жырда:

Ағайын, жұрты жылады,
Халайық қайран қалады.
Тозып кеткен жұртының,
Бәрін жиып алады, –

деп, Ұлтанның зорлық-зомбылық көрген елін, Алпамыс еліне оралған соң ғана жиып ала бастайды.

Бұл бір жағынан Алпамысқа ел-жұртының қалай қарағандығын аңғартса, екіншіден, Ұлтан тұсында бір қауым елдің азып-тозып кеткендігін көрсетеді.

Шынында да, Ұлтанның басқа жауыздығын былай қойғанда, ел салтында болмаған дәстүрді өзінше ойлап тауып, жеті жасар Жәдігерді

«көкпарға беремін» деуі – нағыз адамгершіліктен айрылған, жауыздығының бірден-бір белгісі еді. Дәл осы тұста Ұлтанның жауыздығы айрықша назар аудартады. Жазықсыз жап-жас баланы «Көкпар етіп тартыңдар» деп бұйрық беруі, кім-кімді болса да қатты налытады. Көкпарға тарта бастағанда, бала:

Есіктің алды – қара қыр,
Аш бүгіліп жарағыр.
Жетім қалып сандалып,
Мендей болып жылағыр,
Тарта бер, жұртым, тарта бер.
Ешкі жасын жасағыр.

Аяғыңнан ақсағыр,
Жетім қалып сандалып,
Құрсау түсіп мойнына,
Мендей болып қақсағыр,
Тарта бер, жұртым, тарта бер, –

деп, зар жылаған Жәдігердің зарын естіген жанның бәрі де, Ұлтанға деген шексіз ғазабы арта түспек.

Жырда Ұлтан денесі аса зор болып сыр шерткенімен, ол барынша қоян жүрек, қорқақ болады. Жекпе-жек күресіп, жаумен арпалысу оның қолынан келмейді. Тіптен, жеті жасар Жәдігерге де күші жетпейді. Сондықтан ол оп-оңай араша жасап, жөніне кетуге мәжбүр болады. Оны ақын:

Ал Қарлығаш жүгірді,
Ұлтанға жетіп келеді,
Таяқ жеген жетімді,
Арашалай береді.

Әлі келмей Ұлтанның,
Білгізбейін деді ме,
Араша беріп жөнелді, –

деп сипаттайды.

Ұлтан анадайдан Алпамысты танып қалған бойда зыта жөнеледі. Осы бір сәтті ақын былай береді:

Жалт етіп қарап Ұлтан құл,
Топтан шыға жөнелді.

Елге өзінің зұлымдығын өткізген Ұлтанды жұртшылық жаман көреді. Ұлтанның жексұрындық іс-әрекеттерін өз көзімен көрген қалың жұрт, оның пасықтығынан, ақымақтығынан налиды. Ел Алпамыстай ұлы тұлғаны биікке көтеріп, ерекше қадір-құрмет тұтады.

**Жақсы жар –
батырдың жан
серігі**

Әрқашан да халық жырларында батырлардың өзіне сай тамаша жары болатындығы өз шешімін ылғи да тауып отырған. Әрине бұл – халықтың батырға лайықты жақсы жар, ақылды әйел болуды армандаудан туған

асыл бейнелер. Ол «Алпамыс батыр» жырында Гүлбаршын бейнесі арқылы кең көрініс тапқан.

Халық Гүлбаршын бойына талай қасиеттерді дарытқан. Жырда оны аса ақылды, әрі айтулы сұлу етіп суреттейді. «Нәркес көз», «алмадай қызыл жүз», «он бесінде туған ай», «әсем баудың гүлі» деген көркем баламалардан, оның көрікті келбеті көз алдыға келеді. Сол сұлулығы хан мен Қараманды араздастырып, қалмақ елін жауластырады. Гүлбаршынға таласып көп қан төгіледі. Олардың құрығынан құтылу үшін Баршын бар ақыл-айласын жасайды. Қалмақ ханы мен Қараманға:

Арадан алты ай өткенде,
Арығы болса, семірсін,
Семізі болса, таптасын...

Мініп бедел желгенде,
Армансыз дәурен сүргенге,
Қырық күншілік Байрақтан

Аты озып келгенге,
Қой қызылбас демеймін.
Бақыты қара Баршынмын,
Хан, қараңа айтып бар,
Өзім соған тиемін... –

деп, уәде бермей, ұзын арқан, кең тұсауға салады.

Баршынның мұнысы – айла. Оның қалмаққа тимек ниеті жоқ. Бірақ «тимеймін» деп, тікелей кесіп айтуға дәрмені де жоқ. Бірақ, осы алты айдың ішінде Алпамыс келіп қалар деген үмітпен, жауын кідірте тұруды ойлайды.

Баршынның арманы – Алпамыс. Алпамысты Баршын өзіне тең жар деп біледі. Оның үстіне, ол бүкіл Қоңыраттың намысын қорғаған ер ретінде ерекше қадірлейді. Баршын да елін сүйеді. «Өлуге жеткен елін» құтқаруға келген батырлығы үшін де оны сүйеді. Гүлбаршын «Бақыты қара Баршынмын» дегенде де өз басына, елінің басына түскен зәбір-қасіретке меңзейді. Өз халқымен жауласып келген қалмаққа тиюді намыс көріп, оны сүйекке салатын таңба, қорлық деп түсінеді.

Баршынның өз елін сүйіп, қалмақты «жауым» деп тану себебінің бір ұшығы – шешесі Алтыншашта жатыр. Ол күйеуінің туған жерін, ел-жұртын тастап, басқа елге көшуіне наразы болады. Жалғыз қызын діні, салты басқа жатқа қимайды. «Көшпелік» деп зар жылайды. Көшіп бара жатқанда да Алтыншаш Байсарыға:

Тоқсан кірсе, бақтың гүлі солмай ма?
Арлы жігіт намыспенен өлмей ме?

Ағайынмен кім ұрыспас, таласпас,
Абырой барда, елге қайтсаң болмай ма? –

деп, алдын ала аңғартады.

Демек, Гүлбаршын өз елін сүюді анасынан үйренген. Қанша қорлық көрсе де шыдамдылық танытады. Жауды паналаудың өліммен тең екендігін дұрыс түсінген Гүлбаршын өзін жаудан биік ұстайды. Гүлбаршын Алпамысты бір жағынан батыр деп сүйсе, екінші жағынан оны қалмақ емес, «Қоңырат баласы» деп жақсы көреді.

Гүлбаршын батырдың аяулы жары болумен бірге, оның бірден-бір сырлас досы, ақылгөйі болып та көрініс табады. Оны біз Гүлбаршынның әкесіне және Қаражан астындағы Байшұбар атты көргендегі сөздерінен айқын байқау оншалық қиын емес.

Ақша жүзің сарғайттын,
Атым келмес, деп қайғырдың,

Озды ма атың бәйгеден,
Сұңқар сындым, сұлтаным. –

деген өлең жолдарынан анық аңғарамыз.

Оның үстіне, батырдың сенімді серігі болған Байшұбардың өлесі болған тұрқын көргенде, оны қайтадан баптап, қалпына келтіріп берген де – Гүлбаршын:

Байшұбар аттай бедеудің
Аяққа қаққан шегесін
Қысып ұстап қысқышпен
Табандап суырып алады,
Арам қанын аяқтың
Қорықпен сорып алады,

Зиянды қанды қоймайды.
Төрт қозының құйрығын
Қазанға салып күйдіріп,
Аяққа орап салады.
Бәйгеден келген Шұбарды,
Он бес күн Баршын суытты.

Жырда Гүлбаршынның Алпамысты шын жүректен сүйгенін, өз сертіне әбден беріктігін, батыр хабарсыз кеткен кездегі іс-әрекеттерінен де анық аңғаруға болады. Сұлу Алпамысты жеті жыл бойы ешкімге назар аудармастан күтіп отырады.

Ол Алпамыс батырға шын беріліп, оны шынайы сезіммен сүйе біледі. Мәселен, ол:

Сен өлсең, егер мен күйдім,
Жазым тайса табаным, –

деп өзінің сүйген жары жолында жаны пида екендігін де жасырмай ашық айтады.

Эпоста Гүлбаршын елін сүйген, батырын қадір-құрмет тұтқан, батырша ақылды, пайым парасаты аса мол, байсалды әйел ретінде тілге алынады. Ол Алпамысты бағалай білетін ең жақын досы, әрі бірден-бір жәрдемшісі ретінде байқалады.

**Досы көпті жау
алмайды**

Жырда Алпамыс батыр жалғыз алынбайды. Оны қолдап-қуаттайтын достары да жетерлік. Ондай дос-

ты батыр тек өз елінен ғана емес, жау ішінен де таба біледі. Халық өз батырына қалмақтың ноян батыры Қараманды дос етіп береді. Ол асқан, азулы батыр. Тіпті, ханнан да сескенбейді. Алпамысқа да қарсы жалғыз аттанады. Оны ақын:

Ақ сауытын киініп,
Ат құйрығын түйейін,
Кім де болса осы жау

Қараман атым құрысын,
Бір шетінен қиғаштап,
Аш бөрідей тиейін, –

деп, батырлығын да, батылдығын да ашық айтады.

Бірақ, Қараман өзінен күші басым келген Алпамыспен достасып кетеді. Алпамыс өзінің әділдігіне басып, жекпе-жек келген Қараманға: «Амалың болса қылып қал, сенің сақалыңның ағы бар, ағалығың тағы бар» – деп, алғашқы кезекті оған береді. Оның бар тағдыры өз қолында тұрғанда: «Осыны өлтіргенде қара жер тояр дейсің бе?» – деп, босатып қоя береді.

Алғаш қорыққандықтан дос болған Қараман, енді Алпамыстың батырлығына, аса әділдігіне таң қалып, шын мәніндегі шынайы досы болды. Сол достығынан бір елі де айнымайды. Қараман адал досының жолында тілін алмаған жалғыз баласын өлтіріп, қанатты қара тұлпарының басын кесіп алады. Сөйтіп, екі бірдей аяулысын Алпамыс жолына құрбандыққа шалып, Алпамысқа берген серттерін бұлжытпай орындайды.

Қараман – негізінен ерлікті, батырлықты қадірлей білетін ер мінезді батыр адам. Ол еліне емес, тек ханға ғана наразы. Барынша әділетсіз, менмен ханмен «ерегісіп күреседі». Алпамыспен достасу арқылы өз елінің тыныштығын, екі халықтың достық қарым-қатынаста болуын ойлайды.

Сөйтіп, Қараман көрегендік жасайды. Оның үстіне, хан Қараманның өзіне де өктемдігін өткізбек болады. Өзі батыр, өзі қайсар Қараман ондай зорлыққа төзе алмайды. Үстемдікке көнгісі келмейді. Ханнан әділетсіздікті аңғарған Қараман батыр адамгершілікті, ізгілікті, адалдықты Алпамыстан танып, онымен дос болуды мақсат тұтады. Нәтижеде Алпамыспен қиыспас дос болады.

Алпамыс батырға қиын-қыстау сәттерде көмек қол созғандар – қойшы бала Кейқуат пен Қаракөзайым. Жыршы Кейқуатты Алпамыспен дос ету үшін, қой жайып жүрген шағында бір серкесін зынданға түсіріп жібереді. Содан ол Алпамысқа серкесін шығарып беруді өтінеді. Сонда Алпамыс: «Мен осы бір зынданнан шықсам, сені мұратыңа жеткізем, сен мені бақ, күнде серкеңнің біреуін беріп тұр», – дейді.

Бұған ашуланған Кейқуат, оны өлтірмек болып, бір диірмен тасты зынданға лақтырып жібереді. Алпамыс диірмен тасты қағып алады да, кері лақтырады. Мұны көрген Кейқуат оның тегін адам емес екендігін бірден байқайды. Алпамыстың алып батыр екендігіне көзі жетеді. Бұл зынданнан шыға қалса, мені мұратыма жеткізетіні анық деген ойға келеді.

Содан Кейқуат Алпамысқа сенімді серік, әрі дос болып көмек қолын созады. Батыр да зынданнан шыққан соң сөзінде тұрып, ханды өлтіреді де, оның орнына Кейқуатты хан қояды. Оны жыршы:

Патша болды Кейқуат
Қалмақтың қалың еліне.
Әділдігін жүргізді,
Ешкімнің көнбей ебіне, –

деп сипаттау арқылы, қашан да халықтың әділ патша аңсайтындығын аңғартады.

Оның үстіне, ақын батырдың халық жағында болғандығын ұғындырумен бірге, ол өз найзасын жай халыққа емес, барынша озбыр, жауыз ханға, оның сыбайластарына жұмсағандығын байқатады.

Сондай-ақ, ақын жырда Ұлтан мен Кейқуатты қатар қойып сипаттау арқылы, үнемі халықтың ел қорғаны бола білген адал тұлға, батырға кім жақсылық жасаса, сол ғана өзінің мұрат-мақсатына жетеді деген ойды ілгері қояды. Ал кім еліне зұлымдық өткізіп, әділетсіз болса, жамандық жасап, қастандық істесе – ол барып-барып апатқа ұшырайды деген үлкен ойды алға тартады.

Жырда Кейқуат – батырдың адал досы ғана емес, ол әрі өнерлі адам. Мәселен: сыбызғы тартқанда Қаракөзайым ғана емес, оның жанындағы қыздар да елти тыңдайды. Олардың жан дүниелері жадырап, қадір-кұрмет ете бастайды. Міне, бұдан ақын ылғи да өнерлі адамның өрге озатындығын аңғарта түскендей. Өйткені, Қаракөзайымның сезімін селт еткізіп, жүрегіне алғаш от тастаған да – сол сыбызғының әсем үні. Оның жанын жадыратып, өзін ынтықтыра түскен жайт – сыбызғының тамаша сазы. Алпамысқа деген ынтықтығын кең өріс алдырып, ғашықтығын жалындата түседі. Кейқуатқа деген іңкәрлігі арта бастайды. Оны ақын:

Молдалар сызған ала хат,
Біздерменен бас қосып,
Ойнап-күлмек салтанат,

Айтсаңшы мұны кім қылды,
Айналайын Кейқуат? –

деп қыз емірене түседі. Кейқуатқа жалына бастайды.

Қаракөзайымның өнерді бағалап, сыбызғының үнінен серпіле түсуі—оның жан сұлулығы мен тән сұлулығының өзара жымдаса түскендігін аңғартады. Өнерлі жігіт пен өнерге елтіген Қаракөзайым, Кейкуаттың дегеніне көніп, оны мойнына мінгізуге де әзір болады. Содан қыз ғашығы, әрі шынайы досы болған Алпамысқа қолынан келген бар жақсылығын жасауға ұмтылады. Ең соңында дегеніне жетіп, Алпамыс батырға тұрмысқа шығады.

Жырда Қаракөзайым өзінің сұлулығымен де, ақыл-парасатымен де, аса батылдығымен де оқырмандарды өз жетегіне жұмылдыра түседі. Мәселен:

Ортада отыр Қаракөз
Он бесте туған айдай боп.
Оқтаудай бойы бұралып,
Тартып қойған сымдай боп.—

деп, жыршы Қаракөзайымның көркін, сұлулығын жыр жолдарына қосады.

Аса сымбатты қыздың көркі ақылына сай, ақылы көркіне сай екендігін ақын сөз өрнектері арқылы әдемі жеткізеді.

Қаракөзайым дүниеге, малға, баққа құмар жан емес. Тек, адал жарды ардақтай білетін, ақыл-есі түгел, өнерді қадірлей білетін жаны жайсаң жан. Тіптен: «Арқасы күнге күймеген, табаны жерге тимеген» ханның ерке қызы өзіне лайықты сүйген жар іздейді, өз теңіне қосылуды ғана арман етеді. Алпамысты алғаш көргенде: «Ақылменен аңғарып, ер екенін білген соң»: «Ханның қызы Қаракөз, Алпамыс ердің өзіне ғашық болып қалады»—деп, ақын айтқандай-ақ, бір көргеннен-ақ батырды сүйіп қалады. Алпамысқа деген сүйіспеншілігі мен ынтызарлығы кең өріс алғандығы сонша, оны күні-түні ойлай бастайды. Түн ұйқысы төрт бөлінеді. Өз сүйгені—батыр жолына басын бәйгеге тігеді. Өз ақылымен талай-талай айла, амалдар да жасайды. Батырды зынданнан шығару үшін неге болса да дайын тұрады. Ол:

Жеті жылдың ішінде,
Көрінбеді кісіге,
Ата менен анаға,
Бір көрмекке ынтық боп,
Алпамыс берен балаға.

деп, өз сүйгеніне қосылу үшін, оны ажал тұзағынан құтқару үшін қандай жағдайлар болса да әзір тұрады.

Ақын жырда Қаракөзайымның батырға деген ынтықтығын, оның болашақ күйеуі болған Тазшаны бар болмыс-бітімімен жиренішті етіп жыр жолдарына қосады.

Алпамыс адал жары болған Қаракөзайыммен бірге жатқанда түс көреді. Түсінде елін жау шапқанын байқап, еліне қайтпақшы болады. Оны Қаракөзайымға жасырмай ашық айтады. Оны естіген жары:

«Ah!» – деді қыз сорлы, –
Арылдым ба сорымнан?!»
Көзінің жасын ағызып,
Көрпенің шетін жамылып,
Тұра алмады орнынан.

дегенмен де, есті қыз жарының жолына бөгеу болмай:

Аман барып, есен жүр,
Жолыңа мен бір құрбаның.
Қош енді, ерім, қош енді,
Қош деп айттым үш енді, –

деп, Алпамыстың еліне есен-аман барып келуіне тілек білдіреді. Батыр да Қаракөзайымды қимайды. Бірақ, амал жоқ. Бәрінен де елі қымбат. Ата-анасы үшін қайғырып, қабырғасы қайысады. Содан батырдың жанын Қаракөзайым да жақсы түсінеді. Оны ақын:

Ақылменен аңғарып,
Қимағанын біледі,
Қыз да болса дана еді, –

деп, Қаракөзайымның пайым-парасатынан аса мол мағлұмат береді.

Байшұбар сипаты Батырлар жырында олардың ең сенімді серіктері сүйген жарлары болса, мінген аттары да ылғи өздеріне сай болып келеді. Мәселен: «Қобыланды батыр» жырында Қобыландының жан серігі Тайбурыл болса, Алпамыстың да серігі, бірден-бір қанаты – Байшұбар болады. Ақын Байшұбар бейнесін суреттеуде әсірелеуді өте әдемі пайдалана алған. Мәселен:

Таудан аққан тасқындай
Төгіліп шұбар жөнелді.
Адыр-адыр бұл еді,
Адам қорқар жер еді.
Неше қиын жерлерден
Тегістей шауып келеді,

Мейлі дала, мейлі адыр
Теп-тегіс болды жер енді.
Айдын-айдын көл еді,
Көлдің де аты көп еді,
Жарбандап ұшқан қарғадай
Аяғы жерге тимеді, –

дейді де, одан әрі тағы да:

Алдында жатқан аңғарды
Жер ошақтай тастады...
Құбылып ұшқан сұңқардай
Жердің жүзін сыпырды...

дейді.

Сөйтіп ақын, Байшұбарды батырға лайықты жан серігі ретінде тілге алады. Тұлпар ат батырды не-не қиындықтардан да құтқарады. Оның үстіне, Алпамыс батыр бейнесін: «Айдай әлем қараған», «жауатын бұлттай», «қылышын алып суырып, айбатпенен айқайлап, жердің жүзін қуырып», «Осы бүгін қылайын, көрінсе жауды қырайын» – дегізе отырып, оның батылдығын да, батырлығын да одан әрі аша түседі. Тіптен Байшұбарды да: «Жеткізбейді Шұбар ат, атқан оқтай зырылдап» – деп, оның жүйріктігін сүйсіне тілге алады.

Ақын жырда Шұбар аттың бойына талай-талай қасиеттерді дарытады. Өйткені ол, ұшқан құсқа ғана жеткізбейтін тұлпар емес, «Адамнан есті жануар». Қу мыстан кемпірдің Алпамысқа деген арам пиғылын сезеді де, оны «қос аяқтап» тебеді. Байшұбарға мініп, өздерінің құмарын баспақ болған жауларды да маңына жолатпай, алдына келсе тістейді, артына барса тебеді.

Әрі – Байшұбар Алпамыс батырды тереңдігі қырық құлаш зынданнан да шығарып алады. Талай-талай жорықтарда, қанды майдандарда батырға қанат бола білген Байшұбар жырда ерекше сүйіспеншілікпен жырланады. Оның бойына ізгі қасиеттерді дарытады. Батырдың бірден-бір жан серігіне айландырады. Сөйтіп, батырдың серігі – тұлпар ат деген ойды алға тартады.

* * *

Мыстан

Қазақ ауыз әдебиетінің ертегілері мен батырлық жырларында ылғи да мыстан кемпірлер болады да, олар өздерінің арамза ниеттерімен, іс-әрекеттерімен оқушыларды өзінен жирентеді. Ол бірден-бір ұнамсыз бейне ретінде сыр шертеді. Оның жасайтыны – үнемі жауыздық, арамзалық.

Халық қашанда жауыздықтың өкілдері етіп – жалғыз көзді дәу, айдаһар жылан, мыстан кемпір сияқтыларды алып, олардың озбырлығы мен зымияндық істерін паш етіп отырған. Батырлар қара күш иесі – дәуді, мыстан кемпірді көп қиындықтармен жеңіп отырады. Ылғи да адам олардан өзінің ақыл-айласымен үстем боп көрініс табады. Үнемі мыстан кемпірлер жағымды кейіпкерлерге жауыздық, арамзалық істейтіндіктен, оларды «қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, тізесіне

шекпені жетпеген, басынан қайғы кетпеген» деген сияқты етіп, жек-сұрындық кейпін, көрінісін әдемі ашып сипаттайды.

Аса айлакер де, барынша сұм мыстан Алпамысты өз құрығына оп-оңай түсіреді. Жолда мүсәпір болып отырған кемпірге көзі түскен Алпамыс, оның көзінің жасын көріп:

Далада тұрған, жан шеше,
Мұнша неге жылайсың?
Айтпаймысың сырынды...

Басын кесіп дұшпаннан,
Әперейін кегінді, –

деп, мыстан кемпірді аяп, оған жанашырлық бейілін білдіреді. Амал не, батыр оның арам пиғылын, арамза ниетін аңғармайды. Тіптен, за-лым мыстанның:

Байбөрінің жылқысын
Тайшық хан алып жөнеді.
Қырық балам бар еді,
Қырқы да бірдей нар еді.
Алдынан шықты жылқының

Таласқан соң малына
Бәрін де Тайшық өлтірді.
Сол баланың шешесі –
Мені мыстан дер еді. –

деген қитұрқы сөзіне сеніп қалады.

Сөйтіп, аса қу мыстан кемпір батырдың көңілін аулап, оны қармағына түсіру үшін, бірі қызыл, бірі көк отау тіккен болатын. Әрі, ұзын да емес, қысқа да емес, бойлары бірдей сұлуларды да батыр жа-нына әкеп, алдап-арбап мас қылады. Батырдың өзі де мыстан кемпір құрығына түскенін білмей де қалады.

Алғаш Алпамысты көрген сәттерінде «қарағымдап», «шырағым-дап» шылауына орала, түлкілікке түскен болса, енді аюдай ақырып, өзінен зәр шаша өктем үн қата бастайды. Аса аяр, екі жүзді мыстан батырды өлтірмек болып:

Тауға біткен андызым,
Суға біткен жалбызым.
Жабыны жауға мінгендей,
Нешеу едің, жалғызым?...
Сенің үшін жолыңда
Құрбан болып өлейін.

Балалығың қалмайды,
Алпамыс, саған не дейін.
Астындағы жабының
Басын кесіп тасташы,
Қазан ат тауып берейін, –

дейді.

Мыстан жырда үлкен бір жауыздықтың өкілі ретінде алынады. Сол үшін де халық оның істемек болған арам ниеттерін орындатпайды. Нәтижеде, өзінің жаман ниетіне өзі шырмалып, ит пен құсқа жем бола-ды. Бірақ, жырда мыстан оқиғаны байланыстырушы ретінде алынады да, Алпамыстың зынданға түсуінің дәнекері болып көрініс табады.

Расында да, жырда мыстан болмаса Алпамыс қолға түспей, қалмақ ханын шауып, еліне тезірек оралған болар еді. Әрі Ұлтан да еліне зорлық-зомбылық көрсетпейтін еді. Сондықтан да мыстан кемпірдің Алпамысты алдап қолға түсіруі, жеті жыл зынданда жатуы, жеті жыл бойы Ұлтанның зорлық көрсетуі, Алпамыс үй ішіне зұлымдық өткізуі – жырда өзіндік еркешеліктерімен жан-жақты сыр шертеді. Сөйтіп, мыстан кемпір жырда жауыздықтың өкілі ретінде көрінумен бірге, жырдың құрылысы үшін де аса қажетті бейне екендігін байқатады.

Жырдың құрылысы мен сюжеті

Эпостық жырлар арасында желісінің қиыннан қиыстырылып, сюжеті асқан шеберлікпен сипатталатын шығарманың бірі – осы «Алпамыс батыр» жыры. Өзге жырлармен салыстырғанда бұл жыр – адамның ішкі сезімін, психологиялық ойлау дүниесін жан-жақты көрсетуде, өзіндік ерекшелігі бар эпостық туынды.

Эпостық шығарманың соңғы бөліміне назар аударсақ, перзентінен айрылған ата-ананы, немересінен айрылған шалды, ағасын жоғалтып, күндік қолына түскен қызды, әкеден жұрдай болған жас баланы көріп езіле түсесің. Жарынан айрылып, азап торына түскен әйелді, жылап-еңіреген жандарды аңғарып, еріксіз налисың. Мәселен: қарт Құлтайдың:

Бедеу аттың белгісі-ай,
Адамның азбас естісі-ай,
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның аманат қойған
ешкісі-ай?

Шөрей, жаным, шөрей!

Тау басында бұлақ-ай,
Қу Құлтайдың құлағы-ай?
Қарағымның аманат қойған
лағы-ай?

Шөрей, жаным, шөрей!

Ідіріс еді көрпесі-ай,
Ол Жәдігер зарлайды,
Байбөрінің еркесі-ай,

Қайда кетіп барасың,
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның аманат қойған
серкесі-ай?

Шөрей, жаным, шөрей!

Құмға бітер ебелек,
Биік тауда түн болса,
Түлкі жортар көбелеп.
Құлтай бабаң келеді,
Маңдайына төпелеп.
Кәрі Құлтай жете алмай,
Жүгіреді шөрелеп,
Қайда кетіп барасың,
Иесіз қалған кебенек,
Шөрей, жаным, шөрей! –

деген өлең жолдарынан қарттың ішкі зарын, мұңын анық аңғарғандай боламыз. Жырда кейіпкердің жан дүниесі, ішкі сезімі монолог арқылы әдемі берілген.

Монолог негізінен әр түрлі боп құрыла береді. Оның кейбіреулері жай, баяндау арқылы көрініс тапса, енді біреулері суреттеу міндеттерін де атқарады. Сөйтіп, монологта ылғи да адамдардың ішкі сезім, түйсіктері беріледі.

Жоғарыда берілген Құлтай қарттың монологу – сұрай арнау, зарлай арнаулармен іштей жымдасып, сарындасып кетеді. Қарт өзінің күйзеліс күйін, ішкі зарын тебірене сыртқа шығарып отыр. Қарт өзінің бағып жүрген ешкісіне тіл қата отырып, оның қайда кетіп бара жатқандығын сұрайды, әрі одан жауап күтеді. Бірақ, жауап жоқ.

Жырдың тағы бір жан толқытар, ерекше бір тебірентер оқиғасы – Ұлтанның Жәдігерді көкпар етіп тартуға бұйрық бергендігі. Оны оқыған, зар жылаған баланың зарын тыңдаған жұртшылық күйзелмеуі мүмкін емес. Панасыздықтан зар жылаған баланың зары, адамды айрықша тебірентеді. Небәрі жастағы жас баланың қол-аяғы кісендеулі, әрі оны көкпар етіп тартуы – кімді болса да, зар жылатпай қоймайды. Оның үстіне, ол той – Жәдігердің шешесінің тойы. Оны Ұлтан құл алмақшы. Мұнан күйзелген халықтың наразылығы Ұлтан құлға күшейе түседі.

Айта кетерлік жайт, «Алпамыс батыр» жырының кез келген оқиғасына көңіл көзін қадасақ, бәрі де дәлелденіп отырады. Мәселен: батырдың үй ішінің азапқа түсу себебі – оның қолға түсіп, жеті жыл зынданда жатуы. Оның қолға түсу себебі – мыстан кемпірдің айласы арқылы, оның мас болып қалуы. Онда өлмей қалуының сыры – бойында бар туа біткен қасиеті. Зынданда жатып аштан өлмеуі де, кездейсоқ құлаған серке арқылы Кейкуатпен достасуы да себеп болады. Құдықтан шығуына Қаракөзайымның ғашық болуы себеп болып, ол да жырда әдемі дәлелденеді.

Міне, осылардың бәрі – жырдың құрылысы мен көркемдік ерекшелігінің ерекше тартымды екендігін анық аңғартады. Оның үстіне, жырда қазақ халық ауыз әдебиетіне тән ұсақ жанрлардың түрлері де аса мол кездеседі. Мәселен: жоқтау, жар-жар, айтыс сияқты т.б.

Әрине, бұл – «Алпамыс батыр» жырында халықтың өмірі, тірлік-тыныстары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары кең қамтылған деуімізге мол мүмкіндіктер береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Алпамыс пен Ұлтан қандай бейнелер?
2. Жырдан қандай-қандай эпизодтық кейіпкерлерді байқадыңдар?

3. Жырда қандай әйел бейнелері бар? Атап-атап, сипаттама беріңдер.
4. Алпамыстың батырлығын қандай жағдайлардан аңғаруға болады?
5. Батырдың аңғалдықтарын нендей жайттардан байқай алдыңдар?
6. Жырда Ұлтан құл қалай көрініс тапқан?
7. Алпамыс пен Қараманның достығы қалай пайда болды?
8. Мыстан кемпірдің зұлымдығын қалай бағалайсыңдар?
9. «Алпамыс» жырын үйде оқып, сыныпта мазмұнын айтып беріңдер.
10. Эпостың көркемдік ерекшелігі жайлы түсінгендеріңді айтыңдар.
11. Жырдан өздеріңе ұнаған өлең жолдарынан жаттап алыңдар.

ЛИРО-ЭПОС ЖЫРЛАРЫ

Эпостық жырларда батырлардың елін, жерін, халқын қорғаудағы ерлік істері, күрес-тартыстары жан-жақты кеңінен баяндалса, ал лиро-эпостық шығармаларда бірін-бірі жақсы көрген ғашықтардың өзара сүйіспеншіліктері, мұң-армандары, ынтызарлық, ынтықтық көңіл күйлері көрініс табады. Мәселен: «Қыз Жібек» лиро-эпосында Төлеген мен Жібектің бір-біріне деген іңкәрліктері сипатталса, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасында Қозы мен Баян арасындағы пәк махаббат, бір-біріне деген сүйіспеншілік сыр шертеді.

Сондықтан да, лиро-эпостық жырларда ерлік емес, мұң-зар, бір-біріне деген іңкәрлік, шынайы махаббат сезім сырлары кеңінен сипатталады. Олардың ішкі толғаныс, терең тебіреністері баяндалады. Оларда жастардың жан азабы, күйзеліс көңіл күйлері, сағыныш азаптары, бір-біріне жету жолындағы қиындықтары өз шешімін жан-жақты табады. Мәселен: «Қыз Жібек» поэмасындағы Төлегеннің өлер алдындағы алты қазға айтқан мұңы мен зарына, қоштасу өлең жолдарына назар аударалық:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Етің шекер, сорпаң бал,
Атайын десем оғым аз,
Болып қалды енді жаз...
Мен кеткен соң, дариға,
Көкешім деп Сансызбай,
Еркелеп кімге қылар наз.
Әуелеп ұшқан алты қаз,
Жерге неге қонбайсың,
Сіздер тірі, мен өлі

Қонар болсаң, жануар,
Міне, майдан, міне, саз.
Өлмеген құлға, құдая,
Жатырсың неғып демейсің?
Қасірет-қайғы халімді
Неге келіп білмейсің?
Тілсіз мақұлық, жануар,
Бірге келген жолдасым,
Қасыма неге келмейсің?

деп, зар еңіреп, өліп бара жатып, өз арманын айтады.

Жырда өз сүйгеніне қосыла алмай, қанды қол қарақшының ұрлана, паналап келіп, қапыда опық жеген зары-мұңы ерекше тебіреніспен сыр шертіледі. Сөйтіп, жыршы Төлегеннің өлім алдындағы жан азабын сыршыл жыр жолдарында тебірене жеткізген.

Лиро-эпостық жырларда адамның көңіл күйі, трагедиялық жағдайы, ішкі жан сыры, күйзеліс, тебіреністері, күйініш-сүйініштері жан-жақты көрініс табады. Сондықтан да, сүйіспеншілік, ғашықтық тақырыбында сыр шерткен лиро-эпостық шығармалардың негізгі кейіпкерлері батырлар емес, қарапайым адамдар, қыз-жігіттер болып келеді. Яғни, ондай поэмаларда ескі феодалдық дәуірде өздерінің аңсаған армандарына жете алмаған екі жас арасындағы мөлдір махаббат, бір-біріне деген сүйіспеншілік сырлары, нәзік сезімдері кеңінен баяндалады.

Лиро-эпостық жырлар да – халық арасында сан ғасырлардан бері ауыздан-ауызға көшіп, біреуден-біреуге жетіп, кең тарап, кейінгі ұрпақтарға жетіп отырған көркем шығармалар. Сол үшін де батырлар жыры сияқты лиро-эпостық шығармалар да көп вариантты болып келеді.

Лиро-эпостық шығармалар да талай ғасырларды басынан кешкендіктен, олардың негізгі желісіне, кейде жаңа-жаңа оқиғалар қосылып отырса, кейде біраз жерлері түсіп қалып та отырған. Сол үшін де, әр жерде айтылған жыр үлгілерінде, бірінде болған оқиғалар, екінші бірінде болмаса, енді бірлерінде жаңа-жаңа эпизодтар қосылып, дамып отырған кездері де болған. Сондықтан да, бір вариантта болған оқиғалар, кейбір көріністер екіншісінде болмауы да мүмкін. Кей ретте оқиғаның шиеленісі, шарықтау шегі, шешілуі әр вариантында әр түрлі болып келуі де ғажап емес.

Лиро-эпостық шығармаларды батырлық жырлармен салыстыра назар аударсақ, сүйіспеншілік, махаббат тақырыбында жазылған жырларда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрыптары, кейіпкерлерінің ішкі сезім, түйсіктері көбірек көрініс табады. Олардың лиро-эпос деп аталуының негізгі сыры да сонда жатады. Бір сөзбен айтқанда, лирика мен эпикалық элементтері шығармаларда бірдей көрініс табады.

Қазақ халқы арасына кең тараған «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Күлше қыз», «Мақпал мен Сегіз» сияқты шығармалардың бәрі дерлік лиро-эпостық шығармалар санатына қосылады.

«АЙМАН – ШОЛПАН»

«Айман–Шолпан», жанры жағынан алып қарағанда, эпикалық поэмалар тобына жатады. Ол негізінен лиро-эпос пен тарихи поэманың түйіскен, яғни, екеуінің де элементтері табылатын жырдың жаңа, әрі ерекше түрі. Поэманың негізгі оқиғасы өмірде болған, тіптен поэмада сыр шерткен кейіпкерлердің кейбіреулері өмірде бар – мәлім адамдар. Ол жайлы талай-талай деректер де баршылық. Ал, поэмаға арнайы өзек болған негізгі жайт – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғалар.

Поэмада эпостық элементтер де баршылық. Ол ылғи да елдің, халықтың тұрмыс-салтын жырлау барысында анық аңғарыла түседі. Әрі тарихи поэмаларға тән тамаша элементтер де анағұрлым мол екендігін байқау оншалық қиын емес.

«Айман–Шолпан» поэмасында, басқа лиро-эпостық жырларға қарағанда, ғашықтық, сүйіспеншілік, махаббат мәселесі бірінші орында болып көрініс таппайды. Онда Әлібек пен Айман, Арыстан мен Шолпан араларындағы махаббат, олардың жүрек лүпілдері, бір-біріне деген тым ғашықтық сезімдері оншалық терең аңғарылмайды. Өйткені, Төлеген мен Қозы Көрпеш сияқты Әлібек өз ғашығы Айманды іздемейді. Өзі жоқ кезінде қайын атасының елін шауып, қалыңдығын алып кеткен Көгібардан өзінің ар-намысын, барымтаға түскен малы мен жанын ғана іздейді. Сол үшін де атқа мініп, ел намысын қорғамақ болады.

Сондай-ақ Арыстанның да Шолпанға деген сүйіспеншілік сезімдері іштей болмаса, поэмада кең көрініс таппайды. Сөйтіп, Айман мен Арыстан әлеуметтік өмірде ел тыныштығын сақтау барысында ғана көзге түседі. Өйткені поэмада олардың сол жолдардағы іс-әрекеттері молынан сипат алады.

Поэманың тақырыбы

Тарихқа назар аударсақ, XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында үлкен бір саяси-әлеуметтік өзгерістер бола бастағандығын жақсы білеміз. Ол, біріншіден, Қазақстанның Ресейге қосылуы болса, екіншіден, осыған орай әкімшілік ел басқару ісінде, (бұрынғы хандық жолмен ел басқару тәртібі өзгеріп, «сайлау» жолымен, жоғарыдан тағайындау тәртібі енгізілді) бір жөн өзгерістер болады.

Міне, бұлар мәдени-экономикалық қатынастарда бір жөн жаңалықтар алып келу мүмкіндігін туындатты. Әрине бұл – бұрынғы феодалдық қарым-қатынастардың ірге тасын шайқады. Сөйтіп олар

әдет-ғұрыпқа, салт-санаға өз әсерін тигізді. Сол үшін де «Айман – Шолпан» поэмасында қазақ халқының сол кездегі өмірі шынайы шеберлікпен өз шешімін тапты. Мәселен: онда көрініс тапқан: «Барсаң сәлем айта бар жездең сорға. Қой айдап кетіп еді Орынборға», – деген жолдардан-ақ сол кездегі қазақ тіршілігінің базармен, қаламен бола бастағанын көру оншалық қиын емес. Бұдан былайғы тіршілік тынысы бай мен қара күш иесі батырда емес, өмірдің жаңа қоғам алға тартқан қатынастарында екендігін сезуге болады. Соны енді-енді түсіне бастаған, жаңаны сезіне түскен жастар жағында екендігін аңғарамыз. Күні өтіп бара жатқан ескі мен жаңаның арасындағы тартыс-күрес – «Айман – Шолпан» поэмасының негізгі тақырыбы. Сондықтан да, поэманың сюжеттік-композициялық желісіндегі бірден-бір ой дәл соған келіп тірелетіндігі де айқын.

Сондықтан да бұл поэманың негізгі мәні – лиро-эпостық шығармалардағы сүйіспеншілік, махаббат мәселесі емес, оған өрісті өзек болған жайт – элеуметтік, тұрмыстық, тіршілік тыныстары. Поэмада романтикалық ерекше серпін, көтеріңкі рух, асқақ әсірелеу, сан түрлі қиялдан туған бейнелер де жоқ. Бәрі-бәрі өмірдегі бір қалыпты адамдар. Солардың күрес-тартыстары, қимыл, іс-әрекеттері, өлең өрнектерінде де ақын, әсіресе қызылдыққа бет бұрмай, тек тұрмыстық детальдарға байланысты жай сөздерді ғана қолданады. Соларды шығарманың өн бойына енгізіп, шындық өмірдің негізгі сипаттарын береді.

Поэмада күні өтіп бара жатқан ескілікті аңсаушылық Маман би мен Көтібар бейнесі арқылы көрініс табады. Олардың екеуі де екі елдің белді-белді, ауқатты адамдары. Бірі – елден асқан бай болса, екіншісі қара күш иесі – батыр.

Әрине, феодалдық өмірде барлық тізгін солардың қолында болды. Дегенмен Маман би де, Көтібар да заман өзгергенін аңғармайды. Сол бұрынғы өктемдігіне, тізе батыруына бара береді. Маман би байлығына сеніп иық көтерсе, Көтібар батырлығына, күштілігіне сеніп дандайсыды. Жырда сипатталғандай, Маманның түйелері: «Жылына боталапты бес жүз іңген, түйесін ел көшкенде арта алмаған», «Саба артып тоғыз нарға Маман келді, он алты масатыдан кілем жауып», – деген суреттеулерден анық аңғаруға болады. Сондай-ақ Көтібардың «Шай, қантпен тоғыз нарға тоқаш артып, Көтібар өзі батыр шекті келді», – деу арқылы оның батырлығымен қатар ауқатты жан екендігін де көре аламыз.

Сондықтан поэмада Маман би мен Көтібар бір-біріне сес көрсетіп, ірілік білдіре, бірін-бірі кеміте, мұқата тіл қатады. Мәселен: Маман

Көтібардың «Аузына ақ тимеген... мұндар кедей», «Су артқан Қара таудан кума кедей», «Елінде мендей шонақ биі бар ма?... Аузына ақ тимеген қу кедейдің, Алтыннан бақтырулы үйі бар ма? Астында қамыс үйдің жатқан кедей» – деп кемсіте, мұқата тілге алады.

Бірақ, Маман оны «қу кедей» дегенде, оны мұқатып, кемсіту үшін әдейі айтып отыр. Болмаса, тоғыз нарға қант, шай артып келген Көтібардың байлығы одан кем емес. Ал енді Көтібар Маманды: «Ту қылып Шекті малын не қыласың, мінгізген ашамайға ұлың бар ма?» – деп, оның перзенті жоқтығын мұқата үн қатады. Одан әрі: «Мақтағаның сабаңның мойны болса, төрт тіліп керегеге ілгізейін», «Алмасам тоқалдыққа Айманыңды, Көтібар менің атым жерге кірсін» – деп, Маман биге күш көрсетеді. Сөйтіп, Маман би байлығына мақтанса, Көтібар өзінің батырлығын дәріптейді. Екеуінің де адамдық қасиеттері анық аңғарылмайды. Оның үстіне, екеуінің де тіршіліктің нысы – байлық пен қара күші. Ал құр байлық пен батырлықтың дәурені өтіп бара жатқандығын байқамау – екеуін де күлкі жағдайға алып барады.

Поэмада Маман да, Көтібар да әлін білмеген әлек дегеннің кебін киеді. Сондықтан да жырда екеуін бейнелеуде әжуалау, мысқылдау тәсілдері аса ұтымды, тартымды шыққан. Біріншіден, екеуінің алғаш «алтын үйге» таласуының өзі – аса күлкілі. Түкке тұрғысыз мәселеге бола, екі елдің беделді екі адамының: «Елді шабамын», «Шаба алмайсың» деп қақтығысуларының өзі, олардың кім екендігін де анық аңғарта түскендей. Маман мен Көтібар поэмада былай сипатталады:

«Кетеді, Маман енді баға бұлың,
Табылмас ашулансам сенің күнің.
Аулыңды ас тарқамай шабарыма,
Маман бай еркек болсаң, әкел қолың!..
«Қу кедей, жаман қатты шабарсың», – деп,
Маман бай түрегеліп алысты қол.

Жырда Маман би мен Көтібар өздерінше ел бұрынғыдай айтқаныма көніп, айдауыма жүреді деп ойлайды. Олар бір-біріне кіжінеді. Өзара бір-біріне күш көрсетпек болады. Ал, шындығына келгенде екеуі де дәрменсіз.

Маман байдың аулын Көтібар шаба бастағанда, аста желпіне сөйлеген би үйінен де шыға алмайды. Тіптен Айман қызы: «Тарта тұр аттың басын, ер Көтеке, Шығады әкем даусы ойбайлаған» – деп, Көтібардан сабыр сақтауын өтінеді.

Поэмада Айманның осы сөзінен басқа Маман жайлы сөздер қозғалмайды. Поэмада Маманның кешегі астағы дандайсуымен бүгінгі «ойбайынан» басқа ешнәрсе сыр шертпейді. Рас, Маман бидің бай-баламынан, ойбайынан басқа қолынан келер ешнәрсесі жоқ. Барынша дәрменсіз жан. Міне соның өзінен-ақ, Маманның күлкіге, әжуаға айналғандығын байқау оншалық қиын емес.

Көтібар да – Маман сияқты берекесіз батыр. Маман елін шапқаннан соң, Айман мен Шолпанды жайдақ нарға мінгізеді. Оның жеткен жері сол ғана. Ойы таяз, қуыс кеуде. Онан соң өзге ойларының бірде-бірін іске асыра алмайды. Оның поэмада батыр деген аты ғана болмаса, ешнәрсені ойлай алмайтын қуыс кеуде адам ретінде сипатталады. Сөзінде шіре жоқ, істеген істерінің бәрі ұсақ, майда боп келеді. Ол – шетке айбар боларлық батырларға тән мінез, қасиеттерден жүрдай жан.

Поэмада Көтібар елге бүлік салушы, барынша о жар, ұр да жық адам ретінде көрініс тапқан. Ол ылғи да өзін жұрттан артық санап, басқалардан өзін биікпін деп ойлайды. Тіптен ол, Арыстанның шылауымен Айманның шырмауынан шыға алмай қалады. Бірақ оны ол түк те сезбейді. Құр өр көкіректікке салынады. Мұның барлығы оның парасатсыз, берекесіздігін байқатып, оқырмандарын өзінен жирендіреді.

Тіптен, Көтібардың «Айманды аламын» деп есек дәме болуы, одан әрі олжа бөліскенде, сөзден ұтылып, Айманға да олжасынан үлес беруге мәжбүр болады. Онан соң Айманға қарап: «Менен олжа алдың, маған да олжа бер», – деп қолқа салуы оның ақылының таяздығын көрсетеді, тіптен аңғалдығы ашылып, әжуаланады. Көтібар да өзінің дәурені өтіп бара жатқандығын сезінбейді. Оның батырлығы мен тентектігі тең түсіп жатады.

Ал батырлық елі, халқы, жері үшін шеттен келген дұшпандармен шайқасу барысында анық көрініс табады. Олар Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын секілді бір тума батырлар. Бірі – Қыпшақ, бірі – Қоңырат, бірі – Ноғайлы бола тұрып, халық қорғаны, ел қорғаушылар болып көрініс табады. Ал Көтібар – Байұлын жат санап, Әлімұлын жақыным деп білген өрісі тар, берекесіз адам. Поэмада ол – «батыр» деп тілге алынса да, ондай батырлықтан аулақ, ұнамсыз кейіпкер. Зорлықшыл, үстем тап өкілі.

Маман би мен Көтібардың түкке тұрғысыз ерегістері өзінің кесірін халыққа тигізеді. Содан ел арасындағы ынтымақ, бірлік, тыныштық бұзылады. Көтібар Маман биді шауып алса, соның кегін

қайырамын деген Әлібек, Шектінің бірнеше ауылын шабуға мәжбүр болады.

Поэмада Көтібар мен Маманның ұнамсыз қылықтары, олардың өз сөздерінен де анық байқалады. Мәселен, Көтібардың: «Сыртымнан қатыншылап, күңкіл қылмай» деген сөздерінен оның дөрекі, топастығы аңғарылады. Ал, Көтібардың: «Екі қыз – Айман, Шолпан менің жарым», – деуінен оның ақыл-парасаты кем, дүмбілез екендігін де байқауға болады.

Маманның «Кедейдің қу жанынан малым тәтті» – деген сөзінен, малдан басқа ойы жоқ адамның мінезі көрінеді. Сондай-ақ «Табылмас Кіші жүзде Маманға пар» – деген сөзі, оның мақтаншақтығын білдіреді.

**«Түбінде
...Айман болар
паналарың»**

Поэмада қазақ феодалдарының тоғышарлық, топастық, өз төңірегінен аса алмайтын ұсақ тіршілік адамдары екені барынша әжуаланып, әшкереленген.

Жыршы-ақын халықтың арман-мақсатын поэмадағы жастар бейнесі арқылы берген. Ақын күні өтіп бара жатқан ескілікті әжуа, күлкі ете, сынай отырып, өзінің нені көздейтінін, нені жақтайтынын айқын білдірген. Ол жаңалықты қолдайды, ел бүтіндігін, ел бірлігін жақтайды, тыныштықты армандайды. Поэмада халық үміті – жастар деген өзекті ой бар. Жыршы әділдікті, ақылды солардың бойына сыйдырады. Елге пана болар солар деп біледі. Халықтың сол ой-арманын ақын Айман мен Арыстан бейнелері арқылы терең білдіреді. Жырдағы осы екі кейіпкердің бүкіл іс-әрекеті халық мүддесіне сай. Екі елді бүліншіліксіз табыстыру – олардың арманы осы. Айман мен Арыстан Маман мен Көтібардай екі ел арасына өрт тастамайды, қайта Арыстан: «Шайтан сөз топ ішінде неге керек», – деп, ағасына тоқтау айтып отырады. Айман да ушықтырмай, жайдақ нарға мініп кете береді.

Айман Көтібарға: «Етегін шай көйлектің дүрілдетіп, сорлы едім мың ала бас нар байлаған», «Етегін жанат ішік серпе тастап, Сері едім сұр жорғамен той тойлаған», «Алтын тақ мамық тақта» үстінде өстім деп, кеуде көтермейді, астамшылық жасамайды. Тағдырға мойын ұсынады, мыңды айдаған бай қызы едім деп бәлсінбейді, ақылға жеңдіреді. Басына түскен тұманды бұлттан, қармағын салған сойқандыдан құтылудың, бейбіт елді шапқыншылыққа ұшыратпаудың жолын, амалын іздейді. Ол үшін тек сабырлылық, байсалдылық керек, ақыл-айла керек. Төбе көрсетсе, күшіне сенген о жар батыр неге бел байламасына кім кепіл? Сондықтан Айман әр түрлі айла-амал

жасап бағады. Байдың қызымын деп кеуделеу, наздану жоқ. Батырға: «Мен сізден қашамын ба бөтен жаққа, құданың асығыс жоқ бұйрығына» – деп, әрі итермей, ызаландырмай, үміттендіре, емексіте сөйлейді. Артық мінез білдірмейді. Батырды ақылмен, айламен өз дегеніне жүргізе жетелейді. Ашу жоқ, арын жоқ. Батырға тек өкпеназын айтады. Айманның сондай ақыл-айласымен оның қармағына түсіп қалғанын ұр да жық, аңқау батыр тек кейін ғана сезеді. Есет: «Айманға алпыс күнге неке қима» – деп тілегенде ғана:

Айман маған жоқ екен, ей, Арыстан,
Күдерді Айман қыздан үздім, – дейді! –

деп, әумесер шал санын бір-ақ соғады. Айман өзіне-өзі сенімді, оның торына өлмей түспек емес. Сонысын екі елді шабыстырмай, атыстырмай бітістіре алатын да – сол Айман.

Лиро-эпоста кездесетін Құртқа, Ақжүніс, Гүлбаршын, Назым образдарын алсақ, олардың ешқайсысы ел мәселесіне тікелей араласып, іс тізгінін өздері қолға алған емес.

Ал «Айман – Шолпан» жыры туған тарихи кезең жастар алдына әлеуметтік істерге араласу талабын қойды. Айман образында сол әлеуметтік мәселелерге тікелей араласқан жастар бейнесі көрінген. Айманның көздеген мақсаты – екі елді жауластырмай, бітістіру және өз басын Көтібардан аман алып қалу. Ол өзінің ақыл-айласын осы жолға жұмсайды. Қандай нәрсе болсын, Айман әріден ойлап, кеңінен толғайды.

Жырда: «Айманның көңілі кең, ақылы дана», «Шығады әр түрлі өнер Айман жастан», «Айманның әрбір түрлі айласы бар» – деп, оның бойындағы жақсы қасиеттерді ақын тек атап қана қоймай, нақтылы оқиғалар үстінде көрсетеді.

Көтібар мен әкесінің араздасқанын естігесін-ақ ешкімге білдірмей, өзінше әрекет жасайды. Серт байлаған соң, Көтібардың шаппай тынбайтынын біліп, күні бұрын кам жейді. Шолпанды кері жөнелтейін деп жатып:

Қызыл құм есік алды биік бар-ды,
Құдайым көңіліме ақыл салды.
Ақ сандық қызыл құмның күн бетінде,
Ішінде осы малдай үш мал бар-ды...
«Көтібар серт қып кетті» деген күні,
Аралға айдап тастап ем бес жүз атты, –

дей отырып, әке қазынасының бір бөлігін жау келместен бұрын, жасырып үлгіргендігін тілге алады.

Содан жаулар ауылды шауып, апалы-сіңлілі Айман мен Шолпанды нарға мінгізіп, олар алып бара жатқан сәттерде де Айман сасып, абыр-жымайды. Кәдімгідей аспай-саспай қиыншылықтан шығу жолдарын ойластыра бастайды. Тіптен сіңлісіне бұрыла қарап:

«Шырағым Шолпан екеуіміз қосылып ән айталық, мына дұшпандардың білгені: «батырларға арыз айтып келеді», білмегені: «неге мәз болып келеді» дер, не де болса дұшпанға пенде болғанымызды мойынға алғанымыз жараспас» – деп, Айман дұшпандар алдында сағы сынбағандық бейіл білдіреді. Сөйтіп, жеңген жауларына мұң шаға келіп:

Жігіттер келеді айдап алған малды,
Басқадан, бір өзіңнен көңілім қалды.
Алмасаң өз қасыңа, ер Көтеке-ау,
Көн шалбар, қисық найзаң мазамды алды, –

деп, Көтібарды қолпаштай отырып, оны жұмсарту ниетін көздейді.

Сөйтіп, Айман өзінің ақылдылығымен дұшпан ішіне кіріп алады да, одан өзіне ат сұрай бастайды. Мәселен, ол:

Не айтып, не қойғаным біле алмаймын,
Қасқайып бұрынғыдай күле алмаймын.
Тақымым тай күнінен үйренген ат,
Басқаны Сұр жорғадан міне алмаймын, –

деп, өзінің биік парасат иесі екендігін анық көрсете бастайды.

Әрине, Айманның бұл ойы, жайлап-жайлап өз дегеніне жету. Өз айтқандарын біртіндеп Көтібарға орындату. Айман Сұр жорғаны сұрағанда, бар ойы ат алып міну ғана емес, өзін қайтара қалғанда әкесі Маман би жанына балаған атымен оралу.

Поэмада Арыстан екі қыздың біреуінің қайтуына келісім бергенде, оған Айман: «Шырағым Шолпан, Арыстан қайтсын деді ғой, елге қайт», – дейді сіңлісіне. Осы бір сәтте апасы Айманға жаны ашыған Шолпан: «Апеке, сіз қайтыңыз, сізден менің жаным артық па?», – дегенде, Айман оған: «Сенің қайтқаның жөн болар, егер сен қайтпай бұлармен бірге қалсаң, бір күннен кейін отын алып, от жағып, күң болып кетерсің. Мен ажалым жетпей өлмеспін, ешкімнің қорлығына көнбеспін» – деп, сіңлісі Шолпанды елге қайтаруға көндіреді.

Өйткені Шолпан әлі бұғанасы қатпаған жап-жас, тіс қаққан емес. Өмірден алған тәжірибесі тым аз. Көтібар секілді оғар адамның

қармағынан құтылу оңай емес екендігін біледі. Ол тек Айманның қолынан ғана келеді. Осыны терең түсінген Айман, сіндісін көндіреді. Ал, Айман ешкімнің торына оңайлықпен түспек емес. Әрі екі елді шабыстырмай, атыстырмай табыстыру ниеті де бар. Айманның негізгі мақсаты да – ел бірлігін сақтаумен бірге, өзінің сүйген жігітіне ғана қосылу. Міне, осылардан Айманның ақыл-парасатының аса мол екендігін аңғару оншалық қиын емес. Тіптен Айман сіндісі Шолпанды кері қайтарарда оған қосып берген он бес шал, он бес жігітінің бірде-біріне сенбей, Арыстанның өзі апарып салуын жөн көреді.

Арыстан құрметтейді ақ Айманды,
– Көңілім бұл шалыңа, – дер, – күмәнді,
Ықыласыңмен тыңдасаң арызымды,
Өзің ертіп салғайсың Шолпанжанды.

Әрине, Айманның Арыстанға сіндісін апарып салуды өтініш етуі де кездейсоқ нәрсе емес, өз ойын орындау үшін алдын ала ойлаған әрекеті. Онда екі елді бітістірудің бір түйіні жатыр. Оның үстіне, Көтібар өзін әйелдікке аламын деп ұсыныс жасағанда, Айман ашу үстіндегі батырға қарсы еместігін:

Болады неке оқып қиылғанда,
Ел-жұртым тамам тегіс жиылғанда.
Мен сізден қашамын ба бөтен жаққа
Құданың асығыс жоқ бұйырғанға, –

деп, оны дәмелендіре тіл қатады.

Айманның бар көңілі оған тию емес, қайтсе де Көтібарды алдандыра тұрып, өзінің сүйген жігіті Әлібектің келуін күту.

Сөйтіп, Айман, Шолпанды елге қайтарған соң Арыстан мен оның арасына дәнекер болып, Арыстанды өз жағына шығарып алған соң, енді Көтібарды тоқтата тұрудың жолдарын қарастыра бастайды. Нәтижеде Көтібардың нақ сүйері, аса ерке де долы тоқалы сұлу Теңгені өз мақсатына пайдалану жолдарын қарастырады. Тіптен «Жесірін жұрт мақтаған көрейін», – деп, Күрең жорғасымен келген Теңге өзімен амандасқан сәтте, Айманның шапанынан жұлқылап, жұлмалай бастағанда, ол тоқалға тігіле қарап, әдейі:

Базарда Теңге болсаң бұл боларсың,
Қолыңа құрық алсаң құл боларсың.
Батырдың айтқан сөзі рас болса,
Қолыма су құятын күң боларсың, –

деп, Теңге тоқалдың намысына тие сөйлейді.

Расында да атқан оғының дәл тигенін анық сезінген Айман одан әрі:

«Долы қатын тұра тұр асықпаңыз, Көтекем бірге кел деген сәнін түзеп» – деп, тоқалдың шамына батыра тіл қатады.

Айман қыздың сөзі батып, әбден мазасы кеткен Теңге тоқал: «Айманды алса, ол үйде тұрмаймын», деп тепсінеді. Алдынан ешбір жан шықпағанын пайдаланған Айман:

Үйінен батыр неге шықпай жатыр,
Жатыр ма батыр қорқып қатынынан? –

деп, одан бетер тоқалды шабындырып, бар кінәні батырға төңкере бастайды.

Айманға керегі де осы болатын. Ол өз дегеніне жетті. Өйткені Айман өз ақылымен намысты, ерке тоқал Теңгені өз қажетіне пайдалана білді. Бұл – оның бірден-бір ақылдылығы еді.

Жыршы бұл арада адуын тоқалдың ашуына қарсы тұра алмаған, батырдың мүсәпірлігінің бетін де әдемі аша түскен. Бірақ, Айман өз сүйген жігітіне жету үшін, әрі ел бірлігін сақтау үшін Теңге тоқалды тепсіндіріп қоюы тым жеткіліксіз болатын. Ендігі оның бірден-бір мақсаты Көтібар мен Арыстанның жалғызы – Есетті өз бауырына тарту болады. Екеуінің де балаға деген мейірін, ыстық ықыластарын жақсы білген Айман, осы жолды таңдай бастайды. Егер Есет баланы қолына түсіре қалса, өзінің алға қойған мақсатының орындалатындығын жақсы біледі. Содан Айман Есетті өзіне тарту үшін бар айласын жасап, оған арнап арнайы жарғақ шалбар тігеді.

Бала жалғыз қасында қалып еді,
Балаға кигізеді жарғақ шалбар.

Бала оған «Апеке-ау» деп, үйіріле бастайды. Жалғыз баласы Есеттің айтқанын Көтібар мен Арыстанның екі етпей орындайтындығын біліп алған Айман оған: «Әтекеңе бар-дағы, байғазы сұра» – деп, Көтібар батырға жібереді. Бірақ балаға: «Алып келіп жүрмеңіз жек көргенін» – деп, нықтап айтады. Әрі «Маған берсең байғазы, Айманға алпыс күнге дейін неке қима, Мұнан өзге нәрсені алмаймын де» – деп, құлағына әбден құйып жібереді. Айман:

Есетжан, айналайын...
Болғанда Теңге шешең,
Мен де шешең, –

деп, сәби жанын әбден баурап алған болатын. Содан да болар, Көтібардың тойға апармақ болғанына бармай, «Ап жатайын қойныма» деген Айман сөзіне бола, оның жанында қалып қояды. Содан Айман, Есеттің өтініші арқылы алпыс күнге дейін некелеспеге мұрсат алу мүмкіндігіне ие болады. Оның үстіне, ақылды Айман жас баладан: «Батырда не белгі бар?» – деп, сыр тартады. Бұдан да Айманның ақыл – есі бүтін, айлалы жан екендігін де аңғаруға әбден болады. Тіптен, «Ел шетіне жау келсе, тыншымайтын» бәйге күреңді тақымына басу амалын да табады Айман. Ол барынша аңғал батырға: «Мен сіздің ініңіздей, не қарындасыңыздай тұрмын ғой, атыңызды, сауыт – сайманыңызды маған беріңіз, мен ермек қылып, байы бар қатынға ұқсап бағып отырайын» – деп, Көтібарды емексіте отырып, алдап ұрады. Сөйтіп, аса жарамды бәйге күреңді өз қолына түсіреді. Бұдан да Айманның әріден ойлай білетін, айлакерлігі мен ақыл-парасатын байқауға болады.

Шынында да, егер «Жау дыбысын күрең ат дүбірінен естісе», Көтібардың жауға шабары белгілі. Қанды шайқастан қаймықпауы да мүмкін. Оның кескілеспей, өліспей беріспесі де анық. Содан екі жақ та көп қырғынға, шығынға ұшырауы әбден мүмкін. Бейбіт ел орынсыз күйзеледі, қан жұтып қайғырады. Міне, осының бәрін жақсы түсінген Айман соларды болдыртпау жолдарын ойластыра бастайды.

Сөйтіп, бәйге күрең мен қару-жарақтарынан айрылып, қапыда қалған батыр: «Ей, Айман. Обал қылдың ғой» – дегенде, Айман: «Жау тимей тұрғанда, атың мен қару-жарақтарыңды өз қолыңа беремін», – деген уәдесінде тұрып, ерекше адамгершілік танытады.

Оның үстіне, ауылы шабылып, өзінің сүйген жары жау қолына түсіп не өлу, не өлтіру сәттері болғанда, Әлібекті де райдан қайтарып, Айманның басу айтуы да, Көтібардың ауылын шапқызбауы да – ел бірлігін сақтау үшін істеген ерекше пайым-парасаты болатын. Күрең атты өзі мініп кетіп, Көтібарды жау келгенше хабарсыз қалдырып, оған бітімге келмей мүмкін еместігін аңғартуы да – Айман ақылының жемісі еді. Өйткені, ол айнала қоршап алған жауға батырдың ешнәрсе қыла алмайтындығын байқайды.

Істің арты арандап шапқыншылыққа, қан төгіске, араздыққа айналып кетпеу үшін Айман Көтібар мен Әлібек арасына түсіп:

Алыстың да жығыстың, екі батыр,
Сіздерді бігірейін төре беріп, –

деп, өзі төрелік айтады.

Иә, күні кеше Айманды тоқалдыққа алмақ болып қорбандап жүрген Көтібар Айманның торына түсіп, бұлқынуға шамасы келмей қалады. Нәтижеде Айман екі елді шабыстырмай, бітістіру жолын ұзақтан ойлағандықтан, өз ақыл, пайым-парасатымен кесіп пішеді.

Шолпанды берді Маман Арыстанға,
Әр жерде әлсіздерге болысқанға.
Айман қыз ақылменен тату қылды,
Бүйтіп ел болмас еді ұрысқанда.

Сөйтіп, күні кеше жауласпақ боп тұрған ел бітіседі. Ынтымақ, бірлікке келіп, өзара құйрық-бауыр жесіп, кит киісіп, құда-жекжат болады.

Айманды тоқалдыққа аламын деп жүрген Көтібар, енді өкіл ата болып, күлкіге, мазаққа айналады. Сөйтіп, Айман екі бүкіл елді бітістіріп, халық батасын алады. Міне, поэманың өн бойында Айман ақылдылығымен, айласымен көзге түсіп, тапқырлығын барлық мәселеде танытады.

Нәтижеде, елін шапқан дұшпаны да, өзі құтқарып алған адамдары да Айман ақылына дән риза болады. Бірақ, Айманның ақыл-айласы дұшпанын мұқату емес, ел бірлігін сақтау, ел тыныштығын ойлау үшін ғана жұмсалады. Айманның кейінгі ұрпақтарға өнеге боларлық жайы да сонда жатыр.

Айман – қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі бірден-бір жаңа образ. Өйткені ол – өзіне дейінгі жыр, поэмалардағы қыздар секілді сүйген адамының шылауында ғана жүретін, көмекші емес, олардан анағұрлым жоғары тұратын биік тұлға. Айман ел ішіндегі үлкен-үлкен әлеуметтік мәселелерді өз қолына алып, солардың бәрінде де сүрінбей, аса тапқырлықпен ылғи да шешіп отырады. Бар ойы, негізгі арманы – екі елді жауластырмай бітістіру. Айман бейнесінің жаңалығы да, өзіне ғана тән ерекшелігі де осында. Өмір алға тартқан әлеуметтік мәселелерге жол тауып, оны өзі ғана шеше білуінде. Сол үшін де Айманды өз елі де, жалпы халық та қадір тұтып, барынша дәріптейді.

Поэмада Айман – әрі ақылды, әрі айлалы, ел қамын, жұрт пайдасын ойлайтын саналы қыз ретінде көрініс табады.

Айман мен Арыстан – бірін-бірі толықтыра түсетін бейнелер. Екеуі де ел үмітін ақтайтын, ел бірлігін сақтайтын, өзін-өздері игере білген жандар. Бұлар халық арманынан туған тамаша бейнелер. Елге тізгін болар, халықтың ынтымақ, бірлігін ойлайтын жастарды армандаудан

өмірге келген образдар деуге болады. Енді өмірге «Баяғысын көксем, армандайтын» Маман билер мен Көтібардай батырлар емес, Айман, Арыстан секілді ел қамын ойлайтын, халықтың ынтымақ-бірлігі үшін күресе білетін жастар қажет деген ойлардан туған. Мәселен: Маман би мен Көтібардың сертгесетін эпизодында Арыстан күпіне түскен ел арасына дәнекер болып, бітістірмек болады. Ел іргесінің шайқалмауын ойлайды:

Қараңыз мына сөздің сарасына,
Көз жетті елді шаппақ расына.
«Шайтан сөз топ ішінде не керек» деп,
Арыстан түсе берді арасына.

Поэмада Арыстан әрдайым Көтібардай тентек ағаны сабасына түсіруге тырысады. Маманды қорламақ болып «Терлетіп күрең атты не қыласың, бәйгемді кесірі жоқ, шаптырмай бер» – деп, өктем үн қата сөйлеген батырға:

Көтеке-ау, атыңыз еркі болса жеке келер,
Келгенін аттың жеке әркім көрер.
Қосып тұр Маман батыр үш көк мойын,
Келерін кімнің атын құдай білер, –

деп, Көтібарға тоқтау айтады.

Поэмада, Айманның атты сұрап алуына да, Шолпанды еліне қайтаруына да, Есеттің Айманға алпыс күнге дейін неке қимауына өтініш білдіруіне де бірден-бер себепші – Арыстан. Оның алғаш ойлағаны Маман ауылын, елін шаптырмау еді. Бірақ ол оның қолынан келмеді. Ендігі ойы – өз адамдарын жібертпей, басып алған малдарын қайтарып беру. Сол үшін де Арыстан осындай бағыттағы іс-әрекеттерді әр қадамда қолдап-қуаттап отырады. Шолпанды елге қайтару жөніндегі Айман ұсынысын бірден қолдап, оны өзі апарып салу мүмкіндігіне ие болады. Шолпан арқылы Маман биге мынандай сәлем де жолдайды:

Арыстан Маман байға сәлем айтты,
Жұбатып қызға айтады барлық жайтты.
«Бұл малды Көтібар ашуын басқаннан соң қайтарам», –

деп, Шолпанмен қайырласып кейін қайтты.

Сөйтіп, екі ел арасындағы дау-жанжалдар соңы нәтижелі аяқталуында, Арыстанның еңбегі бар екендігі анық аңғарылады.

Жырда Арыстан ақыл-парасаты мол, кең бейілді боп сыр шертеді. Айман сияқты Арыстан да екі елді бітістіру жолдарын қарастырып,

ақыры олардың береке-бірлігіне қызмет істейді. Әсіресе Көтібардың Маман ауылын шаппақ болған ойын қос көрмейді. Барынша о жар, әрі қыңыр ағасына әрең, амалының жоғынан ереді. Ондағы мақсаты да – ретіне орай ұрда жық ағасын сабасына түсіріп, бір амалын тауып кері қайтару.

Арыстанның: «Менмендікті екі батыр тастаңыз», – деп басу айтуының өзі, оның өн бойында азаматтық, нағыз адами қасиеттердің молдығын аңғартқандай. Ол өркөкірек ағасы Көтібарға:

Дәулеті бар пенденің бөлек-бөлек,
Көтеке, ашуды қой, ақыл керек.
Қымыздың қызуымен желік қылған,
Шайтан сөз топ ішінде неге керек. –

деп, кемел ақылмен тоқтау айтады.

Арыстан Айманды құрмет тұтады, адамгершілігіне сүйсіне қарап, ақылына көңіл көзін қадайды. Ағасы Көтібардың оларға істегені мүлдем қиянат екендігін терең түсінеді. Себебі Көтібар бейбіт жатқан елге шабуыл жасап, олардың берекесін алады. Сергелдеңге салып, сүйіскен екі жастың ара жігін ашуға ұмтылады. Аса көрікті Айманды сүйген жігіті Әлібектен айырып, өзіне тоқалдыққа алмақ болады. Оны ақын: «Қиылған қаламдайын қара қасы... Секілді бойы көркем шынар биік», – деп сипаттайды.

Осындай ағасының әділетсіздігіне Арыстан қатты күйзеледі. Барынша ары мол, бірақ аса дәрменсіз, панасыз, нәзік жандарға Көтібар секілді әділетсіздік жасамайды. Қайта ол нәзік, сезімі мол Айман мен Шолпанға көмек қол созады. Тіптен жігіт болып Шолпанға бір ауыз сезім сөзін де айта алмайды. Тек қолынан келген бар жақсылығын ғана жасаумен тынады. Оларға өзінің үлкен адамгершілігін көрсете біледі.

Бірақ Шолпан мен Арыстан бір-бірін іштей ұнатып, жан жүректерімен сезінеді. Арыстанның шын мәніндегі адамгершілік қасиеттерін Айман мен Шолпан да аса жоғары бағалап, оны құрмет тұтады. Сондықтан да Арыстан мен Шолпан бірін-бірі шынайы көңілмен ғана табады. Сөйтіп, екеуінің қосылуы – ел бірлігін сақтауға, еркін махаббатты кең өріс алдыруға қызмет етеді.

Бірақ Әлібек поэманың ең соңғы бөлімінде ғана көрініс табады. Ол Айман мен Арыстандай болмаса да, морт кететін қорс мінезді, өктем жан емес. Мәселен: Орынбордан келген бетінен-ақ, қол жиып Көтібарға қарсы аттанбақ болғанымен, Айман жіберген сәлемнен соң алпыс күндей кідіреді. Нәтижеде Айманның тілін алып, Көтібар ау-

лына шабуыл жасамайды. Бар мүмкіндік өз қолында тұрса да, тез бітімге келеді. Әрине, бұл—Әлібектің жау іздеуге, бәле қууға құмар жан еместігін анық аңғартады.

Жырдың көркемдік ерекшелігі

Поэмада көрініс тапқан негізгі әдіс—баяндау. Әрі онда монолог, диалог та жиі-жиі кездеседі. Әсіресе оқиғаны суреттеуде, адам бейнесін жасауда пейзаж, портрет, суреттеулер мен жанама мінездеулер тіптен кездеспейді. Мәселен: «Айманның ақ мамықтай білегі бар, майысқан жез қармақтай сүйегі бар»—деген сияқты оқта-текте кездесетін, кейбір портреттік элементтер болмаса, сұлу қыздың көркіне айрықша тоқталып, оны дәріптеп жату жолдары поэмада кездеспейді. Қыздың мінезі, кескін-келбеті жайлы арнайы суреттеулерде жоқ.

Дегенмен де, поэмада көрініс тапқан негізгі бейнелер аса шебер жасалғандығын байқай аламыз. Поэмада сыр шерткен Арыстан, Айман, Көтібар—әрбірі өз ортасының мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін анық аңғартатын бейнелер.

Поэмада адам образы, мінездері арнайы ашылып, жеке-жеке сипатталмаса да, онда көрініс тапқан қаһармандардың іс-әрекеттері, сөйлеген (монолог, диалог) сөздері арқылы байқалып жатады. Көтібардың:

Алмасам тоқалдыққа Айманыңды,
Көтібар менің атым жерге кірсін!

деген өктем сөзінен-ақ оның ой-өрісі қандай, өзінің кім екендігі айқын аңғарылады. Тіптен, оны көп суреттеп отырудың да қажеті жоқ. Сөйтіп, топ алдында серттесіп, ел шаппақ болған ожар батыр, үй тіктіріп қоямын деп озып кетсе де, өз тоқалы Теңгенің шырмауынан шыға алмай, Айманды қарсы алуға мүмкіндігі болмай қалады. Оған Айман:

Айман қыз сөз сөйлейді ақылынан,
Кей адам бейнет тартар жақынынан.
Үйінен батыр не қып шықпай қалды,
Жатыр ма батыр қорқып қатынынан,

дейді.

Сөйтіп көркі кетіп, күші азайған, құр тілі сайраған шалды көк долы әйелі Теңгенің қалай тізгіндейтінін анық білетін ақылды Айман, бірақ сөзбен Көтібарды тақырға отырғызып тастайды. Поэманың тамаша ерекшелігі де осындай сипаттардан аңғарылғандай. Екіншіден, поэмада халықтық юмор, сатира элементтері аса мол көрініс тапқан. Оқиғалардың өн бойынан нәзік юмор мен тамаша сатираның әсем сырларын аңғару да оншалық қиын емес. Мәселен: көп ретте

Маман би де, Көтібар батыр да халық алдында күлкіге, сайқымазаққа тап болып отырады.

Әрине, поэманың стиліндегі сатиралық, юморлық әдістер шығарманың тіл шеберлігінің дамуына да өзінің игі әсерін тигізген. Сондықтан да поэмада ирония, сарказмдер жиі кездеседі. Мәселен, Айман:

Базарда Теңге болсаң, бұл боларсың,
Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.
Батырдың айтқан сөзі рас болса,
Қолыма су құятын күн боларсың, –

деп, Теңгені әжуалап, сөзін астарлап айту арқылы, оны сықақтап, келемеждеп отыр.

Поэмада негізінен күні бітіп бара жатқан ескі мен жаңаның арасындағы күрес-тартыстар кең орын алады. Ескінің ерсі жағын әжуалап, сықақтай отырып, жаңалық жағындағы жастардың сүйіспеншілік сырларын сүйсіне тәртiштейдi. Жастар бейнесі арқылы халық iлгерiлеуге ұмтылған жастардың болашағына үмiт артқаны анық сезiледi. Жастар болашағына деген үлкен сенiм сырлары да жан-жақты көрiнiс тапқан. Оның үстiне халық Айман бейнесi арқылы феодалдық заманға, оның қатыгез-қатал заңына, дәстүрiне наразылығын анық аңғарта түседi. Ел тұтқасын ұстау тек ерлердiң, батырлардың үлесi ғана емес, әйелдердiң де қолынан келетiндiгi ашық сипатталған. Әйелдер де ел iсiнде кәдiмгi ер азаматтардай ерлiк, азаматтық жасай алады деген тамаша идея алға тартылады.

Сондықтан да халық Айман бойына даналықтың тамаша дәнiн егiп, оны дәрiптейдi. Шынында да «Айман–Шолпан» поэмасы халық арманын кең сипаттауымен, әрi аса терең оптимистiк идеяларымен де аса бағалы.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Айман–Шолпан» поэмасының қазақтың басқа лиро-эпостық поэмаларынан айырмашылығы неде? Оны өздерің білетін лиро-эпостық шығармалармен салыстыра пікір жүргізiндер.
2. Жыршы: «Түбiнде...Айман болар паналарың» деп ненi меңзеп отыр?
3. Поэмадағы карама-қарсылықтың сырын қалай түсiндiндер?
4. Теңге мен Есетке байланысты ойды қалай бағалайсындар?
5. Теңге арқылы Көтiбар бейнесi қалай ашылған?
6. Көтiбар мен Маман би қандай жандар?
7. Арыстан мен Көтiбарды салыстыра отырып, оларға мiнездеме берiндер.

8. Айман мен Баян бейнелеріндегі ұқсастық пен айырмашылық неде?
9. Поэмада юмор мен сатира қалай өз шешімдерін тапқан?
10. Поэманың көркемдік, тілдік ерекшеліктеріне қалай қарайсындар?

АЙТЫСТАР

Айтыс туралы түсінік

Қазақ ауыз әдебиетінде сан ғасырлардан бері дамып, кең өріс алып келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен оның өзіне ғана тән ерекшеліктері, әрі даму тарихы да баршылық.

Айтыс негізінен халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Дегенмен, айтыс өнері басқа халықтарда да, әсіресе арабтардың бәдәуилер тайпасында, сондай-ақ түркі тілдес елдердің бірқатарында, тіптен ірі ақындар айтысы Үндістан халықтары арасында да кездеседі.

Айтыс өнерін зерттеушілердің айтуына қарағанда, айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте замандардан келе жатқандығы тілге алынады. Бірақ, қазақ ауыз әдебиетіндегі айтыстың ең көне түріне – бәдік айтысын жатқызуға болады. Одан адам баласының ой-санасы анағұрлым өсіп ер жете түскендігін, кейде табиғаттың көп сырларын түсінбесе де, оған өз ықпалдарын өткізуге ұмтыла түскен кезеңдерінде туғандығын анық байқаймыз. Өйткені, бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету ойы жатады. Бірақ бәдік айтысынан басқаларын қайсысы ерте, қайсысы кеш туды деп кесіп айту қиын-ақ.

Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұн, мәніне қарап, сондай-ақ олардың сөйлем құрылыстарына, сөз орамдарына қарап, қай замандарда пайда болғандығын аңғару оншалық қиын емес. Мәселен: «Жануарлар айтысы» мен «Өлі мен тірінің айтысына» қарағанда, «Жұмбақ айтысының» кеш өмірге келгендігін аңғарамыз.

Жұмбақ негізінен болжалдап ой айтуды қажет етеді. Ал, болжалдап ойлау – адам санасының есейген, жетіле түскен кезінен басталады. Мәселен: кейбір жұмбақ айтысынан бір нәрсені жұмбақтап айтушының, не оны шешушінің өмір құбылыстарын аса көп білетіндігін аңғару қиын емес. Жұмбақ неғұрлым қиыннан қиыстырылған сайын, оның қашан, қай кезде шыққандығын анық айтуға болады.

Сондай-ақ тұрмыс-салт айтысының тамаша түріне жататын ақындар айтысы, басқа айтыстарға қарағанда, аса кештеу туған айтыс деуге болады. Егер тарихқа тереңірек үңілер болсақ, қазақ халқы ру-рудан құралып, халық боп қалыптасқандығы аңғарады. Сондықтан да, ақындар айтысының қолда бар кейбір нұсқаларына қарағанда, қазақ халқы ара-

сында ақындар айтысы XVIII–XIX ғасырларда кең өріс алған. Өйткені, осы бір кезеңдерде ақындар әрбір рудың атынан айтысқа түсіп, әрбірі өз руының туын биікке көтеруге ұмтылғандығы байқалады. Салт айтысының ескі түрлерінің бірі – қыз бен жігіт айтысы. Оның негізгі тақырыбы – жастардың бір-біріне деген көңіл күйлерімен өз өнерлерін сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстырумен бірге, әр ақын өз руының үстемдігін, жақсы жақтарын баса жырлайды.

Әсіресе бұл – XIX ғасырда кең өріс алғандағын байқаймыз. Бұл ретте Шөже, Мұрат, Орынбай, Балта, Кемпірбай, Сүйінбай, Түбек, Тезекбай, Омарқұл, Тәбия, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара секілді аса талантты т.б. ақындардың қысқа-қысқа өлеңдерімен бірге, олардың бір-бірімен сайысқа түсіп, айтыс өнерін кең өріс алдырғандығын айта аламыз.

Қазақ ауыз әдебиетінде айтыс жанры – сан жағынан да, сапа жағынан да ерекше орын иелейтін өнер сайысы. Орайы келгенде ерекше бір ескерте кетерлік жайт, тек қазақ халқы ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс өзінің жанрлық қасиетін, түрін тек қазақ әдебиетінде ғана сақтап отыр деуге болады. Қазақ ауыз әдебиетінде бұл жанр «Бәдік», «Жар-жар», «Жануарлар мен адам айтысы», «Өлі мен тірінің айтысы», «Жұмбақ айтысы», «Салт айтысы» – «Қыз бен жігіт айтысы», «Ақындар айтысы», осы күнгі айтыстар болып, бірнеше түрге бөлінеді. Әрбір айтыстың өздеріне ғана тән сонылық сипаттары мен өзіндік ерекшеліктері де бар.

Бәдік айтысы Бәдік айтысы негізінен айтыс жанрының ең көне түріне жатады. Ол адам баласының табиғат сырларын түсіне алмаған кезінде, шамандық діни наным-сеніміне байланысты өмірге келген. Кезінде адам баласы өзі танып-білмеген күштердің бәріне табынатын болған. Солардың әрбірінің өз иесі бар деп түсінген. Әрі жақсылық пен жамандық атаулының да өз тәңірі бар деп ойлаған. Соларға табынып, құлшылық етіп, жалынып-жалбарынған. Сондықтан да кезінде М. Горький атам замандағы ертегілер мен мифтер, аңыз-әңгімелер жайлы айта келіп: «Бұлардың (ертегілердің) мағынасы ертедегі жұмыс адамының еңбегін ойлатуға, оның өнімділігін арттыруға төрт аяқты және екі аяқты жауларға қарсы құралдануға талпынуында және де сөз күші арқылы «үшкіру», «аруақты шақыру» құбылыстарына әсер етуде болып отыр», – деген болатын.

Сонау ерте замандарда адам баласы мал ауруының да, адам дертінің де иесі бар деп ұғынған. Нәтижеде сол дерттен айығу жолдарында

ізвестіре бастаған. «Үшкіру», «Шақыру» арқылы сол сырқаттардан айығуға болады деп ойлаған. Бар өмірінде малмен күн көріп, оны кәсіп еткен халыққа аса ауыр індет – малға тиетін айналшық ауруы болған. Сол аурудан құтылудың бірден-бір жолы – бәдік арқылы оны үркітіп, көшіру деп түсінген. Соған орай ауыл жастары кешкілік жиналып, кеш өткізетін болған. Бәдік айту арқылы оны сөзбен арбап, үркітіп, көшіріп отырған.

Халық ылғи да өлең сөздің құдіретіне ерекше мән беріп, пәлені көшіруге соны пайдаланған. Бірде жалынып, енді бірде қорқытып «Кет, бәлекет, кет» дей отырып, жастар екі жақ боп бәдік айтатын болған.

Айт дегенде айтамын-ау бәдікті,
Қара мақпал тоным бар барша әдіпті.
От оттамай, су ішпей жата берсе,
Бәдік емей немене бір кәдікті,
Көш, Көш!

Сөйтіп, бәдік айту арқылы халық әр түрлі дерттерді алдап-арбап, басқа жерлерге, басқа жайға ауыстырмақ, көшірмек ниетінде болады. Әрі оған жақсы жай, жайлы қоныс ұсынып отырған. Сөз тәңірісімен үшкіріп, бәдік айту жолымен одан құтылмақ болған. Бәдікке ұсынатын қоныстары аса жайлы болумен бірге, тым сыйлы, адам қызығарлық болып келген.

Ай, бәдік, көшер болсаң, сайларға көш,
Жылқыда мінілмеген тайларға көш.
Таппасаң одан жайлы, мен айтайын,
Тең түскен төрт құбыласы байларға көш!

Әрине, бұл айтылған жолдардан біз бәдіктің әлеуметтік сырын да анық аңғарамыз. Еңбекші халық бәдіктің бетін «Тең түскен төрт құбыласы байларға көш» – дей отырып, оны жағдайы аса жақсы бай адамдарға қарай бұрып отырған. Бәдік айтысының аяғында «көш», «көш» деген қайталама да індетті көшіру мақсатында айталып отырған. Сондықтан да ғұлама ғалым, академик М.О.Әуезов бәдік жайлы тоқтала келіп: «Аластау», бағып, қағу сияқты бақсы қуаныштық түрін танытады», – деген ойды алға тартады.

Иә, келе-келе адам баласының ой-сана, сезімінің есейе, жетіле түсуіне орай, бәдік айтысы діни наным-сенімдерден арылып, жаңа сипат ала бастайды. Енді ол жастардың әзіл-оспақ қалжыңына, сауық кешіне айнала түседі. Сөйтіп, бұрынғы бәдік өлеңдер енді жастардың

көңіл-күйін білдіретін – салт өлеңі дәрежесіне көтеріледі. Мәселен: жігіт:

Қаратауым дегенде, Қаратауым,
Тау басынан соғады қара дауыл.
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл,

десе, қыздар тобы:

Бәдік кетіп қалыпты таудан асып,
Таудан арғы бұлтпенен араласып,
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,
Шын құмардан шығалық сабаласып,

дейді.

**Адам мен
жануарлар айтысы**

Мұнда о баста діни наным-сенімнен туған бәдік айтысының мазмұнында пәлендей берекесіз ой тудырарлық артық ешнәрсе жоқ. Тек онда өмірге аса құмар жастардың өзара қалжың, қақтығыстары, әзіл-оспақтары ғана аңғарылады.

Халық ауыз әдебиетінде төрт түлік малдың алатын орны айрықша екендігін жақсы білеміз. Сондықтан да ауыз әдебиетімізде жануарлар мен адамдардың өзара айтыстары жиі-жиі кездеседі. Мәселен: үй иесі мен сиырдың айтысын алып қарауға болады.

Иесі:

Шолақ сиыр, көзіңді ояйын ба?
Биылғы жыл соғымға сояйын ба?
Биылғы жыл соғымға сойып алып,
Танабайға жаянды қояйын ба? –

десе, оған сиыры:

Шиыршықтап қыл арқан ескенінде,
Қу шолақты соялық дескенінде.
Қу шолақты соғымға сойып алып,
Бүржекейден көрермін көшкенінді,

деп жауап қайырады.

Осы сияқты иесі мен атының айтысы, аңшының аңдармен айтысы т.б. сияқты жануарлар мен адамның айтыстары ауыз әдебиеті үлгілерінде аса мол кездеседі.

Жұмбақ айтысы

Бұл айтыстардан халықтың күн көрісі, тірлік тыныстары, бір кездегі дүниеге, өмірге деген көзқарастары анық байқалады.

Айтыстар ішінде ерекше орын алатын, әрі аса мол тараған, ең көне түрлерінің бірі – жұмбақ айтысы. Бұл айтыс негізінен өмір мен табиғаттың тамаша сырларын терең білсем деген асқақ арманнан, адам тілегінен туған.

Адам санасы жетіліп өскен сайын, өз айналасындағы құбылыстарға, табиғаттың әсем сырларына ой көзін қадап, оның негізгі сыр-сыпатын білгісі келеді. Сол сырларды білу, түсіну ниетінде, білмегендерді білдіргісі келіп, соған жұмылдыру, сөйтіп жастардың ойын, сана-сезімін ояту ниетінен туындаған деуге болады. Сол үшін де жай ғана ұсақ нәрселерден бастап, оларды жұмбақтап айту арқылы, өздерінің ой-саналарын кең өріс алдыруды мақсат етеді.

Жұмбақ айтыстары да негізінен ұйқасқа құрылады, онда тапқырлық пен шешендік сырлары да көрініс табады. Мәселен: «Жұмбағым жұтылды, ыққа қарап құтылды», – деген сияқты аса ықшам түрлері, өлеңмен айтылатын ұзақ түрлері де мол кездеседі. Ал, өлеңмен айтылатын ұзақ түрлері адам баласының ой-санасы жетілген шақта туған деуге болады.

Жұмбақ айтысының бір ерекшелігі, оны кез келген ақын айта алмайды. Жұмбақ айтысына түсу үшін, өз жанынан өлең шығара білу жеткіліксіз болады. Жұмбақ айтысына түсетін ақындар өмірдің барлық салаларын терең білетін, аса білімді болумен бірге, табиғаттың тамаша сырларын терең білетін болуы қажет.

Жұмбақ айтысында ақын не нәрсені жұмбақтап айтқысы келсе, оның еркі өзінде. Өмірдің әр алуан құбылыстарын жұмбақтап айта беруі мүмкін. Оған ешкім тыйым салмайды. Ал оның шешімін айту ақыннан ерекше тапқырлықты қажет етеді. Нені жұмбақтап айтып отырғандығын болжап, табан астында шеше салу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Оған үлкен білім, биік парасат, тереңдік керек-ақ. Сондықтан да жұмбақтап айтушылар аса сирек кездеседі. Оның үстіне жұмбақталып айтылатын нәрселердің бәрі өмір шындығынан алынады. Жұмбақ айтушы әрбір ақын өзінің талант-талғамына, дүние тану біліміне орай, кейде дұрыс айтып, дұрыс шешіп жатса, енді біреулері дөп баса алмай, кейде таяз, кейде терең шешуі де, айтуы да мүмкін.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі жұмбақ айтысы арасында «Сапарғали мен Нұржанның жұмбақ айтысы» ерекше орын иелейді. Олар өз айтыстарында айрықша білімділігі мен тапқырлықтарын тамаша таныта білген. Мәселен:

Сапарғали:

Нұржаным, білдірейін сізге тағы,
Құс көрдім өзі жансыз бір аяғы.
Теңізде салған жолы сайрап жатыр,
Байыппен ойлап тапсаң мұны-дағы.

Нұржан:

Сапеке, айтқаныңды қазір табам,
Жансыз құс бір аяқты – мұның қалам,
Теңіз мысал қағаз ғой, жолың – жазу,
Жұмбағың осыменен болсын тамам.

Сапарғали:

Бір құс бар қанат жайса дөп-дөңгелек,
Адамнан еш уақытта жүрмес бөлек.
Ұшырса, қондырса да еркі адамда,
Шықпайды панаңыздан көлеңкелеп.

Нұржан:

Мысалы жайса зонтик құс секілді,
Тетігі қолда болған іс секілді.
Жауса – пана, күн шықса – көлеңкесі,
Достығы бейне сіз бен біз секілді,

деп, екі ақын да өздерінің аса тапқырлығын жан-жақты аңғартады.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде жұмбақ айтысын ерекше кең өріс алдырған Әсет пен Рысжан, Қожахмет пен Әубәкір т.б. ақындардың есімдерін атауға болады. Олардың жұмбақ айтысында патша өкіметінің отарлау саясаты, ел әкімдерінің жауыздық іс-әрекеттері, зорлық-зомбылықтары қатты сынға алынып әшкереленеді. Тіптен, Әубәкір мен Қожахмет телеграфты да жұмбақтап айта білген.

Аса білімді, терең ақындар әлеуметтік-экономикалық жағдайларды да жұмбақтап айту арқылы, қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерді, игі істер мен келеңсіздіктерді де айта алады.

Ал, жұмбақ айтысы негізінен адамдардың дүние сырларын тануға жұмылдырумен бірге, өмірді терең тануға, ой-сананы жетілдіре түсуге, қиялдарды шарықтатуға мол мүмкіндіктер туғызады. Адамды жан-жақты ойландырып, терең толғандырады. Сол үшін де жұмбақ айтысының тәлімдік тәрбиелік мәні аса зор.

Салт айтысы

Салт айтысы негізінен екі түрге бөлінеді. Біріншісі – қыз бен жігіт айтысы болса, екіншісі – ақындар айтысы. Қыз бен жігіт айтысы той-жиындарда, ойын-сауық кештерінде айтылса, ақындар айтысы халық алдында, алқалы топ арасында, үлкен сахналарда айтылады. Әдетте, қыз бен жігіт айтысында ақынды

таңдап, талғамайды. Оншалық ақындығы жоқ жігіттер де, қыздар да өздерінің үйреншікті, жаттап алған бірқакпай өлендерімен де айтыса беруі мүмкін.

Дегенмен кейде, нағыз ақын жігіт пен ақын қыз өзара кездесіп қалса, немесе бірін-бірі білсе, арнайы іздеп барып айтысуы да мүмкін. Немесе, кездейсоқ кездесіп қалып та айтысады. Дейтұрғанмен, қыз бен жігіттің айтысы – салт айтысының ең жоғарғы түрі деуге болады. Қандай ірі ақын болса да, алғаш өз айтыстарын ауыл арасында болатын той-жиындарда бастап, одан әрі шыңдалып жетіледі. Сөйтеді де, ел намысын қорғай отырып, үлкен-үлкен әлеуметтік мәселелерді көтереді. Талай-талай айтыстарға түсіп, әбден ысылып-жетіледі. Мәселен: Қыз бен жігіт айтысына «Омаркұл мен Табияның» айтысын жатқызуға болады. Бірін-бірі сүйген екі жас бір-біріне деген көңіл күйін, ішкі сезімдерін білдіреді.

Омаркұл:

...Ақылың болса сөзді аңғар деймін,
Көңілінде піспей қалған нан бар деймін.
Сергелдең сенің үшін болдым талай,
Аулыңа қона түнеп, жатсам деймін...
Айтқан серт өз мойныңа бар, бар деймін, – десе,

Табия:

Мен жетсем, уәдеге сен жетпедің,
Қайғымды қай-қайдағы тербетпегің.
Айтқан серт, алысқан қол сені тапсын,
Аузыңды байқап сөйле, керкеткенім.
Арасын екі ауылдың болжал етіп,
Жеріңе іздеп жүріп келмеп пе едім.
Мен келсем, жігіт түгіл сайтан да жоқ,
Соңыңнан іздеп жүріп өлмек пе едім... –

деп, жігітке өкпе-назын әдемі жеткізеді.

Сөйтіп, екі жас әр түрлі себептермен бір-біріне берген уәделерінің үстінен шыға алмағандықтарын мойындайды. Екеуі қосыла алмағандарын армандайды. Аяғында келіп, екеуі де лаждарының жоқтығына амалсыз бас иеді. Кейде қыз бен жігіт айтысы күлкіге, өзара сайқы – мазаққа құрылуы да мүмкін. Мәселен: Мұрат ақын өзінің сүйген қызы Жантөлі бір байдың таз баласына тұрмысқа шыққанда, оның артынан іздеп барып айтысқан екен. Сонда Жантөлі:

Жүргенде өзімсініп жазым қашты,
Қолымнан асыранды қазым қашты... –

десе, оған қолма-қол Мұрат ақын:

Шілденің, сарша тамыз ыстық кезі,
Жантөлі, арқандап қой, тазың қашты, –

деп, қызды тазға тидің деп сынай тіл қатады.

Қорыта айтқанда, қыз бен жігіт айтысы шын мәніндегі ру, ел мәселесіне бармай, өзара қақтығысқа, кейде әзіл-оспаққа құрылып отырады. Кейде өз шеңберінен ары асып, елдің, рудың мүддесін көздейтін, әлеуметтік мәселелерді қамтитын айтыстарға да жалғасып кетуі мүмкін. Оның бәрі айтысып отырған қыз бен жігіттің талантына, тапқырлығына байланысты болмақ. Сондықтан қыз бен жігіт айтысына да, ақындар айтысына да үзілді-кесілді бөле қарауға болмайды.

Ақындар айтысының өзіндік ерекшеліктері

Қазақтың айтыс өнері ат жарысымен, балуандар күресімен пара-пар. Демек, ақындар айтысы да жарыс. Бірақ бұл – өнер жарысы, сөз сайысы. Академик-жазушы М. Әуезов айтқандай: «Айтыс – сөз барымтасы».

Ақындар айтысы – айтыс жанрының кейінгі даму кезеңінің жемісі. Ол қазақ ауыз әдебиетіндегі айтыстар негізінде өріс алып дамыған. Ақындар айтысының негізгі тартыстары ру мәселесінің айналасында болады. Әдетте әр ақын өз руы атынан сөйлейді, екеуі де өз руларының басшыларын, қасқалары мен жайсандарын, бай-феодалдарын мадақтап, дәріптейді. Сонымен қатар екі ақын да қарсы жақтың сол мадақтап отырған мықтыларының жауыздық қылықтарын, елге, халыққа жасап отырған зорлық-зомбылықтарын барынша әшкерелейді. Сөйтіп, үстем тап өкілдерінің бет пердесін ашады. Демек, ақындар айтысында рулық-феодалдық заманның ащы шындығы айқын көрінеді.

Сонымен қатар ақындар айтысында сүйеніш, тілге тиек болатындар – әр рудың батырлары, олардың ел үшін жасаған ерліктері. Әр рудың ақыны өз батырларын мақтан етіп, олардың ерлік істерін, бүкіл ел мұны, жұрт пайдасы үшін қаншалықты ерік-күш жұмсалғанын айтып, қарсы жағына аспас бел етеді.

Жалпы, халық ақындарының көпшілігі өз ойын батыл айта алған. Халық ақындарының ішінде де өз кезіндегі азуы алты қарыс бай-феодал, сұлтандардың жауыздық-зұлымдықтарын беттеріне басып, әшкерелеп сөйлейтіндер аз болмаған. Жанкісінің Қоқан ханына, Шернияздың Баймағамбетке, Шөженің Бәйткке, Сүйінбайдың Тезекке айтқан сөздері – бұған дәлел.

Үстем тап өкілдерін батыл сынап, олардың зымыяндық әрекеттерін шенеу айтыстарда жиі ұшырайды. Өйткені айтыста әр ақынның арқа сүйейтін белгілі бір күштері бар. Олар, бір жағынан, соларға сүйенсе, екіншіден, әр ақын өзінің ақындық намысын қолдан бермеуге, қарсы жағын жеңуге тырысады. Олардың ең мықты тірегі – әрине, халық.

Шын ақын дәрежесінде танылғандарға сөз кеңшілігін беріп, олардың еркін сөйлеуіне мүмкіндік туғызу – елдің ескі дәстүрі. Мысалы: «Құлмамбет пен Түбектің» айтысында сол кезде ұлы жүзге сұлтандық құрып, дегенін істеп отырған Тезектің ұрлығы мен сұмдығы батыл әшкереленеді. Құлмамбет оны қорғай сөйлемек болып, қаншама ділмарлыққа салынса да, шындыққа сүйенген Түбек оны жеңіп шығады.

Тезектің жауыздық істерінің бетін ашуда Сүйінбай Түбектен де асып түседі.

Аға сұлтан төренің аулына ізет көрсетуден бас тартып, жаяуламай, атпен келген Сүйінбайды жазалап, атын айыпқа алмақ болған Тезекке Сүйінбай:

Атандың осы күні Тезек төре,
Елден жылқы қоймаған кезеп төре.
Телі менен тентекті тыяд десе,
Өзің ұрлық қыласың, әттегене! –

деп, төренің қылмысын бетіне басады.

Тағы бір жерінде:

Сәлемге келген кісінің атын алып,
Ұры төре, саған да келер кезек, –

деп, оған қыр көрсетіп те қояды.

Тезектің баласы өліп, ешкіммен сөйлеспей қойғанда, Сүйінбай:

Жатырмысың, хан Тезек, тұрмаймын деп,
Сүйінбай саған келді жырлаймын деп.
Алса құдай, өзі берген балаңды алды,
Жатырмысың құдайдың кой, түйесін ұрлайын деп, –

деп, батыл үн қатады. Сүйінбайдың Тезекке бұлайша қатты айтуы – халыққа сүйенгендік.

«Шөже мен Балтаның» айтысынан да осындай жайттарды көреміз.

Шөже – XIX ғасырда өмір сүрген айтыс ақындарының ішіндегі ең ірілерінің бірі.

Шөже Қаржаубайұлы 1803 жылы туып, 1895 жылы өлген. Шөженің аталары да, өзі де Қуандық елінің ішінде туып өскен. Ол айтыстарында Қуандықты өз елім, өз руым деп мадақтай сөйлейді. Бірақ, арғы тегінде бір атасы қырғыздан шыққан болса керек. Айтысқа түскенде ақындардың Шөжеге артар бір міні – осы. Екіншісі – Шөженің шешектен екі көзінің соқырлығы. Соны айтысқа түскен ақындар Шөженің бетіне басады екен. Бірақ сөзге жүйрік Шөже мұның бәріне де ұтымды жауап қайтарып, сайыста жеңіп шығып отырған. Ол:

Мұқтасар сөзім майда тақтасындай,
Бұхардың омырауым қақпасындай.
Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ,
Сен қыларсың атаңның қақ басын-ай! –

деп жауап береді.

Өзінің айтуынша, Шөже он жеті ақынмен айтысқан. Шөже айтыстарынан бізге мәлімі: «Шөже – Орынбай», «Балта мен Шөже», «Шөже мен Кемпірбай», «Жанақ пен Шөже», «Шөже – Тезекбай» сияқты айтыстар.

Шөже өзінің Балта ақынмен айтысында Алшынбайды да, Құнанбайды да, Жолшораны да өлтіре сынайды. Бұлардың үшеуі де – үш рудың ең мықтысы, ірі феодалдары.

Құнанбайдың: «Мына тақылдаған соқырың кім?» – деген сөзіне Шөже табанда жауап қайырады:

Кем-кетік толып жатыр таз бен соқыр,
Жемтік молда Алдияр құран оқыр, –

деп, Алшынбайдың таздығын, Құнанбайдың соқырлығын меңзесе,

Жолшора, өзің – қазы, әкең – Анай,
Параны бұрын беріп, жеңдің талай.
Алдында жеті тамұқ, сегіз жұмақ,
Қайсысына кіруің екіталай, –

деп, Жолшораның парақорлығын да бетіне басады.

Балта ақын байға жарамсақтанып, соларға ара түссе, Шөже Құнанбай сияқты шонжарларға бас имейді, қайта сүліктей сорып отырған зұлымдықтарын бүкіл жұрт алдында масқаралайды. Үстемдік, өктемдік етушілерге қарсы батыл үн көтереді.

Айтыстың өзіне тән ерекшеліктері «Ақындар айтысында «жаттама» (трафарет) өлеңдер аз болады» (С. Мұқанов). Олар өлеңді

табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Ақындар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөппелдемеде жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Әрине, жаттанды сөз өрнегі ешбір ақынның мәртебесін биіктетпек емес.

Ақындар айтыс өлеңін айтудан бұрын өзінің асқақ әуеніне басып, делебезесін қоздыра отырып, қарсылас ақынды тұқырта түспек болып, сөз өрнектерін ұтымды ұйқаспен төпей бастайды. Мәселен: «Әсет пен Ырысжан айтысында», Ырысжан:

Алты ақын Аязбай мен Шашубайлар
Артымнан жете алмаған құстай қуып.
Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Ырысжанмын,
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік, –

деп, Әсетті ықтыра, ығыстыра сөйлейді. Оған Әсет те:

Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Алты арысқа білінген әкең менмін, –

дейді.

Ақындар айтыс барысында өзінің қарсыласына қарағанда биіктігін, асқақтығын айта отырып, оны жеңу, сөзден тоқтату жағын ойластырады. «Әжек пен Шәріпжамал» айтысына көңіл көзін қадасақ, олар өздерін таныстыра келіп, ақындық өнерлерінің асқақтығын, сөзге жүйріктіктерін айта отырып, өзінің биіктігін баса тілге алады. Мәселен: Әжекен: «Мен саған біле білсең келген тажал», – десе, Шәріпжамал да өзінің осал еместігін: «Шын желсем жорға да мен, жүйрік те мен... Шаңыма шалдырмаспын күндікте мен» – деп, ығыспай, үстемдігін таныта түседі. «Біржан мен Сара айтысынан» да осындай шынайы айтыстың тамаша үлгілерін байқау мүмкіндігіне ие боламыз.

Кейде ақындар жеке бастарындағы кемтарлық пен міндерін де айта отырып, қарсыласын сөзден тоқтату жолдарын қарастырады. Мәселен,

«Шөже мен Балта ақынның айтысында», Балта Шөженің соқырлығын бетіне баса айтып, оны кемітпек болады. Өзінің арқасүйерлері болған Құнанбай мен Алшынбайды мадақтай келіп, Шөжені соқыр деп кемсіте тілге алады. Оған дес бергісі келмеген Шөже бірден:

Ұры шіркін, қорықпайсың бір құдайдан,
Салымым бар бұрыннан-ақ осындайдан.
Соқыр, соқыр дейсің де еш тынбайсың,
Соқыр десен, құтылсайшы Құнанбайдан, –

деп, асқақ талантын танытады.

Міне, одан намыстанған Құнанбай: «Өзіңе келетін сөзді білмейсің!»,- деп Балта ақынды үйден қуып шығады.

Кеншімбай деген ақын Айсұлу деген ақын қызбен айтыспақ боп әдейі, іздеп барады. Аса талантты қызды сөзден ұту үшін оның мінін іздей бастайды. Бірақ асқан сұлу, келімі келген қыз сөзге де дес бермейтін өткір тілді уытты ақын болады. Өн бойынан титтей де мін таба алмайды. Қыздың жалғыз ғана міні – күйеуі қап-қара, ерні жырық екен. Кеншімбай сол жерден қызды тұқыртпақ болып:

Еріні күйеуіңнің жаман екен,
Қоймасаң жабыстырып желімменен.
Әр түрлі масқаранды шығарамын,
Жарқыным, ерегіспе менімен, –

деп, сүймесе де амалсыз қосылған күйеуінің нашарлығын тілге алады да, одан әрі қыздың шымбайына батыра:

Ертерек, уақытың өтпей теңінді тап,
Айтамын бұл сөзімді аяғаннан, –

деп, қыз тағдырына үлкен аяныш білдіреді.

Шын мәніндегі талантты ақындар айтыс барысында сөзден ұтылса, қарсыласын мойындай біледі де, одан әрі сөз таластырмайды. Белгілі айтыскер ақын Кемпірбай Шөжеден жеңілгенін анық мойындай келе:

Келіп ем осы тойға өктемденіп,
Жүруші ем қу соқырдан секемденіп,
Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп, –

деп, өзінің ұтылғанын ашық айтады.

Ауыз әдебиетінің өзге түрлеріне қарағанда, айтыстың өзіндік ерекшелігінің бірі – айтысқа бірнеше әйел ақындарының қатысқандығы дер едік. Міне, сондай аса талантты ақындар ретінде Сара мен Ырысжан, Күнбала мен Ақбала, Табия мен Тоғжан есімдерін ерекше атауға болады.

Ақындар айтысының тағы бір ерекшелігі, Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда, оларда: «Халық театрының анық, дәл ұрығы бар», – деуге әбден болады.

Айтыс аса әсерлі болуы үшін ақындар домбыраның, сырнайдың не, қобыздың сүйемелдеуімен әнмен айтады. Театр актёрлері секілді әр түрлі мақамдарға салып, сан алуан әдіспен құбылта айтады. Бұл да – ақын талантына байланысты болмақ. Айтыс – ақындықтың бірден-бір тәрбие мектебі. Өйткені, сөз сайысы барысында олар шындала, ысыла түседі. Барған сайын ақындық арыны ашылып, кемелденеді. Айтыс барысында терең ой, шешен сөз, тамаша бейнелі – образды сөздер ерекше көз тартады. Тыңдармандарды айрықша серпіндіріп, өздеріне баурап алады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Айтыстың қандай түрлерін білесіңдер?
2. Ақындар айтысының негізгі ерекшеліктері қандай?
3. Айтыс ақындарының жазба ақындарынан айырмашылығы неде?
4. Өз елді мекендеріңде қандай айтыс ақындары бар?
5. Мектепте өздерің де бір-біріңмен айтысып көріңдер.

«БІРЖАН МЕН САРА» АЙТЫСЫ

Айтыстар ішінде өзінің көркемдік ерекшелігімен де, құрылысы жағынан да көз тартып, көңілге айрықша ұялай түсетіні – «Біржан мен Сара» айтысы деуге болады. Бұл – қазақ халқы арасындағы ақындар айтысының ең шоқтығы биік, аса зор үздігі. Өйткені, бұл айтыс айтыстың екі үлгісін өз бойына сіңдіре білген. Біріншіден, ол – қыз бен жігіт айтысы екендігін аңғартса, екіншіден, ақындар айтысының тамаша үлгісін де аңғартады.

Біржан мен Сара – көпке белгілі, тарихта болған ірі таланттар. Біржан сал Қожағұлұлы



Біржан сал

1834 жылы бұрынғы Көкшетау облысына қарасты Еңбекшілер ауданында дүниеге келіп, сол жерде 1897 жылы қайтыс болады. Ол жастайынан-ақ ән, өлең айтып, халық құрметіне бөленеді. Сөйтіп, халық арасында: «Әнші, ақын, сал Біржан» болып кеңінен танылады. Ылғи да ел аралап, ән салады, айтысқа түсіп өзінің ақындық арынын жанжақты танытады. Әсіресе, ол шығарған «Жанбота», «Ләйлім шырақ», «Көкшетау», «Адасқақ», «Жамбас сипар», «Айтбай» секілді әндер халық арасында кең тарағандығы соншалық, күні бүгінге дейін оны халық әншілері орындап жүр. Сөйтіп, Біржан – қазақ музыка мәдениетінің дамуына да өзінің аса мол үлесін қосқан талант.

Оның өмірі мен өнеріне тереңірек үңілер болсақ, Теміртас, Қалкен атты екі ұлы мен Асыл, Ақық атты қыздары болған. Біржан балашағалы болып, егде тартса да әншілік өнерін тастамаған. Оған туыстары наразылық білдіріп, үйден шығармау амалын көздейді. Бұл ірі талант иесіне қатты батады. Содан өмірінің соңғы шақтарында шалықтаған науқасқа да тап болады. Ол басына түскен ауыр жағдайларын балаларына былай деп жеткізеді:

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Қинауға салады екен адамзатты.
Үкідей желпіндірген қарақтарым,
Шешсеңші, білегіме арқан батты, –

дейді де, одан әрі:

Сөйлесем бал тамады таңдайымнан,
Тағдырдың бізге орын қандайынан,
Теміртас, Асыл, Ақық мейірбаным,
Кетсеңші, бір сүйгізіп маңдайыңнан, –

дейді.

Кезінде ағайын-туыстары оны «жынданды» деп, байлап та қойған көрінеді. Не шара, сол науқастан айыға алмай, бұл пәниден 1897 жылы 63 жасында көз жұмады. Үш жүздің ардақты ақыны, тамаша әншісі Біржан жай ақын ғана емес, керемет әнші, сал сері адам болған. Ол ән шығарушы, әрі оны мақамына келтіре орындаушы да. Оның үстіне, әніне лайықты сөз шығара білетін аса зерделі ақын да. Бұл – кез келген өнер адамының бойына біте бермейтін тамаша қасиет.

Біржан – аса асқақ, өр мінезді ірі тұлға, ірі ақын болған. Ол өз заманындағы байға да, болыс, билерге де, айлалы әкімдерге де бас имеген жан. Не шара, өнердің қадірін білмеген кейбір топастар Біржан соңына түсіп, оның ақындық, әншілік қасиеттерін қадірлемеген.

Бірақ қарапайым халық қадір тұтып, айрықша қастерлеген. Ол өзінің қайсарлығын өлең жолдарында:

Жасым бар жиырмада жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,
Сен түгіл, патшаға да бас ұрмаймын, –

деп, ашық айтады.

Ақын қыз Сара Тастанбек қызы да – тарихта болған адам. Ол Талдықорған облысына қарасты Ақсу ауданында дүниеге келген. Бірақ оның туған жылы мен өлген жылы белгісіз. Дегенмен ол атақты Мольдабай қобызшы мен Түбек ақындар жасаған өңірден шыққан ақын қыз. Ол, әкесі ерте қайтыс болғандықтан жоқшылықтың тауқыметін көп көрген. Сондықтан да ақын қыз өз сөзінде: «Тұрмыстан туысымен таяқ жедім» – деп, ашына үн қатады.

Дегенмен, Сара жастайынан-ақ домбырашы, сауықшыл, күйші, әнші, ақындар арасында өседі. Әсіресе Мольдабай күйші мен Түбек ақындардың өнері оны еліктіре түсіп, өз жетегіне үйіреді. Сөйтіп, ән, күй, асқақ жыр өн бойын шымырлатып, еріксіз қолына домбыра алдырып, әнші қызды шаршы топқа жұмылдырады. Сондықтан да Сара:

Той-жиын, шілдеhana қайда болса,
Сайрайтын болдым енді жағым сенбей... –

дейді. Тіптен:

Белгілі қанша жұртқа атым – Сара,
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.
Домбыра ап, он үшімнен сөз сөйледім,
Келемін бір сүрінбей жеке-дара.
Мінекей, он сегізге биыл келдім,
Сан жүйрік ілескен жоқ самғағанда, –

деп, өзінің тамаша талант иесі екендігін де ашық айтады.

Міне, осындай екі талант бір-бірімен сайысқа түседі. «Біржан мен Сара» айтысының негізгі тақырыбы – әйел теңдігі мәселесі. Айтыста сол кездегі феодалдық заманның аса қатал да ащы шындығы паш етілген. Сол кездегі қазақ әйелдерінің аянышты халі, барынша қайғылы тұрмыс-тіршіліктері анық көрініс тапқан. Қолына он үш жасында домбыра алып, Ер Қаптағай ішінен жеке-дара шыққан ақын Сара – ешкімді ілестірмеген шын мәніндегі шынайы талант иесі. Бүкіл жұртқа аты әйгілі – ол өз басындағы қайғы-қасірет арқылы сол

кездегі қазақ әйелдерінің мұңын, қайғы-қасіреттерін айта білген. Аса санлақ шешен, асқан сұлу Сара феодалдық заманның құрбаны болады. Сондықтан да ол Біржан салға:

Қажыеке, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының.
Берген соң тері-терсек ит те алады,
Пұлындай берекесіз арбашының...–

деп, өзінің мұңын шағады.

Сөйтіп, Сара сол кездегі қазақ әйелдерінің қайғылы халін, ауыр тұрмысын көзге толық елестетеді. Басқаны былай қойғанда, аса сұлу әрі өнерпаз Сара да өзінің сүйгеніне бара алмайды, тері-терсекке сатылып, еріксіз кетеді.

Сараның: «Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным», «Ажал да кісі таңдап алады екен, сол итті неге қойған алып кетпей», «Дені сау кез болмадым бір тазыға», – деген жолдарынан кешегі теңсіздік заманында көз жасын бұлаған қазақ қыздарының зары елестейді.

Қалың мал – қазақ әйелдерін шырмаған ескіліктің мықты торы. Айтыста сол қырсықты ескі әдет-ғұрыпқа, салт-санаға наразылық білдіріледі.

Сараның аянышты халіне жаны ашыған Біржанның:

Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,
Күйеуің жаман екен, ей, бейшара...
Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан...–

деген сөздерінен де, сол сияқты «Қажыеке, сізге айтатын арызым сол, Қапамын баста билік болмағанға»–деген Сара сөздерінен де қазақ әйелдерінің күндік халіне кімдер кінәлі екені айқын сезіледі.

Сара ақыл-парасаты, ақындық-әншілігі жағынан Біржанмен иықтас, пара-пар «өнерге екі жағы бәрі бірдей» Біржаннан кем түспейді. Сара өзі туралы:

Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес,
Болатпын екі жүзді алмас кеспес...

немесе:

Сөзіме он жасымнан оң берілген,
Еркек жоқ өз басыма теңгерілген.
Нәп-нәзік көзге олқы көрінсем де,
Сан жүйрік қойдан оңай өңгерілген, –

дейді.

Ол Біржанға:

Сайраған тамам Найман бұлбұлымын...
Арғымақ бедеуінің артығымын.
Он күндей тынбай шапсам, бір алман дем...
Сөзбенен жеңемін деп ойламаңыз,
Бір жерде мүдірер деп көңіл бөліп...
Жеңермін туралатып ырық бермей...–

деп, асқақ үн қатады.

Өзінің Тұрысбекке айтқан сөзінде:

Арыстан, Ниязбекпен іздеп келіп,
Шошынған жүрісімнен танбағанда.
Бермеген топтан екі ақын саңлақ,
Соларға жұрт таң қалды болмағанда, –

деп, өлең өнерінде өзінің осал ақын еместігін де аңғартады.

Әнімен, өлеңімен Орта жүзді тамсандырған, талай ақынмен айтыста жүлде алған Біржан да: «Қарамды әрі-берден соң бір көрмейсің», –деп айтыс үстінде ерлік білдіре сөйлесе де:

Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,
Сан жүйрік көріп едім мен жасымнан.
Кемітер дұшпан шіркін қай жеріңді,
Адамзат озар емес бір басыңнан, –

деп, Сараның ақындығына үлкен баға беріп, айрықша ден қояды. Бірақ Сараның:

Тұңғыық сырым терең барлағанға, –

деп өзі айтқандай, халі ауыр.

Әңгіменің түйіні осында. Сара өз дәуіріндегі басқа қыздардың да мұңын айта білген. Ақын қыздың бұл сөзі сол кездегі әйелдердің ауыр тұрмысын көзге толық елестетеді.

Өз өнерімен тең түскен Сараны ақын Біржан басқа жерден сүріндіреді. Ол ескілік торына шырмаулы еді. Есімбек, Тұрысбек сияқты феодалдар оның көз жасына қарамай, жаны да, тәні де кемтар Жиенқұлға атастырып қойған. Біржан оны дәл осы бір осал жерден ұстайды.

Майысып сегіз қырлы жүйрік Сара,
Қай жерден болжамайсың тынарыңды.
Мақтаған Есімбегің дәнеме емес,
Басыңнан айыртпаған мұратыңды.
Шақыртып күйеуінді осында алдыр,
Көрейін таңдап алған сыңарыңды, –

деп, Біржан оның сағы сынар жерінен жазбайды. «Сөйлесе май тамызған бұлбұл» тілімен Сара Біржанға сөзін мірдің оғындай қанша қадап өнер таластырса да, «Арғынға жол бермеген есіл тілі», Жиенқұлға келгенде мүдірей береді. Ақыры, Сара ақындар айтысының дағдылы дәстүрі бойынша, топ алдында жеңілгенін мойындап, оның себебін айтып, өз басының мұңын, ішкі күйінішін жыр етеді.

Арғынға жол бермеген есіл тілім,
Күн өтпей, қор боп өтті қызыл гүлім.
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,
Есекке қосақтаулы өтті күнім.
Алтайдың саңлағымен сөйлесем де,
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным.
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім.

Сараның бұл айтқаны тек өз басының ғана мұңы, қайғы-қасіреті емес, жалпы сол кездегі әйелдердің мұңы, қайғы-қасіреті. Бұл – бір. Екінші – сол кездің өзінде Сара секілді өрен жүйріктер әйелдерден де шығып, шаршы топта сөз сөйлеп, өз басындағы ауыр дерттей тұрмысын, жай-күйлерін өз ауыздарынан айтып, кейінгілерге қалдырып кете алғандығы. Сара өзінің сөзінде тіпті құдай алдында осы зорлық, теңсіздік қалай екен деп сұрау қояды.

Қажыке-ау, көріп келдің хақтың үйін,
Мен түгіл бөтенге де зорлық қиын.
Жиенқұл ерім болып тұрар ма екен,
Күнінде таңда мақтар болса жиын? –

дейді.

Ақын қыз жалғыз ескі әдет-ғұрыпқа ғана емес, әйелді тұтқын еткен дін тұзағына да наразылығын білдіреді.

Рас, айтыстың негізгі өзегі әйелдердің бас бостандығы болса да, онда өз руының басшыларын, байлары мен би-болыстарын дәріптеу жағы да баршылық. Дегенмен, Біржан сөздерінде жаңа бағытқа талпыну жағы аз да болса қылаң беріп қалады. Ол айтыс барысында шынжыр балақ, шұбар төс топтан шыққан ұлы Абайды дәріптеп, айрықша даралай сипаттайды. Мәселен, Біржан:

Ей, Сара, қай кісің бар оған жетер,
Өнерін көрген жанның есі кетер...
Қазаққа мәшһүр болған әділетті,
Оны да жамандайсың, Найман бекер...
Орта жүз Абай қойды атын баптай,
Үйіне ояз кірмес, жауап қатпай, –

деп, кемеңгер Абайдың аса әділдігін, оның халық алдындағы абырой-беделін, күллі жұртшылықтың оны ерекше қадір тұтатындығын мақтана тілге алады. Оның кемелдігі мен кемеңгерлігін, озықтығын айтады. Мәселен, ақын:

Абайға тамам елің Найман жетпес...
Зейіні түпсіз дария көзің жетпес...
Дос көрген олар заһит ғалымдарды,
Алдынан атасының тағлым алды.
Момынға жәбір-жапа қыласың деп,
Жіберген жер аудартып залымдарды,–

деп, Абайды өз заманасының білгірі, өмірді терең толғай алатын өрен ойдың иесі, білімді адам екендігін аша айтады. Әсіресе, Абайдың зәбір-зұлымдыққа қарсы екендігін айтумен бірге, қарапайым халықтың мұңын мұңдаушы, зәбір-жапа шегушілердің жебеушісі екендігін де баса сипаттайды. Сөйтіп, күллі жұртшылық алдында Абайды мақтан тұтатындығын барынша дәріптей түседі. Абайды өз дәуірінің ұлы адамы екендігін көзі тірісінде-ақ ашық айтқан Біржан ұлы Абайға аса жоғары баға береді.

Жалпы ақындар айтысы екі ақынның бір-бірінің осал жерлерін тауып, өзара бір-бірінің кемшіліктерін баса көрсету болса, ондай жайттар Біржан мен Сара айтысында да кездеседі. Біржан ақын Сараны сүріндіру үшін күйеуінің нашарлығын бетіне басады. Сөйтіп: «Күйеуің жаман екен, ей бейшара»,–дей отырып, Сараны сөзден тоқтатады. Нәтижеде Сараны жеңеді. Өйткені Сара да: «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім»–деп, өзінің сөзден ұтылғанын ашық мойындайды.

Дегенмен, Біржан Сараның шын мәніндегі жүйрік ақын екендігін ашық мойындайды. Бір-бірінің ақындық өнерлеріне аса жоғары баға береді. Мінеки, бұны өзге ақындар айтысына қарағанда, «Біржан ман Сара» айтысының өзіндік ерекшелігі деуге болады.

Айтыстағы Біржан мен Сара сипаттары Айтыста Біржан мен Сара өздерінің ақындық, адамгершілік болмыс-бітімдерімен айрықша көзге түседі. Сара да, Біржан да–аса кемел өнер иесі ретінде көз тартып, көңілге ұялайды. Екеуі де бір-бірінің бойындағы тамаша қасиеттерді терең танып, оны айрықша бағалайды. Өзара өнерлеріне сүйсіне отырып, шашасына шаң жұқтырмайтын шын жүйрік екендігін мойындайды. Мәселен, Біржан:

Ақ үйден айғай салып шыққан кезде,
Білгенмін сөзге қайрат қыларыңды.

Менсінбей қапы қалып өкінермін,
Ызғарлы көрінеді сөзің суық... –

деп, ақын Сараның тым жүйріктігін бірден аңғарғандығын ашып айтады. Екеуі де өздерінің асқақ ақын екендігін жан-жақты танытады. Мәселен, Біржан: «Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын», «Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар, Ауылыңда Тұрысбектің өлер жері», «Міні жоқ бізден шығар сөз бедері» – деп, өзінің ірілігін, кемел ақын екендігін баса тілге алады. Тіптен Сараға «Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап» – деп, салған жерден-ақ дүрсе қоя береді. Біржанның сөз саптауынан шошынған Сараның қажы атасы да: «Не деген сөзі бұзық, антұрған екен», – деп, сескенеді. Содан ол Сараға бет бұрып: «Өнерің ұлдан артық, қарағым-ай» – дей отырып, ата-бабасының аруағы қолдап, жігерлендіре түссін деген тілек білдіреді. Сара да Біржанға дес бергісі келмей, сөз маржандарын ағытады:

Найманда екі жүзді наркескенмін,
Желкенді кеспек үшін қойған сақтап.
Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер,
Саулатсам бейпіл тілді екі жақтап, –

деп, Біржаннан ығыса қоймайтындығын білдіреді.

Бірақ оған Біржан тоқтала қоймайды. Барған сайын өршіп, өзінің ірі ақындық арынын одан әрі кең өріс алдыра түседі. Дегенмен Сара да: «Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған» – дей отырып, Біржан өнеріне жоғары баға береді. Біржан да: «Бар екен жаннан артық сөйлер сөзің», – деп, Сараның ақындық арынына аса жоғары баға береді: Сараның сөзден ұтылмасына көзі жеткен Біржан, ақын қыз өнеріне таңдана қарайды. Жүйріктігіне таң қалады.

Сараның ақындық, әншілік өнерлері оның өз сөзінен де анық аңғарылады. Мәселен, ол: «Кестенің бізі сала алмас» – дей келе, тамаша сөз өрнектерін өреді. Мәселен: Сара өз бейнесін, түр-тұлғасын дәріптеп:

Мойыным сұңғағындай жүзген қудың,
Лебізім шырынындай шәрбат судың.
Қаққанда төңкерілген қас бітімім,
Ашылған айбатындай жібек тудың... –

дейді, одан әрі:

Тамағым жас баланың білегіндей,
Иығым тік сандалдың тірегіндей.

Бет алдым қоңыр қаздың кеудесіндей,
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей...–

деп, өзінің тамаша бейнесін өрнекті сөздермен әдемі жеткізеді.

Әрине, бұл арқылы Сараның талантты ақын, тамаша әншілігімен қатар көркі көз тартатын ерекше сұлу екендігін де анық аңғарамыз. Оның үстіне Сара өзінің асқан жүйріктігін тамаша теңеу, метафоралар арқылы, бейнелі сөздермен әдемі бере алған. Тіптен, өзінің өнер саңылағы екендігін: «Ұшырған тәрбиелеп ақ тұйғынмын» –десе, енді бірде: «Сөз пірім он жасымнан меңгерілген», «Даусыма аспандағы құс айнарлар», «Құбылып тоты құстай төңкерілген», «Сөзім жоқ бір кісіден кем көрінген», «Найманда түлеп ұшқан ақ иықпын, Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім». «Елу күн ғайып болған тоты құспын», «Арғымақ бедеуіңнің бүйірімін» – деп, сөз өрнектерін өреді.

Сараны терең таныған Біржан, оны ақ тұйғынға баласа, күйеуі Жиенқұлды жапалаққа теңейді. Міне, бұдан біз Сараның аса сұлу келбетін аңғарсақ, екіншіден оның трагедиялық тағдырын да анық көру мүмкіндігіне ие боламыз. Әсіресе Сара Жиенқұлды суреттеген сәттерінде ирония мен сарказмды өнімді қолдана білген. Өнердің асқан саңылағы биік Сара өз басына төнген қараңғылыққа, ескілікке наразы бола отырып, есекке қосақталған тағдырына қатты налиды. Оған айрықша жаны ашыған Біржан:

Шырағым Сара, сендей тумас бала,
Шешеннен туармысың сонша дана!..
Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,
Сан жүйрік көріп едім мен жасымнан.
Кемітер қай жеріңнен дұшпан шіркін.
Адамзат озар емес бір басыңнан.

деп, сөгіле қайғырып сөйлейді.

Одан әрі: «Обалың Есенбек пен Тұрысбекке» – дей отырып, «Күйеуің жаман екен, ей, бейшара» – дейді. Сөйтіп, ақын Сараның қор болуына өзінің наразылығын ашық айтады. Сара тағдырына мән бермеген Найман еліне өкпе-назын білдіреді.

Сара – жеке басының қамын ойлаған ақын ғана емес, бүкіл Найман елінің тағдырын ойлайтын, ар-намысы зор зерек қыз. Сондықтан Біржан айтыс барысында ақын қыздың трагедиялық халін анық аңғарып қана қоймайды, сонымен бірге оның бас бостандық алуына көмектеспекші болады.

Теңсіз өмір қайғы ғой жақсы адамға,
Жақсыны берме деген бір жаманға.
Және де аят пенен хадисте бар,
Жылатып берме деген бір наданға, –

деп, ақын Сараға ара түсе тіл қатады.

Сөйтіп, асқан сұлу, тамаша ақын Сараның қортық, басы таз Жиенқұлға зорлап қоспақ боп отырған Есембек пен Тұрысбекке ашына тіл қатып, бұл іс адамшылық тұрғысынан да, дін көзімен қарағанда да орынсыз екендігін ашып айтады, Сараның басына бостандық беруді өтінеді. Тіптен, талап етеді.

Сара да Біржан салдың ақындығын аса жоғары бағалаумен бірге, оның адамгершілік қасиеттеріне көңіл көзін қадап, дән риза болады. Сол үшін де ол:

Ей, Біржан, бұл да жетер бір басыңа,
Жолдас боп тұрсың қарсы сен қасымда...
Сен-дағы жас күніңнен ардагерсің,
Құрбың мен жеткізбеген құрдасыңа.
Ауызың жез сырнайдың кемеріндей,
Әніңнің көз жетпейді бұрмасына...
Ей, Біржан, жасың үлкен, өзің – аға,
Белгілі қымбаттығым, білсең баға, –

деп, терең түйіндеу жасайды.

Сара Біржанды Орта жүздің бірден-бір ірі өнер тарланы ретінде бағалайды. Оның асқан әншілігіне де, ақындығына да жоғары баға береді.

Біржан да Сараның өнер тарланы екендігін анық біледі. Оның әншілігін бұлбұлға, ақындығын аспандағы аққуға, бәйге атына, кең қолтық жібек жал арғымаққа теңейді. Тіпті, оның байпандаған жорға мен жез таңдай әншілігін айта отырып, ақиық, қыран құсқа, мұзбалаққа да балайды. Сара Біржанның шын жүйрік өнер иесі екендігін: «Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған», «Құланның дауысындай көмейін бар», – деп, ерекше баға береді.

Міне, бұлар екі ақынның да ұлылығын, пайым-парасаттарының мол екендігін аңғартып, жалпы өнерді бағалай білетін ірі тарлан талант екендіктерін де анық байқатады.

Айтыстың көркемдік ерекшеліктері Зор талант иелері болған Біржан мен Сара айтысының көркемдік ерекшелігіне көңіл көзін қадар болсақ, оның көркемдік құны күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоғалтқан емес. Өйткені, бұл айтыс сөздерінің

анық, дәл, тепе-тең түсуімен, логикалық ойларының шынайлығымен, көркем де әсем сұлулығымен өз жетегіне үйіре түседі. Сондықтан да бұл айтысты қазақ поэзиясының төрінен бекем орын алатын өнер туындысы деуге болады. Онда көрініс тапқан үздік теңеулер мен эпитет, метафоралар, жалпы троптар мен фигуралар айтыс шырайын аша түскен. Мәселен:

Ақиық, мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес. –

деген жолдардағы тамаша эпитеттік метафоралар, «Қырандай желді күнгі аспандаймын» – деген теңеу де үздік образдылығымен таң қалдырады.

Ақиық ақын Біржан өзін де, біреуді де мақтап-марапаттап дәріптегенде, метафораның ұлғайған түрлерін тауып қолдана алатын ірі талант иесі. Екі ақын да көркем сөз айшықтарын әдемі қолдана біледі. Өздерінің арман-мұраттарын, мұң-шерлерін өрнекті сөздермен байыптап жеткізеді.

«Біржан мен Сара» айтысының өзіне ғана тән тағы бір ерекшелігі, онда қазақ поэзиясында бұрын-соңды қолданылмаған, немесе мейлінше аз қолданылған образды сөздер аса мол. Мәселен: «Қанды көз, май жеп алғыш», «Ақ иық, мұзбалақпын жерге түспес», «Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей», «Өз басым ұрғашының қара тілі», – деген сияқты образды сөздер орны-орнымен қиюластырып қолданылған.

Осындай үздік теңеулер мен метафораларға, эпитет пен фигураларға айтыс аса бай. Онда ирония мен сарказм де өнімді пайдаланылған. Әсіресе айтыстың соңына таяу айтылатын, «Сараға Жиенқұлды шақыр» деген жерлердегі терең тебіреністер кімді болса да тебіrentпей қоймайды. Одан сарказм мен иронияның тамаша түрлерін анық аңғарамыз. Мәселен:

Көрінсін Біржан салға ай секілді,
Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді.
Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым,
Біржанға баламаймын тай секілді...

Асылым құдай берген өз басыма,
Тең келмес жеті Біржан тырнағына.
Найманда ұлы дария саяткерім,
Балық болып ілінгенмін қармағына... –

дейді Сара Жиенқұлды барынша марапаттап.

Онда Сара Жиенқұлды әбден мақтап-марапаттап отырған сияқты болып көрінгенмен, оның ішкі мәнінде, мазмұнында лажсыздан тимек болған үлкен ойдың жемісі жатыр.

Ол Жиенқұлдың көрінісін, бейнесін әжуалап – иронияға айналдырып, өзінің теңі еместігін әдемі жеткізіп отыр. Сырттай мақтаған сияқты болып көрінгенімен, іштей оған налу, ренжу бар. Сара оны ашықтан-ашық шенейді:

Қонжиып мінер құла жорға барса,
Келе алмас ол шірігін қорғаласа,
Рас бізді шын масқара қылар сонда,
Қорс етіп бармаймын деп үйде қалса.

Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,
Ербиер елсіз тауға шыққандай-ақ...
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,
Он мата арқасына тыққандай-ақ? –

деп, күйеуінің кемшілігін жасырмай айтады.

Бойы қысқа, басы таз, өзі құныс Жиенқұлға тең еместігін білдіреді. Сөйтіп, тигелі отырған күйеуін өлтіре сынайды. Сүймеген адамына малға сатылып бара жатқандығын анық аңғарта отырып, озбыр үстем тап иелеріне наразылығын білдіреді.

«Біржан мен Сара» айтысында да өз руын, рушылықты мадақтайтын тұстары болғанымен, оның негізгі түйіні – әйелдің бас бостандығы, әйел теңдігі мәселесі. Міне, оны екі ақын бірдей жырлап, халыққа ой тастай үн қатады.

Екі ақынның екеуі де феодалдық салтқа қарсы шығып, батыл сынға алуы – сол кезден-ақ прогрестік идеялардың қылаң бере бастағанын аңғартқандай. Біржан мен Сара бірін-бірі терең танып, өздерінің ақындық арынын, шын мәніндегі өнер иесі екендігін жоғары бағалай біледі. Сөйтіп, «Біржан мен Сара» айтысы – салт айтысының ең тамаша үлгісі деуге болады.

Мұндай айтыс – айтыс өнерінде аса сирек кездеседі. Рас, бүгінгі таңда да айтыс өнері кең өріс алуда. Бүгінгі айтыстарға кілең оқыған, өмірден көрген-білгендері мол, сауатты ақындар легі келіп қосылуда. Бұл, біріншіден, айтыстың өміршендігін көрсетсе, екіншіден, айтыс өнерінің ауқымы кеңейіп, дамып бара жатқандығын жан-жақты аңғартады.

Дәл қазіргі таңда Өзбекстан өңірінде де айтыс өнері дамып, кең өріс ала бастады. Өз іргетасын алғаш рет 1989 жылы Өзбекстан Жазушылар Одағының конференция залында, Қазақ әдебиеті кеңесінің төрағасы, белгілі ғалым Қалдыбек Сейдановтың басшылығымен қалаған ақындар легі дүниеге келді. Нәтижеде, жыл сайын Өзбекстан өңірінде де

ақындар айтысы, «Мүшәйра» өткізіліп келеді. Оған республикалық Қазақ мәдени орталығының басшылары: Артықбай Үкібаев, Тұрсымат Қалбаев, Мейірманқұл Бәкіров сияқты т.б. ел ағалары мұрындық болып, облыстар мен аудандарда талай-талай айтыстар ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болды.

Бұл орайда: Абайдың, Жамбылдың, Базар жыраудың 150 жылдықтарына, сондай-ақ, Нәзір Төреқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ғафур Ғұлам сияқты ұлы тұлғалардың 100 жылдық мерейтойларына байланысты өткізілген ақындар айтысын атай аламыз.

Өзбекстан Жазушылар Одағы жанындағы Қазақ әдебиеті кеңесіне, 1989 жылдан бастап шоғырланған жазба ақындармен бірге, бір топ айтыс ақындары да өмірге келді. Бұл ретте: марқұм Әшірмат Мұсаев, бүгінгі таңда өздерінің ақындық арынын жан-жақты таныта түскен: Құлмахан Дүйсенов, Темірхан Әлиханов, Мекембай Омаров, Бөрібай Оразымбетов, Нұрхан Түймеқұлова, Қаһарман Бекжанов, Гүлнара Әлімбаева сияқты т.б. айтыс ақындарын атауға болады.

Сөйтіп, соңғы он-он бес жылда Өзбекстан өңірінде де айтыс ақындары тобы жетіле бастады. Олар да Алматы мен Астанада, Қазақстанның түрлі елді мекендерінде өтіп жатқан айтыстарға қатысып, өздерінің ақындық дарындарын жан-жақты танытып, жүлделі орындар иелеуде.

Міне, бұл да тәуелсіз Өзбекстан өңірінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің өсуіне мол мүмкіндіктер туғызылғандығының бірден-бір айғағы десек, артық айтқандық болмас.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақындар айтысының негізгі ерекшеліктері қандай?
2. «Біржан мен Сара» айтысында қандай әлеуметтік мәселелер көтерілген?
3. Біржан сал Сара тағдырына қалай қарайды?
4. Айтыста Біржан мен Сараның ақындығы, әншілігі қалай көрінеді?
5. Сараның ақындығы мен көркем келбетін ашуда Біржан не айтқан?
6. Жиенқұл айтыста қалай сипатталған?
7. «Біржан мен Сара» айтысының өзіндік ерекшелігі неде?
8. Бүгінгі таңдағы айтыстардан нені білесіңдер?
9. Өзбекстандағы айтыс ақындарынан кімдерді білесіңдер?
10. Құлмахан мен Мекембай, Бөрібай мен Нұрхан айтыстарынан үзінділер оқыңдар.

Екінші бөлім



XV–XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ халқы он бесінші ғасырдың орта шенінен бастап, өз алдына хандық құрып, халық боп қалыптаса бастағандығы тарихтан аян. Сондықтан да XV–XVIII ғасыр аралығындағы қазақ поэзиясының бір жөн бал бұлақтары, аты бізге мәлім болған кейбір ақын-жыраулардың кішігірім шығармалары, біздің заманымызға толғау ретінде жетіп келген.

Осы кезеңдерде жасаған кейбір қазақ поэзиясының ірі өкілдері жайлы кезінде Шоқан Уәлиханов та өз ойларын ортаға салған болатын. Мәселен: ол Асан қайғы, Тәтіқара, Марқасқа жыраулар жөнінде, олардың ақындығы туралы ой толғап, өз бағасын білдірген.

Біз тарихта аты мәлім ақын-жыраулар XV ғасырдың орта шенінен белгілі бола бастайды. Бұл орайда Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған.

Бізге тарихта аты мәлім ақын-жыраулар XV ғасырдың орта шенінен белгілі бола бастайды. Бұл орайда Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Тәтіқара сияқты жыр дүлдүлдерін атай аламыз.

Олардың афоризмге, мақал-мәтелдерге айналып кеткен, нақыл болған философиялық толғаулары, тамаша әдеби мұра ретінде бізге дейін жетіп келген. Әрбірі өз заманасы жайлы, ел бірлігі туралы өз ойларын жыр-толғауларында білдіріп отырған.

Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет секілді т.б. ақын-жыраулардың шығармалары 1875 жылдан 1917 жылға дейін әр түрлі жинақтарда, кітапшаларда жарық көрген болатын. Дегенмен, осы кезеңдерде жасаған ақын-жыраулардың шығармалары негізінен бізге толғау түрінде ғана жетіп келгендігін анық аңғарамыз.

Ал, «толғау» деген сөздің негізгі мағынасы «толға», немесе «толғап жібер» деген бұйрық рай етістіктен шыққан деуге болады. Өйткені алқалы топ, жиылған күллі жұртшылық ақын-жырауларға: «Кәне, бір толғап жіберші», «Жырла», «Жырлап жіберші», «Толғашы» деген өтініш, ұсыныстардан өмірге келген десек, артық айтқандық бола қоймас. Сондықтан да XV–XVIII ғасыр аралығындағы әдебиетті – жыраулар поэзиясына жатқызуды орынды деп білеміз.

АСАН ҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ

(XV ғасыр)



Халқымыз арасында аты аңызға айналған ірі тұлғаның бірі – Асан қайғы. Оның өмірі аңыз әңгімеге айналып кетсе де, ол жайлы бізге дейін бір қатар мәліметтер жетіп келген. Дегенмен, күні бүгінге дейін Асан Қайғының қай жылы туылып, қай жылы дүниеден өткендігі жайлы мәліметке ие емеспіз.

Бірақ, халық арасында кең таралған аңыз-әңгімелерде Асан қайғыны жырау деп атамайды. Оның негізгі себебі, біріншіден Асан қайғыға байланысты өлең-толғаулардың, халық арасында көп сақталмағандығы болса, екіншіден, оның есіміне «қайғы» деген анықтауыш сөз қосылғандықтан, оған тағы бір «жырау», немесе «ақын» деген сөзді қосып айту – оншалықты орынды бола қоймауы да мүмкін. Бірақ, Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында Асан қайғыны «Дала философы», «Дала данышпаны» деп, аса жоғары бағалаған болатын.

Асан қайғы жөнінде айтылған аңыз-әңгімелердің қай-қайсында да, тіптен өзге халық аңыз-әңгімелерінде де, ол негізінен Жәнібек хан жасаған дәуірдің дәуірінің адамы болып сыр шертеді.

Әрине бұл – қазақ халқының қалыптасу жолына енді ғана бет бұра бастаған кезі болатын. Бұл кезде қазақ халқының бірқатар рулары ноғайлы деген атпен өмір сүргендігін де тарихтан жақсы білеміз.

Ал олардың қазақ халқының халық болып құрамына қосылуы, XVI ғасырдың орта шеніне, тіптен аяғына дейін созылған деуге де болады. Сондықтан да, осы тұрғыдан көңіл аударсақ, Асан қайғының ноғайлы адамы ретінде тілге алынуы ешкімді де таңдандырмауы қажет. Белгілі тарихшы Құрбанғали Халитұлы өзінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде, Асан қайғы жайлы өз ойын айта келіп: «Асан қайғы асылы ноғай еміш, Шыңғыс ханның мұғасары, ұлан Майқы бидің алтыншы

небересі дейділер» –десе, тағы бір ұлағатты ойында оның ноғайлыдан шыққандығын анық дәлелдей түседі. Оның үстіне, Найман Құдабай ақыннан жазып алдым деген мына бір өлең жолдарын да келтіреді:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұл сөзге анық-қанық емес едім,
Естігенім, тақсыр-ау, бұлай деймін.

Түбінде ноғай, қазақ түбіміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
Ормамбет хан ордадан шыққан күнде,
Асан ата қайғырып айтыпты жыр,

– дейді.

Міне, Құдабай ақын бұл сөзді, Құрбанғали Халит ұлына 1885 жылы, 18 жастағы жігіт шағында, «әкем Қойшаннан есіттім» деп айтқан көрінеді.

Сонда, Асан қайғы Майқы бидің алтыншы ұрпағы болса, Майқы би Шыңғыс ханның (1155–1227) замандасы. Әрі, Үйсін руының белгілі ханы – басшысы болған адам.

Асан қайғы Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген, белгілі қайраткер ретінде тілге алынады. Оған хан Асан қайғының Жәнібек атына айтқан бірқатар толғаулары анық дәлел болғандай. Мәселен:

Ей, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқанымә көнбейсің.
Жайылып жатқан халқын бар,

Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің, –

дейді ақын, Жәнібекке батыл тіл қатып.

Асан заман, өмір жайында айтқан толғауларында өз дәуіріндегі өзекті, көкейтесті мәселелерді көтереді. Мәселен, ол: «Бұл заманда не ғаріп», «Көлде жүрген қоңыр қаз» деген толғауларында өмірдің, табиғаттың, адам мінез-құлқының әр алуан құбылыстарын баяндайды.

Әсіресе, Асан қайғыға байланысты туған аңыз-әңгімелердегі өзекті ой – жер, жақсы қоныс іздеу, қазақ халқына қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтындай жақсы өмірді аңсау идеялары кең өріс алған. Мәселен Асан ата:

Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.

Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп, –

дей отырып, одан әрі:

Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін.

Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін! –

деп, өмірлік мәні бар мәселелерді көтереді.

Асан қайғы ел қадірін, жер қадірін білу – кез келгеннің қолынан келе бермейтінін ашық айтады. Ол өзінің «Тақырлауға қонған қаз, тырна» деп басталатын өлеңінде:

Тақырлауға қонған қаз, тырна,
Таң маңында ұшар ол.
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдан атар ол.
Қызыл изен, боз жусан,

Сарыарқаға бітер ол.
Таңдайға біткен қызыл тіл,
Жаққа біткен отыз тіс,
Тірлікте не шайнасаң жұтар ол.

дейді.

Асан жайлы айтылған аңыз-әңгімелерде ол жанға жайлы, малға, қолайлы мекенді іздейтіндігі анық аңғарылады. Соны дәріптейді, халық қамын, халық мүддесін ойлайды. Сондықтан да Мұхтар Әуезов: «Қазақ халқы өзінің тарихи жолында Асан есімін өктемдікке қарсылықтың символындай сезді. Ел мұңын жоқтаған ақындардың Асан есімін ауызға ең алдымен алатыны да осыдан», – дейді.

Асан қайғы жөнінде таралған бірқатар аңыз-әңгімелерде, оның XV ғасырда өмір сүрген нағыз халық қамқоршысы, ел бірлігін сақтаған, соны арман еткен ірі философы ретінде тілге алынады. Тіпті, оның баласы жайында айтылған бірқатар аңыздар да бізге жетіп келген. Оның баласының есімі – Абат делінеді.

Дегенмен, Асанның туған жері, өлген кезі, жері туралы аңыз-әңгімелер бізге жетіп келмеген болса да, баласы Абаттың өлген жері жайлы аңыздар баршылық.

Кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда, Асан қайғының баласы Абат Ақтөбе облысы, Қобда ауданына қарасты Байтақ деген жерде, үлкен жиын үстінде желмаясы үркіп кетіп, содан құлап өлген көрінеді. Оның денесі сол елді мекенде жерленіпті.

Асанның өлең-толғаулары делініп жүрген шағын өлеңдері мен кейбір шумақтары сан ғасырлардан бері ауыздан-ауызға өтіп, олардың кейбіреулері ғана бізге жетіп келген. Оның үстіне, ол жыр-толғауларда сол кездегі көне заман ақындарының жыр-толғауларындағы өзіндік ерекшеліктері әдемі сақталған. Мәселен, Асан ата:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер.

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер.

дейді.

Орайы келгенде бір айта кетерлік жайт, Асан қайғының қайсы бір өлең-толғауларын алсақ та, бастан-аяқ параллелизм тәсілімен жасал-

ғандығын анық аңғарамыз. Өйткені, жоғарыда келтірілген толғау үлгісі – синтаксистік параллелизмнің тамаша үлгісімен жазылғандығын аңғару оншалықты қиын емес. Бүкіл рухымен толғау жанрының тамаша сипаттарын анық танытады.

Шынында да психологиялық, синтаксистік параллелизмдер Шығыс поэзиясында ерекше орын иелейді. Оларда тәлімдік-тәрбиелік дәстүр кең өріс алумен бірге, өмір сырларын бейнелеп беру тәсілі де аса мол орын алады. Мәселен, Асан ата:

Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.

Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүреді, –

дейді.

Міне, ол осылайша өмір көріністерін бір-бірімен салыстыра, ұқсатып сипаттау арқылы, ылғи да қорытынды жасап отырады. Бұл әрине, сол кездегі жыраулар поэзиясына тән сипат деуге болады. Оның үстіне, дыбыс үндестігіне сүйене отырып, өлең-толғау айту тәсілі де Асан ата шығармашылығында анық байқалады. Әсіресе жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен айтылған толғаулары, өзінің ойнақылығымен де, тартымдылығымен де оқырмандарды өз жетегіне үйіріп алады. Мәселен:

Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,

Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің, –

деп, өзінің өкпе-назын білдіреді.

Тағы бірде ол:

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген.

Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға.

дейді.

Шынында да Асан қайғының өлең-толғаулары біздің заманымызға көп өзгерістерге ұшырап, аздап қана жетіп келген. Оның «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» деп басталатын өлең-толғауына ой көзін қадасақ, онда үлкен әлеуметтік мәні бар мәселелер көтерілген. Онда өмірдің терең сырлары, тіршілік сипаттарының негізі жатқандығын байқау қиын емес.

Сөйтіп, қазақ әдебиетінің алғашқы өкілі ретінде Асан қайғы өлең-толғауларынан, XV ғасырдағы қазақ халқы басынан өткізген елеулі тарихи оқиғалардың тамаша елестерін анық аңғарамыз.

Оның есімі қазақ сахарасының қай түкпіріне барсаң да бірдей, ерекше құрметпен тілге алынады. Халық оны әулие тұтып, ерекше жаратылған жан ретінде дәріптейді. Ел арасына тараған кейбір аңыз-әңгімелерде, Асанның әкесінің есімі Саятшы Сәбит болған деседі. Белгілі ғалым Құрманғали Халит ұлының «Тауарих хамса» атты еңбегінде Асан ата өз өмірінің біраз уақытын Алтын Орданың ханы Ұлуғ–Мұхамедтің төңірегінде өткізген деген ойды да алға тартады.

Ол алғаш Сарай қалашығында, одан соң Қазанда ханның оң тізесін басқан, аса ықпалды билерінің бірі болған көрінеді. Содан соң Асанның жаңадан ел болып, етек жимақ болған әз Жәнібек ханның жанында болғандығын аңғарамыз.

Рас, Асан қайғыны үнемі хан маңынан көреміз. Дегенмен оны сарай ақыны деуге болмайды. Өйткені ол өзінің толғау өлеңдерінде хандарды дәріптеп, мадақтамайды, қайта хандарға үнемі өктем үн қатып, оларды халық қамын ойлауға жұмылдырып отырады. Ылғи да әділін айтып, олардың кемшілігін бетіне басады. Сондықтан да «Дала уәлаяты» газетінің 1897 жылғы 41 санында: «Бұл қария қашан да ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» – деп жазылған болатын.

Шынында да Асан қайғы хандардың халық болашағын ойламайтындығын ашық айтып, кейде оларды кінәлап отырған. Сөйтіп ол, үнемі халық тілегінің жоқтаушысы бола білген. Оның үстіне Асан есіміне «қайғы» деген сөзді қоса айту, оның халық үшін қайғырған, олардың келешегін ойлаған дана данышпаны деуден туған. Асан қайғы үнемі халық бақытын, ел тыныштығын ойлады. Енді бір аңызда Асанның қайғы атануының бір себебі былай беріледі. Асан жастық шағында бір балгерге бал аштырған көрінеді. Сонда ол: «Саған су перісі, су сұлтанының қызы несіп болайын деп тұр екен» – деген көрінеді. Соңыра: «Төрт үлкен өзен бар: Күн батыста Еділ, Жайық – екі су, Оңтүстікте ұзын аққан Сырдария, Шығыста өр Ертіс. Бәріне де қармақ сал, бірінен болмаса бірінен ілінер», – деген ойды алға тартыпты-мыс.

Содан перінің қызы Асанның қармағына, Ертіс өзенінің бас жағынан ілініпті. Ол қыздың: «Адамзаттан бөлек түрі жоқ, сұлулықтан міні жоқ, жалғыз-ақ айыбы – тілдесуге тілі жоқ екен». Некелесіп, бас қосып, біраз бірге болған соң, өзара түсінбеушіліктің салдарынан, бір-бірінің шарттарын орындай алмағандықтан, әлгі су перісінің қызы Асанды тастап, көкке ұшып кетіпті.

Бұдан Асан қатты қайғырып, өкінеді, ренжиді. Сол себептен ол, Асан қайғы атанып кетіпті деген аңыз-әңгіме халық арасында баршылық.

Әрине, халық ұғымындағы Асанның қайғысы ондай емес, күнделікті өмірдің күйбеңі тудырған, халық үшін жақсы заманды аңсаудан туған қайғы-қасірет деуге болады.

Асан қайғы жайындағы тамаша аңыздың бірі, оның «Жер ұйықты» іздеуі деген болар ек. Асан қайғы халықтың, елдің көріп отырған тұрмыс-тіршілігіне қанағаттанбайды. Мекен еткен қоныстарын жерсінбейді. Халық болашағын ойлап қамығып, қайғырады. Оның ойынша жер үстінде адам баласы жасайтын тамаша жұмақ бар деп ойлайды. Ол «Жер ұйық» деген жер деп біледі. Ол жерде адам баласы жүзге келмей өлмеген, малы бір жылда екі рет төлдеген, елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін берекелі жер деп түсінеді. Ол жерді шөбі шүйгін, суы аса мол, шаруаға жайлы қоныс деп пайымдайды. Онда адамдар қайғы-қасірет дегенді білмейді, қастандық деген болмайды, шат-шадыман тұрмыс кешеді деп түсінеді.

Сөйтіп, Асан жел-маясына мініп ап, сондай жерлерді іздей бастайды. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Асан бармаған төбе, ол түстенбеген бұлақ болмайды. Әр жерге, әр елге барғанда өзінің бағасын беріп кетіпті. Мәселен: Алматы өңіріне келгенде «Үш Алматы деген жер бар екен. Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей. Осы бір жерді қимадым», – деген екен дейді. Одан соң Шымкент пен Сайрам маңын көргенде: «Екі басса бір базар, малда береке болмайтын, екі басса бір мазар, баста береке болмайтын, базары жақын – байымас, мазары жақын – көбеймес жер екен» – деп, баға берген деседі. Одан әрі Семейтауды көргенде:

Төс табаны төрт елі,
Атан жүрер жер екен.

Төсегінен түңілген,
Адам жүрер жер екен, –

деп, баға берген екен.

Асан қайғы қазақ халқы үшін шұрайлы жер, тамаша қоныс іздеп талай жерді аралапты. Әр жерге келгенде өз бағасын беріп кете беріпті. Мәселен: «Шідерті» деген өзен жағалауына келгенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бататын жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай, тоқтай қалатын жылқының жері екен», – дейді.

Сондықтан ол жер «Шідерті» атанған екен. Одан соң «Түндікті» деген өзен жағалауын көргенде: «Он екі тұтам қазылық, үй түндік, маңырап жатқан қой түндік, қойдың құлағы тұтам шығып тұратын жер екен», – деп, ол жерге де бағасын берген көрінеді.

Ал, Ереймен таудың етегін көргенде: «Желдің жеті есігі бар екен, қыс болса жылқы тұрмас, жылқы тұрса ішіндегі құлыны тұрмас. Ораздының жайлауы, жиырлының қыстауы екен», – депті. Соңыра Терісқаққан жерін көргенде: «Уа, шіркін, Сарыарқаның тұздығы екен. Тек, анда-санда обып қоятын жұты бар екен. Бірақ, артынан мал тез өсетін жер екен» – деп, ерекше бағасын беріпті.

Міне сөйтіп, Асан қайғы желмаясына мініп алып, талай жерлерге барып, елді мекендерді аралап, оларға өз бағасын беріп кетіпті.

Қорыта айтқанда, Асан атаның қайғы-мұңы – халық қайғысы, халық мұңы, халық арманы. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын тамаша өмірді армандаудан туған ойлары.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Асан қайғының өлең-толғауларында қандай мәселелер көтерілген?
2. Асан ата неліктен Асан қайғы атанған?
3. Асан қайғы желмаясына мініп не іздеген?
4. Асан қайғы қандай жерлерге қалай баға берген?
5. Ата-әжелеріңнен Асан қайғы жөнінде не білетіндігін сұраңдар.

* * *

АСАН ҚАЙҒЫ ТОЛҒАУЛАРЫ

Ай, хан, айтпасам білмейсің,
Айтқаным көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
...Оны неге білмейсің?!
Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан
Мұны неге білмейсің?!
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін, түледі, –

Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді:
Құладың қуды өлтірсе –
Өз басына келеді!
Құлың көп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?
...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!
...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма!?
Мұны неге білмейсің!
Қош, аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің!

* * *

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп;
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп;
Қадірін жеңге білмесе,
Бойға жеткен қыз ғаріп;
Ел жағалай қонбаса,

Бетегелі бел ғаріп;
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғаріп;
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.

* * *

Есті көрсең кем деме,
Бәрі тұйғын табылмас,
Қарындасын жамандап,
Өзіңе туған табылмас.
Адам әзіз айтар деп
Көңіліңді салмағыл.
Нәпсі алдаушы дұспанның
Насихатын алмағыл,
Бақыты оянған ерлердің
Әрбір ісі оң болар,
Дәулеті күнге артылып,
Не қылса да, мол болар,
Тазылары түлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,

Сөз сөйлесе жөн болып,
Не десе де жарасар,
Бай, байсын деп ат қойып,
Ел аузына қарасар.
Арғымаққа міндім деп
Артқы топтан адаспа,
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа,
Артық үшін айтысып
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама,
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

* * *

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімненен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.

Ақың болса біреуде
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

(XV ғасыр)



XV ғасырда жасап, өз соңына бірқатар өлең-толғаулар қалдырған аса талантты ақындардың бірі – Қазтуған жырау. Күні бүгінге дейін жыраудың қашан туылып, қай жылдары дүниеден өткендігі жайлы мағлұматқа ие емеспіз. Оның толғауларына тереңірек үңілер болсақ, онда да Асан қайғының өлең-аңыздары, толғаулары секілді қазақ халқының халық боп құрыла бастау тұсындағы жайлы қоныс, жақсы мекенді іздеу мәселелері сөз болады.

Қазтуған да өмірге ерекше сүйіспеншілікпен қарап, ел арасында болып жатқан өзгерістерге өз ойын білдіріп отырған. Мәселен: оның «Бұдырайған екі шекелі» атты шағын ғана толғауына назар аударсақ, сырттай қарағанда ол өзін таныстыру сияқты болып көзге түскенімен, оның көркемдік ерекшелігіне мән берсек, өзін таныстыру барысында-ақ адам бейнесін, ақын тұлғасын, сыртқы көрінісін әдемі сипаттай алғандығын байқаймыз. Одан біз батырлар жырының әсерін де аңғарғандай боламыз. Дегенмен де, жыраудың толғауларында өзіндік сөз өнерін танытарлық өткір де уытты жолдар баршылық. Өйткені жырау «Бұдырайған екі шекелі, мұздай үлкен көбелі» дей отырып, метафора бөлшектерін ұтымды пайдаланады. Оның үстіне жырау:

Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан, –

деп, өткен дәуірдің көркемдік сөз үлгілерін әдемі пайдалана білген.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жайт, Қазтуған жырау толғауларында батыр мен жырау бейнесі бір адамның бойына жинақ-

талады. Сондықтан да оның ноғайлының батыр-жырауы аталуы осы себептерден болса керек.

Қазтуған жырау толғаулары көлемі жағынан шағын болып келсе де, оның ішкі мәні, мазмұны жағынан толғау түрінің өзгеше бір қырын аңғартады. Ел арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда, Қазтуғанды ноғайлы-қазақтың «батыры», «жорықшы жырауы» деп тілге алады. Өйткені оның толғауларында ерлік рухы, батырлық лебі анық еседі. Ерлік лебі мен өжеттілік әуендері де мол. Осыған қарағанда, Қазтуған толғауларын батырлар жырының жеке бір, жырау атымен сақталған бір жалғасы деуге де болады. Сондықтан Қазтуған толғаулары әдебиетімізде кейін қылаң беретін ерлік толғаулардың басы, бастау бұлағы десек те болады. Жыраудан бізге жеткен екі жыр-толғауының өзінен-ақ оның өзіндік ерекшеліктерін, жыраулық арынын байқауға болады. Мәселен, ол:

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі.
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек окқа кірісті.

Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені.
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы, –

дейді де, одан әрі ойын тереңдей түсіп:

Билер өтті – би оңы,
Би ұлының кенжесі.

деп, көп жайттың бетін аша бастайды.

Бұл, сырттай қарағанда, төкпе жыр шырайын аңғартқанымен, ерікті, аралас ұйқас арқылы берілген көркемдік бітімі тым өзгеше. Яғни жырау, өзін таныстыру барысында қолына қару ұстаған батырдың, ел бастаған басшының, аузына киелі сөз салған шешеннің бейнесін анық көрсетеді.

Сөйтіп, жыр-толғаудан бір сырлы, сегіз қырлы адамның тұлғасын аңғарамыз. Толғауда көрініс берген теңеу, метафора, эпитеттер ауыз әдебиетіміздегі байырғы дәстүрлерді анық аңғартқандай. Мәселен: Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын толғауына назар аударсақ, одан ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін байқаймыз:

Боташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған...

Міне, мұнда батырлар жырындағы дәстүрлі суреттеу тәсілдерімен сабақтасып жатқандығын байқау оншалық қиын емес. Рас, ауыз әдебиетінде табиғаттың белгілі бір құбылыстарын төрт түлік мал арқылы салыстыра айту, теңей сөйлеу – тұрақты көркемдік тәсілдердің бірі болатын.

Қазтуған жырау өз толғауларында осы әдісті өнімді пайдалана білген. Оның үстіне, толғаудың негізі, жанрлық төркіні ауыз әдебиеті үлгілерінде, оның ішінде батырлар жырында жатса, оның көркемдік тәсілдері де сол арнадан туындап жатады.

Қорыта айтқанда, Қазтуған жырау толғаулары сыртқы пішіні, өзіндік түрі, ұйқастарымен ғана емес, бүкіл рухымен толғау жанрының жалынды сипаттарын анық аңғартады. Онда толғауға тән елдік пен ерлік мәселесі ерекше асқақ шабытпен жырланады.

Сондықтан, қазақ поэзиясының төл сипаттарының бірі болып табылатын суырып салма (импровизация) дәстүрінің алғашқы арнасы, бастау бұлақтары, осы Қазтуған жыраудың толғауларында жатыр деуге болады. Өйткені, Қазтуған толғауларында ерлік пен елдік ерекше дәріптеліп, ылғи да кең өріс алып отырады. Бұл да жырау поэзиясының өзіндік ерекшелігін, сонылық сипатын анық байқатады...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазтуған жырау толғауларында қандай мәселелер көрініс тапқан?
2. Толғауды қалай түсіндіңдер?
3. Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауын жаттап алыңдар.
4. «Бұдырайған екі шекелі, мұздай үлкен көбелі» толғауының ішкі мәнін қалай түсіндіңдер?

* * *

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНАН:

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Аққала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау
Қазтуған батыр туған жұрт,

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қонымды жуған жұрт.
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт.

* * *

Салп-салпыншақ анау үш өзен
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Боташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас.
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

ШАЛКИЗ ЖЫРАУ ТІЛЕНШҰЛЫ (1465 – 1560)



Кейбір тарихи аңыздарға қарағанда, Шалкиіз жырау ноғайлының ұлы биі – Мұсаның қызынан туған деседі. Әрі оны, Алшын руы ішіндегі Қияс тайпасынан шыққан дейді. Оның ата мекені – Батыс Қазақстан облысы. Үш айлығында анадан жетім қалған Шалкиіз, нағашы атасының қолында тәрбиеленіпті. Кейбір деректерге қарағанда ол, жастайынан-ақ тәкәппарлау, атақ құмар, билік құмар болып өскен көрінеді.

Жыраудың өр мінезі Шалкиіз жайлы айтылған бірқатар аңыз-әңгімелерден ғана емес, тіпті оның шығарған толғауларынан да анық аңғарылады. Жырау өмірінің біраз уақыты ноғай ордасының әміршісі – Би Темірдің төңірегінде өтеді.

Атақты Едіге батырдың шөбересі Темір би – Батыс тарихшыларына да, Шығыс тарихшыларына да белгілі адам болған. Сондықтан да Шалкиіз толғауларының дені – Би Темірге арналған. Біріншіден, ол өзінің Би Темірден қуғын көрген сәттерін жыр жолдарына қосса, екіншіден, Би Темірді қажы сапарынан тоқтату мақсатын көздейді. Осы екі толғауында анық байқалатын мәселе – әділдік пен шындық.

Би Темір өлген соң Шалкиіздің өмірі Мамай мен оның інісі Жүсіптің төңірегінде өткен көрінеді. Бұл – XVI ғасырдың 40–50-жылдары, яғни ол Жүсіп пен Ысмайылдың билікке таласу дәуірін қамтиды. Өйткені Шалкиіз жырау, Жүсіп партиясын жақтайды. Дегенмен де, Ысмайылдың ықпалымен Жүсіп Шалкиіз жырауды ығыстыра бастайды. Содан қарт жырау – өз несібесін басқа жұрттан іздеу мақсатында, Жүсіптен аулақ кетеді.

Оның бізге жеткен жыр-толғаулары небәрі 600 жол шамасында. Өйткені, Шалкиіз ешкімнің бет-жүзіне қарамай кемшіліктерін ашық айтып, ылғи да үстем тап иелерін сын астына алып отырған. Мәселен, Шалкиіз:

Жақсыңнан мені кем көрсен,
Жаманыңмен тең көрсен,

Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда,
Ырысымды сындайын,
Сегіз қиыр шартараптан іздермін!

деп, ешкімнен тайсалмай ойларын ашық айтады.

Ол «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын толғауында Мамай мен Орақ тарапынан қуғын көргенде айтқан көрінеді. Ол ешкімнен қаймықпайтын, батыл айта білетін жырау болыпты.

Шалкиіз ноғайлының батыры, әрі бес-алты ханның тұсында өмір сүрген белгілі жырауы болған деседі. Хандардың көбімен келісе алмаған жырау, өмірінің соңғы кездерінде Мамай ханның жанына келіпті. Сонда ноғайлының біраз билері Шалкиізді күндеп, өлтірмек болғанда, оларға Маман би: «Сендер өлтірмей-ақ қойыңдар, ертең елге жау тигенде, жалғыз өзін жаман торымен жіберейік, сонда өзі-ақ жау қолынан өледі», – деген екен дейді.

Шындығында да елге жау шапқанда Маман би дәл солай етіпті. Бірақ аса батыр, ержүрек жырау олардан ығыспай, жауды қуып, өзі аман қалыпты. Ұзақта қарап тұрған Маман биге келіп, өзінің жоғарыда айтқан толғауын айтып, өз жөніне жүріп кетіпті. Маман би – XVI ғасырдың бірінші жартысында жасаған ноғайлы елінің ру басы, биі әрі батыры болған адам.

Шалкиіз жырау толғауларының ішінде «Балпаң, балпаң басқан күн» толғауы ерекше. Өйткені онда Ормамбет би өлген кездегі Ноғайлы елінің қайғы-қасіреті жыр жолына қосылады. Кейбір деректерге қарағанда, Тінахмет баласы Ормамбет 1597 – 1598 жылдары дүниеден өткенде, Шалкиіз жыраудың жасы 150-лер шамасында болған екен. Әрине, бұл оншалық шындыққа жанаса бермесе де, халық өзінің аса талантты сөз зергерлерін ұзақ жасатып, ұзақ өмір сүргізіп отыруды басты мақсат еткен.

Бірақ, Шалкиіз жырау толғауларында елдік пен ерлік ылғи да дәріптеліп отырады. Оларда көне дәуірдің көркем көріністері, халықтың дүние танымдары, өмірді түсіне біліп, оны терең бейнелеу тәсілдері анық аңғарылады. Ең негізгісі, ол кездегі жыраулар өз ойларын қарадүрсін баяндау жолымен емес, оны бейнелі түрде, образдылықпен жеткізе білген. Өмірдің әр алуан көріністерін, құбылыстарын салыстырып, өз толғауларында баса сипаттаған. Мәселен: Шалкиіз жырау толғауларында табиғат пен адам егіз құбылыс ретінде суреттеледі. Екеуінің арасындағы ұқсастықтарды айта отырып, жырлағалы отырған

тақырыптарының мәнін ашады. Оны біз ақынның «Шағырмақ бұлт жай тастар», «Жапырағы жасыл жау терек, шайқалмағы оның желден дүр», «Жапалақ ұшпас жасыл тау, жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау», «Аспанды бұлт күрсайды, күн жауарға ұқсайды», «Қоғалы көлдер, құм сулар», «Арқаның құба жолында, арыстан ойнар шарқ ұрып» сияқты және т.б. жыр-толғауларынан анық аңғарамыз.

Шалкиіздің жыр толғауларында адамдық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық арасындағы кереғар мәселелер көтеріледі. Тіптен жырау: «Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық», «Бір жақсымен дос болсаң, азбас, тозбас мүлкі етер, бір жаманмен дос болсаң, күндердің күні болғанда жәміле ғаламға күлкі етер», «Дұшпанға белінді шешіп инанба, илантып тұрып өлтірер» – деп, өмірлік әлеуметтік мәселелерді ашып айтады.

Шалкиіздің Би Темірге арнаған толғауларында феодалдық-рулық қоғамның шындығы өз шешімін анық тапқан. Жырау толғауларында өмірлік мәні бар, тәлімдік-тәрбиесі аса мол мәселелер көтеріліп отырады. Мәселен, жырау:

Жауға кисең, берен ки,
Егеулеген болат өте алмас.
Есендікте малыңды бер де, батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе,
Дұшпанның қолы жете алмас!
Бар күшінді сынамай
Балуандармен күреспе...

немесе:

Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақты,
Жаманға жақыным – деп сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман өз басыңа айғақты,

дейді.

Би Темір қажыға бармақ болған сәтінде, құдайға құлшылық ету, тек Меккеге барумен ғана өлшенбейтіндігін өз толғауында әдемі жеткізеді. Ол:

Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі бәйтолла,
Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасапты, –

деп, тоқтау айтады.

Ақын өмірдің бір орында тұрмай ылғи да өзгеріп, жаңарып отыратындығын да өз толғауларында сәтті жеткізеді. Мәселен:

Қоғалы көлдер, құм сулар,
Кімдерге қоныс болмаған.
Саздауға біткен қара ағаш,

Кімдерге сайғақ болмаған,
Жағына жалаң жібек байлаған,
Арулар кімнен қалмаған... –

деп, жалған дүниенің опасыздығын да жыр жолдарына қосады. Ешкімде «Қырық жыл байлық, қырық жыл жарлылық жоқ», – деген идеяны философиялық тұрғыдан әдемі жеткізеді.

Шалкиіз жырау толғауларында сөз қолдану, оны көркемдік тәсілмен сипаттау жағынан да, ұйқасы, ырғағы жағынан да халық ауыз әдебиеті үлгілерінің сарыны байқалады. Мәселен, ол:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан торғай шырылдап кеп қона алмас.
Бүркіттен қыран құс болмас,
Баулуы жетпей бөрі алмас.
Бидайықтан алғыр құс болмас,
Бұйырмаса екеу түгіл бір де алмас.
Сұңқардан сұлу құс болмас,
Қауырсыны қатпай ұша алмас.
Ағайынның ішінде,
Бір жақсысы бар болса.
Қоңқалаған көп жаман,
Сол жақсыны көре алмас, –

деп, өмірлік мәні бар мәселелерді толғайды.

Шалкиіз жырау өз толғауларында өмірінің кейінгі кездерінде көрген қиыншылықтарын да, аянышты халін де жасырмай ашық айтқан. Әсіресе, Би Темірге айтқан толғауында: «Жау көрген күн жүрегіңнің басында едім, көз үстінде қасы едім», – дей отырып, оған деген өзінің наразылығын білдіреді. Би Темірге керек кезінде оны қадір-құрмет тұтқан болса, қартайып егде тартқан шағында оған мән бермей, ренжіткен тұстарын жырау: «Жақсысынан кем көрді, жаманымен тең көрді», – деп, Темір төңірегінен кетуге мәжбүр болады.

Өзі батыр, жыршы-жырау, сөйтіп салт басты сабау қамшылы болып, өз ырысымды: «Сегіз қиыр шартараптан іздермін» – деп, Темірден бас тартып, өкпелеп кетіп қалады.

Ел басына күн туғанда ру иелері мен билер, оны бауырына басып, оны пана тұтса, бейбіт уақытта оны сыртқа теуіп, қатты ренжітіп те отырады.

Дегенмен, Шалкиіз жырау толғаулары өз дәуіріндегі әлеуметтік мәселелерді, шындықты шынайы сипаттайтын аса құнды поэтикалық шығарма екендігімен құнды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шалкиіз жырау қай ғасырда, қандай билердің тұсында жасаған?
2. Шалкиіз жырау толғауларында нендей мәселелер көтерілген?
3. Неліктен Шалкиіз жырау Би Темірге өкпеледі?
4. Өздерің Шалкиіз жырау толғауларын оқып, кейбіреуін жаттап алыңдар.

ШАЛКИІЗ ТОЛҒАУЛАРЫНАН:

Жақсының жақсылығы сол болар
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар,
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жамандығың жақсылыққа жыр етер.
Бір жаманға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жаман сырың сақтамай,
Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер.

* * *

Жалп-жалп ұшқан жапалақ,
Аттансаң жазы түзде көрерсің,
Жаман туған бар болса,
Жаман жолдас көп болса,
Жазаны содан көрерсің.

* * *

Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты,
Жаманға жақыным деп сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман өз басың айғақ-ты!
Асау тулап жықпасқа

Артқы айылдың беркі игі,
Жағаға дұспан қолы тимеске
Артыңда туысқанның көбі игі,

Күндердің күні болғанда
Қырға шықпас жаманның
Барынан да жоғы игі!

* * *

Арқаның құба жонында
Арыстан ойнар шарқ ұрып,
Атайы ердің тұсында
Тұлпары тұрар тарп ұрып,
Бір жаманға сөз айтсаң,
Есікті кетер сарт ұрып,
Сол жаман елден кетер деп,
Артынан жақсылар қалар шақырып...

* * *

Көктеп мінген еріңнің
Астында көп жүгірер күлік бар,
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар,
Көрінгеннің бәрін де кісі демеңіз,
Күпе-күндіз тал түсте
Тайраңдап түзге кетер кісі бар.
Ау, бөрілер, бөрілер,

Бөрімін деп жүрерлер,
Һәм бірінің баласы
Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар,
Абаданынан айрылса,
Олардың һәм біреуі
Әрбір итке жем болар.

* * *

Боз үстінде от жаққан,
Бұзмай бұлап пісірген.
Мен иемнің бөрілі ала тасы едім,
Иә, ием, сенің сырың мен білем.
Менің ием – Би Темір, әрі өзім,
Жау көрген күн жүрегіңнің басы едім,
Көз үстінде қас едім.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ (XVI ғасыр)



XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде жасаған жорықшы жыраулардың бірі – Доспамбет жырау. Оның да шығып келу тегі – ноғайлы. Ал туып-өскен жері Дон дариясының құйылысындағы Азов – Азау қаласы. Тарихта оны – Азағ, кейде «Азаулы» деп те атайды. Сондықтан да жырау толғауларының бірінде:

Айнала бұлақ басы тең,
Азаулының Стамбулдан несі кем.
Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағанын
Хан ұлына иесі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Алла өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем!
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді! –

деп, өзінің ірілігін білдіреді.

Доспамбет – шын мәніндегі жорықшы жырау. Бізге жеткен толғауларының ішкі мәніне үңілсек, онда жыраудың талай-талай ұрыстар мен қақтығыстардың куәсі болғандығын анық аңғарамыз.

Ағарып атқан таңды-ай деп,
Шолпанды шыққан күндей деп,
Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,
Ақшандықты құрып қойған шатыр деп,
Жазда көп-ақ жортқан екенбіз,
Арғымақтың талай мойнын талдырып,
Үйде қалған арудың
Ал иіндігін аудырып,

деп, талай-талай айқастарға түсіп, үлкен ерлік көрсеткендігін байқатады. Жырау жарақаттанып жатқан сәтінде, өлер алдында былай деген екен: Жырау:

Ер Мамайдың алдында,
Шаһид кештім, өкінбен, –

деп қош айтысады.

Ал егер тарих бетіне терең назар аударсақ, Мамай 1549 жылы дүние салады. Бірақ, Доспамбет жыраудың өлімі одан көп жыл бұрын болған сияқты. Өйткені, ұлы Ноғай ордасының биі Мамай мен Доспамбеттің әміршісі – Қырым ханның бірігіп қимыл көрсетуі – 1523 жылы екендігін тарихтан жақсы білеміз.

Дәл осы жолы Қырым ханы Махмед Герей, Мамай бидің көмегімен Жәнібек ханның ұлы Үсейінді жеңіп, Астраханды өз қол астына алған болатын. Оның үстіне, тарихта Қырым хандығы мен Ноғай ордасы ылғи да жауласып отырған. Олардың ауыз бірліктері бұл жолы да ұзаққа созылмайды. Тіптен Мамай, өзінің немере інісі Жаңбыршы ұлы Ағастың (кейде ол – Телағыс деп те аталады) үгіт-насихатымен Махмед Герейді Астраханнан алдап алып шығады да, баласы Батырхан екеуін соңдарына ерген адамдарымен бірге қырып тастайды. Міне, бұдан соң да Ұлы Ноғай ордасы мен Қырым хандығы арасында қақтығыстар өрши түседі.

Сондықтан да, жырау толғауларына назар аударсақ, ол Доспамбеттің Мамай би мен Махмет Герей тату болған сәттерінде дүниеден өткен-ау деген пікір туындайды. Өйткені жырау:

Дүниенің басы сайран, түбі ойран,
Өтер сүйте бұл дүние,
Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағадан, –

дейді, өзінің өлер алдында айтқан толғауында.

Расында да, рухы таза ортағасырлық бұл толғаудан жорықшы жыраудың ой-өрісі, сана сезімі, биік парасаты анық аңғарылғандай.

Жорықшы жыраудың жаракаттанып, әбден қансырап, әлі азайып бара жатқанда да рухының күштілігі ерекше көз тартады. Мәселен:

Арғымаққа оқ тиді,
Қыл майқанның түбінен,
Аймадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан.
Зырлап аққан қара қан,
Тиылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді саныма,

Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарықшылар жоқ па екен
Жармай білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын,
Жанымда бір туғанның жоғынан, –

деп, ақын әбден налиды.

Доспамбет өр мінезді, аса батыр да батыл адам болған. Белгілі ғалым В. Радлов ел аузынан Доспамбет жайындағы бір әңгімені жазып алады. Онда жорықшы жыраудың батылдығы мен батырлығы анық аңғарылады. Мәселен: олар бір күні жорыққа аттанады. Бірнеше

күннен соң аса көп әскерге тап болады. Басқалар жан сауғалап «қашайық» дегенде Доспамбет: «Жоқ, қашпаймыз. Алла, нені көрсетсе, соны көрерміз» – деп, өзінің батырлығын жан-жақты танытады. Бірақ, Доспамбет жайлы айтылған аңыз-әңгімелерде оның қалай, қандай жағдайларда жаралы болғандығы жөнінде ешнәрсе айтылмайды. Тек өзінің ұзақ толғауында ғана жарақаттанғандығы жайлы пікір білдіріп, қамшысының қалып бара жатқандығына қайғырады. Мәселен жырау:

Қарағайлы көдік бойында,
Қамшым қалды ойында:
Бүлдіргесі бұлан терісі,
Өрімі құнан білдің қайысы.

Шырмауығы алтын, сабы жез, –
Бей азының бойында
Күзен қарсақ жер ме екен!...

деп, қамшысының өрімі – пілдің қайысы, бүлдіргесі – бұлан терісі, орамы – алтын екендігін ашық айтады. Сөйте отырып, өзі өлген соң оның кімнің қолында қалатындығына ашынады.

Бұдан біз жорықшы жыраудың көзі мәңгілікке жұмылған шағында, жарық дүниені кимағандығын, оның ерлік, батырлық келбетін көргендей боламыз. Онан соң жырау өзінің соңында қалып бара жатқан зайыбын, Қосақай, Қосай, Ер Досай атты балаларын да емірене есіне алады. Бірақ, олармен сырттай қоштасады, бел шешіп өзінің иманын үйіруге аузы бармайды. Үмітсізденбей, ескі дәуренін ойлап, одан әрі алты құлаш ақ найзасын, садағын, Еділ бойын жайлаған бейбіт тұрмыс кешкен заманын қимайды. Сөйтіп, өзінің көңіл күйін дәл бере алатын толғауларында тым әсерлі сөздерді орынды қолданады. Сондықтан да жорықшы жыраудың толғауы о дүниеге бет бұрса да өзін-өзі жұбатып, белін бекем бұған, өз өмірін бекерге өткізбеген ерлік сеніммен аяқталады. Мәселен:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен,
Тобыршығы биік жай салып
Дұспан аттым өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп
Көш түзедім өкінбен,
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен,

Туған айдай нұрланып,
Дулыға кидім өкінбен.
Зерлі орындық үстінде,
Ал шымылдық ішінде,
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім өкінбен.
Бүгін, сонды өкінбен.
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!... –

дейді жырау.

Қорыта айтқанда, жорықшы жырау Доспамбет – қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын иелейтін, аса талантты жыраулардың бірегейі. Оның шығармаларының игі әсерлерін біз Бұқар жырау, Махамбет сияқты тарлан таланттардың шығармаларынан да анық аңғарамыз. Кейбір эпикалық жырлардан да Доспамбет жыраудың бірқатар ықпалын байқау оншалықты қиын емес.

Бірақ, жорықшы жыраудың шығармалары бізге дейін толық жетіп келмеген. Дегенмен де, оның қолда бар толғауларынан қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін анық көреміз. Ол – шын мәніндегі күрескер, жорықшы жырау.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Доспамбет қай ғасырда, кімнің тұсында жасаған жырау?
2. Неліктен оны жорықшы жырау дейміз?
3. Оның жыр-толғауларында қандай мәселелер көтерілген?
4. Жорықшы жыраудың өмірден өтіп бара жатқанда айтқан толғауын қалай түсіндіңдер?

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНАН:

Қалаға қаблан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қарланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
Қабырғадан қараған
Достым менен дұшпаным:
«Апырым, ер Доспамбет!» дегей ме!..

* * *

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен.
Аймадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан.
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді саныма,
Сықсырым толды қаныма,
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты.
Жарықшылар жоқ па екен

Жармай білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын
Жанымда бір туғанның жоғынан!..
Қарағайлы көдік бойында,
Қамшым қалды ойында:
Бүлдіргесі бұлан терісі,
Өрімі құнан білдің қайсысы,
Шырмауығы алтын, сабы жез,—
Бей Азының бойында
Күзен, қарсақ жер ме екен!..
Алғаным Әли ағаның қызы еді,
Қас арудың өзі еді.
Маңдайы күнге тимеген,
Желге шашын үрмеген
Серпіліп адам бетін көрмеген,
Қалай күнді кешті екен!..
Қосақай, Қосай, Ер Досайдың анасы
Хан қызындай сұлтанның
Айдындықтай ақ білегін жастанып,
Ерен үйін тіктіріп,
Омыраудағы он түймесін ағытып,
Кейінгі қалған көпекке
Қалай да белін шешті екен!

* * *

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңісі биік боз орда
Еңкейе кірер күн қайда!
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда!
Күмбір, күмбір кісінетіп.
Күреңді мінер күн қайда!
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда!
Алты құлаш ақ найза

Ұсынып шаншар күн қайда!
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда!
Кет-Бұғадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда!
Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда!



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

(1675 – 1768)



Ақтамберді XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, аса талантты жыраулардың бірі. Кейбір деректерге қарағанда, ол – атақты Қара Керей Қабанбай батырмен бірге болған деседі. Найман елінің басшысы, әскери қолбасшысы ретінде жан-жақты танылған Ақтамберді, Найман руының Сыбан тобынан шыққан екен. Әсіресе ол жоңғарларға – қарсы күрес кезінде қолбасы, батыр ретінде, әрі халықтың ақылгөй – көсемі ретінде ерекше көзге түсіпті.

Ақтамберді әкесі – Сары мен шешесі Сырбикеден дүниеге келген жалғыз ұл екен. Әке-шешесі де орта шаруалы дәулеті ғана бар, онша алды-қаштымен жұмысы жоқ, аса момын, қарапайым еңбек адамдары болған. Сондықтан да, кейде өз малын өз қызығына жұмсай алмай, кейбір ағайын-туғандарының зәбір-зұлымына да тап болып отырған көрінеді.

Бұл – сүйеніші жоқ, бірде-бір жанашыры болмаған жап-жас бала – Ақтамбердінің қабырғасына қатты батады. Бірақ, жүрегінде оты бар жалынды жас бала оған жасымайды. Өзіне, ата-анасына теперіш көрсетпек болғандардан именбей, керекті жерлерде тиелі сөздерін ба-тыл айтып отырған. Ол өзінің алғашқы өлең-жырларын он-он бір жа-сында шығара бастапты. Бала жыраудың өлеңдерінде мұң-зар, қайғы-қасірет, жалғыздыққа налу сырлары басым болады. Мәселен, ол:

Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар.
Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның
Жүрегінің бастары

Алтынменен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегiнiң бастары
Сары да жалқын су болар.
Жалғыздық, сенi кайтейiн!.. –

деп налиды.

Бiрақ ол, күнi ертең жасы он беске толған соң-ақ, ержетiп есейетiнiн, болашақтан зор үмiт күтетiндiгiн де жыр жолдарына қоса бастайды.

Оның өлеңдерiн Жангөбек, Ботақара деген қаражүрек, тасбауыр туысының құлағы шалып қалады да, бiр күнi оны қамшының астына алып әбден сабапты. Тiптен, Ақтамбердiнi найзаның ұшына iлмекшi де болады. Бiрақ жазықсыз жас балаға туысы Бердiке батыр ара түседi. Бұғанасы бекiп, қанаты қатаймаған жас Ақтамбердi сол күннен бастап Бердiке батырды паналай бастайды.

Өмiрден, туған-туысқандарынан көп теперiш көрген Ақтамбердi, күш-қайраты мол палуан болып өседi. Әрi ақындық арыны да кең өрiс алады. Батыл да батыр боп қанат қаға бастаған жырау, ел арасындағы алауыздықты, әдiлетсiздiктi аңғара бастайды. Бiрақ ол күнi кеше өзiне күн көрсетпеген туысқандарына қарсы күш жұмсауды өзiне ар санап, бүкiл ел мүддесiн көздейдi. Тiптен рудың, ата-ананың намысын емес, бүкiл халық намысын ойлайтын пайым-парасаты аса мол азамат болып қалыптасады. Сондықтан да жырау өз өлең жолдарында:

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетiде құрсанып,
Қылыш iлдiм бiлекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткiз деп, құдай тiлекке, –

дейдi.

Ақтамбердi өмiр сүрген кезде қазақ халқы қалмақтармен үздiксiз соғысып, бiрде жеңiп, бiрде жеңiлiп жүрген сәттер болатын. Мiне, ол сондай қанды ұрыстардың талайына қатысып, өзiнiң батырлығымен айрықша көзге түседi.

Сондықтан да оның жыр-толғауларында халықты басқыншылармен аянбай күресуге шақыру сарыны басым. Оның жыр жолдарынан дұшпанға соққы беретiн, жеңiс күнi туатын сәттер боларын армандау сипаттары да анық аңғарылады. Сол үшiн де Ақтамбердiнiң жыр-толғауларында ерлiк пен азаттық үшiн күрес кең орын алған.

Талай соғыстарға қатысып, өзінің ерлігімен көзге түскен Ақтамберді жыраулық, ұйымдастырушылық, қолбасылық қабілеттерін де жан-жақты танытады.

Ақтамберді жырау қырықтың қырқасынан асқан шағында, үш жүздің тізгінін өз қолына ұстап отырған Әз-Тәуке дүние салады. Ол дүниеден өтісімен-ақ, қазақ сұлтандары арасында өзара келіспеушілік кең өріс алып, ашықтан-ашық жауласа бастауы салдарынан, үш жүздің жігі ыдырай бастайды.

Осы бір кезеңде жоңғарлар баса-көктеп, қазақ халқына тиісіп, соққы астына алады. Қатты қақтығыс, үлкен шайқастар болады. Дәл осы сәттерде Ақтамберді өзінің жауынгерлік, батырлық, қолбасылық сипаттарын анық танытады.

Ақтамберді жырау өз жыр жолдарын он жасынан бастағанымен, түбегейлі өнер жолын қумаған секілді. Дегенмен, одан бізге жеткен поэтикалық туындылары мазмұны, мәні жағынан ауқымдылығын аңғартады. Оның өлең жолдарына қарағанда, жырау өзінен бұрын өткен Доспамбет пен Шалкиіз дәстүрін одан әрі дамыта түскен сияқты. Сондықтан жырау туындылары негізінен байырғы қазақ поэзиясының үлгісімен жазылғандығы анық. Мәселен, жырау:

Түйе мойнын түз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер,
Сартылдаған сары аяз
Жылқының мойнын мұз кесер,

Бұлан да бұлан, бұлан сан,
Бұланның санын оқ тесер.
Бұлаңдап жүрген жігіттің
Жомарт қолын жоқ кесер, –

деп, өмірлік мәні бар мәселелерді дөп басып, оны поэзия тілімен әдемі жеткізеді.

Өлеңдерінде ақыл, насихат, афористік толғаныстар анық байқалады.

Шынында да, Ақтамберді жырларында көшпелі қазақ халқының ой-арманы, мақсат-мұраттары, тілек-мүдделері өз көрінісін тапқан. Оларда сахара халқының өмірі, тыныс-тіршіліктері, тұрмыс-жай күйі жан-жақты сипатталған деуге болады. Жыраудың кейбір толғауларында қазақ халқының мінез-құлықтары, болмыс-бітімдері, сол кездегі өмірге деген көзқарастары ап-айқын өз көрінісін тапқан. Мәселен: Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ жыр-толғауына мән берсек, онда халқымыздың өзіндік өмір сырлары анық аңғарылады.

Халқымыздың меймандостығы мен қонақжайлылығы қашаннан-ақ белгілі. Міне, бұл да жырау поэзиясынан сырт қалмаған. Жырау:

Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау,
Қырық жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам!
Пышақтан малым кетпесе,
Қазаным оттан түспесе,
Ауылдан топыр үзілмей,

Ошақтың оты өшпесе,
Май жемесе қонағым,
Қан жемесе барағым,
Он кісіге жараса,
Бір кісіге арнап тартқан табағым!
Халыққа атым білініп,
Шүлеңгір мырза атанар ма екеміз!? –

деп, жомарттық желісін тартуды мақсат етеді.

Қашан да қазақ халқы үшін бірден-бір байлық – төрт түлік мал болған. Малдың еті, сүті – тамақ, ал жүні, терісі – киім болған. Сондай-ақ, көшсе – көлігі, мінсе – жүйрік аты болған.

Бұл да Ақтамберді жыраудың толғауларында өз шешімін тапқан. Бұлғи да көшпенділер үшін өмірінің қуанышы, тіршілігінің көзі болған осы келелі тақырыпқа Ақтамберді жырау қайта-қайта оралып отырған.

Қазақ халқы үшін жылқы малы – төрт түлік ішіндегі ең асылы ретінде танылған. Сондықтан да, әдебиетіміз тарихында жүйрік ат айрықша дәріптеледі. Оны Ақтамберді жырау да өз толғауында ерекше шабыттана тілге алған. Ол:

Арудан асқан жан бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма,
Желіде құлын жусаса,
Кермеде тұлпар бусанса,

Сәні келер ұйқының,
Жылқы қолдан тайған соң,
Қызығы кетер күлкінің,
Қыздың көркі құлпыда,
Жігіттің көркі жылқыда! –

деп, терең түйіндеу жасай келіп, жылқы малына айрықша баға береді.

Әрине, Ақтамберді жыраудың жылқы малын айрықша қадір тұтып қастерлеуінің тағы бір сыры, ол – қолбасы, батыр болған адам. Сондықтан да сәйгүлік тұлпардың ер жігіттің бірден-бір қанаты, жан серігі болатындығын жақсы түсінген. Жылқыны ер азаматтың ең жақын досы ретінде таныған.

От басар орны отаудай,
Қабырғасы халық орнаған жонсаудай,
Ор қояндай қабақты,
Қиған қамыс құлақты.
Сары мысықтай азулы,

Сапытаяктай еріні,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырау еті есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарлан-ды, –

деп жырау жүйрік аттарды айрықша бағалайды.

Ақтамберді жырау қазақ халқы басына ауыр күндер туған дәуірде жасады. Халықтың ауыр жеңілістерін де, дұшпаннан дүркірей қашқан

басқыншылықтарын да өз көзімен көрген. Бірақ асқан батыр, ержүрек Ақтамберді жырау одан мойып, берекесізденбейді. Жауға қарсы атой салып, елін, жерін қорғауға ат салысады. Сол үшін де өзінің жыр-толғауларында халықты ерлікке, бірлікке үндей отырып күреске шақырады. Дұшпаннан шошып именбеуге, оларға қарсы тайсалмай күресуге жұмылдырып, жігерлендіре түседі. Мәселен, жырау:

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас,
Жалтара шапсаң жау қашпас,

Жауды аяған бет таппас,
Уа жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Әзірейіл тура келмей жан алмас! –

деп, қатқыл үн қатады.

Сөйтіп, қалмақтардан жеңіліп, өз ата мекендері болған шығыс облыстары мен Жетісу өңірінен айрылуы, көптеген рулардың жау табаны астында қалуы Ақтамберді жыраудың қабырғасына қатты батады. Содан ол қас дұшпаннан кек алу, жау қолында қалған қоныстарды азат етер күннің тууын армандайды. Ақтамберді жырау жауға қарсы исі қазақты аттануға үндейді, кескілескен дұшпанға соққы беруге шақырады. Ол:

Күлдір-күлдір кісінетіп.
Күренді мінер ме екеміз.
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екеміз.
Жағасы алтын, жеңі жез,

Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екеміз!
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Жау қашырар ма екеміз! –

деп, халықты тікелей күреске жігерлендіреді.

Ақтамберді жырау өз арманына жетеді. Өйткені, сақал-шашын ақ қырау басып, қартайған шағында да талай ұрыстарға қатысып, неше түрлі жеңістердің де куәсі болады. Жау қолына түскен жерін, елін қайтарып алғандығын да өз көзімен көреді.

Сөйтіп, азат болған елін, жерін көрген қарт жырау, елді отырықшылыққа бейімдеу мақсатымен егін ектіреді.

Тіптен, кейбір деректерге қарағанда, Қазақстанның Шыңғыс, Аягөз, Қарақол өңірлерінде Ақтамберді қаздырған дейтін тоғандардың орны күні бүгінге дейін бар көрінеді.

Ақтамберді жырау әбден қартайған шағында, 93 жасында дүние салыпты. Өлер алдында, туған топырағын мәңгі жастанар кезінде айтқан бір толғауында жырау: «Батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігін» қынжыла тілге алған деседі.

Ақтамберді жыраудың өзі өлсе де, айтқан сөздері өлмек емес. Оның қабірі – бұрынғы Семей облысы Абай ауданына қарасты Шет өзенінің бойындағы Құндызды Қос жеріндегі «Жүрек жота» деген төбенің басына орналасыпты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақтамберді жырау қай ғасырда өмір сүрген?
2. Оның жыр-толғауларында қандай мәселелер көтерілген?
3. Неліктен Ақтамберді жырау жылқы малын айрықша дәріптейді?
4. Ақтамберді жырау кімдермен қақтығыста өз ерлігін көрсетті?
5. Жырау өзінің «Күлдір-күлдір кісінетіп, күреңді мінер ме екенбіз?», – деген жыр жолында нені айтқысы келген?

АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНАН:

Салпаң да салпаң жортармын,
Сары азбанға қосымды артармын,
Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өерермін,
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен,
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын
Балталасаң да айрылман,
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майрылман!

* * *

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең,
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең,
Қайырлы болса баяжан

Дария шалқар көлмен тең,
Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең,
Мінезді болса жолдасың
Күнде сонар қызбен тең,
Жаман болса жолдасың
Астыңнан өткен сызбен тең.

Үшінші бөлім



XVIII ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

XVIII ғасырдағы элеуметтік тарихи жағдай

XVIII ғасырда қазақ халқының элеуметтік-тарихи жағдайы аса күрделі, тым ауыр болды. Өйткені, осы кездерде жоңғар қалмақтары қазақ жерін, қазақ елін басып алу мақсатында талай рет шабуыл жасап, кескілесе шайқасудың себепшілеріне айналды. Осындай шабуыл негізінде туған үлкен шайқас 1723 жылы болды.

Осы жылы қазақ халқы жоңғар қалмақтарының шабуылынан көп қиындықтарға кезікті. «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталған қырғынға тап болды. Қара құрттай қаптаған қалмақтардың қалың қолына, аса жойқын шабуылына төтеп бере алмаған қазақ халқы жерін, үй-жайын тастап, босып көше бастайды.

Сондықтан да «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» оқиғасы қазақ халқының ауыз әдебиетінде де, тарихта болған ақын-жыраулар поэзиясында да кең жырланған болатын. Сол кезде ел басына түскен қатты күйзеліс жөніндегі өлең-жырлар күні бүгінге дейін халқымыз арасында сақталып қалған. Солардың бірі ретінде «Қаратаудың басынан көш келеді» деген өлеңді айтуға болады. Мәселен, онда:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман, қай заман – қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман, қай заман – бағы заман,
Баяғыдай бола ма тағы заман?!
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Мұнша қысым қылдың ғой, қатты құдай!
Қабырғаға кара жер батты, құдай!
Жаяу жүрсем, табаным ауырады,
Тым болмаса бермедің атты, құдай!

Мына заман, қай заман–қай-қай заман,
Ұл айрылған атадан дай-дай заман.
Бауырынан айрылған жаман екен,
Күн бар ма екен, көрісер есен-аман?...

делініп, халық басына түскен ауыртпалық сырлары өзінің тамаша шешімін тапқан.

Осындай үлкен шайқас үстінде қалмақтарға алғаш рет қирата соққы берген – қанжығалы Бөгембай батырдың қалың қолы болады. «Қалмақ ләшкерлерін жеңу мүмкін емес» деген ойды Бөгембай бастаған қол быт-шытын шығарып, оларды кері қашуға мәжбүр етеді. Сөйтіп, 1726 жылы Бұланты деген өзен бойында болған үлкен шайқаста жоңғар қалмақтары жеңіліп, қырғынға ұшырайды.

Онан соңғы екінші бір үлкен шайқас 1729 жылы Балқаш көлінің Оңтүстік жағалауында болып өтеді. Бұл жолы да қазақтар үстем келіп, қалмақтарды жеріне жеткізе қуып, әбден тықсырады. 1741 жылы жоңғар қалмақтары қазақтарға қайта шабуыл жасап, қырып-жойып, біраз қазақ азаматтарын қолға түсіріп, тұтқынға да алады.

Дегенмен қазақтар 1743 жылы патшалық Ресейдің жәрдемімен сол тұтқындарды босатып алып, әр түрлі дипломатиялық қарым-қатынастар жасау арқылы 1755 жылға жетеді. Сол жылы жоңғар қалмақтарына Қытай шабуыл жасайды. Ресейдің, осы жайтты анық пайдалана білген қазақтар, ақырғы рет Жоңғар қалмақтарына қайта соққы беріп, 1723–1741 жылдар аралығында басып алған жерлерін түгелдей қайтарып алу мүмкіндігіне ие болады.

Нәтижеде қазақтар жоңғар қалмақтарын Алтай шекарасына дейін қусыра тығып, біржола енді қайтып келмейтіндей етіп, қуып салады. Осындай ауыр жылдардың сыр-сипаты Бұқар жырау өлеңдерінде аса көп көрініс тапқан.



БҰҚАР ЖЫРАУ (1668–1781)



Тарихи мәліметтерге қарағанда, Бұқар жыраудың әкесі – Арғын руынан шыққан, халық арасында белгілі Қалқаман деген батыр адам болған екен. Ал, Бұқар жыраудың өзі 1693 жылы Баянауылда туылып, 1791 жылы Далба тауының етегінде дүниеден өткен көрінеді. Оның ұрпақтары күні бүгінге дейін сол таудың етегін қоныс етеді.

Бұқар жырау – негізінен XVIII ғасырдың екінші жартысында хандық құрған Абылай ханның тұсында жасаған ірі тұлға. Абылайдан жасы үлкен болғандықтан оған өктем үн қатып, өзінің пікірлерін батыл айта алатын аса беделді ақын болған. Мәселен: ол өзінің «Ей, Абылай» атты өлеңінде:

Ей, Абылай, Абылай!
Сені мен тұңғыш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға,
Қызметші болып тұр едің.

дейді.

Иә, жырау осы өлеңінде Абылай ханды он бір жастан, өмірінің соңғы сәттеріне дейін білетіндігін ашып айтады. Тіптен ақын:

Токсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен, –

деп, өзінің қанша жасағанына дейін жыр жолдарына қосады.

Абылай хан, тарихи мәліметтерге қарағанда 1781 жылы 71 жасында дүниеден өткендігі белгілі. Бұқар жырау Абылай ханның бірден-бір ақылшысы, аса ірі қабырғалы биінің бірі болған. Абылай ханның айна-

ласында қандай мәселе болса да, Бұқар жырау оған қатысып отырған. Ел арасындағы дау-жанжалдар, кереғарлық, күрес-тартыстар – Бұқар жыраусыз шешілмеген.

XVIII ғасырдың екінші жартысында жасаған ақындар арасында әлеуметтік мәселелерді кең, әрі аса ауқымды жырлаған ақындардың бірі – осы Бұқар жырау. Өйткені ол өз кезіндегі әлеуметтік мәселелердің бәріне араласа отырып, әр алуан қоғамдық мәні аса зор жайттарға үн қосып, өзінің көзқарастарын білдіріп отырған. Халық арасында айтылатын әңгімелерге қарағанда, оның тәп-тәуір сауаты бар, хат танитын адам болғанын аңғарамыз. Бірақ, Бұқар жыраудың «Асқар таудың өлгені», «Айналасын жер тұтқан», «Ей, Абылай, Абылай», «Керей, қайда барасың?», «Сен он бір жасыңда», «Бірінші тілек тілеңіз», «Қалданменен ұрысып», «Жал – құйрығы қаба деп», «Кәрілік» сияқты және өлеңдерінің бәрі де бізге ауызша жеткен.

Бұл өлеңдер ауызша жетсе де, ешқандай өзгеріссіз Қазақстанның барлық жерінде бірдей айтылады. Бұқардың өлеңдерін жеткізуші ақын-жыраулар оны қатты бағалағандықтан, бірде-бір сөзін өзгертпей, сөз қоспай орынды айта білген. Көбі Бұқар жыраудың өлеңдерін ақыл, насихат ретінде танып, оны қаз-қалпында жеткізуге айрықша мән берген.

Бұқар жырау – жыршы емес. Ол өз жанынан аса мәні зор өлең шығара білген белгілі ақын, әрі сөзге дес бермеген шешен адам болған. Кез келген жыршы, шын мәніндегі талантты ақын бола алмайды. Ал, «**Жыршы**» – деген сөз негізінен «**Жырла**», «**Жырлап жіберші**» деген сөздерден шыққан. Яғни **жыршы** – біреулердің шығарған жыр толғауларын жаттап алып, оны халыққа жеткізуші ретінде танылса, **жырау** – өз жанынан өлең шығарып, әрі екінші бір ақындардың өлеңдерін жаттап алып, оны халық арасында кеңінен жырлап отырушы.

Тіптен, **жыршы** өз жанынан ешнәрсе шығармай-ақ, біреулердің үлгі-өнеге боларлық жыр-толғауларын жаттап алып айту арқылы да жыршы атануы мүмкін. Сондықтан да Бұқар жырауды жыршы деуге болмайды. Ол шын мәніндегі кең тынысты, кемел ақын, әрі сөзге дес бермеген шешен – аса талантты жырау болған.

Өйткені ол, өз жанынан әлеуметтік мәні зор өлеңдер шығара білген талант иесі. Бұқар жырау өлеңдерінде, өзі жасаған қоғамдағы әлеуметтік мәні бар аса күрделі, өзекті мәселелер жан-жақты көтерілген. Бұқар – халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлаған ірі тұлға. Бұл кез келген ақынның, жыраудың қолынан келе бермейтін кемеңгерлік қасиет.

Рас, жыраулар сияқты Бұқар өлеңдері де ылғи толғау ретінде өмірге келген. Ал, толғау дегеніміз – өз дәуіріндегі ірі әлеуметтік мәселелерді көтеретін, үгіт-насихаттық сарында айтылған дидактикалық өлеңдер. Өйткені шын мәніндегі аса талантты жыраулар қоғамдық мәні бар ірі тақырыптарды алады да, аз сөзге аса көп мағына сыйғыза отырып, өмір құбылыстарын барынша кең қамтиды. Онда титтей де жаңсақ ой болмайды. Оның үстіне толғауда терең ой, тамаша пікірлер жүйесі үзілмей, бір жүйемен, біртұтас алынып, бір қазық айналасына жинақталады. Әрі ойда бірде-бір шашыраңдылық болмайды, оның дауын да, шешілуін де өзі айтып, өзі қояды.

Бұқар жырау жырлары белгілі бір әлеуметтік мәселелерге құрылады да, тарихи жағдайларға байланысты туындап отырады. Әсіресе, Бұқар жырау толғаулары өзінің ой тереңдігімен, аса ауқымды-парасаттылығымен ерекше назар аудартады. Әрі тым аз сөзбен көп мәселенің бетін аша алатындығымен де ерекшеленіп тұрады.

Бұқар жырау – көргені көп, өмірден түйгені мол, сол құбылыстарды ой елегінен екшей өткізіп, өз ұрпақтарына үлгі-өнеге етерліктей етіп қалдыра білген ақын. Оның толғаулары афоризмдер мен накылға, мақал-мәтелдерге аса бай. Сондықтан да, ақын поэзиясын – қазақ әдебиеті тарихындағы дидактикалық поэзияның тамаша үлгісі деуге болады.

Ақын толғауларындағы өзіне ғана тән тағы бір ерекшелік, оның адам өмірі мен табиғат құбылыстарын жарыстыра сипаттау арқылы, өмірге терең кіріп бара алғандығы, әрі оған жан-жақты философиялық түйіндеу жасай білгендігі. Оны біз ақынның «Жал – құйрығы қаба деп», «Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен соң», «Ақсаңнан биік тау болмас» деген сияқты өлең жолдарынан анық байқай аламыз.

Әсіресе, Бұқар жыраудың «Асқар таудың өлгені» атты өлеңінде тәлімдік-тәрбиелік, өнеге аларлық ғибрат, үлгі-өнеге аса мол. Ол замана, өмір жайлы ой толғай отырып, терең де, байсалды пікір білдіреді. Мәселен: ақын: «Өлмегенде не өлмейді?» – деп, сұрау қоя отырып: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» – деп, «тамаша байлам жасайды».

Бұқар жыраудың адам өмірінің кезең-кезеңдері жайында айтқан толғауында да ғибрат-өнеге аса мол. Тіптен, бұл мәселеге бірнеше өлеңін арнап, тамаша ойларын ілгері тартады. Ақынның «Жиырма деген жасыңыз», «Сен он бір жасыңда», «Ей, Абылай, Абылай», «Атан болған жиырма бес» деген бірнеше өлеңдерінде адам өмірін кезең-

кезеңдерге бөліп, әр кезеңде болатын өзгерістердің мәнін әдемі ашады.
Мәселен: ақын:

Жиырма деген жасыңыз,
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз,
Жарға ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз,
Ерттеп қойған құр аттай...

деп, жастық шақ туралы терең түйіндеулер жасайды.

Әрі жас кезеңінде адам бойында болатын қайрат-қуаттың, дүниеге берерінің, дүниеден аларының мәнін аша сипаттайды.

Тоқсан деген торы екен,
Дүйім жанның қоры екен.
Қарғиын десең екі жағы ор екен.
Ел қонбайтын шөл екен.
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен, –

деп, бір кездерде қамал бұзған, қайрат-жігері аса мол жас азаматтың қартая келе ешнәрсеге мұршасы келмейтін, дәрменсіз халге жететіндігін де дөп басып, әдемі жеткізеді.

Бұқар жырау толғауларының тақырыптары Бұқар жырау жастық пен кәрілікті бір-біріне қарама-қарсы қойып жырлау арқылы, жастықтың өзіне тән артықшылықтарын ұтымды сипаттай келе: «Уақтыңды құр, босқа өткізбе», ол кейін «Іздесең де таптырмас»–деп, тамаша байлам жасап, жастарды ойландыра түседі.

Бұқар жырау өзінің жыр толғауларында достық пен адалдық, жақсылық пен жамандық жайлы да терең ой толғайды. Ылғи да құсұмдардан, залым жандардан бойды аулақ ұстауға үндейді. Тіптен ақын: «Пиғылы жаман залымдардың тіліне еріп азбасқа», «Кісі ақысын көп жеген адамдардан» бойды аулақ ұстауға шақырады.

Ақын өз толғауында «Ежелгі жау дос болмас» дей отырып, одан әрі «Екі жақсы дос болса, санат емей немене»–деп, достықтың мәнін аша үн қатады. Оның «Ер жігітке жарасар қолына алған найзасы»,–деген өлеңінде жастарды ерлікке, Отанын, елін қорғай білуге жұмылдыру сарыны байқалады. Жырау өз толғауларында жақсы дос пен жаман достың сипатын да ашып, жыр жолдарына қосады. Мәселен:

Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.

Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер, –

деп, шындықтың бетін ашады.

Бұқар жырау толғауларында ел бірлігін сақтау, сыртқы жаулардан елді қорғау, ынтымақ-бірлік, азаматтық болмыс-бітім мәселелері кең көрініс тапқан. Оның толғауларында ел тағдыры, ел бүтіндігі, бейбіт өмір мен ел тәуелсіздігі мәселесі өрісті өзек болған. Ол:

Бірі етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған,
Орта жүзден кісің жоқ,
Найзасының ұшы алтын
Кіші жүзден кісің жоқ, –

дей келе, халықты ынтымақ-бірлікке шақырады.

Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз де бір енеден туғандай болыңыз, –

дейді.

Одан әрі ақын «Ағайынның аразы, елдің сәнін кетірер», –дей келе, «Бұл жалғанда бір жаман – ағайынның аласы» – деп, барлық нәрседен ауыз бірліктің мәні зор екендігін әдемі жеткізеді. Әсіресе ақын өзінің «Бірінші тілек тілеңіз» деп басталатын өлеңінде, бұл ойын одан әрі жетілдіріп, кең өріс алдырады:

Бірінші тілек тілеңіз,
Пиғылы жаман залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Екінші тілек тілеңіз,
Ардақтаған аяулың,
Өзіңнен басқа бір жанға,
Тегін олжа болмасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан да сасып тұрмасқа.
Төртінші тілек тілеңіз,
Омыртқасы үзіліп,
Аязды күнде айналған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа... –

деп, ақын ел бірлігі үшін не керек екендігін ашып айтады.

Қашанда ел бірлігі, ел ынтымағы – халық байлығы екендігін терең түсінген ақын оны өзінің «Керей, қайда барасың» атты өлеңінде де тамаша жеткізеді. Ол Керейлерге:

Мен – Арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен – бұзау терісі шөншіксің,
Мен – өгіз терісі талыспын, –

деп, өзін арысқа, өгіз терісі – талысқа балап, аса тамаша өрнекті ойын бейнелі сөзбен әдемі, әсерлі сипаттайды.

Елден үдере көшкен Керейлерді кері қайтара отырып, Арғын деген елдің мықтылығын да жасырмай ашық айтады. Сөйтіп, Керейлерді Абылаймен бітістіріп, ел бірлігін сақтауды басты мәселе етеді. Жоңғар қалмақтарының қазақ елін жаулап алмақ болған арамза шабуылдарына қарсы халықты бірлесе күресуге жұмылдырады. Керейлердің Абылайға өкпелеп бөліне көшуін, берекесіздікті белең алдыратындығын терең түсінген ақын оларға тоқтау айтып, кері қайтара біледі. Олар үдере көшсе, Жоңғар қалмақтары үстемдік етер деген оймен халықты бөлінбеуге шақырып отырады. Сондықтан да ақын:

Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін, –

дей отырып, ел бірлігін, халық тұтастығын барлық мәселеден биік қоя біледі.

Бұқар жырау толғауларының бір алуан тақырыбы Абылай ханға арналған. Халық басшысы ретінде тілге алған Абылайды жырлаған ақын күллі жұртшылықты сыртқы жауға қарсы күреске шақыра отырып, ел бірлігін, халық тұтастығын ойлайды. Мәселен: ол өзінің «Ей, Абылай» деп басталатын өлеңінде:

Қырық беске келгенде,
Жақсы мен жаман демедің.
Елу жасқа келгенде,
Баласын үш жүздің
Атының басын бір кезенге тіредің, –

дей отырып, Абылай ханның үш жүздің баласының басын қоса алғандығына дән риза екендігін де білдіреді. Абылайды жоңғар қалмақтарының шабуылы кезінде елге басшылық ете білген, елдің азаттық

жолындағы күрестерінің ұйымдастырушысы, қолбасшысы ретінде мадақтап, дәріптейді.

Абылай тұсындағы қалмақ ханы Қалдан-Серен болғандығын тарихтан жақсы білеміз. Ол тарихта аты мәлім, ауыз әдебиетінде де тілге алынған тұлға. Сондықтан да ел арасында «Қалмақта хан өтіпті Қалдан-Серен» деген жыр жолдары да – соның атына байланысты өмірге келген көркем шығарма. 1723 жылы қазақ халқы басына қара түнек заман орнатып, «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» ұшыратушы да осы Қалдан-Серен.

Қалдан – Серен қолдарымен болған үлкен бір шайқаста, оларды қазақтар ойсырата жеңеді. Сонда Бұқар жырау қазақ батырларын айрықша дәріптеп, өз жыр жолдарына қосады да:

Қалданмен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар –
Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,

Шақшақұлы Жәнібек,
– Абылай салды жарлықты,
Қалдан ханды қашырып,
Шеп салған жерін бұздырып,
Ұрысты қатты қыздырып, –

деп сипаттайды.

Сөйтіп, ақын қазақ халқына тыныштық бермей жатқан Жоңғар қалмақтарына Абылай қолы тойтарыс беріп, олардың бетін қайтарғанына қатты қуанады.

Ақын өзінің «Батырың өтті Бөгембай» атты, оның өліміне арнаған жыр толғауында да Қаракерей Қабанбайды, Қанжығалы Бөгембайды, Шақшақұлы Жәнібекті қазақ халқының қорғаны бола білген ірі батырлары деп, ерекше құрметпен тілге алады. Тіптен, Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естірткенде де:

Қиядан кикү төгілсе,
Аттың басын тартпаған.
Қисапсыз қол көрінсе,
Қорқып жаудан қашпаған.
Қарсыласқан асылдар,
Қорғасындай балқыған,
Батырың өтті Бөгембай..., –

деп, жырлайды.

Бұқар жырау Абылай ханның тек жақсы жақтарын ғана көріп қоймай, оның кемшіліктерін де бетіне басып, ашық айтып, мінеп-сынап отырған. Мәселен: ол өзінің «Ей, Абылай, Абылай» деп басталатын өлеңінде азуы алты қарысханға қаймықпай, өктем үн қатып, сөз

айтады. Айтайын деген ойын бүкпейді. Себебі жырауға ел бірлігі, ел бүтіндігі бәрінен де қымбат көрінеді.

Абылай хан кезінде қытаймен де, калмақпен де, патша өкіметімен де әр түрлі мәселелерде шынайы дипломатиялық қарым-қатынас жасай білген, ақыл-парасаты мол хан болған. Бірақ, бұл мәселеде де Бұқар жыраудың үлкен үлесі болғандығында дау жоқ. Ылғи да Бұқар – қазақ халқының көршілес елдермен ынтымақта, бірлікте, достықта болуын нысаналы ниет еткен ақын.

Отының болсын жантақтан,
Қатының болсын қалмақтан.
Қонысың болсын қазақтан,
Сегіз қиыр шартарап
Төрінде жатып салмақтан,–

деп, ол өзінің ақылын айтады.

Сөйтіп, Абылай ханға тыныштық, бейбітшілік жолында болу мәселелерін ұсынады, соғыспауға, жауласпауға шақырады.

Ханның жақсы болмағы,
Қарашаның елдігі,
Қараша, халқы сыйласа,
Алтыннан болар белдігі, –

деп, Абылай ханның дұрыс жағын да, бұрыс жағын да ашық айтып, оны үнемі елдік пен бірлікке, ел бейбітшілігін орнатуға үндейді. Абылайға айтқан бір мақтау сөзінде жырау:

...Үш жүздің басын құрадың,
Жетім менен жесірге
Ешбір зорлық қылмадың,
Әділдікпен жүрдіңіз,
Әділет іске кірдіңіз.
Арманың бар ма, хан ием,–
Мәртебелі төбеге
Жауыңды алып жайладың...
Жеті күн кіріп ұрысқа,
Өлімге басың байладың,–

деп, оның жақсы жақтарын айтады.

Ханның бәрі қанаушы таптың өкілі болғандықтан, олар қарапайым еңбек адамдарын езіп, өздерінің зорлық-зомбылықтарын, үстемдіктерін өткізіп отыратын тұстары да жиі-жиі болып тұрған.

Сондықтан да Бұқар мадақтау, дәріптеу арқылы ханды ынсапқа, әділдікке, ел бірлігін сақтауға жұмылдырады. Оның үш жүздің баласының басын қосып, сыртқы жаулардан елін қорғау ісіндегі қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін жоғары бағалайды. Кейде асыптасып кеткен тұстарында оған басу айтып, ынсапқа, береке-бірлікке шақырады.

Міне, бұл да ақынның көсемдігі мен кемеңгерлігінің сәтті жемісі деуге әбден болады.

Бұқар шығармаларының көркемдік ерекшеліктері

Бұқар жырау поэзиясы – өзі жасаған дәуірдің, тарихи кезеңнің тамаша жемісі. Оның толғауларының негізгі арқауы – ел тағдыры, халық мүддесі, олардың ой-арманы, асқар мұраты.

Ол өз толғауларында сол заман алға тартқан өзекті, көкейтесті мәселелерді әрқашан көтеріп отырған. Оның шығармаларында Отан қорғау, елді, халықты елдік пен бірлікке, көршілес халықтармен тату болуға үндеу идеялары басым жатады. Елдің бірлігі мен бейбітшілігін сақтау сияқты әлеуметтік мәні аса зор мәселелерді дер кезінде көтеріп отырған. Ол шын мәніндегі аса талантты, терең ойлы ақын болғандықтан, сөз өнерін айрықша жоғары бағалай білген.

Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес,
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ, –

дейді ақын.

«Сөз өнерінің дертпен тең» екендігін ерекше сезінген Бұқар жырау, тағы бір өлең жолында «Алыстан жанжал сөз келсе, Аяулы сөйлер жүгініп, Үлгісіз сөз болмайды, Мақтаусыз бөз болмайды», – деп, сөздің мәніне айрықша аса жоғары баға береді.

Дегенмен ақын өзіне дейінгі жыраулар поэзиясының тамаша үлгілерін кең өріс алдырып, оны ілгері дамытып отырған. Оның жыр толғаулары ылғи да 7-8 буынды болып келеді. Мәселен:

Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетіреді.
Ағайынның аразы,

Елдің сәнін кетіреді.
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетіреді, –

деген өлең жолдарына назар аударсақ, оның жеті буыннан құралғандығын анық аңғарамыз.

Қорыта айтқанда, Бұқар жырау өзінің жыр-толғауларымен қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байытып, оны дамытқан. Оның өлең-толғауларында үнемі психологиялық, синтаксистік параллелизм мол екендігін анық байқауға болады. Өйткені, ақынның өлең жолдарында табиғат пен адамды бір-бірімен қатар қоя, салыстыра сипаттау тәсілдері мол кездеседі. Оның үстіне, ақын поэзиясы афоризмге, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерге толы болумен бірге, олардың тәлімдік-тәрбиелік мәні де аса зор...

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бұқар жасаған кезде қазақ халқының тарихи жағдайы қалай еді?
2. Бұқарды неліктен жырау, кейде ақын дейміз?
3. Ақын толғауларында қандай әлеуметтік мәселелер көтерілген?
4. Ол өзінің толғауларында халыққа қандай өнегелі сөз айта білген?
5. Жырау өлеңдерінің негізгі тақырыбы қандай?
6. Ақын толғауларында Абылай хан бейнесі қалай бейнеленеді?
7. Бұқар толғауларында нақыл сөздер мақал-мәтелдерді қалай қолданған?
8. Ақынның «Бірінші тілек тілеңіз» атты өлеңін мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.
9. Бұқар жырау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі қандай?
10. Ақын өлеңдерінің тәлімдік-тәрбиелік мәнін қалай түсіндіңдер?

БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНАН:

ТІЛЕК

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір аллаға жазбасқа,
Екінші тілек тілеңіз,
Ер шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске,
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа,
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,

Ардақтаған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр шар тарап
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.

Оныншы тілек тілеңіз,
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз

Он бармағы қыналы
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Даусы қудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

* * *

Ай не болар күннен соң
Күн не болар айдан соң,
Құлпырып тұрған бәйшешек
Құрай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Мортық болар бүлген соң.
Тәрде отырған қарт бабаң
Тәресін жаңылар малдан соң,
Төркіндеген бикешің
Тіркеусіз о да қайтар малдан соң.
Доңғалақ арба жүре алмас,
Қос арысы сынған соң.
Жігіт жақсы бола алмас,
Алғаны жаман болған соң.

Қос, қос орда, қос орда,
Қосыла қонбас малдан соң.
Қоспақ өркеш сары атан
Қом жасамас майдан соң.
Төсі аршынды сұлуың
Сілкіп төсек салмас малдан соң.
Байдың ұлы көрпелдес
Шұбалаңқы тартады
Айдап жүрген малдан соң.
Үлдемен басын ораған,
Семсермен шашын тараған,
Қиғаштап қасын қараған,
Күлгенде күрек тісі қасқайған,
Қынай да белін буынған
Ол не болар ерден соң.

* * *

Алла деген ар болмас,
Ақты, жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,

Кең пейілді кемімес.
Берем деген қутылмас,
Берік байлаған шешілмес.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ (1706 – 1778)



XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бас кезінде жасаған аса талантты жыраулардың бірі – Үмбетей Тілеуұлы.

Ел арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда Үмбетей, өмір бойы жоқшылықтың тауқыметін көп тартып өткен көрінеді. Ол жыраудың толғауларынан да анық байқалады. Бірақ, тұрмыс талқысының қатаңдығына қарамастан, ешкімге жалынып-жасқанбай, кедеймін деп біреулерге қол созбаған.

Оның үстіне, қартайған шағында аурушаң болыпты. Өзі кедей әрі сырқаттау болған Үмбетейдің кейде көше алмай, жұртта қалып қоятын кездері де жиі-жиі боп тұрады екен.

Сөйтіп, бір өмір кедейшілік-жоқшылықпен өмір кешкен жырау өз толғау жырларында ел тыныштығын, бейбіт өмірді аңсап, ерлік пен батырлықты дәріптейді. Әсіресе ол Жоңғар басқыншылығына қарсы күресте айрықша көзге түскен Бөгембай батырды жоқтап айтқан толғауымен кең танылады. Оның ерлік істерін дәріптей отырып, жоңғарларға қарсы күрес майданында қаза болғанына қатты қайғырып, өкініш білдіреді.

Жырау өз жоқтауын Абылай ханның алдына келіп, бір жағы оған естіру үшін айтса, екіншіден, жырау Бөгембай батырдың тарихи тұлғасын дұрыс танып, оның жоңғарлардың бетін қайыруда көрсеткен батырлығы мен батылдығын, қаһармандық іс-әрекеттерін дәріптеп айтады. Өз толғау жолдарында батыр өліміне деген халық қайғысын әдемі жеткізеді. Мәселен, ол:

Уа, Абылай, Абылай,
Абылай ханым бұл қалай?
Дұшпаныңды мұқатқан,

Жауыңа қарсы оқ атқан,
Аруағыңа табысқан,
Батырың өтті Бөгембай, –

дей отырып, Абылай ханға ердің ері боп көзге түскен Бөгембай батырдың бұл пәниден өткендігін естіртеді. Үмбетей жырау да Бұқар жырау сияқты Абылайдың хан болғанға дейінгі жоқшылықта өткен өмірін, жалшылық жайын ашық тілге алады. Әрі оның атын шығарған батырларын дәріптей отырып, оның бірі – Бөгембай екендігін де баса айтады.

Соңыра Үмбетей жырау өз толғауында бас көтерген қазақ батырлары мен билерін санамалап, жоңғарларға қарсы күресте көрсеткен ерлік істерін жыр жолдарына қосып мадақтайды. Тіптен, әрбірінің кескін-келбетін, тұр-тұлғасын, ерлік мінездеріне дейін даралап сипаттайды. Бөгембай өліміне қатты қайғыра отырып, бөгде батырлармен салыстыра жыр толғауына қосады.

Қаз дауысты Қазыбек,
Керейден шыққан Жәнібек.
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгембай,
Абылай сенің тұсында,
Сол төртеуі большты-ай.
Үшеуі батыр, бірі би,
Тағдырдан келді-ау мына күй!
Сол ерлердің біреуі –
Бөгембай батыр өлген соң,
Көзімнің жасы көл болды-ай! –

деп, батыр өліміне қатты қайғырғанын тілге алады.

Одан әрі жырау билер мен батырларды дәріптей келіп, Бөгембайдың ерекше тұлғасын, болмыс-бітімін айрықша даралап сипаттайды:

Жалаңкия жерлерден,
Жазбай түсіп түлкі алған.
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгембай..!
Ауыр қол жидырып алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың,
Қабанбай мен Бөгембай... –

деп, Шақшақ ұлы Жәнібекті, Қаракерей Қабанбайды, Қанжығалы Бөгембайды айрықша құрметпен тілге алады.

Бұлардың бәрі де – тарихи адамдар, ірі тұлғалар. Үмбетей жыраудың Қазыбекұлы Бекболат биге арнау айтқан жыр толғауы да баршылық. Оған жырау адамгершілігі аса мол, байсалды би болуға үндеп үн қатады. Жыраудың өз тұтастары болған ел биі, әрі батыры

болған Ақтамберді, Қабанбай, Қазыбекұлы Бекболатқа арнаған жыр толғауларында бейбіт өмірді, мамыражай заманды аңсау сарыны анық аңғарылады. Ел арасындағы барымташылар мен сотқарларды, зорлық-зомбылық жасайтын үстемдікті жеріне жеткізе сын астына алады. Ол өзінің «Бәкіге» деген толғауында:

Тоқымы кеппей топтанып,
Ел тонауға аттанып,
Жылқышысын сойылдап,
Көрші жұртты шулатып,
Жаудай шапқан не сұмдық?

деп, сол кездегі озбыр, барымташыл, зұлымдықтардың мәнін ашады. Жырау ел арасындағы өзімшілдікті, әпербақандық пен қыңырқисық істерді барынша жек көріп, ондай адамдарды аяусыз сынайды. Жауқашар деген адамның қыңырлығын ешнәрседен тайсалмай бетіне басады. Мәселен, ол:

Бұрала біткен емендей,
Қисық туған адамсың.
Бұндай мінез-құлықпен,
Қайда абырой табарсың, –

деп, ашықтан-ашық айтады.

Үмбетей жырау – жоңғар басқыншылығында қарсы күресте ерлік көрсеткен талай қолбасы батырлар туралы да өзінің жыр-толғауларын қалдырған шын мәніндегі жалынды ақын.

Үмбетей халық аузында сақталған әр түрлі ерлік, батырлық жырларды жұртшылық алдында жырлап, халықтың қалмаққа деген өшпенділігін кең өріс алдыра түскен жырау ретінде де тілге алынады. Ол-халықты, елін, жерін, Отанын қорғауға жұмылдырып отырған патриот ақын.

Ел арасына кең тараған «Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұқарға», «Бекболат биге», «Ақтамбердіге» сияқты және т.б. жыр-толғауларында халық қамын ойлайтын, ел мүддесін көздейтін ерлерді дәріптеу сипаттары анық байқалады.

Өмір сырларын терең түсінген жырау өз толғауларында өмірден көрген-білгендерін тұспалдап, қорыта ой айта келіп, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді де орынды қолдана білген. Оны біз жыраудың мына бір толғауынан да аңғарамыз.

Үй сыртында асқар тау,
Панасы оның жоқ болса.

Бұл шіркіннің несі тау?
Кетеген болса түйең жау,
Тебеген болса биең жау.
Ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келін жау... –

деп, өмірлік мәні бар мәселелерді көтереді.

Үмбетей жырау толғауларында тәлімдік-тәрбиелік, ғибрат, үлгі, өнеге аларлық жолдар да аса мол кездеседі. «Үйіндегі ұлың жаман болса, есіктегі құлмен тең», «Қойныңдағы қатының жаман болса, қаңтардағы мұзбен тең» деп, нақыл сөздер ретінде өз ойын білдіреді.

Бай болмаған бай болса,
Жайламаған сай қалмас,
Би болмаған би болса,
Айтылмаған сөз қалмас,
Хан болмаған хан болса,
Қансыратпай ел қоймас,

деп, мәселенің бар мінін айтып салады.

Жыраудың жыр толғауларынан оның асқақ ақын екендігін аңғару оншалық қиын емес. Мәселен: Ол батырлардың ерлік күресі нәтижесінде қалмақтардың кері шегінгендігін:

Баянауыл, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозы Манрақ, Қой манрақ,
Арасы толған көп қалмақ
Қалмақты қуып қашырдың.
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың! –

деп, қалмақ басқыншылығынан азат болған өңірлерді санамалай тілге ала келіп, сондағы батырлардың ерлік күрестерін шабыттана жыр жолдарына қосады. Жырау өзінің Бөгембай батыр жөніндегі жырында оның сом тұлғасы мен тамаша бейнесін өзіндік еркешелігімен орнектеп жеткізеді. Мәселен, ол:

Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгембай!
Темір жұмсап, оқ атқан
Қорғасындай Бөгембай!
Қолтығы ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгембай! –

деп, мадақ жырының тамаша үлгісін жасайды.

Үмбетей ақын арынының биіктігі сонша, Бөгембай батыр өлімін есіттірудегі мына бір жолдарға көңіл көзін қадасак, оның асқақтығын тағы бір аңғарғандай боламыз.

Қазаға жақсы қасқарлар,
Ойбайлап жаман бас салар,
Көріспей айтты деменіз,
Осы еді біздің келген жай.
Көзіңнің жасын тия көр.,
Жақсылық бата қыла көр.,
Тағыда талай бақ берсін,
Бөгембайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!
Бөгембай сынды батырдың,
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай,
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шашылғай, –

деп ақын тамаша түйіндеу жасайды.

Қорыта айтқанда, Үмбетей Тілеуұлының жыр-толғаулары қазақ әдебиеті тарихында өзіндік көркемдік ерекшелігімен жан-жақты танылған, сөйтіп, қазақ поэзиясын байытуда сүбелі орын иелейтін жыр шумақтары деуге болады. Ол – аса жалынды, күрескер ақын ретінде әдебиет тарихынан бекем орын алған ірі тұлға.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Үмбетей ақын қай ғасырда жасаған?
2. Үмбетей өз жыр толғауларында нені дәріптеген?
3. Үмбетей толғауларында Бөгембай батыр қалай суреттеледі?
4. Үмбетей жыр-толғауларының көркемдік ерекшеліктері жайлы не білесіңдер?
5. Үмбетей жырау қай ханның тұсында жасап, оған не деп тоқтау айтады?

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНАН:

БӨГЕМБАЙ ӨЛІМІНЕ

Уа, Алатаудай Ақшадан
Асып тудың, Бөгембай,
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгембай!

Қалақайлап дулатқан,
Қалдамандап шулатқан
Қалмақты алдың, Бөгембай!
Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгембай!
Темір жұсап, оқ атқан
Қорғасындай Бөгембай!
Қолтығы ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгембай!
Жалаңқия жерлерден
Жазбай түсіп түлкі алған
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгембай!
Баянауыл, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозы Маңрақ, Қой Маңрақ
Арасы толған көп қалмақ;
Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың!
Ақ Шәуліге қос тігіп
Ауыр қол жидырып алдырдың;
Қалмаққа ойран салдырдың;
Қабанбай мен Бөгембай
Арғын менен Найманға
Қоныс қылып қалдырдың!

* * *

БӘКІГЕ

Дін пұсырман баласы
Адамдықтан жерімес.
Тіл пұсырманды қарата
Арамдықтан шегінбес.
Дәніккесін бұл шіркін
Адал бір дәм жегізбес.

Төртінші бөлім



XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ

XVIII ғасырдың екінші жартысында Бұқар жырау, Үмбетей, Тәтіқара және т.б. талантты ақын-жыраулар өткен болса, XIX ғасырдың бірінші жартысында Дулат, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет, Шернияз, Алмажан, Жанкісі, Жанақ, Түбек секілді т.б. ірі ақын-жыраулар легі өткендігін тарихтан жақсы білеміз.

Бірақ, олардың өмірге деген көзқарастары, идеялық бағыт-бағдарлары, тақырып таңдаулары бірыңғай, бір бағытта емес. Өрбірінің өскен ортасы, таптық ой-сезімі, алған тәлім-тәрбиесі, талант қабілеттеріне орай көтерген тақырыптары да әр түрлі.

Сондықтан оларды екі топқа бөліп, әдебиеттің екі түрлі бағытын жырлаған ақындар ретінде танимыз. Мәселен: Дулат, Жанұзақ, Байтоқ сияқты кейбір ақын-жырауларды өмірге деген көзқарасы тұрғысынан, дүниетанымы, тілек-мүдделеріне орайды феодалдық қоғамның жыршы-жыраулары деуге болады, сол бағыттың өкілі ретінде танылады. Олар қай мәселеге болса да, феодалдық көзқарас тұрғысынан пайымдаулар жасап, ой түйеді. Өйткені, олардың кез келгені хандық-феодалдық құрылыстың мызғымай берік боп қалуын қалайды. Олар үстем тап иелерінің ой-арманын, тілек-мақсаттарын өз жыр толғауларында шабыттана жырлап, оларды дәріптейді.

Бұқар жырау мен Дулат ақын да негізінен феодалдық идеологияны қолдап-қуаттағанымен, Байтоқ секілді біржақты көзқарастағы ақындар емес. Кей мәселелерде қоғамдық өмір алға тартқан өмірлік жайттерге өздерінің ой-пікірлерін ашық айта отырып, кейде үстем тап иелерінің озбырлықтарын сын астына да алып отырған. Әсіресе олар, Жоңғар қалмақтарының қазақ жерін жаулап алмақ болған сәттерінде, күллі жұртшылықты елді қорғау, Отанын, жерін қорғау мәселесіне жұмыла күресуге үндеген. Елді бірлікке, ынтымаққа шақырып, қарсы келген жауға бірлесе отырып күресуге жігерлендірген.

Сондай-ақ, Дулат ақын да өзінің өмірге көзқарасы жағынан Бұқар жыраудан ары асып кете алған жоқ. Ол жасаған дәуірде Орта жүз хандығы жойылып, оның орнына ел басқару ісінде аға сұлтандар өмірге келген болатын.

Сол үшін де Дулат ақын, өзі өмір сүрген дәуірде болған өзгерістерге сын көзімен қарады да, оларды сынап-мінеп, бір қатар сатиралық өлеңдер жазу мүмкіндігіне ие болды. Бұл орайда оның «Кеңесбай, азғын туғансың», «Барақ төреге», «Ишанға» секілді өлеңдерін тілге аламыз.

Егер Дулат ақынның өлеңдеріне тереңірек назар аударсақ, онда оның XIX ғасырдың бірінші жартысында жасаған ақындардың ішінде шын мәнінде, аса талантты сатирик ақын болғандығын байқаймыз.

Оның үстіне, Дулат – өлең тілінің шеберлігі жағынан да, өлең құрылысымен де, Бұқар жырау мен Махамбет ақын аралығындағы ерекше көңіл бөлерлік ірі талант иесі».

Өйткені ол өз дәуіріндегі өмір шындығын анық көре білді. Оның басты кемшілігі, сол бір шындықты үстем таптық көзқарастық тұрғысынан сынады.

Ел арасында болып жатқан кемшіліктерді сынап мінегенде, одан қалай құтылу керектігін дөп басып айта алмады. Тек, ескі – хандық заманда ақсап, соны дәріптеумен болды!

Дегенмен, бұл кезеңдегі ақындар арасынан Махамбет Өтемісұлының орны айрықша. Бұқар жырау мен Дулат ақын да өз кезіндегі өмір шындығын ақындық көзбен көре білгенімен, көп ретте ескі феодалдық көзқарас тұрғысынан пайымдаулар жасады. Ал Махамбет, Шернияз, Жанкісі, Алмажандар барлық мәселеге халықтық тұрғыдан қарай білді де, демократиялық бағыттың өкіліне айналды. Бұлар ішінен Махамбет – аса талантты күрескер ақын дәрежесіне көтерілді.

Жанкісі ақын сол кезде Қоқан хандығының қол астында болған қазақ халқының ауыр жағдайын, аянышты тұрмыс-тіршілігін көре білді. Оны өзінің өлең жолдарында жан-жақты көрсетті. Мәселен, ақын:

Өзіңіз қосқан зекетші –
Біздің елде Жүзбай бар.

Жүзбайдан жүрген жерінде
Жылау менен ойбай бар, –

деп, үстем таптың озбырлықтарын тікелей сын астына алады.

Тіптен, ақын:

Айтайын десең урада,
Урмаң түгіл қырада.

Алдына салып айдайда,
Ашуланса, байлайды, –

деп, сол дәуірдегі шындық бетін әшкерелейді:

Сөйтіп, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиеті тарихында екі түрлі әдеби бағыт кең өріс алды. Сондықтан да, қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың алғашқы жартысында жасаған ақындар арасында Махамбет Өтемісұлының алатын орны ерекше екендігінде дау жоқ.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ (1804–1846)



Күрескер ақын Махамбет 1804 жылы бұрынғы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданына қарасты (қазіргі Жәнібек) Нарындағы Бекетай құмында дүниеге келген. Әкесі Өтемістен он бала дүниеге келген екен. Олар ішінде ең үлкені – Баймағамбеттен кейінгісі, яғни екінші баласы – Махамбет болыпты. Ол жайлы ақынның өзі де: «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» – деп, өз өлең жолдарында тілге алады.

Махамбет жас кезінде Жәңгір хан ордасында болып, ондағы әділетсіздіктерді өз көзімен көреді. Жастайынан-ақ аса зерек, әрі қайсар боп өскен Махамбет, арабша, орысша хат танытын болады.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, Махамбеттің хан ордасында болуының екі түрлі себебі болған көрінеді. **Біріншіден**, Махамбеттің ағасы Баймағамбет хан Жәңгірдің 12 биінің бірі болса, ол өзінің жастық шағын ағасының қолында өткізуі мүмкін. **Екіншіден**, ол кезде хан-сұлтандар өз ордаларына мені «мақтасын», «дәріптесін» деп, өлең айтатын ақын-жыраулар ұстаған. Сондықтан да кезінде Байтоқ пен Жанұзақ ақын хан Жәңгірдің сарай ақыны ретінде танылған болатын.

Сол үшін де, жастайынан-ақ өзінің шешендігімен көзге түскен, өткір тілді Махамбетті Жәңгір хан баулып, өзін «мақтап-марапаттасын» деп, «сөзімді сөйлеп, сойылымды соқсын» деп, өз ордасына алған болуы да мүмкін.

Бірақ Махамбет Жәңгір ханның ол ойынан шықпайды. Айналасында болып жатқан теңсіздікке, әділетсіздікке шыдамай, халық қамын ойлап, хан Жәңгірді өзінің отты да уытты өлең жолдарымен түйрейді. Мәселен, ақын:

Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын.
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің аярсың,
Айыр құйрық шаянсың!... –

деп, шындықтың бетін ашып, Жәңгір ханның келеңсіздігін қаймықпай, шығғыртып бетіне басады.

Шынында да, халық намысының аяққа басылғандығын аңғарған ақын ханның зорлық-зомбылығы мен үстемдігіне наразы болады. Ханның жауыздық іс-әрекеттерін өз көзімен көрген соң, оның жауыздығын жеріне жеткізе әшкерелейді. Сондықтан да Жәңгір хан оны өз ордасынан қуып жіберуге мәжбүр болады. Ол жайлы Жәңгір хан губернаторға жазған бір хатында: «...Ол мүлде бұзылған адам болғандықтан, мен оны қуып жібердім», – деп жазғандығына куә боламыз.

Махамбет ханмен ат құйрығын кесісіп, түгелдей халық жағында болады. Сөйтіп, Жәңгір ханмен ашық күресуге бел байлап, өзіне серт береді. Өйткені ол Жәңгір ханның халықты сүліктей сорып, әбден езіп отырғандығын, халықта ешқандай еркіндік, бостандық болмағанын анық біледі. Көзі ашық, көкірегі ояу, барынша қайсар ақын елді, халықты ханға қарсы үгіттеп, өзінің барлық жыр жолдарын соған арнайды.

Махамбет көтерілісінің мәні

Тарихқа көңіл көзін қадасақ, қазақ халқының талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешкендігін аңғарамыз. Талай рет елін, жерін қорғап, өз азаттығы үшін ішкі-сыртқы жаулармен кескілескен, айқасқа түскен сәттері жиі болған. Сөйтіп, өзінің тәуелсіздігі, бас бостандығы жолында қажырлылығын да, қайраттылығын да таныта алды.

Ерлік күрестің басы-қасында Махамбет Өтемісұлы тұрды. Халық тарихында бұл күрес – XIX ғасырдың бірінші жартысында, Бөкей ордасында болған шаруалар көтерілісі болды. Бұл көтерілістің шығуына себеп болған мәселе – Жәңгір ханның шаруаларға зорлық-зомбылық көрсетіп, олардың жерлерін тартып алып, өзінің би-сұлтандарына таратып беруі болды. Нәтижеде ішкі Бөкей ордасының қазақтарға тиісті жерлері түгелдей үстем тап иелері болған феодалдарға бөліп беріледі. Содан 1836–1837 жылдары Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі бұрқ ете қалады.

Жәңгір хан халықтан алатын салықтарын да тым көбейтіп жіберген болатын. Сөйтіп ел өз еркінен айрылып, күйзелген үстіне күйзеле түсті. Ат төбеліндей үстем тап иелері, қанды қол жауыз хан-сұлтандар, күнәсіз қарапайым халықты езіп, әбден титықтатты.

Жәңгір ханның бірден-бір арқа сүйер сүйеніші – патша үкіметі. Мұның екеуі де – халық қамын емес, өздерінің құр құлқындарын ғана ойлайтын үстем тап иелері. Халық күйзеліп, әбден қиналып тұрған сәттерінде, бұл зорлыққа Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бас болып, тікелей қарсы күреске шығады. Сол көтерілістің басшысы және жаршысы болған Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан мына бір өлең жолдарында көтерілістің негізгі мәні ашылып:

Өздеріндей хандардың
Басын кессем деп едім...
Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім,
Турылығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім, –

деп, өздерінің алдына қойған мақсаттарын ашық айтады.

Сөйтіп, Исатай мен Махамбет қарапайым халықты қарны жуан билерге, хан-сұлтандарға қарсы көтеріліске жұмылдырды. Халық кегін алу үшін қолдарына қару алып, тікелей кескілескен күреске шығады. Оны азулы ақын Махамбет:

Аттанып едім көп үшін,
Көптің жинап мол күшін,
Дұшпанда кеткен сол көптің
Ежелден бергі кегі үшін, –

деп, не үшін күресіп жатқандығын да жасырмайды.

«Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік», – дей отырып, өз айналасына халықты топтап, күреске шығады. Сөйтіп, оларды күреске шақыруына, біріншіден, шаруалардың шұрайлы жерлерінен, қонысынан, жер-суынан, еркінен айрылуы екіншіден, хан-сұлтандар мен патша үкіметінің аяусыз езгісі, қыспаққа түсіп, әбден күйзелгендері себеп болады.

Үлкен бір айқас 1836 жылдың 14 сәуірінде, Қиялымола деген жерде басталады да, Жәңгір хан мен Исатайдың қолдары дәл сол жерде кездесу мүмкіндігіне ие болады. Онда хан жасағын Қарауылқожа Бабажанұлы бастаған болса, қарапайым халық қолын Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы басқарады. Бірақ, жау жағының қолы басым келеді. Исатайдың қол астындағы адамдар тым аз болса да, кескілескен күрес, үлкен айқас басталады. Екі жақ та тым ашулы. Көп қол Исатай жағын ығыстыра түседі. Сонда Махамбет:

Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін кусайшы! –

деп, өз сарбаздарына дем береді.

Халық сарбардары жауға оқтай атылып, берілмейді. Нәтижеде Исатай жасағы Жәңгір хан билерінің бірі – Талқы Құдайбергенұлының ауылын шауып, Қарауыл қожа аулын да ойрандайды.

Соңыра, 1837 жылдың 2 қарашасында Исатай мен Махамбет бастаған 3 мыңдай қол хан ордасына қарай бет алып, орданы қоршап алады. Жәңгір ханның небәрі 200 атты қазақ пен төре-төлеңгіттен құралған шағын ғана тобы болған. Көтерісшілер күші әлдеқайда басым. Дегенмен, Исатай бастаған қалың қол атойлап ұран салса, лап етуге сай тұрады. Ашық күресуге дәрмені жетпейтіндігін байқаған хан айлаға көше бастайды. Әбден құты қашып, берекесіздене үрейлеген хан Жәңгір, Исатайға елші жіберіп: «Бар тілегін орындаймыз. Тек, он күнге мұрсат берсін», – дейді.

Ылғи да батырлар аңғал, сенгіш болатындықтан, Исатай да хан сөзіне сеніп, оның арбауына түсіп қалады. Бірақ оған Махамбет, ешқашан ханға сенбеу керектігін ескертіп: «Көк бедеуді бауырлап, шабамын», – ұмтылады.

Дегенмен, орынсыз қан төккісі келмеген Исатай, Махамбетке тоқтау айтып, мақсаттарын бейбіт жолмен шешпек болады. Жәңгір ханның зымияндық әрекетін байқамаған аңғал Исатай батыр хан сөзіне алданып қалады. Хан айласын кейін байқап қалады да:

Атаңа нәлет хан ұлы-ай,
Тілегін сұрап алған соң,
Ойлағаны болған соң,
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып, –

деп, өзінің өлең жолдарында алданғандығын ашық айтады.

Сөйтіп, патша үкіметінің Гекке бастаған үш полк әскерлері келіп, Исатай–Махамбет бастаған қолмен шайқасқа түседі. Міне, бұл шайқас Бөкей ордасындағы Бекетай құмында болып өтеді. Оны Махамбет ақын:

Әскер жиып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айқайлап жауға тигенде,
Ағатай–Беріш ұраным,
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты Жүніс аттанды, –

деп, Бекетай құмында болған ұрысты реалистік тұрғыдан анық сипаттайды.

Көз алдында болған қанды майданды, қырғын өлімді, өрттей лаулаған жауды ашық айта келіп: «Мылтығын қардай боратып», – деп, найзағайдай атылып үн қатады. Сөйтіп, Гекке бастаған орыс әскерлерімен үлкен шайқаста, 1838 жылдың 12 шілдесінде Исатай қаза табады. Махамбет бірнеше жігіттерімен әскердің шебін әрең бұзып, кері шегінуге мәжбүр болады.

Махамбет қолы Гекке бастаған патша әскеріне төтеп бере алмайды. Өйткені, Геккенің қол астында 500-ден астам әскері болумен бірге, олардың соғыс техникасы да жеткілікті еді.

Исатай өлімінен соң Махамбет қатты күйзеліп, жалғызсырай бастайды. Жырларында мұңаюдың, қайғырудың сарыны кең өріс алады. Оның үстіне, қол астындағы жігіттерінің біразы тарап кетеді. Ел үрейленген. Халыққа деген зорлық-зомбылық, қиянат бұрынғыдан да күшейе түседі. Оған қатты налып: «Қаумалаған қасымда, қарындастың кемі үшін», – деп, қайсар ақын әбден берекесізденеді. Тіптен ақын:

Қайтейін енді, дүние-ай,
Жағдайсыз кетіп барамын
Қасымда көмектің кемінен, –

деп, ақын қатты күйзеледі.

Бірақ, барынша қайсар, асқан батыр, от ауызды, өткір тілді, адуын ақын еңсесін тез-ақ көтеріп алады. Күрес туын қайта көтермек болып, қайратына міне бастайды. Өзін де, жолдастарын да жауға қарсы күресуге жұмылдырады:

Ұрандап жауға тигенде,
Кім жеңері талай-ды
Жолдастарым мұңайма! –

деп, жігіттерін қанаттандырады.

Сөйтіп, Махамбет тағы да қол жинау мақсатымен Хиуаға қарай бет алып, Хиуа ханынан әскери көмек сұрамақ болады. Ол ақынның «Айныман» атты өлеңінде өз шешімін әдемі тапқан. Мәселен, Махамбет:

Айтса-дағы айныман,
Көлденеңнің сөзіне.
Әшкерә болған ісім бар,
Жиылған жұрттың көбіне,
Кеткенім жоқ олжа үшін,
Кетіп едім елімнен
Атаңа нәлет Жәңгірдің
Қан жылатқан заңы үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Күн-түн қатып жүргенім:
Ана Нарында жатқан
Жас баланың қамы үшін, –

деп, мақсат-себебін ашық айтады.

Барынша қайсар, өжет ақын қандай қиын-қыстау күндерді басынан өткізсе де, тіптен «Әділ жанынан түңілсе де» күрес жолынан, алға қойған мақсатынан кері шегінген емес. Содан ол Әлім, Шөмен, Адай елдерінен жігіттер жинап, оларды өз жанына топтастыра бастайды. Сол елдерде жүрген кезінде ақын ардақты ағалары болған – Бабайға, Надырқұлға, Сәли мен Жармұхамбет, Жамантайларға сәлем жолдайды. Өзінің Хиуадан аман-есен қайтқандығын тілге ала келіп, оларды сағынғандығын, көргісі келетіндігін айтады. Тіптен, Хиуа хандығының алдағы жазда әскер беретіндігін ескерте отырып, жағдай дұрыс болса, старшын Сәлиді жіберулерін өтінеді. Міне, ақынның осы хаты қас жауларының қолына түседі. Содан олар: «Махамбет елдің тыныштығын бұзуда, дегенмен ел әлі оны ұстап бермей жатыр», – деп, оның үстінен шекара комиссиясына шағым хат жібереді.

Махамбет тағы да қуғын-сүргінге тап болады. Жәңгір хан да, Орынбор генерал-губернаторы да соңына қуғыншылар салып, ақыры үйінде қаннен-қаперсіз отырған ақынды, ойда – жоқта патша әскерлері қоршап алады. Жалғыз отырған Махамбет өлмей беріскісі келмейді. Қолында ататын қаруы жоқ, тек қана қанжары болады. Кіріп келген әскердің біреуін ғана жайратып салады да, қалғандарына шамасы келмейді. Патша солдаттары бас салып, қол-аяғын байлайды да, Орынбор түрмесіне қарай ала жөнеледі.

Сөйтіп, Махамбетті Орынбор түрмесіне қамап, тергеуге алады. Қайсар ақын ағайын-туыстарын, ел-жұртын сағынады. Оларды көруге зар болады. Тұтқын азабын, ұрып-соғуын көріп, әбден қиналады.

Кеше біз зынданда жатып құбылдық?
Қамалаған көп дұшпанға қор болдық.
Терезеден телміріп,
Ағайын мен туғанды
Бір көруге зар болдық, –

деп ақын, іштегі сағынышын, қайғы-қасіретін ашына айтады.

Махамбет ісі әскери сотқа беріледі. Дегенмен батыр одан да ақталып шығады. Оның бірден-бір себебі, 1837 жылғы қатты қақтығыс барысында Исатайдың үй іші патша әскерлерінің қолына түседі. Міне, осы кезде Шустиков деген патша офицері, қол астындағы әскерлерімен батыр Есет Көтібаровтың қоршауында қалып қояды. Екі арадағы келіссөзге Махамбет Өтемісұлы араласып, патша әскерлерін босатуға көмек қолын созған көрінеді. Осы мәселені тілге тиек еткен Орынбордың генерал-губернаторы: «Орал сыртындағы Ордада болған кезде, үкіметке жақсылық еткенін ескеріп, сотқа тартылған Махамбет Өтемісұлы жазадан құтқарылып, шекарадан өткізіп салынсын, бірақ оның бұдан былай шекараға жақындауына тыйым салынсын, егер бұл тыйымды бұзса немесе ішкі Ордаға өтсе, ол қатал жазаға тартылсын», – деген үкім шығарады.

Сөйтіп, шекара комиссиясының бұйрығымен Махамбет Өтемісұлын Кіші жүздің аға сұлтаны Арыстан Жанториннің қарамағына, соның байқауына жібереді.

Бірақ аса жауыз, әрі өркөкірек Жәңгір хан Махамбеттің қыр соңынан қалмай көзін құрту жолдарын іздестіре бастайды. Талай рет генерал-губернаторға үстінен шағым жазып, соттатпақ та болады. Дегенмен, атадан аруақты боп туылған батырды, елім деп еңіреген азамат ұлын ешкім ұстап бере қоймайды. Бірақ ол ел ішінде жасырынып жүреді. Бәрібір халық үшін туылған хас батыр ханға, төрелер мен сұлтандарға, патша әкімдеріне деген өшпенділігін қоймайды.

Баймағамбет сұлтан Махамбетті талай рет ұстап бермек болып, әрекет жасап, алдап-арбайды да, бірақ одан түк шықпайды. Әлденеше рет ат жіберіп, шақыртып та көреді. Олардың ойын, арамзалық ниеттерін дұрыс түсінген Махамбет алдана қоймайды.

Махамбет ойламаған жерде Баймағамбет сұлтанмен кездесіп қалады. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Махамбет жиі-жиі

барып тұратын аулына барса, бір үйде отырған Баймағамбет сұлтанның дәл үстінен шыққан көрінеді. Бұл ауылға да Баймағамбет өз шаруасымен келген екен. Бірақ, жанында жасағы жоқ. Тек бірер билері мен төре-төлеңгіттерімен келген сияқты. Қару-жарағы бар Махамбет келді дегенді естіген Баймағамбет дереу айлаға көшіп, ауыл байларының біріне: «Мұнда алып келіңдер, сөйлесейік, бірақ оғаш сөз сөйлемендер, не десе де, көне беріңдер. Біз бұл ауылға қонақпыз, жай отырғанда бізге тиісе алмайды. Ал шалыс келсек, қару-жарағы бар, өлтіріп кетуі мүмкін, дегенмен сақтанып отырыңдар», – дейді.

Аса батыл, ержүрек Махамбет әрі азулы ақын бірден кіріп келгенде, сұлтан да, оның нөкерлері де, жиылған жұртшылық та бәрі де шошып түседі. Дегенмен, сыр білдірмеуге тырысады. Бірақ, Махамбет Баймағамбет сұлтанмен де, оның нөкерлерімен де амандаспай, бірден отыра салады. Екі жақ та бір-бірімен арласа, сақ отырады. Содан әңгіме барысында сұлтан Махамбетке бұрыла қарап: «Исатай екеуің не істемекші едіңдер, соны айтшы?» – деп, өтінеді.

Осы арада табан астында ол өзінің «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген әйгілі өлеңін шығарған деседі. Сонда Баймағамбет көлгірсіп: «Бұлай айтпаса, ол Махамбет бола ма, ондай сөзді көтермесем, мен хан боламын ба?», – деп, жалтақтай үн қатыпты.

Тым қайсар, от жүректі ақынның сұсы басқан Баймағамбет одан әрі ешнәрсе дей алмапты. Әрине, Махамбет сыйлас досының үйінде Баймағамбет сұлтанмен кездескеніне қатты өкінеді. Махамбет ауылдан жалғыз шыға Баймағамбеттің жолын торида. Барынша әккі сұлтан оны іштей сезініп, басқа жолмен кетуге мәжбүр болады. Махамбет оны қолға түсіре алмағанына өкінеді. Баймағамбет те: «Махамбетті кім ұстап берсе, 1000 сом беремін» – деп, күллі жұртшылыққа жар сала бастайды.

Бірақ, халық үшін туылған ардақты азаматын ешкім ұстап бергісі келмейді. Дегенмен, кейбір ел арасында болатын алаяқ, қу-сұмдар ғана опасыздық жасап, кезінде өзіне «дос» боп жүрген Ықылас деген адам Махамбетке өз үйінде дәм-тұзын татқызып отырған шағында, байқаусызда сырт жағынан келіп, басын шауып алады.

Сөйтіп, құр құлқынның құлы болған, дүниеқоңыз, қуыс кеуделер Махамбеттің басын Баймағамбет сұлтанға алып барады.

Өксіп, жылап-сықтап Махамбет батырдың асыл жары, аяулы перзенттері қалады. Сөйтіп, елім деп еңіреп жүрген батыр 1846 жылы 42 жасында, абайсызда мерт болып, бұл пәниден көз жұмады. Оның

сүйегі Дендер жағалауындағы Қарой деген жерге қойылады. Дәл қазір ол жер «Махамбет ойы» деп аталады. 1959 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімімен ұлы ақынның басына ескерткіш орнатылады.

Ақын өлендерінің көркемдік ерекшеліктері, идеялық мәні

Махамбет поэзиясы шаруалар көтерілісінің нағыз шежіресі, айнасы деуге болады. Өйткені ақын өз өлендерін күрес, тартыс үстінде тудыра білді. Оның өлендерінде отты леп, жалындаған ызамен кек, асқақ әуен, ерекше серпінділік анық байқалады. Сондықтан да белгілі жазушымыз, академик Сәбит Мұқанов ақын өлендері жайлы тоқтала келіп: «Ереуіл толғаулары» деген болатын. Шынында да Махамбеттің кез келген өлең жолдарына назар аударсақ, олардан отты леп пен, күрес сарынын, ашу-ызаның, кектің көріністерін байқау қиын емес. Мәселен, ақын:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Ер төсектен безінбей...
Темір қазық жастанбай...,
Ерлердің ісі бітер ме?! –

деп, халық үшін, елі, жері үшін күресе білетін ерлердің тамаша бейнесін жасайды. Қас жаумен қанды шайқастарда тайсалмай күресе білетін адуындық сарын анық көрініс береді.

Орайы келгенде айрықша ескерте кетерлік жайт, Махамбет өлендерінде шешендік кең көрініс табумен бірге, онда нақыл сөздер, термелік сипат байқалатын толғау сарындары да аса мол кездеседі. Мәселен, Махамбет:

Қыран құстың баласы,
Ұшса келмес ұяға.
Асыл ердің баласы
Жауды көрсе шыдамай,
Көзін салар қияға.

дейді. Не болмаса:

Аз сөйлер де, көп тыңдар
Хас асылдың баласы...
Жаманнан туған жақсы бар
Атасын айтса нанғысыз, –

деген толғаулары күні бүгінге дейін халқымыз арасында қанатты сөзге айналып кеткен.

Шын мәніндегі шынайы талант, күрескер ақынның кез келген өлеңдерінің ішкі мәнінде терең философиялық мән-мағына жатады. Ол өмірден көрген-білгендерін өз ұрпақтарына өлең жолдарымен әдемі жеткізіп кеткен.

Махамбет өлеңдері үнемі 7-8 буынды жыр үлгісімен жазылған.

Шұбыртпалы, айнымалы ұйқаспен жазылған өлең жолдарын байқау да оншалық қиын емес.

Ақын өлеңдеріндегі реализм де, романтикалық сарын да шаруалар көтерілісінің мақсатынан келіп туындаған. Әсіресе ол көтерілістің бірден-бір басшысы болған Исатайды биіктету мақсатында, оны тарланға, арыстанға балап үн қатады. Ал Баймағамбет сұлтанды – түйенің ең нашар түрі болған нарқоспаққа балайды. Сөйтіп, Махамбет шынжыр балақ, шұбар төстерді, қарны жуан билерді жексұрын етіп көрсетеді.

Ақын өз ойын тамаша жеткізу үшін әрбір сөзге ерекше мән беріп, орны-орнымен қолдана біледі. Ол көркем сөздің тамаша үлгілерін жайдан-жай ала салмаған. Өмір шындығын шынайы сипаттау үшін орнын тауып қолдана білген. Мәселен, ақын: Исатай дүниеден өткенде, оның қазасына налыған халықтың қаралы күнін сипаттау үшін «мұнар», «шұбар» деген сияқты эпитет сөздерді өз орнында ұтымды пайдалана білген.

Оның үстіне, өзінің беті қайтып, опық жеген, қалжыраған тұстарында:

Телегей теңіз шалқыған,
Қоғалы көлдер суалып,
Тізеге жетер-жетпес күн болған.
Жапанға біткен бәйтерек
Жапырағынан айрылып
Қу түбір болған күн болған, –

деп, өзін-өзі кішірейтіп, құлдыратып тіл қатқан.

Ақын өз өлеңдерінде метафораның ұлғайған түрлерін де әдемі қолдана біледі.

Мен тауда – ойнаған қарт марал
Табаным тасқа тиер деп
Сақсынып шыққан қиядан, –

дейді ол. Сондай-ақ:

Қарындастың қамы үшін,
Қатын менен бала үшін,

Қайырылмай кеткен жігіттің
Өзін кәпір алғанын
Талақ деп айтсақ болар ма?

деп, метафораның тамаша үлгісін сұрау арқылы, өзінің терең ойын ашық білдіреді.

Ақын, өзінің туған еліне, Нарынына деген ерекше сүйіспеншілігінде:

Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректей... –

деп, әсірелеу әдісінің тамаша үлгісін танытады.

Махамбет кез келген өлең жолдарында эпитеттің ұлғайған түрлері мен әсірелеудің тамаша үлгілерін, нақыл сөздер мен афоризмдерді де өнімді пайдаланған.

Шынында да ақын өз ойын жан-жақты жеткізу үшін, әр сөзді аса талғаммен, жеріне жеткізе әдемі қолдана біледі. Оның өлең жолдарында тамаша көркем сөздердің небір әдемі үлгілері кездеседі. Бірақ оларды ақын тек әсемдік, әдемілік үшін ғана алмаған, ойын барынша айқын, әрі анық жеткізу үшін әдейі қолданған. Тіптен ақын, дыбыс қайталауды да өлеңнің саздылығы мен оның мәнін күшейту үшін алған. Мәселен, ақынның:

Толғай, Толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан, –

деген өлең жолдарында музыкалық әуен үні аңғарылумен бірге, батырдың әсем тұлғасы да өзіндік ерекшеліктерімен шынайы көрініс тапқан. Ақын өз ойын халыққа барынша дәл, әрі анық жеткізу үшін көркем сөздің айшықты бедерін өнімді қолдана білген. Бұл – ақынның дарындылығының бірден-бір белгісі деуге болады.

Иә, Исатай мен Махамбетке «Ереуіл атқа ер салдырған» да, «Егеулі найза қолдарына алдырған» да, «Бекініп садақ асынған» да – сол «қара қазан, сары бала қамы». Тіптен «толарсақтан саз кештірген» де – сол, елдің, жұрттың қамы. Елін, ен тоғайын малға толтырып, олардың жағдайын жақсарту арманы еді. Сондықтан да ақын өзінің «Ау, қызғыш құс» атты өлеңінде:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Ел қорыған мен едім.

Мен де айрылдым елімнен,
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен... –

деп, өз ойын психологиялық параллелизм арқылы жеткізіп, барынша тебірене, үлкен сезіммен терең түйіндеулер жасайды.

Расында да, қызғыш құстың көлсіз тірлік-тынысы болмаса, ақын да өзінің елінсіз, туған топырағынсыз – өмірдің тұл екендігін ашық мойындайды. Мәселен, ақын:

Сені көлден айырған –
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған, –
Хан Жәңгірдің екпіні, –

деп, қас жауының кім екенін жасырмай айтады.

Барынша батыл, әрі қайсар ақын ешкімнен қаймықпай ашына үн қатып, өз ойын үстем тап иелеріне ашық айтады да, оларды сын астына алады. Мәселен, ақын өзінің Баймағамбет сұлтанға айтқан өлең жолдарында:

Өздеріңдей хандарды,
Қарны жуан билерді,
Қабырғасын сөгілтіп,
Қабырғадан аққан қара қан
Ат бауырына төгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат артына өңгердік, –

деп, қарапайым халқы, қара балалары үшін бай-сұлтандармен, үстем тап иелерімен күрескендігін білдіреді.

Ақын өзінің туған жері Нарынды Отан ретінде алып, сол үшін, сонда жасаған елі үшін кескілесе күрескенін де ашықтан-ашық айта біледі. Мәселен, Нарында кімдердің барын ескерте келіп:

Ата менен ана бар,
Іні менен аға бар,
Қарындас, халқым, көп қалды-ау,
Қатын менен бала бар... –

деп, шындық бетін ашады.

Нарынды ата мекені ретінде бағалаған ақын Нарын мен Еділ, Жайық үшін, қара қазақ баласы үшін ата жау болған Жәңгір ханмен

кескілесе күрескенін де жасырмай тілге алады. Тіптен ақын, сол үшін «Күндердің күні болғанда, бас кесермін жасырман», – дей отырып, хан Жәңгірге өктем үн қатады. Халықты хан-сұлтандарға қарсы күресуге жұмылдырады. Мәселен, ақын:

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға,
Қас түлектен туған кәтепті,
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып,
Бір-біріңдеп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек.
Біздің бүйткен бұл іске...

дейді.

Шынында да, не үшін күресіп жүргендігін анық аңғарған ақын халық мүддесін жеке мүддесінен жоғары қояды. Халқы, елі үшін жан пида деп білген ақын тәуелсіздік жолында ешнәрседен қайтпайтындығын сездіреді.

Сөйтіп, өз халқының бостандығы үшін қанын төгіп, қабырғасын қайыстыра білген ақынды халқы да қадір тұтып, ерекше бағалайды. Отанын, халқын, елін айрықша сүйіп, қастерлей білген Махамбет өзінің жалынды өлең-толғауларымен күні бүгінге дейін жетіп келіп, күллі жұртшылықтың сезім пернесіне нұр себуде. Сондықтан да Махамбетті біз – халқын, елін шын сүйе білген нағыз патриот ақын деп санаймыз.

Махамбет өлең-дері – шаруалар көтерілісінің айнасы

Махамбет өлең-толғауларына көңіл көзін қадасақ, оның нағыз шаруалар көтерілісінің бірден-бір айнасы екендігін анық байқаймыз. Өйткені ақын халқымен елі үшін ешкімнен тайсалмай, хан-сұлтандардың арамзалық іс-әрекеттерін сын астына алады. Ол Жәңгір ханға айтқан өлеңінде:

Хан емессің, қасқырсың,
Қас албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын.
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр құйрық шаянсың, –

деп Жәңгірдің залымдығын бетіне басады.

Көркем сөзден әдемі баламалар тауып, оның жауыздығын, халық қанын сүліктей соратын сұрқиялық іс-әрекеттерін ашып, қаймықпай айтады.

Ақын өлең жолдарынан жексұрын, жыртқыш ханның бет пердесі әдемі ашылады. Әрі ақынның нағыз реалист екендігін де анық аңғарамыз. Ақын ханды халықтың ата жауы, қас дұшпаны ретінде сипаттайды. Сөйтіп, халықты ханға қарсы күресуге шақырады.

Исатай өліп, бірнеше жігіттерімен қашып жүрсе де ешкімнен шошынбай, хан-сұлтандарға қарсы өлең жолдарын айтудан бас тартпайды. Тіптен ақын Жәңгір ханға қарата:

Атаңа нәлет Жәңгір хан,
Қара қазақ баласын
Шетінен тізіп айдады-ау,
Орынбор деген қалаға-ай.

деп, халықтың мұнын мұндап, жырын жырлайды.

Көтеріліске қатысқан елдің басына түскен қайғы-қасіреттерін, ауыр хал-жайын, хандар мен би-сұлтандардың халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтарын жасырмай айтады. Айтқанда да жеріне жеткізе, жалындатып айта біледі.

Сондықтан да ақын өзінің «Әй, Махамбет жолдасым» атты өлеңін Исатай аузынан айттыра отырып, талауға түскен елін, адыра қалған жерін, қырғынға тап болған халқын, сұрапыл соғыста қаза болған ерлерін жырлай келіп:

Ата мен ана бұл қалды-ау!
Қатын жесір тұл қалды-ау!
Еңбекпен жиған мал қалды-ау!
Бұлардан енді қимайтын
Енді менің нем қалды-ау!
Тек шықпаған жан қалды-ау! –

деп, ақын ауыр күйзеліске түскен сәттерін де жасырмай тілге алады.

Ел басына, өз басына түскен ауыртпалықтарын, қиын болған жағдайын нағыз реалистік тұрғыдан шебер жеткізеді. Оның үстіне жан досы Исатай Тайманов өлгеннен соң көп қиындыққа тап болған Махамбет өзге жерге қоныс аударғандығын да элегиялық сарында әдемі сипаттайды.

Арғымаққа оқ тиді –
Қыл мықынның түбінен.
Ер жігітке оқ тиді –
Ауыз омыртқаның түбінен.

Жантайып жатып көп іштім.
Жаздықтың шалшық көлінен,
Қайтейін енді дүние-ай,
Жағдайсыз кетіп барамын
Қасымда көмектің кемінен, –

дейді ол.

Лажсыздықтан Махамбет бұрынғы жерінен Шүренге, Хиуаға қоныс аударады. Патшадан көмек алған Жәңгір хан жасақтарынан үрейі ұшқан халық енді бас көтергісі келмейді. Содан Орда, Орынбор мен Орал аймағындағы халықтың Махамбетке көмек беруге еш мүмкіндігі болмайды. Ол елден кетуіне өзі де өкініш білдіре:

Абайламай айрылдым
Ар жақтағы елімнен,
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кеттім демеймін,
Кем болмады өлімнен, –

деп, Нарыннан кеткеніне өкінеді.

Махамбет өзінің абайсызда жаңсақ басқан қателігін де анық түсінеді. Бірақ ол өз басы үшін емес, ел қамы үшін екендігін де аңғартады. Жеңіліске тап болған халқын жеңіске жеткізу үшін шалғайда жатқан Шүрен, Назар елдерінен қол жинай бастайды. Хиуа хандығына да барып, көмек беруін өтінеді. Оны ақынның «Айныман» атты өлеңінен көреміз:

Айтса-дағы айныман
Көлдененнің сөзіне
Әшкере болған ісім бар,
Жиылған жұрттың көзіне,
Кеткенім жоқ олжа үшін,
Кетіп едім елімнен,
Атана нәлет Жәңгірдің
Қан жылатқан заңы үшін:
Баданамды баса бөктеріп,
Күн-түн қатып жүргенім –
Ана Нарында жатқан
Жас баланың қамы үшін...

Сөйтіп ақын, Хиуа ханына қас дұшпаны Жәңгір ханға қарсы қайта күресу үшін қол жинау мақсатымен барғандығын білдіреді. Өз еліне бостандық, тәуелсіздік мақсатында барғандығын тілге алады.

Махамбеттің қай өлеңіне назар аударсақ та, бәрінде де елі кім, жауы кім екендігін бүкпей айтады. Ақынның «Қызғыш құс» атты

өлеңінен бастап, не үшін күрескендігі өзінің анық шешімін тауып отырады.

Хан-сұлтандар, үстем тап иелері халықты қанша езіп, өздерінің айла-шарғысы мен зұлымдығын өткізсе де, оларды құртып-жойып жіберу қолдарынан келмейді. Бұл азулы ақынның еліне деген сүйіспеншілігін, ыстық сезімін суыта да алмайды. Елі, жері үшін жан пида деген ақын өмірінің соңғы жылдарында шығарған «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінен» де оның өктем үнін, қайыспас қажырлылығын анық аңғарамыз. Мәселен, ол:

Мен кеспекті ердің сойымын,
Кескілеспей бір басылман.
Алдына келіп тұрмын деп,
Ар, намысымды қашырман...
Айта келген сөзім бар.
Не қылсаң да жасырман,
Шамдансам, жығар асаумын,
Шамырқансам, – сынар болатпын.
Кәр қылар деп, «тақсыр – ау!»,
Аяғыңа бас ұрман.
Байеке, сұлтан, ақ сүйек
Қыларың болса, қылып қал.
Күндердің күні болғанда,
Бас кесермін жасырман! –

деп, қаймықпай өктем үн қатады.

Қорыта айтқанда, Махамбет өлеңдерінің шынайылығы – өз кезіндегі хан-сұлтандардың зұлымдығын, халықты күйзелткен зорлық-зомбылықтарын барынша ашық-айқын жеткізумен бірге, өз басына түскен ауыртпалықтарын да, күйзелген, қиыншылық көрген сәттерін де жасырмай ашық айта білуінде.

Махамбет өлеңдеріндегі романтизм сарындары

Егер ақын поэзиясына тереңірек назар аударсақ, одан романтизм элементтерін анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Бірақ ол – күллі жұртшылықты күреске шарлаған оптимистік идеяға толы, прогресшіл романтизм. Онда халықтың хан-сұлтандарға деген наразылықтары, өз айналасына риза болмай, алға ұмтылу, барлық жақсылықты алдағы күннен күту, сөйтіп халықты күреске шақыру идеялары жатады.

Ақын өлеңдеріндегі романтизм пафосы – халық күресімен жымдасып кеткен. Мәселен, ақынның «Ереуіл атқа ер салмай» атты өлеңіндегі мына бір жолдарына назар аударалық:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай.
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,

Арып-ашып шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс қашпай,
Терлігі майдай ерімей,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

Ақынның бұл өлең жолдарында торығу, налу сарыны тіптен байқалмайды. Алға қойған мақсатты орындап шығу үшін, қанша қиыншылық болса да, қаймықпай күресуге ұмтылу бар. Халыққа қандай ауыр қиыншылық тап келсе де, оған мойымау керектігін ашық айту идеясы анық байқалады. Хан, сұлтандар, патша ләшкерлерімен күрес барысында, халықты қажымауға, торықпауға, табанды бола білуге шақырады.

Шынында да, халық күресінің жаршысы, әрі жыршысы бола білген Махамбет халықты күреске шақыра отырып, ешнәрседен тарығып, мойымау керектігін үндеп тілге алады. Ақын:

Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білтеліге доп салмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Қозы жауырын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,

Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай,
Ерлердің ісі бітер ме? –

деп, ағынан жарылады.

Махамбет өлеңдеріндегі романтизм сарыны бастан-аяқ халықты күреске жігерлендіру, бар жақсылықты алдағы өмірден күту болып, ол барынша прогрестік, оптимистік романтизм нәрімен астасады.

Исатай өліп, бірен-саран жігіттерімен қалған сәттерінде де, көтеріліс ыдыраған соң да өзінің отты лепке толы өлеңдерімен алға ұмтылады.

Өмірден торығып, сары уайымға салынбай, дүниеден безінбейді. Қайта жігерлене түсіп, халық арасынан қол іздестіре бастайды. Патша үкіметінің қалың қолынан жеңілгеннен соң да, ақын:

Орама мылтық тарс ұрып,
Жауға аттанар күн қайда?
Елбең-елбең жүгірген,

Ебелек отқа семірген,
Жауырынына мұз қатып,
Жалаулы найза қолға алып,

Арғымақтан туған асылды,
Баптап мінер күн қайда?
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол тартып,
Жау тоқтатар күн қайда?! –

деп, шындық бетін жасырмай ашық айтып, ағынан жарыла өктем үн қатады.

Ақынның жоғарыдағы өлең жолдарында торығу, сары уайымға түсу сарыны еш байқалмайды. Қалың жұртты ереуілге, күреске шақыру идеясы басым. Сондықтан да ақын өзінің «О, Нарын» атты өлеңінде:

Алтын жақса жарасар
Жылтыраған күміске.
Он екі ата Байұлы...
Тізгінін берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке... –

дейді. Көпшілікті біріктіруді ойлап, тізгінді өз қолына алса, тағы бір күреске шығатындығын ескертеді. Ханға қарсы шығып, бір сілкілеспек болған ниетін білдіреді. Мәселен:

Боз ағаштан биік мен едім,
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Ел құтқарар ер едім,
Жандаспай ақыр бір тынбан, –

дейді. Одан ары:

Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзерміз де жайлармыз,
Күлісті сынды күреңді
Күдірейтіп күнде байлармыз...
Ісім жөнге келгенде,
Қамалаған көп дұшпанды
Әлі де болса қойдай қырып айдармыз, –

деп, әлі де алдында ұлы мақсаттары бар екендігін айтады.

Азулы ақын өзінің «Мұңайма» атты өлеңінде Жәңгір хан әскерлерінің көтерілісшілерге, қалың елге көрсеткен қысымын ашық айта отырып, өз жолдастарын одан қамығып, мойымауға шақырады.

Ханның ісі қатайды,
Азамат ерден бақ тайды.
Қандай көбе киініп...
Ұрандап жауға тигенде
Кім жеңері талай-ды,
Жолдастарым, мұнайма! –

деп, ашықтан-ашық ерлікке, шыдамды болуға үндейді.

Халық үшін қасық қаны қалғанша шайқасуды ниет еткен Махамбет өмірден көзі жұмылғанша болашақтан күдер үзбей, үлкен үмітпен алға ұмтылады. Өз мақсаттарына жете алмаса да, кейінгі ұрпақтар күрескер жолын қуар деген арманда болады. Сондықтан ол:

Ақ жұмыртқа, сары уыз
Әлпештеп қолдан өсірген,
Туған ұлдан не пайда? –
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса.

дейді.

Ақын қолына найза алып, ата жауы болған хан-сұлтандарға, үстем тап иелеріне қарсы шығатын кейінгі ұрпақтардың қандай болу керектігін айта келіп:

Асылдан болат ұл туса.
Екі жақ болып келгенде
Егескен жерде шарт кетер,
Жауырыннан өтін алса да.
Жамандарға жалынбас...–

деп сипаттайды.

Махамбет: өзінің «Бағаналы терек жарылса» атты өлеңінде өз өмірінің соңғы сәттерін, көңіл күйінің тамаша көріністерін сипаттайды.

Бағаналы терек жарылса,
Бақыраш жамап болар ма?
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше
Еменге иір бұтақ бітсейші,
Қыранға тұғыр қыларға.

Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы,
Артымыздан біздердің
Ақырып тендік сұрарға! –

дейді ол.

Махамбет Исатай өлгеннен кейін де көтерілісті қайтадан ұйымдастырмақ болып, көп әрекет етеді. Дегенмен, хан-сұлтан, би үстем тап

иелерінің халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығы, қатты қысымы нәтижесінде ел қайта күреске шығуда бата алмайды. Оны да ақын жақсы біледі, терең түсінеді. Елдің басын қайта біріктіру қиын екендігін де аңғарады. Бірақ ақын:

Бәрін айт та, бірін айт,
Халық толқыса, тұра алмайды хан тағында.

деп, шындық бетін шамырқана ашып үн қатады.

Ақын ешбір мойымайды, сары уайымға түсіп, қамықпайды. Сондықтан да ол бар үмітті алдан күтеді. «Ісім жөнге келгенде, қамалаған көп дұшпанды әлі де болса, қойдай қылып айдармыз», – деп, кейінгі жастарға өзінің оптимистік ниетін білдіреді.

Ақын келешекте «Қарадан біреу туып», бұлардың игі жолын қуса, қашанда халық хан-сұлтандардан өз кегін алатындығын да жасырмай ашық айтады. Сөйтіп ақын алғы өмірден теңдікті, әділеттілікті, тәуелсіздікті арман етеді. Міне, ол – бүгінгі таңда іске асып отыр.

Орайы келгенде айрықша ескерте кетерлік жайт, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетімізде адам образын сипаттауда да Махамбет Өтемісұлы ерекше шеберлік танытқан. Ол ақынның «Исатай – басшы, мен – қосшы» атты өлеңінде анық өз шешімін тапқан. Махамбет Исатаймен терезесі тең тұлға болса да, өзінің кіші пейілділігімен танылып, Исатай бейнесін асқақтата, биік етіп сомдаған. Бұл ақынның адамгершілік қасиеттерін анық аңғартқандай. Тіптен ақын Баймағамбетке:

Боз орданы тіктім деп,
Боз ағашты жықтым деп,
Халық, ханым дегенге
Көтере берме бұтыңды,
Көптіре берме ұртыңды,
Күндердің күні болғанда,
Өзіңнен мықты табылса,
Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді.

дейді де, одан әрі өктем үн қатып:

Хан баласы ақсүйек,
Қыларың болса, қылып қал,
Күндердің күні болғанда
Бас кесермін жасырман, –

деп, ашығын айтады.

Ханға да, сұлтанға да қаймықпай найзағайдай атылып сөйлеген Махамбет ешқашан «кескілеспей басылмайтындығын» да батыл айтады. Оларға өзінің ар-намысын аяққа бастырмайды. Сондықтан да ақын өзін: «Мен ақсұңқар құстың сойылы едім, шамырқансам, тағы кетермін», – деп, одан әрі: «Шамдансам, жығар асаумын, шамырқансам сынар болатпын», – дей отырып, өз бойындағы қайраты мен күш-жігерін, ар-намысын бүкпей, ағынан жарыла, ашығын айтып, оларды шошыта түседі.

Дұшпаныма келгенде,
Тартылмай сөйлер асылмын.
Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық жалын шорт түйген,
Құм сағыздай созылған,
Дулығалы бас кескен,
Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын.

деп, ақын ешкімнен тартынбай, ешкімге тайсақтамай ашық айтады.

Аса адуын, азулы ақынның қайсы бір өлеңін оқысақ та, одан өктем үн мен шынайылықты, батылдық пен батырлықты айқын аңғарамыз. Тіптен ол: «Атадан туған аруақты ер, жауды көрсе жапырар», «Үдей соққан дауылдай», – деп, ешнәрседен қаймықпайтын ұлы тұлғалығын да жасырмайды.

Махамбет пен Исатай – қазақ халқы тарихында езілген халықтың мұңын мұндап, жырын жырлаған нағыз халық ұлы, халық батырлары ретінде үлкен орын иелейді.

Ақын өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері

Махамбет өлеңдері – шаруалар көтерілісінің бірден-бір айнасы. Ақын өлеңдерінде халық көтерілісінің барлық қыры әдемі көрініс тапқан. Өйткені онда көтерілістің шығу себептері, алға қойған негізгі мақсаты, сәтсіздікке тап болу сырлары – бәрі өзіндік айшық-бедерімен суреттелген.

Махамбетті шын мәніндегі патриот, тамаша реалист, күрескер ақын деуге болады. Өлеңдерінің негізгі лейтмотиві – елді бірден-бір ерлік күреске үндеу, жұмылдыру. Әсіресе ақынның ерлікке толы «Ереуіл атқа ер салмай», «Беркініп садақ асынбай», «Толарсақтан саз кешіп», сияқты т.б. өлеңдерін нағыз саяси лириканың әсем түрлері дей аламыз. Ақын әрбір азаматты күреске шақырады, ата жаумен

айқасуға үндейді. Халықты, елді ереуілге шығуға жұмылдырады. Бұл ақынның – күрескерлік сипаты.

Ақын өлеңдерінде элегиялық сарындар да байқалады. Мәселен, көтерілісте жеңіліп, сәтсіздікке тап болған сәттерінде ақын көңілі жабырқау тартып, өзегін өрт шалады. Ең жақын – аяулы достары мерт болғаннан соң, біраз мұнайып, қайғырады. Ел басына түскен қара бұлттан налиды. Елім деп еңіреп жүрген ақын қабырғасы қайысып, мұнайған сәттерін:

Қатын – бала, қара орман –
Баршасын жауға алдырған...
Асыра келіп ойласам,
Бұл фәнидің жүзінде
Махамбеттей зарығып,
Мұңды болған қайда бар? –

деп, басына түскен қиын-қыстау кезеңдерін, ауыртпалықтарын қын-жыла тілге алады:

Ел қабыланын жөнелтіп,
Елсізде аңырап қалған шақ.
Біздерден ақыл сұрама.

деп торығады. Соңыра:

Тарыққанда қайрылар
Қарындасым менде жоқ –

деген ойды алға тартады. Өз басына түскен ауыртпалық пен жалғыздық сырын аша сөйлейді.

Ақын өзінің «Мұнар да мұнар, мұнар күн», «Еменнің түбі – сары бал» атты өлеңдерінде өзінің ішкі зарын, қайғы-мұңын көзінен қанды жасын ағыза отырып, сөгіле сөйлейді. Қимас досы, абзал басшысы болған Исатайдан айрылу, әрі туған елінен, жерінен қоныс аударуы – ақынды жан азабына түсіріп, қатты налытады.

Дегенмен ақын күйректікке салынбайды, әбден сары уайымға түсіп, езіліп жоқ боп кетпейді. Өмірге ұмтылып, бар жақсылықты алдан күтеді. Махамбеттің элегиялық сарында жазылған өлеңдерінің өзінде де оптимистік рух, күреске шарлау, ерлікке үндеу сырлары анық байқалады. Сондықтан да Махамбет поэзиясы – барынша отты, уытты лепке толы. Оның өлеңдерін шаруалар көтерілісінің бірден-бір шежіресі, тамаша көрінісі деуге болады. Оның «Аспандағы боз торғай», «Арқаның қызыл өзені», «Бұл дүниенің жүзінде», «Арғымақтың бала-

сы», «Толғау» сияқты т.б. өлеңдері – философиялық лепке толы тундылар. Оларда өмірдің әр алуан құбылыстары көрініс тауып, оның бір қалыпта тұрмайтындығы жөнінде, кемел тебіреністер жасайды. Мәселен, ол:

Қоғалы көлдер, құм, сулар
Кімдерге қоныс болмаған?
Саздарға біткен құба тал
Кімдерге сайғақ болмаған?
Басына жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған?
Таңдап мінген тұлпарлар

Иесін қайда жауға салмаған?
Құландар ішпес бұршақ қақ
Кімдерге шәрбат болмаған?
Садағына сары шіркей ұялап,
Жау іздеген ерлердің
Қайда басы қалмаған? –

деп, үлкен бір философиялық түйіндеулер айтады.

Махамбеттің пейзаждық лирикаға жататын Нарын туралы жазған екі-ақ өлеңі бар. Өзге өлеңдерінде табиғат сипаттары, құбылыстары оншалық аңғарылмайды. Кейде тек сөз арасында болмаса, жеке пейзажды сипаттайтын өлеңдері ақын поэзиясында кездеспейді. Бірақ, ақын өлеңдерінде көнерген сөздер мен афоризмдер мол ұшырайды. Оны біз ақынның «Ереуіл атқа ер салмай», «Әй, Махамбет жолдасым», «Соғыс» сияқты өлеңдерінен анық байқаймыз.

Көркем әдебиетті қоғамдық өміріміздің бірден-бір айнасы десек, Махамбет өлеңдері – өз дәуірінің, халық бұқарасының сол кездегі қанаушыларға қарсы күресінің жемісі. Міне, бұлар – өз елін, халқын жанындай сүйген, ерекше қастерлей білген, езілген елінің жоғын жоқтап, мұнын мұңдаған ақынның асқақ арманы. Махамбет армандаған ұлы мақсат – бүгінгі таңда ғана өз шешімін тауып, кең өріс алып келеді. Бұл – Егеменді ел, Тәуелсіз мемлекет болудың алғашқы арналары еді десек, артық айтқандық емес.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Махамбет өмірінен қысқаша мәлімет айтыңдар.
2. Ақын өлеңдерінде нендей мәселелер көтерілген?
3. Ақын поэзиясында Исатай бейнесі қалай суреттеледі?
4. Махамбеттің «Тарланым» атты өлеңін жаттап алып, талдау жасаңдар.
5. Ақын «Хан емессің, қасқырсың» деген өлеңінде нені меңзейді?
6. Ақын өлеңдерінде Махамбет бейнесі қалай көрініс тапқан?
7. Ақынның «Мұнар да, мұнар, мұнар күн», «Мұңайма», «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңдерінде қандай мәселелер көтерілген?
8. Ақын өлеңдеріндегі романтизмнің, прогресшіл романтизмнің мәнін түсіндіріңдер.
9. Махамбет өлеңдерінде көтерілген мәселелер төңірегінде ой бөлісіңдер.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

ТАРЛАНЫМ

Таудан мұнартып ұшқан
тарланым,
Саған ұсынсам, қолым жетер
ме?

Арызым айтсам, өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермиығым, кербезім!
Керіскендей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!
Тебіренбес ауыр мінездім!
Садағына сары жебені
салдырған,
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған,
Тереңнен көзін ойдырған
Сұр жебелі² оғына
Тауықтың жүнін қойдырған.
Маңдайын сары сусар³
бөрік басқан.
Жауырынына күшіген жүнді
оқ шанышқан.
Айқайласа, белдік байлаған,
Астана жұртын айналған,

¹ *Керіскендей шандозым* – керіскендей – негізгі керу. Тартысуға, күресуге төзімділік ұғымында. Шандозым – кербездің синонимі.

² *Жебе* деп садақ оғын айтады.

³ *Сусар* – аң.



Исатай Тайманов

Күндердің күні болғанда
Жарамды бір теріге алғысыз.
Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді.
Нарға жүгін салғысыз.
Аруанадан туған мая бар,
Асылын айуан десең нанғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Атасын айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Алтын ердің қасы еді,
Исатайды өлтіріп,
Қырсық та шалған біздің ел.

НАРЫН

Абайламай айрылдым,
Ар жақтағы елімнен –
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кеттім демеймін,
Кем болмады өлімнен.
Теңім үлгі алмады.
Аузымдағы желімнен.
Істеген ісім кетті далаға.
Қашан өтіп шығам деп,
Қайғырамын мен-дағы,
Жайықтан арғы далаға,
Басқа қысым түскен соң,
Қайрылмастай күн болды
Қатын менен балаға:
Барсаң сәлем айта бар
Ата менен анаға,
Жаудан аман жан қалса,

Қара орман – малым садаға
Өлең айтып толғадым
Көкірегімді басарға.
Қарадай отын жармадым
Тас қазанды асарға.
Махамбеттей мұңдыға
Енді келер күн қайда?
Ханға құрған шатырды
Сүңгіменен түртіп ашарға?
Алтын жақсы жарасар,
Жылтыраған күміске.
Он екі ата Байұлы¹
Жиылып келсе бұл іске,
Алты сан алаш² ат бөліп.
Тізгінін берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке...

¹Он екі ата Байұлы – кіші жүздегі тайпаның аты.

²Алты сан алаш – күллі қазақ деген ұғымда.

АСПАНДАҒЫ БОЗТОРҒАЙ

Аспандағы бозторғай –
Бозаңда болар ұясы.
Бозаңның түбін су алса,
Қайғыда болар анасы.
Қара лашын, ақ тұйғын –
Қайыңда болар ұясы.
Қайыңның басын жел соқса,
Қайғыда болар анасы.
Айланбастың Алатау –
Баурында болар саясы.
Тоқсан тарау су ақса,
Дария болар сағасы.
Сан шерулі қол болса,
Батырлар болар ағасы.
Аз сөйлер де көп тыңдар
Хас асылдың баласы.

Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ
Көгінде жатып көркеймес,
Ортайса көлдің қоғасы.
Аруана мая күңіренер,
Баурынан өлсе баласы.
Суда жүзген нән балық
Шағала құсқа жем болар,
Үзілсе көлдің сағасы.
Атадан қалған сауыттың
Шығыршығын тот басар,
Жыртыла тозса жағасы.

Бесінші бөлім



ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН:



НИЗАМИ ГӘНЖАУИ
(1141–1209)



Әзербайжан әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі, классигі – Низами Гәнжауи. Ол 1141 жылы Әзербайжан Республикасына қарасты Гәнжа қаласында дүниеге келіп, 1209 жылы сол қалада 68 жасында өмірден өтеді.

Гәнжа қаласы кезінде сауда-саттығы, экономикасы өркендеген, мәдениеті дамыған қалалардың бірі болған. Ол қалада суретшілер, зергерлер мен сәулетшілер, түрлі саладағы шеберлер жасағандықтан, IX ғасырда мәдениеті дамып, кең өріс алады. Оның үстіне, Низами жасаған дәуірде үстем тап иелерінің – феодалдардың өзара қақтығыстары, әппербақандықтары да көбейеді. Әсіресе Салжүк түріктерінің үстемдігі қанат жайып, араб халифаты мен Иран шахының өзара қақтығыстары да дамиды.

Осындай берекесіздіктерді өз көзімен көріп, сезінген Низами, сол келеңсіздіктерді өз шығармаларына өрісті өзек, арналы арқау етеді. Ол – өз өлеңдерін көп ретте парсы тілінде жазғанымен араб, парсы, түркі тілдерін де жетік меңгерген ақын. Нәтижеде, Низами – бүкіл Шығыс мәдениеті мен әдебиетінің дамуына, оның ішінде Орта Азия мен қазақ әдебиетінің дамуына да өзінің елеулі әсерін тигізген ірі тұлға.

Низами – оның лақап есімі. Оның шын аты – Илияс Жүсіпұлы. Ол Гәнжа қаласындағы орта шаруалы жанұяда дүниеге келген. Низами өзінің терең философиялық сырға толы тамаша поэзиялық шы-

ғармаларымен әлем әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан кемел ақын.

Кезінде немістің ұлы ақыны Гете: «Шығыста ығай мен сығай жеті ақын бар. Солардың ең төмені – менен биік тұрады» – деген болатын. Міне сол, Шығыстағы жеті ақынның бірі – осы Низами.

Аса ойшыл, кеменгер ақыннан бізге жеткен «Хамса» («Бестік») – бес дастаны. Бұл – жалпы әлем әдебиеті тарихында тұңғыш рет өмірге келген «Хамса». Сондықтан да Низамиді Шығыс әдебиеті тарихында алғаш «Хамса» жазуды бастаушы, соның негізін салушы ақын ретінде тілге аламыз.

Ақын өзінің «Хамсасына» енгізген «Құпия – қазына» атты дастанын алғаш рет 1175–1180 жылдар аралығында жазған болса, «Қысырау – Шырын» дастанын 1181 жылы, сондай-ақ «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасын 1182 жылы, «Жеті аруын» 1196 жылы жазу мүмкіндігіне ие болады. Соңыра, «Ескендір-нама» дастанын 1203 жылы жазып бітіреді.

Низами осы бес дастанымен-ақ өзінің асқан дарын иесі екендігін жан-жақты танытады. Оның дастандары сюжеттік желісінің құрылысы жағынан да, тілінің аса көркем тартымдылығымен де, көз тартып көңіл қуантады. Олардағы ұлы гуманистік идеялар оқырман жұртшылықты өз жетегіне үйіреді.

Низамиден бізге осындай кең тынысты кемел дастандармен бірге, аса тамаша лирикалық шығармалар, алты қасида, бір жүз он алты ғазал, отыз рубай сияқты т.б. өлеңдер жетіп келген. Бұлар – әлем поэзиясының дамуына аса мол үлес болып қосылған тамаша көркем шығармалар.

Ақынның «Сырлар қазынасы» немесе «Құпия-қазына» атты дастаны – негізінен тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие, философиялық поэма. Кейбір деректерге қарағанда, Низами осы поэмасы мен 1175 жылы жазған «Махзан-ул-асрар» атты дастанын, Эрзаншан қаласының әкімі Бачрам шахқа арнап жазған көрінеді.

Онда ақын өз жүрегімен, өзінің жан-тәнімен сырласа отырып, адам баласының өмірге келуін, өсіп-өніп, ұлғаюын, онан соң жарық дүниені тәрк ету жайттерін сөз ете отырып, солар жайлы ой қозғайды.

Дастан негізінен жиырма тараудан тұрады. Әр тарауда сыр шерткен негізгі оқиғалар арқылы, ел билеуші әмірлер мен патшалардың өз халқына аса қамқор, барынша әділ болуын тілге алады. Сөйтіп, қарапайым кірпіш құюшы еңбек адамының бейнесі арқылы еңбекті ардақтауға, еңбек адамдарын қадірлей білуге шақырады.

Бірақ дастанда Сүлеймен патшаның өсек сөзге еріп, қол астындағы жазықсыз жандарды жазалағандығы қатты сын астына алынады. Оның үстіне шығармада, Бұлбұл мен Сұңқарды өзара әңгімелестіре отырып, Бұлбұлды халық көңілін көтеретін, өмірге қуаныш әкелетін жануар ретінде тілге алса, Сұңқарды Санжар сұлтанның қолында, оның тапқанын жеп, әбден тойынып алған соң, патша бұйрығымен Қырғауыл, Дуадақ сияқты т.б. жан-жануарлардың қанын ішетін жендет ретінде сипаттайды. Осы арқылы ақын ел билеуші–үстем тап иелерінің де, патшалардың да халық қанын сүліктей сорып, өз үстемдігін, озбырлық, зорлық-зомбылық жолымен жүргізетіндігін сынады.

Ұлы ақын Низами Гәнжауи өз дастанында ел билеуші – үстем тап иелерін, патшалар мен ел басшыларын ынсапқа, әділдікке шақыра отырып, үнемі өз халқының қамқоры бола білуге үндейді. Ақын ойының негізгі кредосы – шын мәніндегі адам қашанда өзін-өзі танып, білуге тиіс деген ойды алға тарту. Шығармада жақсылық жасау – әрбір адамның негізгі міндеті деген гуманистік идеялар өзінің сәтті шешімін тапқан.

Ақын өз өлең жолдарында: «өзгенің мінін айтудан бұрын, өз бойыңдағы мініңді, кемшіліктеріңді аңғарып, соны жоюға тиіссің» – деген ойды баса ескертеді. Өз мінін, кемшілігін білмей тұрып, біреудің мінін бетіне басу-келеңсіздік деп біледі. Әрбір адам бойында әділдік пен еңбексүйгіштік қасиеттер аса мол болу керектігін ескертеді.

Ақынның «Сырлар қазынасы» немесе «Құпия – қазына» атты дастаны негізінен діни сарында жазылғанымен, онда адам бойындағы адалдық пен әділдік сияқты т.б. ұлы қасиеттерді қастерлеу, кең өріс алдыру мәселесі кең көрініс тапқан.

Реті келгенде ерекше бір айта кетерлік жайт, ақын шығармашылығында Қыпшақ қызы – Аппақтың алатын орны айрықша. Ұрыс, соғыс, өзара қақтығыстар салдарынан қолға түскен Аппақ қызды, Дербент қаласының әкімі қалам ақысы үшін Низамиге сыйға тартады. Алғаш өзінің қарындасындай көріп, ерекше құрмет тұтқан Низами, бара-бара оның асқан сұлулығы мен ақыл-парасатына дән риза болып, күндер өткен сайын ынтығып, ақыры ғашық болып қалады. Нәтижеде ол 1173 жылы Қыпшақ қызы – Аппаққа үйленеді.

Бұл ақынның шалқар шабытын шалқытып, бойына қуат, ойына үлкен қозғаулар сала бастайды. Ақындық арыны шалқып, ерекше серпіле түседі. Сөйтіп ол, 1180 жылы Аппаққа арнап өзінің «Қысырау – Шырын» дастанын жазу мүмкіндігіне ие болады.

Дастанда Қысырау деген шахтың асқан сұлу, ақыл-парасаты аса мол Шырын деген қызға ғашық болу сырлары жан-жақты көрініс табады. Бірақ, шығармада бас қаһарман – шақ Қысырау емес, асқан сұлу, ақыл-парасаты тым мол Шырын қыздың тірлік-тыныстары, болмыс-бітімдері ерекше сүйіспеншілікпен өзінің жанды шешімін табады.

Шырын қыз дастанда асқан сұлу болып сипатталумен бірге, тұла бойы тұнған ақыл, тамаша асыл қасиеттерге толы, ақыл-ойдың бірден-бір иесі ретінде алынады. Оның ақылына көркі сай, көркіне ақылы сай болғандығы сонша, Қысыраудың ел билеу істеріне де үнемі ақыл-кеңес беруші ретінде көрініс табады. Дастанның тілі аса тартымды, оқиғасы тым қызық екендігі соншалық, оқыған сәттен-ақ оқырмандарды өз жетегіне үйіріп алады.

Сондай-ақ ақынның екінші бір әйгілі поэмасы «Ләйлі–Мәжнүн» дастаны. Ол негізінен араб аңыз-әңгімелері негізінде өмірге келген көркем шығарма. Бұл поэманың негізгі сюжеті өзіне дейінгі Араб, Иран, Орта Азия халықтарының аңыз-әңгімелерінде кең тараған оқиғалар. Ол жайлы ІХ ғасырдағы Ибн Құтайбаның поэзия туралы еңбегінен, сондай-ақ Абул-Фараджа-Исфаханның өлең кітабынан, т.б. еңбектерден Ләйлі мен Мәжнүннің ғашықтығы, өз армандарына жете алмай жынданып өлгендігі жайында аса мол мағлұматтарға ие боламыз.

Низами сол сюжеттік желілерді негізге ала отырып, оны өзінше дамытып, өзінің дастанына арналы арқау еткен. Нәтижеде, Шығыс әдебиеті тарихында нағыз классикалық үлгідегі аса тамаша дастан жазу мүмкіндігіне ие болған. Онда ақын араб руларының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сипаттай отырып, солардан аттап өткен махаббат сырларын ашып береді. Шын ғашықтыққа ешнәрсе тосқауыл бола алмайтынын ескерте отырып, өз сүйгеніне қосыла алмаған ғашық атынан сөйлейді:

Айым едің баттың бұлтқа,
Шығармысың күлім қағып.
Тірі түсіп мен тұмыққа,
Жатырмын ғой күйіп-жанып, –

дейді Мәжнүн, өзінің сүйген қызы Ләйліге.

Оның үстіне ақын өзінің «Жеті ару» поэмасында, Бахрам Гур шах жөніндегі аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, оның жеті әйелін өзара сырластырады. Жеңіл мінезді патша Бахрам Гурдің келе-келе парасаты мол, аса әділ патшаға айналғандығын сипаттайды. Шығармада

зұлымдық пен озбырлық атаулыны сын астына ала отырып, үстем тап иелерін адалдық пен әділдікке шақырады. Дастанда қарапайым халықтың ауыр тұрмысы, қайғылы қасіреттері жан-жақты көрініс табумен бірге, сарай маңындағылардың қорқаулығы, озбырлығы, зұлымдық іс-әрекеттері әшкереленеді.

Низамидің «Ескендірнама» дастаны – ең соңғы шығармасы. Ол негізінен екі кітаптан тұрады. Біріншісі – «Шарафнама» («Даңқ кітабы») болса, екіншісі «Иқболнама» («Бақыт кітабы»). Бұл еңбектерін ақын 1196–1203 жылдар аралығында жазған. Дастанға ертедегі грек елінің жауынгер патшасы Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) жайлы кең өріс алған аңыз-әңгімелер арналы өзек болған. Ол кезінде Шығыс пен Батыс әдебиетінде де мол жырланған тақырыптардың бірі болатын. Мұны тұтас күйінде, көлемді етіп жырлаған ақынның бірі – Низами Гәнжауи болды.

Онда ақын Ескендірдің туып-өскен жерін, өскен ортасын, Аристотельдей ғұлама ғалымнан оқып алған тәлім-тәрбиесін тілге алады. Ескендір Батыс пен Шығыс елдеріне соғысқа аттанғанда, оларды жеңіп, басып алу үшін емес, езілген, қорлық, зорлық-зомбылық көрген халықты азат ету үшін, оларға бас бостандық алып беру үшін, әділетсіз патшаларды жойып, сол елдерде әділет орнату үшін күрескендігі сөз болады.

Иран патшасы Дара соғыста жаралы болып, өлер алдында Ескендірдің: «Елін сатқан опасызды жазалап, халыққа қысымшылық көрсетпей, қызына үйленіп, туыс болу керек», – деген ойын алға тартады. Мәселен: Әзербайжан жеріндегі Берді қаласының әйел патшасы Науша бегіммен кездесіп, бейбіт келісімге келуі, елге тыныштық бермеген қарақшыларды құртуы сыр шертумен бірге, үнді, ауған, қытай жерлеріндегі соғыста Ескендірдің ерлігі мен қиын-қыстау мәселелерді шешудегі тапқырлығы сөз болады.

Поэмада Ескендірдің басқа елдерді жаулап алған апат соғыстары сын астына алынбайды. Ол тек әділдік, теңдік, халық бостандығы үшін күрескен деген идея ғана алға тартылады. Оның үстіне, дастанның «Даңқ кітабы» деп аталатын бөлімінде, Ескендірдің мәңгі жасартатын өмір суын іздеуі, қараңғы түнде елінен безіп кетуі сөз болады. Дегенмен Ескендір оны таба алмайды.

Ал дастанның «Бақыт кітабы» атты екінші бөлімінде, Ескендірдің өнер-білімді дамытуға қосқан үлестері сөз болады. Онда Аристотельдің махаббаттан ғылымды артық көруі, химия ғылымының күшімен ал-

тын жасалатындығы, түсінде бұзықтық жойылып, түбінде адалдық жеңетіндігі тілге алады.

Сондай-ақ дастанда Гермос, Платон, Аристотельдің ақыл, пайым-парасатының өмірде қалай іске асқандығы, олардың философиялық ой түйіндері мен қағидалары, үнді, грек, қытай, түрік елдерінің философиялық ойларының өмірлік сипат алуы да сөз болады. Тіптен дастанда, аспан мен жердің жаратылуы да, әрбір адам баласына алдын-ала өлшеніп берілген өмір – барлығы да өзінің шынайы шешімін тапқан. Нәтижеде, поэмада кітаби дүние мен халық даналығы өзара ұштасып, жымдасып отыратындығы анық аңғарылады. Міне, осы даналық шыңында Ескендір бейнесі көз тартып, көңілге ұялайды. Өйткені ол, әлемдегі жаңа пайғамбар ретінде алынып, ол үнемі әділет пен ақиқат жолын ұстанатын ұлы тұлға ретінде көрініс табады. Міне сол ақиқат жолы – ғылым жолы дегенді меңзейді.

Бірақ Низами, сол Ескендір білген ғылымды халық тыныс-тіршілігімен байланысты деп қарамайды. Ескендір бірде бақшасы солған, егіндері қураған елді көріп, оның себебін тексерсе, ондағы ел басшылары тым қатал, аса қытымыр, елді езуші, талағыш, зорлық-зомбылық жасаушы зәлім екендігін байқайды. Ал енді бірде Солтүстік өңірде құлпырып көгеріп тұрған жерді көреді де, онда нағыз қызықты дүние барлығын, ол елдердің әкімі, елбасылары нағыз әділ, халық қамқоры екендігін аңғарады. Сондықтан, онда байлық мол, кедейлік, жоқшылық жоқ деген ойда болады. Көгерген, өскен-өнген жерлерде бақытсыздық болмайды. Ауру-сырқаудан адам өлмейді, тек қартайып қана өмірден өтуі мүмкін деген ойды алға тартады. Ондай жерлерде біреулері бақытсыздыққа тап болса, екінші біреулері көмек қол созады деген түйіндеулер жасайды. Олар арасында татулық, достық, туыстық белең алады демек болады. Сөйтіп, дастанда Ескендірге өмірге қызықтырып, бақыт орнаған өлкені армандатады. Міне, сондай асқақ арманмен еліне қайтып бара жатқан Ескендір, жолда жарық дүниеден көз жұмады.

Ақын өзінің «Ескендірнама» поэмасында адам өмірі, халық тағдыры, олардың келешегі жайлы өзінің ойын, гуманистік идеяларын алға тартады. Поэmanın негізгі идеясы – жер бетінде әділетсіздікті жойып, әділет орнату. Әлемде ұлы адамгершілік, гуманистік идеялар орнығып, адам баласына мәңгі-бақи бақыт орнауы қажет деген асқақ армандарды негіз етеді.

Фердаусидің поэмасында Бахрам Гур өз өмірінің жиырма жылын қызықшылықпен өткізсе, жиырма жылын әділдікпен, тағы жиырма

жылын құлшылдықпен өткізгендігі сөз болса, ал Низамидегі Бахрам Гур жеті сарай салдырып, жетеуінде жеті сұлу ұстайды. Оның үстіне, жеті сарайдың түсі де жеті түрлі болады. Әр сарайдың сұлулары да әр түрлі қызық әңгімелер айтады. Мәселен: қоңыр түсті сарайда – үнді сұлуы, сары сарайда – Бағдат сұлуы, жасыл сарайда – Рум сұлуы, қызыл сарайда – орыс сұлуы, көк сарайда – Мысыр сұлуы, ал сандал түсті сарайда – көшпелі елдің қызы – дала сұлуы болады.

Олар бірінен соң бірі тұспалдап әңгімелер айтып, өмірде жиі-жиі болатын жауыздықты, әділетсіздіктерді сынайды. Дегенмен, поэмада Бахрам Гур бастан аяқ дәріптелмейді. Бірде ол барынша адал, әділ жолға қадам басса, енді бірде тәкәппар, өзімшіл болып та көрініс табады. Дейтұрғанмен де, ақынның «Ескендірнама» поэмасы ақын шығармаларының қорытындысы іспетті аса тартымды көркем дүние.

Қорыта айтқанда, Низамидің жоғарыда сөз еткен бес дастаннан тұратын «Хамсасы» – әлем әдебеті тарихында сүбелі орын иелейтін сом туынды. Ақынның әрбір көркем шығармаларында өзі көрген, дүниеден әділдік, адалдық таба алмай, жақсы да жарқын өмірді аңсаудан туған ойлары жатады. Сондықтан да ол: *«Сыықсыз тұрмыстан азаптан басқаны көре алмадым» – десе, тағы бір ұлағатты ой түйінінде: «Жеті қат аспан астынан жәбірліктен басқа жақсылық таба алмадым», – дейді. Одан әрі ақын: «Еңбекпен өткізген күн – нұрлы» – десе, тағы бірде: «Тақсыр, мені сұмдық оймен бірге жүруден сақтандыра гөр», – деп те тілге алады. Тіптен ақын: «Қорлаушыға қазылған көр дайын», «Күн ашықта – көлеңке дос, ертеден кешке дейін қасыңда», «Тұманды дүниеде жол жүру қиын», «Еліңе жаныңды таза жеткізе гөр», «Жүрегіңнің бақшасына қара, қарғаны жолата көрме», – деген тамаша ойларды да алға тартады.*

Шынында да, Низами Гәнжауидің қай шығармасына назар аударсаң да, онда ізгі адамгершілік пен асқақ арман, кемел ұлы ой, халық бақыты жатады. Өмірді ерекше қастерлей отырып, онда достық пен махаббатты, әділет пен бақытты тұрмысты арман етеді. Сондықтан да ақын өзінің «Ләйлі – Мәжнүн» дастанында:

Дүние – алтын жиһаз, безбе бұдан,
Қызық, құмарт, адам бол, болма жылан.
Жыланға ұқсап, өліні азық етпе,
Сен дүниенің гүлісің шалқып тұрған.

десе, тағы бір өлең жолдарында:

Адам болсаң, болғайсың адал жанды,
Жауыздықтан аулақ бол, сүй адамды.
Жақсылықты жақсылық табар іздеп,
Жамандық пен жақсы атақ кім шығарды?

деп, шындықтың бетін тамаша аша түседі (Қасым Аманжолов аударған).

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жайт, Низами Гәнжауи өзінің «Хамса» атты бестік шығармасымен бірге өзінен кейінгі көптеген Шығыс шайырларына игі әсерін тигізеді. Нәтижеде, XIII ғасырдан бастап Әмір Хұсырау Дехлавий, Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи секілді т.б. кейбір ұлы ақындар «Хамса» жазу дәстүрін одан әрі жалғастырып, кең өріс алдырды.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, Низами шығармалары қазақ халқы арасында да кеңінен танымал болған. Оның дастандары қазақ халқы арасына ауызша да, жазбаша да жетіп келген. Әсіресе оның «Ләйлі–Мәжнүн» дастаны қазақ тіліне әлденеше рет аударылып, бірнеше рет кітап боп басылып та шыққан.

Низами шығармаларынан Абай, Шәкәрім Құдайбердиев, Ақан сері, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәңгерей сияқты т.б. қазақ ақындары рухани нәр алса, Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Ғали Орманов, Дихан Әбілев, Тәкен Әлімқұлов, Қуандық Шаңғытбаев секілді т.б. ақындар оның көркем шығармаларын аударып, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдырды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ақынның «Хамса» шығармасы неше дастаннан тұрады?
2. Ақын шығармаларын қазақ тіліне кімдер аударған?
3. «Ләйлі Мәжнүн» дастанын үйде оқып, сыныпта мазмұнын айтып беріңдер.
4. Ақын «Жеті ару» дастанында қандай мәселелер көтерілген?
5. «Ескендір-нама» дастанында қандай мәселелерді көтерген?



ӘЛІШЕР НАУАИ (1441–1501)



Өзбек халқының XV ғасырда жасаған әйгілі ақыны Әлішер Науаи, өз соңына тамаша лирикалық шығармалар, ғажайып ғазалдар мен кемел дастандар, прозалық туындылар мен ғылыми-зерттеу еңбектер қалдырған ұлы тұлға. Оның қасиетті мұраларын қазақ халқы, оның ішінде көзі ашық, көкірегі ояу қазақ ақындары айрықша бағалап, ерекше қастерлеген. Сондықтан да белгілі сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «... Өзбек халқының данышпан ақыны Әлішер Науаиының ғажайып туындыларын оқып, үлгі алмаған ақын кемде-кем. Классикалық әдебиетіміздің шұғылалы шыңы Абайдың да өзіне ұстаз тұтқан, талантына бас иген ақындарының бірі – Науаи еді», – деген болатын.

Әлішер Науаи өз дәуірінде екі үлкен әдеби дәстүрді, яғни түркі мен парсы-тәжік көркем сөз жетістіктерін терең игерген қос тілді қаламгер – «Зұлсанайын» атанған, шын мәніндегі аса дарынды талант иесі. Оның үстіне, ол ескі өзбек тілінде тұңғыш рет көркем шығарма жазуды бастаушы ғана емес, оны ілгері дамытушы, жаңа биік белеске көтерген жаңашыл ақын болды. Сөйтіп Науаи, өзбек жазба әдебиетінің негізін қалаушы, өзбек поэзиясының ірі тұлғасы, бастау алатын бал бұлағына айналған кемеңгер ақын, ғұлама ғалым, ірі дарын иесі бола алды.

Әкесі Ғиёсиддиннен жастай жетім қалған Әлішер Науаи, 15 жасында Герат сұлтаны Құсайын Байқарамен бірге болып, белгілі ағартушы, әрі әкім Әбілқасым Бабырдың (1452–1457) сарайында қызмет атқара бастайды. Кейінірек, 1456 жылы Машхатқа барып, оқуын одан әрі жалғастырады да, онда Фирдауси, Низами, Дехлавий, Сағди, Лутфий, Атоий сияқты т.б. саңлақ ақындардың шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет табалдырығынан еркін аттайды. Тіптен, Сағдидің (1184–

1292) «Гүлстан», «Бостан» атты еңбектері мен Фариддин Аттордың (1230 жылдар шамасында дүниеден өткен) «Құс сөзі» («Мантикун – Тайр») шығармаларын құмарта оқып, көкейге түйеді. Өз дәуіріндегі Саид Хасан Ардашер, Камал Тұрбати сияқты аса талантты ақындармен жақын танысып достасуы, оның көркем әдебиетке деген ынтықтығын одан әрі арттыра түседі. Оның үстіне ол, 18–19 жасында тәжік халқының аса дарынды ақыны Абдурахман Жәмимен (1414–1492) танысып, оны өзіне ұлағатты ұстаз тұтынады.

Нәтижеде Әлішер Науаи, өз дәуіріндегі белгілі сөз зергерлерінің шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет әлеміне еркін ене бастайды. Әрі, Герат сұлтаны Құсайын Байқараның уәзірі лауазымын атқара жүріп, сол кездегі үстем тап иелерінің озбырлық іс-әрекеттерін, зорлық-зомбылықтарын, өзара тәж таққа таластарын өз көзімен көреді. Сөйтіп, өз шығармасында әділет пен адамгершілікті, достық пен махаббатты, пәктік пен тазалықты – ұлы гуманистік идеяларды кеңінен жырлайды.

Рас, Әлішер Науаи 10–12 жасында-ақ шағын-шағын ғазалдар мен лирикалық шығармалар жазып, халық арасында танылады. Келе-келе кең тынысты, кемел шығармалар жаза бастайды. Әсіресе, жас ақынның шағын лирикалары, сол кездерде әбден кемеліне келген ірі ақын Лутфиге қатты ұнайды. Нәтижеде ол әлі қауырсыны қатпаған жас ақынға көмек қолын созып, аса қымбат насихаттар береді.

Әлішер Науаидың тұстасы, белгілі тарихшы Хандамирдің айтуына қарағанда, бір күні Лутфи Әлішер Науаиға: «Жазған өлеңдеріңді оқып бер» – деп, өтінген көрінеді. Әлішер Науаи өз өлеңдерін оқып бергенде, Лутфи оған бұрыла қарап: «Кәне енді, мен өзімнің парсы және түркі тілінде жазған 10–12 мың жолдан тұратын өлеңімді, осы бір ғазалға ауыстырған болар едім» – деп, аса жоғары баға беріпті.

Әрине, бұл Лутфидің Әлішер Науаи талантына тәнтілік білдіріп, оның қабілетін анық танығандығының, оның болашағына сеніммен қарап, үлкен үміт артқандығының сәтті жемісі болса керек.

Шындығында да алғаш поэзия әлеміне шағын лирика, ғазалдарымен кіріп келген Әлішер Науаи, келе-келе тамаша дастандар, кемел прозалық шығармалар жазып, бүкіл әдебиет әлемінде өз шоқтығын даралана танытты.

Расында да жастайынан-ақ аса зерек, алғыр ойлы болып өмірге келген Әлішер Науаи алғаш шағын лирикалық өлеңдер мен тамаша ғазалдар жазып, оқырмандар жүрегіне нәр себе бастайды. Бұл

ретте ақынның 1465–1466 жылдары аралығында жазған лирикалық шығармаларымен, 1470 жылы бастырған «Көркемдік кемелі» («Бадайи ул-бидоя»), 1476–1483 жылдары жарық көрген «Баға жетпес байлық» («Наводир-ул-нихоя») сияқты т.б. лирикалық өлеңдер жинағын тілге аламыз.

Әлішер Науаи өз шығармаларында әкімдердің барынша ынсапсыздығы мен озбырлығын сын астына ала отырып, әділдік пен адамгершілікті биікке көтереді де, адал еңбек пен өнерді қатты бағалайды. Сөйтіп, ол күллі жұртшылықты жаман істерден жирендіріп, игі жаңалыққа сүйсіндірмек жолдарын іздестіреді. Өмірдегі қоғам ағымын өзгертуге күші жетпейтіндігін аңғарған ақын, бар күш-қайратын өлең өлкесіне бұрады. Нәтижеде, өзінің «Хамсасын» («Бестігін») жазуға ден қояды.

Әлішер Науаи 1483 жылдан бастап өзінің әйгілі «Хамсасын» («Бестігін») жазуға кіріседі. Сол мақсат негізінде ол «Жеті кезбе» («Саъбаи – сайёр»), «Ескендір қорғаны» («Саъди Искандари») «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын» сияқты бес дастан жазып, өзінің кемел ақындық арынын күллі жұртшылыққа кеңінен танытады. Өйткені ақын қоғамдық өмірде адам баласын жоғары қоя отырып, әділдік, теңдік пен биік парасатты жыр жолдарына қосады. Мәселен: «Хамсасының» бірінші кітабы болған «Хайрат-ул абрордың» өзінде-ақ, ел билеуші үстем тап иелеріне бірден-бір сабақ боларлық талай-талай үлгілі насихаттар ұсынды. Онда, жаңалық пен жамандықтың бір-бірінен айырмасын әр түрлі мысалдармен терең талдаулар жасап, ұлы ойларын алға тартады. Тіптен дастанда шайхылардың екі жүзділігі, пайда үшін барлық нәрсеге баратын тұрақсыздығы қатты сын астына алынады. Адам баласы бойына қажет болған сақилық пен кең пейілділік, сыпайылық пен қайырымдылық, адалдық пен қанағатшылдық идеяларын биікке көтерілді.

«Хамсаның» төртінші және бесінші кітаптарынан саналған «Саъбайи сайёр» («Жеті элем»), «Саъди Искандари» («Ескендір қорғаны») секілді дастандарында патшалар өмірінен әңгімелер қозғау мүмкіндігіне ие болады.

Ақын өзінің «Фархад-Шырын» дастанында махаббат пен адал еңбек – өмірдің бірден-бір нәрі, тіршіліктің тынысы екендігін көрсетсе, «Ләйлі-Мәжнүн» дастанында сүйіспеншілік құдіретін, махаббаттың шынайы сезім жиынтығы екендігін жан-жақты сипаттайды.

Әрі ол, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайлы да «Гаухарлар тізбегі» («Назм-ул Жавохир») және әулие-әмбиелер, әкімдер туралы «Әмбиелер мен әкімдер тарихы» («Тарихи анбие ва хукамо»), дін, мұсылмандық жөнінде «Мұсылмандық нұры» («Сирож-ул-муслимин») т.б. ғылыми-зерттеу еңбектерін жазып, әдебиеттану ғылымының дамуына да өз үлесін қосады.

Орайы келгенде бір ескерте кетерлік жайт, Әмір Темір небересі болған Құсайын Байқара, 1469 жылы Герат сұлтаны болып таққа отырғанда, Әлішер Науаи Самарқантта болады. Нәтижеде, Құсайын Байқара таққа отырғаннан соң, жас кезінде бірге оқыған сыпыптас досы Әлішер Науаиды, Гератқа шақыртып, өзімен бірге болуды өтінеді де, мемлекет жұмысына араластыра бастайды.

Содан, Әлішер Науаи Герат сұлтаны Құсайын Байқараның мөрін сақтаушы, уәзірі, Астрабад әкімі бола жүріп, тәж-тақ үшін болған бақталастықтарды, небір қулық-сұмдықтарды, алаяқтықтар мен опасыздықтарды өз көзімен көріп, олардан жаны шошиды. Үстем тап өкілдерінің озбырлығынан, зәбір-зұлымдығынан азап шегеді. Олардан жиренеді. Сөйтіп, өз өлеңдерінде халықты ынтымақ, бірлікке үндеп, адал еңбек пен абзал ниетке, пәк сезім мен таза махаббатқа, әділдік пен азаматтыққа шақырады. Сондықтан да ол, өзі тұстас ақындарға, өзінен кейінгі ақындарға үлгі, өнеге болып, көркем сөздің бірден-бір шеберлік мектебіне айналу мүмкіндігіне ие болды. Оны туысқан халық ақындары да, оның ішінде тағдыры да, тарихы да бір болған қазақ ақындары да өздеріне ұлағатты ұстаз ретінде танып, шығармаларынан рухани нәр алады.

XV ғасырда жасап, өз соңына ғажайып дастандар мен тамаша ғазалдар қалдырған поэзия сұлтаны Әлішер Науаи, қазақ ақындарының да ұлағатты ұстазы болып, сүйіп оқып, сүйсіне нәр алған кемеңгер шайырларының біріне айналады. Сол үшін де Мұхтар Әуезов: «Түркі тілдес халықтардың көпшілігінің әдебиеті мен мәдениетін өсіруге Науаи мол әсер еткен»,– деген болатын.

Шындығында да туысқан өзбек халқының аса данышпан ақыны, ірі мемлекет қайраткері, әрі кемеңгер ғалымы Әлішер Науаи есімі мен оның шығармалары, қазақ халқы арасына да кең тарағандығы соншалық, ол өз ақынындай қадірленіп, үнемі қастерлене тілге алынады. Мәселен: ақын Абай Құнанбаев Шығыс шайырларын, оның ішінде Әлішер Науаиды да өзіне ұстаз ретінде танып, оның інжу-маржандарынан рухани нәр алған.

Сондықтан да ол 1859 жылы 14 жасында-ақ:

Фузули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа – Хафиз бу хаммәси!
Мәдет бер я шағири фәрияд, –

деп, ерекше ілтипатпен тілге алған болатын.

Расында да Абай поэзиясына көңіл көзін тереңірек қадасақ, онда Шығыс шайырларының, оның ішінде тілдері түсінікті болған Әлішер Науаи дастандары мен ғазалдырынан көбірек нәр алғандығын байқау оншалық қиын емес. Мәселен: Абайдың «Жүзі раушан», «көзі – гауһар», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» деген сияқты т.б. өлеңдеріне назар аударсақ, онда Әлішер Науаидың ғашықтық, адамгершілік, пәктік тақырыбында жазған туындыларымен іштей үндесіп, қабысып, сарындасып жатқан тұстарын сезіну оншалық қиын емес. Әсіресе ол, көтерген идеялардың Әлішер Науаидың «Чор девон» атты ғазалында көтерілген ойларымен жымдаса түсетіндігін анық байқауға болады. Мәселен: Абайдың 1858 жылы жазған «Жүзі – раушан, көзі – гауһар», «Көзімнің қарасы» секілді өлеңдері, Әлішер Науаидың «Хозойин-ул-маоний», яғни «Мағыналар қазынасы» атты лирикалық туындыларымен сарындасып, үндесіп жатқандығын анық байқау мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен: Әлішер Науаи өзінің көңіл-күй лирикасында:

Эй киприки нешу кўзи хунхор,
Жонимни неґа қилурсен афгор.
Лаълинг ғамидин кунгулда эрди,
Хор конки сиришким этди изхор, –

десе, Абай да өзінің «Жүзі – раушан, көзі – гауһар» атты өлеңінде:

Жүзі – раушан, көзі – гауһар,
Лағилдек бет үші әхмәр.
Тамағи қардан әм бихтар,
Қашың құдрәт, коли шигә,
Өзең гузалләрә рахбар, –

деп, сұлу қыздың әсем келбетін Шығыс шайырлары, оның ішінде Әлішер Науаи дәріптегендей тым биязы, аса сәтті сипаттайды.

Қараңызшы, екі ақынның ой түйіндерінде, өлең құрылыстары мен өрнектеу тәсілдерінен жөн жақындықтарды байқау оншалықты қиын емес. Сол үшін де Абайтану ғылымының негізін салған ғұлама ғалым

Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Оған тілдері түсінікті ең жақын ақындар болғандықтан Науаи, Фузули үлгісі әсер етті» – десе, тағы бір кемел ойының бірінде: «Сонда, әсіресе өзіне ең жақын ұстаз етіп, классик Науаи шығармаларынан үлгі іздейді. Дастан жазған Науаиға емес, ғазалдар жазған Науаиға еліктегісі келеді» – деген пікірді алға тартады.

Иә, бұл түгелдей рас. Мәселен, Әлішер Науаи өз ғазалдарының бірінде:

Одамий эрсанг, демагил одамий,
Ониким, йук халк ғамидин ғамий, –

десе, Абай өзінің қанатты сөзінде: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» – дейді. Яғни Әлішер Науаи мен Абай халық қамын жейтін, халық үшін еселі еңбек ететін, пәк, жаны таза адамдарды ғана шын мәніндегі сипат адам ретінде тануға үндейді. Екі ақынның ойларында үндестік, сарындастық толық тым әдемі өрнектелген. Әлішер Науаи:

«Одамлар бор – одамларнинг нахшидур, одамлар бор – хайвон ундан яхшидур» – десе, Абай өзінің ой түйіндерінде шын мәніндегі толық адамды биік адам ретінде таниды. Саф таза, пәк пейілді, таза жандарды нағыз адам ретінде қабылдайды. Сондықтан да ол: «Сақалын сатқан қәріден, еңбегін сатқан бала артық», – деген болатын.

Әлішер Науаи шығармаларын сүйіп оқып, оны қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдыруда, Сыр бойының сүлейлері мен Жетісу, Оңтүстік Қазақстан ақындарының орны айрықша десек, ол ағат айтылғандық емес. Бұл орайда: Балқы Базар, Кете Жүсіп, Қарасақал Ерiмбет, Шораяқтың Омары, Майлықожа, Тұрмағамбет Iзтілеуов, Кенжеқожа, Мұсабек Байзақов сияқты т.б. халық ақындарының есімін қуанышпен тілге аламыз.

Сондай-ақ Молда Мұса, Ораз молда, Молла Мәнһиди Майлыкенті, Мәдәлі молда, Жүсіпқожа, Нұралы сияқты т.б. Қаратау өңірі мен Сыр жағалауы ақындарының шығармаларына көңіл көзін қадасақ та, олардан Шығыс шайырларының, оның ішінде ұлы ақын Әлішер Науаи шығармашылығының әсерлерін байқау қиын емес.

Аталмыш ақындар қолдарына домбыра алып, халық алдында, жиылған жұртшылық ортасында Шығыс шайырлары тамсана жырлаған «Ләйлі – Мәжнүн», «Фархад – Шырын», «Тотынама», «Жүсіп – Зылиқа», «Шаһнама», «Рүстем дастаны», «Ескендір», «Сал – сал», «Зархум», «Тахыр – Зұхра», «Шырын қыз» секілді т.б. дастандарды кеңінен жырлап, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айналдырған.

Әсіресе Фирдауси, Науаи, Низами шығармаларынан үлгі-өнеге алып, оларды өздеріне ұлағатты ұстаз ретінде танып, олардың шығармаларын жаңғырта жырлап отырған.

Сондықтан да Майлықожа Сұлтанқожаұлы өзінің «Толғау» атты өлеңінде:

Өзбектен өткен Науаи,
Тілдің кәусар гүлі еді.
Парсыдан өткен Фирдауси,
Заманында дүр еді, –

дейді. Тағы бір ойлы да отты өлең жолдарында:

Фирдауси өтті дүниеден,
Тілдің кәусар гүлі боп.
Онан кейін Науаи –
Басқа адаммен тең емес,
Салыстырсаң кем емес,
Ізі қалды жырының.

деп, ұлы тұлға Әлішер Науаидың кемеңгерлігін қуана тілге алып, ақын талантына бас иіп, тәнті болады.

Сыр сүлейлерінің бірі Кенжеқожа Құлмырзаев та өзінің «Ақындар» атты жыр-толғауында, Шығыс шайырларын ерекше ыстық ілтипатпен тілге ала келіп, Әлішер Науаи талантына құрметпен көңіл аударады. Мәселен, ол:

Әуелгі шайыр Фирдауси,
Артына назым тастаған.
Науаи менен Фузули –
Өзгеден озған пешқадам, –

дейді.

Сөз орайы келгенде тағы бір айта кетерлік жайт, Әлішер Науаи өзінің ғашықтық, сүйіспеншілік лирикаларында сұлу қыздардың қасын – садаққа, еріндерін – қызғалдаққа, аузын – оймаққа, кірпігін – жайдың оғына, шашын – сүмбілге, жүрегін – қорамсаққа, тісін дүрге балап, жыр жолдарына қосқан болса, Сыр бойының сүлейлері де, оның ішінде ақын Шәді төре Жәңгіровтің де Әлішер Науаи ізімен солай жырлағандығын байқаймыз. Мәселен, ол:

Қасы – жай, шашы – сүмбіл, аузы–ғұнша,
Нәзіктік – түзіктікте, белі – қылша.
Сымдай тән, нәзік бөдан, шірін забан,
Жүзінің зипалдығы – қызыл гүлше,–

дейді де, одан әрі:

Тісі – дүр, аузы – ғұнша, көзі – нәркес,
Жүзі – гүл, шашы – сүмбіл, қиылған қас.
Белі – қыл, лебізі – бұлбұл, мұрны – пісте,
Дүниеде еш адам жоқ бұған ұқсас,

деп, Әлішер Науаи жырлағандай тамаша теңеулермен, образды сөздермен өз өлеңдерін өрнектей түседі.

Оның үстіне Шәді төре Жәңгіров, өзбек жазба әдебиетінің негізін салған, тарлан ақын Әлішер Науаидың лирикалық шығармаларынан, ғашықтық жырларынан мол өнеге алып, оны өзіне рухани ұстаз тұтынған десек, артық айтқандық бола қоймас деген ойдамыз.

Бұл, әрине, қазақ ақындары, оның ішінде Сыр сүлейлері Әлішер Науаи шығармаларынан рухани нәр алып, оны өздерінің ұлағатты ұстазы ретінде таныған деуге болады.

Жасыратыны жоқ, кемеңгер ақын Әлішер Науаи өзінің «Хамсасының» бірінші дастанын 1483 жылы «Хайрат-ул – аброр», яғни «Жақсы адамдардың қайраттануы» шығармасын жазған болса, 1484 жылы «Фархад – Шырын», «Ләйлі – Мәжнүн», «Сабаый сайер» («Жеті элем»), 1485 жылы «Сағди Искандари» («Ескендір қорғаны») сияқты дастандары мен тамаша ғазалдарын жазу мүмкіндігіне ие болған.

Науаи 1488–1500 жылдар аралығында бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектері мен тарихи шығармалар да жазады. Бұл шығармалары да өзбек әдебиеті мен мәдениетінде ғана емес, элем әдебиеті деңгейінде ерен орын иелейтін құнды да құнарлы дүниелер. Өйткені, кемеңгер қаламгердің «Тарихи мулки ажам», («Ажам хандарының тарихы»), «Холоти Сайид Хасан Ардашер», «Рисолаи муаммо», «Сирож-ул-Мусилимин» («Мұсылмандық нұры»), «Мухокаматул – луғатайин» («Екі тілдің таласы») «Мезонул – авзон» («Өлең өлшемі»), «Назм-ул-Жавохир» («Гауһарлар тізбегі») секілді т.б. ғылыми-зерттеу еңбектері, күні бүгінге дейін өзінің ғылыми мәнін жоғалтқан емес.

Бұлардың бәрі ұлы ақынның кемеңгерлік тұлғасын, ұлылық сипаттарын одан әрі биіктете түсетін соны туындылары десек, орынды ғой деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, өмірге 1441 жылдың 9 ақпанында келіп, 1501 жылдың 3 қаңтары күні Герат қаласында 60 жасында дүниеден өткен Әлішер Науаидың «Таңдамалы өлеңдер» жинағы, тұңғыш рет қазақ тілінде «Әлішер Науаи» деген атпен 1941 жылы дайындалғанымен, соғыс салдарынан тоқтатылған болатын.

Соғыс аяқталған соң ғана, 1948 жылы ақынның 500 жылдығына орай, сол жинақ Алматыда жарық көрді. Онда ақынның бір топ ғазалдары мен лирикалық туындылары, сондай-ақ «Ләйлі–Мәжнүн», «Фархад–Шырын» дастандарынан үзінділер жарияланған болса, оның «Алғы сөзін» академик М.О.Әуезов жазды. Соңыра, ақынның бес дастаннан тұратын «Хамсасынан» алынған, «Ескендір қорғаны» атты шығармасын, талантты ақын Несіпбек Айтөв аудармасында қазақ оқырмандары 1980 жылы үлкен сүйіспеншілікпен қуана қарсы алды.

1968 жылы ұлы ақынның 525 жылдығы Қазақстанда да кеңінен атап өтілді. Газет-журналдарда ақын туралы мақалалар, шығармаларынан үзінділер аударылып басылып, оның биік тұлғасы асқақтай түсті. Тіптен «Қазақ әдебиеті» газетінің 40 санында арнайы бет беріліп, онда филология ғылымының кандидаттары: Әбіхас Тәжімұратовтың «Шығыстың жарық жұлдызы», Көбей Сейдахановтың «Әлішердің «Хамсасы» атты мақалалары мен «Ғазалдарынан» үзінділер аударылып басылды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әлішер Науаи қай ғасырда өмір сүрген?
2. Әлішердің сыныптас досы кім және ол кім болған?
3. Әлішер Науаидың «Хамсасы» неше дастаннан тұрады?
4. Не үшін Әлішерді, сыныптас досы Құсайын Байқара уәзірліктен босатты?
5. Науаи өлеңдерінен, ғазелдерінен, өздеріне ұнағанын жаттап алыңдар.
6. «Ескендір қорғаны», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарын үйде оқып алыңдар.

ӘЛІШЕР НАУАИ ШЫҒАРМАЛАРЫНАН:

ЕСКЕНДІР ҚОРҒАНЫ

(Дастаннан үзінді)

...Бәрі ұйқыда. Ойға батты жалғыз-ақ
Екі патша – екі жақта. Түн ұзақ.

Дара патша, қисапсыз көп әскері,
Жеңемін деп отыр оймен ескелі.

Ойлап солай жатыр ғалам патшасы,
Одан төмен патшалардың басқасы.

Ол тағдырын болжап анық көрмеді, –
Не жазып тұр қараңғы көк перделі.

Ескендір де ұйықтамады, толғанды,
Кеудесінде асау ойлар долданды.

Қара түнде, нажағайдай аабарлы,
Әскерлері қару-жарақ сайлады.

Таң атқанда, наз сұлудай ғажайып,
Көк күмбезден сар алтындай ту жайып,

Жайнағанда аспанында күн жүзі,
Ескендірлің оңнан туды жұлдызы...

Екі ғасыр, қос теңіздей қозғалды,
Дүбір шықты екі жақтан ызбарлы.

Айбат шекті, айғай салып батырлар, –
Мұндай шуға көк жарылып шатынар.

Тітіренді жердің жалпақ жазығы,
Жартас құлап, еңістікке жазылды.

Атқа мініп, асыл темір құрсанған,
Жалт-жұлт етіп кіреукесі күн шалған.

Қатарланды жер қайысқан қалың қол,
Қырлы-қырлы жоталардай қары мол.

Дара патша лек-лек етіп сап құрды,
Буырқантып оғшең дажал, қасқырды.

Самсағанда, сарғайғандай жер түсі,
Сайып-қыран, ығай сығай күллісі.

Жеті лек боп сансыз әскер ырғалған,
Жеті жақтан, жеті жұрттан жиналған.

Самарқанттан сонау Қытай шетімен
Феридуннің қалың қолы керілген.

Алты жүз мың – бір қанатта тізілген,
Жүз елу мың – қалмақ жүрген ізімен.

Шұрайы бар онда Қытай жұртының,
Теңдесі жоқ әсем, ғажап шырқының.

Атын жауып күн арайлы пүлішпен,
Ер-тұрманын жарқыратқан күміспен.

Таң нұрындай жауһар қытай жібегін,
Орап босқа түрлендірген шлемін.

Сапты құрып қалың тобыр қалмақтан,
Қиқылдап жүр қаны қара Қоңрат хан.

Осылардан, сонау өткен күндерде,
Ойран-асыр пәле келген күллі елге.

Жерден шыққан от жалындай жалаңдап,
Қылыштары жұртқа төнді сораңдап.

Ит түгінен көп те шығар қисабы,
Қалың маңғұл көтеріліп самсады.

Қолбасшысы Маңғу бейне арыстан,
Талай елге қара бұлттай жабысқан.

Маңғыттар жүр дулығасы өрнекті,
Ершіктерін ақ күміспен зерлепті.

Одан әрі Мауереннахр ұлдары,
Арыстандай ер де, күшке – піл бәрі.

Сол қанатты – күнбатыстың ерлері,
Айбат шегіп, әсем аттап өрледі.

Ассирйлер, буртастар мен берберлер,
Жортты бірге, бұл жорыққа ергендер.

Алдарында сары тулар жалпылдап,
Шарайнасы сары жезбен жарқылдап.

Желден жүйрік дүлдүлдері секіріп,
Қырық мыңдай араб шықты лепіріп.

Тулары мен найзалары қап-қара,
Атқа жапқан жабулары қап-қара...

Шықты жайнап жауһар тасқа ұқсап тым,
Қырандары Хорезм мен Қыпшақтың.

Жеті қатар қалың ләшкер сап құрды,
Мейманасы тасып соған шах тұрды.

Жүз мың сайып қыран – қорғаны,
Асқақтады жасыл туы қолдағы.

Сансыз қолдан құрып лек-лек қатап сап,
Жауға қарсы шеру тартты Дара-шах.

Бір төбеде Ескендір де сұстанды,
Құртамын деп маған қарсы дұшпанды.

Түпке сақтап әскерінің тұздыған,
Қойды оңға француздің жүз мыңын.

Ол русьтарды сол қанатқа тұрғызды,
Саны жүз мың – бір қол етіп жүргізді.

Өңшең асау алқара көк аттары,
Майдан десе жайнар шоқтай оттағы.

Қарулары найза менен қалқан тек,
Көзі үкідей, жанса жайнар көк түнек.

Аударған Қалижан БЕКХОЖИН.



МАҚТЫМҚҰЛЫ ПЫРАҒЫ (1733–1772)



XVIII ғасырда жасап, өз соңына тамаша поэтикалық шығармалар қалдырғандардың бірі – түрікмен әдебиетінің классигі Мақтымқұлы. Мақтымқұлы – оның халық арасына кең тарап кеткен лақап (бүркеншік) есімі. Ал оның өз аты – Пырағы. Ол 1733 жылы туылып, 1772 жылы өмірден 39 жасында дүниеден өткен көрінеді. Кейбір тарихи деректерге қарағанда Мақтымқұлының әкесі Дәулетмәмбет Азади, өз тұсында халыққа кеңінен танылған атақты ақын, ғұлама ғалым болған көрінеді. Сондықтан да Мақтымқұлының бала жастан өлең сөзге үйір болып, келе-келе кемеңгер ақын дәрежесіне көтерілуіне әкесінің игі ықпалы тиген болса керек.

Алғаш ауыл мектебінде алты жастан бастап оқып, сауат ашқан Мақтымқұлы, кейінірек Хиуадағы Шерғазы деген кісінің медресесінде білімін одан әрі жетілдіреді. Оқуға аса зейінді, тым ұғымтал, өз тұстастарының алды болған ол, жастық шағынан-ақ Орта Азия, Әзербайжан, Иран халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерінен сусындап, олардың көбін жатқа білген көрінеді.

Дегенмен, ақынның неше жасынан өлең шығара бастағанын анық айту қиын. Бірақ ол қалдырып кеткен мұра сан жағынан да, сапа жағынан да ауыз толтырып айтарлықтай деуге болады. Оның үстіне, Мақтымқұлы поэзиясындағы негізгі, өзекті тақырып – адамгершілік, ынтымақ, бірлік мәселелері. Халықты ынтымаққа, бірлікке үндей отырып, ру, ел алауыздығын жоюға шақырумен бірге, елге зорлық-зомбылық көрсеткен Хиуа хандығы мен Бұқара әмірінің басқыншылығына қарсы күреске жұмылдыру мәселесі кең көрініс тапқан.

Ақын өлеңдеріне көңіл көзін тереңірек қадар болсақ, онда өлеңнің әр түрлі тақырыпта екендігін байқауға болады. Халық қорғаны бола

білген батырлықты дәріштеуі, оның үстіне көңіл күй лирикалары мен философиялық толғаулары, сатиралық өлеңдері, тұрмыс-салт жырлары, үгіт-насихат өлеңдері мен өмірбаянды қозғайтын шығармалары, публицистикалық сарында жазылған өлеңдері – бәрінің негізінде адамгершілік идеялары кеңінен көрініс табады. Бұл ретте ақынның «Ер», «Керекті», «Елменен», «Болмаса» сияқты т.б. ел ішіндегі бектер мен болыстарды, қазылар мен дүмше молдаларды, жалқаулық пен тоғышарлықты сын астына алатын өлеңдерін тілге алуға болады.

Расында да Мақтымқұлы бұқара халық, туған ел туралы, олардың тағдыры жайлы айтқан толғаулары арқылы озық ойлы философ ақын екендігін жан-жақты танытады. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр жайында өзінің жаңа гуманистік идеяларын көтереді. Ақынның «Түрікмен», «Тау санар», «Қарамас», «Кетіп барады» секілді т.б. поэтикалық шығармаларынан халық даналығынан, түрікмен ауыз әдебиеті үлгілерінен нәр алған жаңа поэзияның тамаша үлгілері деуге болады.

Мақтымқұлы араб-парсы поэзиясының үлгісі – «арузды» қабылдамай, ылғи да өз өлеңдерінде халық поэзиясының тамаша өлшемдерін жан-жақты пайдаланған.

Өз заманасының озық ойлы, данышпан ақыны болғандықтан, ол өзінің поэтикалық шығармаларында түрікмен халқының тірліктің нысынын, ынтымақ-бірлігін, өмірін мейлінше кең сипаттауды басты ниет еткен. Халықтың тұрмыс күйі, туған жерге, елге деген махаббаты, әділдік пен теңдікті аңсауы, еркін өмірге деген құштарлығы өзінің тамаша шешімдерін тапқан. Ұлы гуманистік идея мен адам баласының биік парасаты, ақыл-ойы сөз болады. Мәселен: ақын өзінің «Тең болмас» атты өлеңінде:

О, жарандар, жетесі жоқ адамның
Мың айтсаң бір көкейіне сөз қонбас.
Кәдесі сол, қашан болса жаманның
Өлтірсең де өз қанына тең болмас.

Сөз білмесең, білгеніңді айтпасаң,
Сөз сөйлетіп, білгеніңді тартпасаң,
Жорық жүріп, тура қарап атпасаң,
Атқан оғың нысаныңа дәл бармас, –

дейді:

Ақын сөз қадірін білмегенге қандай сөз айтсаң да бәрі бір екендігін атап көрсетіп:

Мақтымқұлы, сөзің қымбат білгенге,
Білмегенге құр әйтеуір бірдеңе.

Жақсылар бар, қанша иілсе қынжылмас,
Жақсылар бар, жеген асын у қылмас, –

деп, қоғамдық өмірде әр түрлі адамдар бар екенін ескертіп, ұлы адамдарды, ойлы, парасатты жандарды қадірлеуге шақырады. Ақын өзінің «Тең емес» атты өлеңінде былай дейді:

Жоқшылықта талайлардың көргені,
Жатып көрген жақсы түске тең емес.
Қасіретпен тапқан тәтті көрегі
Рахатпен тіске тиген ол емес.

Сұрар болсаң, көңіл тояр сөздер бар,
Жарлыда да нелер жарқын жүздер бар.
Жауыны жоқ нелер қуаң жаздар бар –
Жақсылықпен өткен қысқа тең емес.

Ақылы бар, алдын байқап көшетін,
Жай сұрасаң, жайын болжап шешетін.
Ақымақтар бар жел-құйын боп есетін,
Ағып жатқан қара судан кем емес.

Сондай-ақ ақын «Байқа», «Жапаның не, түзің не?», «Ат керек», «Болар», «Қайтейін», «Қонақ» сияқты т.б. өлеңдерінде өмірлік мәні бар мәселелерді көтереді. Мәселен, ол «Байқа» атты өлеңінде:

Әр жігіттің асылын білем десеңіз,
Жиын-тойда байқа жүріс-тұрысын.
Әлде кіммен ашына болам десеңіз,
Ылғауы жоқ адалдығын, біл ішін.

Алыс, жақын жолға шығар болсаңыз,
Дін ислам қылышын ұстар болсаңыз,
Бір жүйрікті сайлап мінер болсаңыз,
Байқа тұлға, төс, сауырын, жүрісін.

Кедей жазған тапса бір пұт астығын,
Көкірегін ашар қыстың желіне.
Сын айтамын десең қыз бен келінге,
Байқа мінез, тәрбиесін, үлгісін.

Жас жігіттің ат-жарағы сай болса,
Қайда жүрсе көңілі шат жай болса,
Өзі Атымтай секілді бір бай болса,
Шартараптан, байқа мейман келісін, –

деп, әлеуметтік мәселелерді көтереді.

Мақтымқұлы өмір сүрген заман, түрікмен халқы үшін аса қытымыр, қиын қыстау кезең болатын-ды. Олар арасында ру алауыздығы ерекше

күшейіп, әбден белең алған сәтте, өз мемлекеті жоқ түрікмендердің бір бөлігін Бұқар хандығы билесе, енді бір бөлігін Хиуа хандығы билеп-төстеп, өз зұлымдықтарын әбден өткізген. Оның үстіне, Иран шахтары мен байлары да көз алартып, үнемі қысым көрсету арқылы, түрікмендер басына әңгіртаяқ ойнатқан кезең болатын.

Түрікмен халқы осындай сыртқы тепкімен қатар, өз ішіндегі кейбір сұлтандар мен байлардан да көп жапа шегеді. Бірақ, о бастан-ақ бостандық пен әділдікті, тәуелсіздікті аңсаған қарапайым түрікмен халқы, өз бостандықтары үшін аянбай күресіп, өздерінің қажырлы да қайсарлықтарын аңғартады.

Осыларды өз көзімен көрген Мақтымқұлы, туған халқының тағдырына аянышпен қарап, барлық жақсылықты алдағы өмірден күтеді. Түрікмен халқын еркіндікке, тәуелсіздікке, бас бостандық жолында аянбай күресуге шақырады.

Сондықтан оның поэзиясының халықпен бірге жасап, олармен біте қайнасуының бірден-бір сыры да, Мақтымқұлының еңбекші халықтың мұңын мұндап, жырын жырлауында. Өз халқының аянышты тұрмыстығын реалистік тұрғыдан шебер суреттеуінде жатыр.

Мақтымқұлы негізінен халық қуатына, халық күшіне ерекше сенген. олардың жақсы өмір сүруіне жол-жорықтар көрсете білген, нағыз халықшыл ақын. Оның «Елменен», «Менімен», «Көздер», «Жар керек» сияқты т.б. өлеңдерінен сол идеяларды анық аңғаруға болады. Мәселен, ақын:

Биік тауға бұлт төнсе,
Сарқырайды сел деген.
Ер басына күн туса,
Ақылдасар елменен!

дей отырып, ер тірегі ел екендігін әдемі жеткізеді.

Туған жерді, ел-жұртты сүйіп, халықты қастерлеу – әрбір саналы адамның басты міндеті екендігін ақын өлең жолдарында емірене тілге алады. Адам өмірінің бірден-бір мағынасы да елімен, жұртымен екендігін өз өлең жолдарында жан-жақты аша түседі. Мәселен:

Ел-жұртынан айрылған,
Аһ ұрар да, ел кезер.
Бағытынан айрылған,
Бұрылар да, жол кездер, –

деген ойды алға тартады.

Тіптен ақынның жастарға айтар ақыл-ойы да, отаншылдық, халықшылдық сипатқа ие екендігін де анық аңғаруға болады. Мәселен, ол:

Ерлер өлер ел үшін,
Жанын қияр көп үшін,
Ер жігітке ол үшін,
Намыс керек, ар керек, –

деп терең түйіндеу жасайды.

Ақын өлеңдерінде ар, намыс кең орын алумен бірге, елге жерге деген махаббат, адалдық пен пәктік сезім мол кездеседі. Жастарды өнерлі, білімді болуға шақырумен бірге, бар өнердің тілін білуге де жұмылдырады. Ақын:

Бұл дүниеден қаға беріс қалсаң бос,
Қайтсем-дағы сырын білсем дегейсің.
Қытай, Рим, Үнді менен һабашта
Бар өнердің тілін білем дегейсің.

Аш қалсаң да ешкімнен ас тілеме,
Ақыл-ойың арандатпас пәлеге.
Шөлде қалсаң, уайымдап, жүдеме,
Өзінді-өзің Иранбақта дегейсің –

деп, өз оқырмандарын жігерлендіреді.

Халықтың ізгі тілегін тілеген ұлы ақын Мақтымқұлы, өз өлеңдерінде адамдарды ынсапқа, бауырмалдыққа баули отырып, үнемі сабырлық идеяларын алға қояды. Мәселен: ақын өзінің «Дегейсің» атты өлеңінде:

Ашты көрсең, аулақ қашпа асығып,
Аш отырсаң, ішіңе бүк, жасырып.
Топанға жүз Нұқша, ерінбей құлаш ұр –
Жас өлсең де, мың жасадым дегейсің –

дей отырып, одан әрі:

Мақтымқұлы, не көрсең де сабыр ет,
Жаратқанның бұйырғанын қабыл ет.
Қылдай жанға қызыл тәнді қабыр ет,
Шебер тілім сен өлме тек дегейсің?

деген ойды алға тартады.

Сондай-ақ ақынның «Сен», «Жігіт», «Көздер», «Санар», «Дүние өтіп барады», «Бектерім», «Не жақсы», «Білерме», «Секілді», «Айрылса», «Тастай көрме бұл мекенді», «Жолықса», «Өзіңнен» секілді

т.б. өлеңдерінде тәлімдік-тәрбиелік мәселелер өз шешімін сәтті тапқан. Ақын өзінің «Боларсың» атты өлеңінде адамдарды ынсапқа шақырады:

Биік таулар бойшаңмын деп шіренбе,
Бір күн құлап сен де типыл боларсың.
Терең теңіз тәкаббарсып түнерме,
Суың кетсе, сен де бір шөл боларсың.

Таудағы аю, арыстан мен барыстар,
Піл мен бір күн тышқан, шыбын алысар,
Сең соғылса Нілдегі нән балықтар,
Құлаққа ұрған есекке тең боларсың.

Мақтымқұлы өзінің «Сен» атты өлеңінде:

Еңбек етсең арта бермек мәртебең,
Аймағыңда асатын жан жоқ сенен.
Айналаңа келсе аш-арық көптеген,
Жауаңдатып тағы тастап кетпе сен.

Жақсылардан жұртқа келмес жамандық,
Заты жаман кетер күнді қараң ғып.
Нәсілінен жүйріктік пен шабандық.
Шын жүйрікті шабан малға сатпа сен, –

деп, жақсы мен жаманның ара жігін аша тілге алып, адамның жаман-жақсы болуы да нәсілге байланысты екендігін ашық айтады. Ал «Бектерім» атты өлеңінде ез бен ердің ара жігін ажырата жыр жолдарына қосып, өз оқырмандарына үлкен ой салады. Мәселен, ол:

Ез бен ердің тең болар ма арасы,
Қадір білер ездің бар ма шамасы.
Бағасынан басым болар жаласы,
Ойраны көп езден аулақ, бектерім.

Ер жігітте ешкім хақы кетпейді,
Езге берсең, дүние малы жетпейді.
Ақылыңа еш қанағат етпейді,
Әуре қылар барын даулап, бектерім, –

деп, жақсы мен жаманның мәнін ашып, терең философиялық түйін-деулер жасайды.

Қорыта айтқанда, XVIII ғасырдағы түрікмен поэзиясының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Мақтымқұлы өлеңдері, күні бүгінге дейін өзінің мәнін, құндылығын жоғалтқан емес. Қайта, өз оқырмандарын

өз жетегіне үйіріп, өмір сырларын танытуда бірден-бір нәрлі тыныс рөлін атқаруда.

Сондықтан да оның өлеңдер жинағы қазақ тіліне бірнеше рет аударылып, қазақ халқының да рухани игілігіне, мәдени байлығына айналды. Оның «Таңдамалы өлеңдері» жинағы алғаш рет 1947 жылы қазақ тілінде жарияланған болса, онан соң 1959 жылы, «Өлеңдер» жинағы 1968 жылы қазақ тілінде жарық көрді.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мақтымқұлы қай ғасырда жасаған, қай халықтың ақыны?
2. Ақын поэзиясында қандай тақырыптар көтерілген?
3. Тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие өлеңдерінен жаттап алыңдар.
4. Ақын өлеңдерін қазақ тіліне кімдер аударған?
5. Ақын өзінің «Тең емес» деген өлеңінде не мәселені көтереді?
6. Халықты ынтымақ-бірлікке үндейтін қандай өлеңдерін білесіңдер?

МАҚТЫМҚҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

ТЕҢ КЕЛМЕС

Ей, жарандар! Жетесіз, ойсыз жандарға,
Қанша айтсаң да, көкейіне сөз қонбас.
Жамандарды дәріптеп, мақтағанмен,
Ешқашан да жақсыларға тең келмес.

Түк білмесең, білгендерді есітіп,
Сөзді тыңдап, асылын сезіп татпасаң.
Жорықтар да, жебеңді дәлдеп атпасаң,
Атқан оғың нысанаға дәл тимес.

Мақтымқұлы, сөзің асыл білгенге
Білмегенге, әйтеуір бір бірдеме.
Игі жақсы иілсе де қынжылмас,
Кіл жақсылар жеген асын сөз қылмас.

Аударған – Қалдыбек СЕЙДАНОВ.

ТЕҢ ЕМЕС

Таршылықта кедейлердің көргені,
Түні бойы көрген түспен тең емес.
Қиындықпен тапқан аздап қорегі,
Тіске басар ол да шіркін олжа емес.

Тыңдай алсаң, серпінтетін сөздер бар,
Кедейде де ерен терең ойлар бар.
Бір тамшы жауын жаумайтын жаз да бар,
Қаһары қатты қысқа тең келмес.

Ақылды бар, алдын болжап байқайтын,
Хал сұраса, жайыңды да болжайтын,
Ақымақ бар – жел құйындай бөсетін,
Ағып жатқан Сыр суына тең емес.

Пайымсызға қанша айтсаң да асыл сөз,
Пайғамбардың «Хадисіне» мән бермес.
Қанша айтсаң да құлағына сөз ілмес,
Әбір айтқан асыл сөзге мән бермес.

Перзенттері – ренжітсе атасы мен анасын,
Тәубе етпесе, бір Алла да, кешпейді ғой қатесін.
Жағдайы болмай, береке кетер шатасып,
Пайым мен парасаты, ақылына тең емес.

Талайлар жүр, мал таппастан сандалып,
Кейбіреулер – байлыққа ылғи дес қояр.
Кейбір жас бар, жігіттігі тым төмен,
Біреулер бар – өз ортасына тең емес.

Мақтымқұлы бас иеді намазға,
Көңлің қаяу, қынжылысың және аз ба?
Кей адам бар, бас иседе қыңқ етпес,
Кей адам бар, қонақ асқа тең келмес.

ЖАПАНЫҢ НЕ, ТҮЗІҢ НЕ?

Суытылып, бабын алған жүйрікке,
Түкте емес, жапаның да түзің де.

Ақылы толып, шын жетілген жігітке,
Алпысың не, жетпісің не, жүзің не?

Жасық жандар қашқақтайды майданнан,
Адам ба дер, не көрсе де қай-қайдан.
Қорқақтардың есі кетер айқайдан,
Сезбейді ол, тұманды да, күзді де.

Қандай атты мінерін де байқамай,
Кейбір ғалым, өз ізетін білмейді.
Сырлы сөздің мәнін терең ұқпастан,
Аңғармайды мәжіліс пе, кеңес пе?

Түйғын көрсе, қарға қалмас аспанда,
Қорқақ сасар қан майдан да шошынып.
Алғыр лашын, аш қаршыға келгенде,
Тап береді, үйрегің не, қазан не?

Мақтымқұлы, сөз ағылар тілінен,
Пасықтарға жол бермейді төрінен.
Өн бойыңда шын өнерің болмаса,
Тілден шыққан жай сөзіңе кім сенер?

АТ КЕРЕК

Атганыста жігітке
Арындаған ат керек.
Доска деген құрметке
Жақсы махаббат керек.

Ерлік керек төзбекке,
Жүйрік керек озбаққа.
Жомарт керек болмаққа
Ашық көңіл зат керек.

Ойындағы құр қиял –
Мақсат емес жиған мал.

Еңбегіңе бол адал,
Ғылым табар шақ керек.

Әділ жүріп, қызмет қыл,
Пайғамбардың жолын біл,
Сұрағанға жәрдем қыл,
Дәулетке сол шарт керек.

Мақтұмқұлы, бір кедей,
Сүйенгені бір Құдай.
Мейлі кедей, мейлі бай,
Тілектерін тап демек.

Аударған – Қалдыбек СЕЙДАНОВ.

БЕРДАҚ (1827–1900)



Тарих бетіне ой көзін тереңірек бөліп, жан-жақты үңілер болсақ, әрбір халықтың сүйсіне тілге алып, айрықша қастерлейтін кемел ой иелері мен хас батырлары, өрен тұлғалары мен кемеңгер көсемдері, сөзге дес бермейтін шешендері мен ғұлама ғалымдары бар екендігін байқау оншалық қиын емес. Оларды халқы қашанда қадір тұтып, үнемі алақандарына салып аялайды да, ол әулеттен-әулетке өтіп, өзінің ұлылық сипатын ғасырлар өткен сайын кең өріс алдыра түседі. Міне, сондай ірі тұлғалардың бірі, кемел ойдың иесі, туысқан қарақалпақ халқының мақтанышы, хас талант, кемеңгер ақыны Бердақ.

Бердақ – ақынның лақап есімі, оның шын аты – Бердімұрат.

Бердімұрат Қарғабайұлы қарақалпақ әдебиетінің көш бастарларының бірі ғана емес, бірегейі десек, оны асыра мақтағандық бола қоймас. Өйткені ол, өзіне дейінгі Әлішер Науаи, Фузули, Мақтымқұлы, Әжінияз, Күнқожа сияқты т.б. жыр дүлдүлдерінің інжу-маржандарынан рухани нәр ала жүріп, өз дәуірінде болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктер мен әділетсіздіктерді дұрыс аңғарып, оны өз шығармаларында аяусыз сынады. Өз өлең жолдарында халықты ынтымақ, бірлікке үндеп, адамдарды ынсапқа, пәктікке, адалдыққа шақырды.

Бердақ 1827 жылы қазіргі Қарақалпақстан Республикасының Мойнақ ауданына қарасты Құлкөл деген елді мекенде, қарапайым еңбек адамы, жоқ, жұқаналау Қарғабай деген кісінің жанұясында дүниеге келеді. Жастайынан-ақ жоқшылықтың тауқыметін аса көп тартқан Бердақ, алғаш ауыл мектебінде оқыса, кейінірек медреседе оқып тәлім-тәрбие алады да, ел аралап, халық арасында болып жатқан әділетсіздік пен теңсіздіктерді өз көзімен көреді.

Халық арасында айтылған кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда, Бердақ, 18-19 жасында-ақ қолына дутар алып, ел аралай жүріп, өлең шығарып, халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлай бастаған көрінеді. Үстем тап иелерінің әділетсіздіктерін беттеріне басып, теңдікті, адалдықты, пәктікті, адамгершілікті дәріптейді. Ол өз шығармаларында сан ғасырлардан бері аралас-құралас жасап, жарты бидайды жарып, бір бидайды бөліп жеп жүрген өзбек, қазақ, қарақалпақ, түрікмен халықтарының шыққан тегіне айрықша назар аударып, олардың ынтымақ, бірлігіне ой тастап, оны өзінің «Шежіре» атты еңбегінде жан-жақты ашып беруге ұмтылады. Тарих қойнауларына барлаулар жасай отырып, олардың түбі бірге туысқан халықтар екендігін дәлелдеуге тырысады.

Бердақ өзінің поэтикалық шығармаларында кейбір хандар мен билердің, шонжарлардың қарапайым халықты езіп, оларға зәбір-зұлым көрсетіп жатқан әділетсіздіктерін сынап, оларды адамгершілікке, адалдыққа, имандылыққа шақырады. Бұл орайда ақынның Қоқан хандығына қарсы халық наразылығын сипаттайтын «Амангелді» шығармасы мен тарихи тақырыпқа жазылған «Ерназар би», ұлы гуманистік идеяны көтеретін «Айдос би», «Ақымақ патша» сияқты кең тынысты, кемел дастандарын тілге аламыз.

Ақын поэзиясынан XVIII–XIX ғасырлардағы қарақалпақ халқының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі, үстем тап иелерінің оларға көрсеткен озбырлық іс-әректтері аса шынайы, қарапайым халық тілімен шебер көрініс тапқандығын байқау қиын емес. Оны біз ақынның «Болған емес», «Салық», «Бұл жыл», «Өмірім», «Жақсырақ», «Жас келер ме», «Қалмады», «Бұл заманда», «Халық үшін», «Бер енді» т.б. лирикалық шығармаларынан анық аңғара аламыз.

Ақынның «Көрдім, көрмедім», «Ойланба», «Надан болма», «Балам», «Білгейміз», «Кеткен келер ме», «Айырлу», «Шырағым», «Өгізім», «Қожам» секілді т.б. өмірлік, көкейкесті мәселелерді терең ашатын поэтикалық шығармалары күні бүгінге дейін өзінің мәнін жоғалтқан емес.

Әсіресе ақын өлеңдерінде қыз-келіншектердің аянышты халі, бас бостандығы, өз сүйгеніне жету жолындағы қиыншылықтары мен ауыртпалықтары жан-жақты ашылған. Мәселен:

Қыз-келіншек өз теңімен жүре алмас,
Ойнап-күліп дәурен сүре алмас.

«Шарифат» деп, оларға жол берілмес,
Қараңғылық қаптаған ғой бұл заман.

деп, ақын замана келбетін, дәуір тынысын әдемі ашады.

Сөйтіп ақын, өз дәуірінде болып жатқан әділетсіздіктің, теңсіздіктің сырларын отты өлең жолдарын сипаттау мүмкіндігіне ие болады. Ол қараңғылық қаптағанмен сауатсыздық дәуірде ешқашан ұлылық, биіктік белең ала аламайтынын уытты поэзия тілімен жан-жақты жеткізуге ұмтылады.

Сөз орайы келгенде ерекше ұқтыра түсерлік мәселе, ақын қарақалпақ қыз-келіншектерінің аса нәзіктігі мен биязы мінезін, олардың тамаша көркін, сұлулығын өзінің «Келін» атты өлеңінде әдемі бере алған. Оны біз ақынның мына бір өлең жолдарына назар аударғанда көре аламыз:

Шашың сүмбіл, жүзің аппак,
Күндіз кірпік, жұқа тамақ.
Қиылған қас, ауызың оймақ,
Тым сұлусың көрдік келін, –

(Аударма біздікі – Қ.С.) деп, ақын қыз-келіншектердің әсем келбетін, сұлу көркін, тамаша тұлғасын, тым нәзіктігін тауып айтып, тәуір байламдар жасайды. Нағыз қарапайым халықтық тілмен әдемі жеткізеді.

Бердақтың өлең жолдарын оқыған сайын, оның өмірге деген көз-қарасын анық ағарып, сол заманаға берген бағасын байқаймыз да, өзінше соны байламдар жасағандығын жақсы ұғынамыз. Бұны ақынның өмір сырларын жан-жақты терең түсіне білгендігі, оның құдіреті, ақын ұлылығы деуге болады.

Ақынның кемелдігі мен кереметтілігі де сонда, ол өз заманасында болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктер мен әділетсіздіктердің сырын анық аңғарып, оны батыл сынаумен бірге, дәуір мен адам тағдырының тоғысқан торабына дұрыс шүйлігеді. Оған өзінше батыл баға беріп, ел арасында болып жатқан берекесіздіктерден өз оқырмандарын жиіркендіреді. Бұл – ақын поэзиясының негізгі тынысы, тамаша кредосы.

Өйткені, ақын лирикалары мен поэмаларына тереңірек көңіл бөлсек, онда дәуір шындығы, замана келбеті, халық арасында болып жатқан әпербақандықтар мен әділетсіздіктер, теңсіздіктер, белең алған берекесіздіктер дұрыс шешімін тауып, ашық айтылады.

Бұл – ақын құдіреті, ақын биіктігі. Дәуір мен замана қайшылықтарын дұрыс түсініп, ол жайлы ойын ашық айтып, терең байлам жасау – екінші бірінің қолынан келе бермейтін, соны серпіліс екендігін де естен шығармауға тиіспіз.

Аса дарынды, қарақалпақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, кемеңгер ақын Бердақ, 1900 жылы 73 жасында бұл пәниден көз жұмып, мәңгілікке аттанады. Дегенмен, оның поэтикалық дүниелері тек қарақалпақ халқының ғана рухани игілігі, мәдени байлығы десек, ағаттық болар еді.

Бүгінгі таңда Бердақ шығармалары Орталық Азия халықтары арасында, оның ішінде тонның ішкі бауындай әбден араласып кеткен өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен оқырмандары арасында да айрықша қастерленіп, ерекше сүйіспеншілікпен оқылады. Аталмыш халық оқырмандары ақын өлеңдерін өз ана тілдерінде сүйіп оқып, ол жөнінде сүйсіне пікір айтуда.

Ақынның кемел поэмалары мен тамаша лирикалық туындылары әлденеше рет өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен тілдеріне аударылып, туысқан халықтар оқырмандарының нәрлі дүниелерінің біріне айналған. Сондықтан да олар Бердақты, өздерінің Науаи, Тоқтағұл, Абай, Тоғалақ молда, Мақтымқұлы сияқты ақындарындай қадір тұтып, оның шығармаларын сүйіп оқиды, әманда ардақ тұтады.

Қорыта айтқанда, туысқан қарақалпақ халқының мақтанышына айналған кемел ақын, кемеңгер ойдың иесі Бердақты, Орталық Азия халықтары да айрықша қадір тұтып, өз ақыны ретінде танып, оның тамаша туындыларынан рухани нәр ала бермек.

Жыл өткен сайын ақын тұғыры биіктеп, туысқан оқырмандар арасында да айрықша қастерлене түспек. Бұл – ақын Бердақтың, оның шығармаларының өміршеңдігін байқатады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бердақ қай ғасырда өмір сүрген?
2. Ақынның «Айдос би» дастанында қандай мәселе қозғалды?
3. «Ақымақ патша» дастанын оқып, оның мазмұнын сыныпта айтып беріңдер.
4. Ақынның қандай лирикалық шығармаларын білесіңдер?
5. «Айдос би» поэмасының көркемдік ерекшеліктері жайлы ой бөлісіңдер?

БЕРДАҚ ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

НАДАН БОЛМА

Қал-жағдайды сұрамай,
Азаматтыққа жарамай,
Алды-артыңды болжамай,
Нан бермейтін надан болма.

Шапанды салып иыққа,
Түсіп баяғы тұйыққа,
Қосшы ертпей соңыңа,
Басқадай надан болма.

Біреулерді тастап шетке,
Оңды амал саған жеткен.
Болыс сені мұрап еткен,
Соған еріп надан болма.

Сенің әкең Құлым жаман,
Одан қалай тудың аман.

Сендейлерге емес заман,
Жерменге еріп, жермен болма.

Сенің әкең сушы ма еді?
Мұндай амал сұрап па едің:
Елден салық жинап па едің?
Әкеңе тартып, жаман болма.

Сенің теңің емес амал,
Қолыңа ал кетпен-құрал.
Атызға бар да жерді шап.
Ақылымды ал, болма надан.

Ақылымды алсаң інім,
Басыңда ми, болса білім.
Осы айтып болған жерім,
Халқыңды біл, надан болма.

МАҒАН КЕРЕК

Ашылған гүл-шалғын,
Ішінде бұлбұл сайраған.
Күндердің нұры жайнаған,
Жақсы әлем маған керек.

Өтірік сөзін айтпаған,
Тура жолдан қайтпаған,
Елін-халқын мұңайтпаған,
Қайраттылар маған керек.

Саясын салған жарлыға,
Су жеткізген тақырға.

Ақсақ, майып, әрі соқырға,
Қарайласқан маған керек.

Зер кекілді, қайшы құлақ,
Шаршамайтын болат тұяқ,
Мәрт жігіт мінер тұлпар ат,
Қанағаттылар маған керек.

Бұлбұл – гүлге,
Ғашық – жарға,
Қауышып шал боса разы,
Менің мүсәпір халқыма,
Жайнап-жасар заман керек.

Аударған – Қалдыбек СЕЙДАНОВ.



МУҚИМИ (1850–1903)



Ағартушылық-демократиялық бағыттағы өзбек әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан кемел ақындардың бірі – Мұқыми. Ол халық арасында Мұқыми аталып кеткенімен, оның шын есімі – Мұхаммед Аминқожа Мырзақожа ұлы.

Мұқыми Ферғана облысына қарасты Қоқан қаласындағы қырма кедей, науаишы Мырзақожа жанұясында 1850 жылы дүниеге келіп, 1903 жылдың 25 мамырында, 57 жасында дүниеден өтеді. Ол негізінен Әлішер Науаи, Лутфи, Фузули, Мақтымқұлы сияқты ұлы тұлғалардың шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет әлеміне еркін енеді.

Әрі ол, олардың игі дәстүрлерін одан әрі жалғастыра түсіп, орыс әдебиетінің ұлы тұлғалары А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой шығармаларымен де жете таныс болады.

Сөйтіп Мұқыми, өзбек әдебиеті тарихында жаңа бағыттағы классикалық дәстүрлі лириканы одан әрі дамытып, кең өріс алдыра түсуде ерен еңбек сіңірген ақын. Өйткені ол, классикалық лириканы жаңа тақырып, жаңа идея, жаңа мазмұнмен байытып, оған тың әлеуметтік сарын, азаматтық әуен береді.

Әрі, тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор поэтикалық шығармалар жазып, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы өзбек поэзиясын биікке көтере түседі. Сөйтіп ол, өзбек поэзиясының дамуына өзінің сүбелі үлесін қосады.

Ақынның ата-бабалары негізінен Ташкенттік болғанымен әкесі – Мырзақожа, 1835–1836 жылдары Қоқанға көшіп барып, сонда үйленіп, үйлі-жайлы боп калып кетеді. Бірақ ақын жоқшылықтың тақсіретін аса көп тартады. Сондықтан да ақын өз өлеңінде:

Өмір бойы жолым болып көрмеді,
Жылап келем бұл дүниеге келгелі.

Кайғы шаңы басты менің денемді,
Түспейді шаң сілкінсем де мен енді.

Тағдыр мені аямады, қорлады,
Жалынсам да, жыласам да болмады.

Қараңғы өмір, бакытым жоқ, жоқ менің,
Армандаған ақ сәулеге жетпедім.

Мұкимидің сәлемін дос алмады,
Шын ба екен тас керең боп қалғаны.

Айта берем, айта берем қай бірін,
Ауыр менің, ауыр менің тағдырым.

(Аударған Т.Молдағалиев)

деп, өмір қиыншылығын көп көрген ақын, кедейшіліктің, жоқшылықтың тауқыметін аса көп тартады.

Дегенмен, өз тағдырының аса қиындығына карамай, Қоқан, Бұқара қалаларында оқып, сауат ашып өз білімін одан әрі жетілдіре түсумен бірге, жастай қолына қалам алып, ақындық жолға ертерек түсе бастайды.

Мұқыми алғаш рет Қоқандағы «Хаким айым» медресінде оқып тәлім-тәрбие алса, 1872–1873 жылдары Бұхараға барып, ондағы «Махлар айым» медресесінде оқып, оны 1876 жылы бітіреді де Қоқан қаласына барады.

Сөйтіп, жазу жұмысымен тым ерте араласқан Мұқыми, өз заманының құсни (көркем) хатшысы Юсуф Хатотидан тәлім алып, жазу шеберлігін де ерте меңгереді. Әрі ол, Өзбекстан өңірінің көптеген елді мекендерін аралайды. Тіптен, Ташкент пен Ферғана өңірінде әлденеше рет болады. Бірақ өмірінің барлығын дерлік өзінің туып өскен қаласы Қоқанда өткізеді. Сондықтан да ол өз өлеңдерінің көбісін туып өскен елді мекеніне, оның әсем табиғатына арнайды.

Оның үстіне Мұқыми, XIX ғасырдың 80-жылдарында Қоқан қаласында ұйымдаса бастаған әр түрлі әдеби үйірмелерге қатысып, онда Фұркат, Зауки, Нисбат, Мұхайыр, Насимий сияқты т.б. ақындармен бірге болып, әдеби үйірмеге өзі жетекшілік жасайды. Сөйтіп ол, өзінің ақындық арынын жан-жақты дамыта бастайды.

Осы бір кезеңдер де Орта Азия түгелдей Ресей қол астына қарам болған болатын. Міне мұндай тарихи жағдай, бір есептен халық басындағы ауыртпалықтарды әбден күшейте түссе, екінші жағынан,

орыстың озық ойлы, демократиялық бағыттағы ақын-жазушыларының шығармалары ел арасына кең тарай бастайды. Нәтижеде, Мұқыми да орыс мәдениеті мен әдебиетінің озық үлгілерімен, тамаша идеяларымен танысуға бір жөн мүмкіндіктер алады.

Рас, Мұқыми өзінің ақындық арынын шағын-шағын лирикалық өлеңдер жазумен бастайды да, қоғамдық өмірде болып жатқан кейбір оң өзгерістерді өз шығармашылығының арналы арқауы, өрісті өзегі етеді.

Ол алғашқы лирикалық шығармаларында сол кездегі қоғамда көрініс таба түскен озық идеялар мен халық еркіндігін, бостандығы мен тәуелсіздігін жыр жолдарына қоса бастайды. Табиғат тылысымына ерекше ақындық жүрекпен үніліп, оның тамаша көріністерін сипаттауға ұмыталды. Мәселен ақын өзінің «Ерте көктем» атты өлеңінде:

Тағы келді нұр көктем, гүл көмкерді даланы,
Сыңғырласын кеселер, шүпілдеген шарабы.

Құдай сиы ол деген, досың болса қасыңда,
Досың бар да қасыңда, бақытың бар басыңда.

Жалғыз қалып жабықтым, ойлар маза бермейді,
Ұшып кеттің бақытым, адастырып сен мені.

Ұмытсаң да сен мені, мен ұмытар емеспін,
Бұлбұл әнін сағындым, қарға даусын көп естіп.

Бар мұңымды жасырмай айтар едім достарға,
Мың қайғыма бір қайғы не табамын қосқанда.

Достарыңа кінә артпай, тарт Мұқыми тауыңа,
Тауға барсаң табарсың бір тыныштық жаныңа.

(Аударған Т.Молдағалиев)

дей отырып, өзі жасаған дәуірдің шынайы шындығын әдемі аша түседі.

Мұқыми өз дәуіріндегі халық басына түскен ауыртпалықты, тұрмыс тауқыметтерін, екі жақты канауда, талауда болған өзбек халықының аянышты халін анық көре біліп, оны өз өлеңдерінде ашына жырлайды.

1885–1886 жылдары әкесі Мырзақожа дүниеден өтеді. Содан жанұяның барлық ауыртпалығы Мұқымиға түседі. Нәтижеде ол, 1887–88 жылдары Қоқаннан Ташкентке келеді. Соңыра, Ферғана өңіріне қайта барып, ел аралап екі жақты езілген халықтың ауыр тұрмыс-тіршілігімен танысады. Міне бұлар ақының өмірге деген көзқарастарын кең өріс алдырып, қалыптастыра бастайды.

Мұқыми басынан қаншалық ауыртпалықтар, қиындықтар өткізсе де, оған мойымай, бар жақсылықты алдағы өмірден күтеді. Келешекке үлкен сеніммен қарап, халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлай бастайды. Қарапайым еңбек адамдарының бақытты болуын арман етеді. Қашанда әділдік, әділетсіздікті жеңетініне үлкен сенім артады.

Кейде ақын өзі туып өскен еліне, жеріне сыймаған сәттерінде тілге алып, оны ашына жыр жолдарына қосады. Мәселен ол өзінің «Қоқаннан Исфаханға дейін» деген өлеңінде:

Тағдыр мені кинады,
Қоқанға мен сыймадым.
Арылсам деп қайғыдан,
Жолға шықтым жиналып.

Якукатқа сұқтанба,
Құртты ғой сол құртқанда.
Мысық мұртты бақалшы
Байып апты жұртты алдап.

дей келе, одан әрі:

Иштан – зұлым сай жақта,
Жол торида, бұғады.
Қарасаң да қай жақа,
Өлік иісі шығады.

Ел ағасы Ешдәулет,
Бір көргенге жақсыдай.
Жүр қалтасы қағылып,
Жынын алған бақсыдай.

(Аударған Т.Молдағалиев)

дейді ақын.

Өзбек әдебиеті тарихында сатира, юмор жанрын дамытуға да бір жөн үлес қосқан Мұқыми, өзінің сатиралық өлеңдерімен елді қанап, езіп отырған үстем тап иелерінің екі жүзділік іс-әрекеттерінің бетін әдемі аша түседі. Бай-манаптардың сараңдығы мен екі жүзділігін беттеріне басып, кейбір шала молда болған дін иелерін де қатты сын астына алады. Оларды әшкерелей отырып, күлкілі бейнелерін көз алдына елестетеді.

Ақынның сатиралық шығармаларында ел билеуші чиновниктер мен әкімдердің айлакерлік іс-әрекеттері де, өз пайдасын ғана ойлайтын надан байлардың қорқаулық қылықтарының бетін жан-жақты ашып,

оларды барынша сын астына алады. Бұл ретте ақынның «Сайлау», «Жер өлшеуші», «Әулие», «Бәтшағарлар», «Бақалар», «Қожекеннің майы», «Мәскеулік бай», «Осы жылдың жемісі» сияқты т.б. сатиралық шығармаларын тілге алуға болады.

Аталмыш өлеңдерінде ол құр заңды бетке ұстап, халықты барынша аяусыз қинай түскен, алаяқ елу басы, жүз басы, мың басы дегендерді мінеп-шеней отырып, үстем тап иелерімен кейбір әкімсымақтарды да де сынайды.

Сондай-ақ ақынның сатиралық өлеңдерінің бір саласы жергілікті байлар мен жатып ішер жалқаулардың кереғар істерінің келеңсіздіктеріне түйреу болған. Бұл орайда оның «Виктор бай», «Той», «Жалғыз көзді Әшірбай», «Қадақшы қожа» сияқты т.б. өлеңдерін атай аламыз. Мәселен ол өзінің: «Виктор бай» атты сатиралық шығармасында, Қоқан қаласында болған бір оқиғаны негізге алады. Сөйтіп, сауда үйінің меңгерушісі болып істейтін Виктор Ахметов деген адамның мекеме қаржысын талан-таражға салып, ақыры қашып кеткен сорақылық істерін ашына жыр жолына қасады. Сөйтіп оның 1892 жылы, тағы да өзіне тиісті ақшасын алуға келгенде, қолға түсіп шерменде боп сотталғанын ашықтан ашық мінеп-шенейді.

Ақын өз шығармасында тек Виктор байдың образын сипаттап қана қоймай, сол дәуірде баюдың жолына түскен көптеген капиталистердің жиынтық образы ретінде, сол Виктор Ахметовты арнайы алады. Оны біз ақынның «Виктор бай», «Мыңбасы», «Той» сияқты т.б. шығармаларынан да анық аңғарамыз.

Оның үстіне, Мұқымидің сатиралық шығармаларында кейбір надан дін иелерінің шала молда-сопысымақтардың екі жүзділік іс-әрекеттері, олардың шала сауаттылығы, көргенсіздігі мен дүмшеліктерін де қатты сын астына алынады.

Ақынның газел, мухаммас, рубаиларында өзі жасаған дәуірдің шындығы, үстем тап иелерінің озбырлық іс-әрекеттері жан-жақты сипатталумен бірге, табиғаттың да әсем тылсымы, өзі жасаған замана келбеті өзінің шынайы шешімін таба түскен.

Мұқыми ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті көре білген, оны батыл сынға алған ірі сатирик ақын ретінде жан-жақты танылумен бірге, өзінің поэтикалық туындыларында сүйіспеншілік тақырыбында кеңінен жырлаған ақын. Оны біз ақынның «Сен кеттің», «Мен еске алдым», «Кім айтады мен жайлы» сияқты т.б. өлеңінен де анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен ол:

Жүрегіме жүз жара салдыңдағы сен кеттің,
Арман едің, не шара, алдымдағы сен кеттің.

Жүрегімді толқын қылып, кете бардың, сұлтаным,
Қолым создым, жалындым, жете алмадым сұлтаным.

Махаббаттан жынданып өлер болдым, кеттің-ау,
Өсек, өтірік, лағнет—сен түбіме жеттің-ау!

Жібер енді жаны ашып қатар жүрек әлемде,
Мені жауыз жабылып, қинағанын көргенде.

дейді де, одан әрі:

Жауларына жан досын арпалыста бермек кім,
Соғыс бітпей, ақ сөйлеп, тұрған кезде сен кеттің.

Көрмегенім жақсы еді, бердің мұнын жер-көктің,
Өтірік, өсек, өкініш-қинағанда сен кеттің.

Өкінсем де сұлуым, жолың болсын демекпін,
Кедей еді Мұқыми, байыттың да сен кеттің.

(Аударған Т. Молдағалиев)

деп ақын, сүйген қызы жолындағы асқақ арманын, іңкәр көңілін ашықтан ашық жыр жолына қосады.

Сүйіспеншілікті, ерекше сезім сырларын ардақ тұта білген ақын, өзінің поэтикалық шығармаларында махаббатты аса жоғары бағалайды. Сондықтан да өзінің сүйген қызын ардақ тұта білген Мұқыми ерекше тебіреніспен, оны сағына есіне алады. Оны біз ақынның «Мен еске алдым» деген өлеңінде былайша өзінің ыстық сезімін ерекше шынайы ықыласпен білдіреді. Мәселен ол:

Нұр бейнеңді әлдиледім жүректе,
Біттім содан қайғырып та, жүдеп те.
Барсың өзің арманда да, тілекте
Сонау жарқын жылдарымды еске алдым.

Көктем келді, толды бақша гүлдерге,
Көк барқытты кім жайды екен бұл жерге.
Гүл жұпарын еркін жұтты-ау бір кеуде,
Сенің кара бұрымыңды еске алдым.

деп, сағыныш сезімін поэзия тілімен өрнектей түсіп, одан әрі өз ойын сабақтай түсіп:

Өз қолыңнан жұтып арман шарабын,
Бос та болғам, мас та болғам, қарағым.
Кеудемді аштым, қадалса да жанарың
Октан өткір кірпіктеріңді еске алдым.

Маң далада, айдалада қаңғырдым,
Көндім барлық тәлкегіне тағдырдың.
Жүрегім – гүл, гүлді қиып қан қылдың,
Сенің қара қастарыңды еске алдым.

(Аударған Т.Молдағалиев)

дейді ақын ерекше емірене.

Орайы келгенде еркеше бір ескерте кетерлік жайт, Мұқымидан бізге жеткен аса бір бай мұрасы, оның хаттары деуге болады. Ол өзінің хаттарын қара сөзбен де, өлеңмен де жазған. Ал оның қара сөзбен жазылған хаттарының дені, Мәскеуде оқып жүрген жиені Рuzимухаммад Дусматовпен т.б. қаламдас достарына жазғандары. Әрі ол, өз хаттарын Ташкент қаласының тұрғыны – Махмұт қожаға жазғандары.

Кейбір тарихи мәліметтерге қарағанда Мұқыми, белгілі ақын Фурқат пен де жиі-жиі хат алысып, өзара пікірлесіп те отырған көрінеді.

Дегенмен, Мұқыми хаттарынан да оның нағыз халықшыл, демократиялық-ағартушылық бағыттағы кемел қаламгер екендігін де анық аңғаруға болады. Оның хаттары мен жол жазбалары, ақын өмірінен аса мол мағлұматтар беретіндігімен де құнды.

Оның үстіне Мұқыми, өзбек әдебиеті тарихында алғаш рет, түгелдей жаңа жанр саналған – жол жазба очерк «Саяхатнама» еңбегін өмірге алып келді.

Мұқымидің «Саяхатнама» шығармасы, халық ауыз әдебиеті үлгілері негізінде жазылған көркем дүние. Нәтижеде ол өзінің «Сергелдең ой» («Хаммоми хаел»), «Нұқ көрінісі» («Нұқ манзар») секілді т.б шығармаларын жазу мүмкіндігіне ие болды.

Ақынның «Саяхатмана» шығармасы негізінен үш бөлімнен тұрады. Оған ақынның тек жол жазбалары ғана енген. Мәселен ақынның Қоқан – Ферғана, Қоқан – Шахмардан, Қоқан – Исфара өңірлерінде болған сәттері сыр шертеді. Онда сол жерлерден көрген-білгендері, көкейге түйгендері өзінің шынайы шешімдерін тапқан.

Әрі онда, сол кездегі ел басшыларын, байлардың, әділетті үкім шығаратын қазылардың берекесіздіктерін сын астына алады. Оның үстіне, Ферғана өңірінің әсем келбетін, тамаша табиғатын да жан-жақты, аса тартымды етіп сипаттайды.

Сондай-ақ ол, 1886–1887 жылдары тағы да Марғуланға барып, онда сауда дүкенін ашып, сауда-саттық жұмысымен де шұғылданады. Арадан көп өтпей ол жұмысын тастап, бір саудагердің есебін жүргізуші боп қызмет атқарады. Соңыра, 1889 жылдың мамыр айында Ташкентке қайта келеді. Ташкентте ол 2 жылдай, яғни 1891 жылға дейін болады.

Дегенмен ол, 1903 жылдың 15 мамырында, 53 жасында дүние салады. Бірақ ол, өзінің поэтикалық шығармаларымен өзбек әдебиетінде сүбелі орын иелеген аса талантты ақындардың бірі ретінде, өзбек халқының рухани өмірінде өшпес із қалдырған қарымды қаламгер дәрежесіне көтеріле алды.

Ақынның «Шығармалар» жинағының екі томдығы 1959 жылы орыс тілінде жарық көрсе, 1960 жылы «Таңдамалы шығармалары» Ташкентте басылып шығады. Сондай-ақ, 1971 жылы өзбек поэзиясының антологиясы болған «Мұшайра» атты, қазақ тілінде «Жазушы» баспасында жарық көрген жинақта, ақынның бір топ өлеңдері Тұманбай Молдағалиев аудармасында қазақ оқырмандарының рухани игілігіне айналады.

Сөйтіп, XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың бас кезінде жасаған аса таланты ақын Мұқыми, өзінің поэтикалық туындыларымен өзбек әдебиетінің даму тарихына сүбелі орын иелейтін тарлант таланттарының біріне айналды.

Қорыта айтқанда, әдебиет майданына лирик ақын ретінде кіріп келген Мұқыми, өз дәуірінде ел ішінде болып жатқан әділетсіздік пен теңсіздікті көре біліп, оны өз шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек ете білді. Сөйтіп ол, өз дәуірінің тамаша жыршысы және жаршысы бола алды.

Ол өзінің поэтикалық шығармаларында халық қайғысына қосылып, өз өлеңдерінде оларды оқуға, өнер-білім шарлап, сауаттандыруға жұмылдыра түсті. Әрі, жеке адамдардың, оның ішінде үстем тап иелері мен дүмше молдалардың, шала сауат ишандардың басындағы кемшіліктерді сынап-мінеді. Нәтижеде ол, әділдік пен теңдікті кеңінен жыр жолдарына қоса отырып, өзбек әдебиеті тарихында ағартушылық идея мен саф сезімді, мөлдір махаббаттың жыршысына айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұқыми өзбек әдебиетінің даму тарихында қай бағытта қалам тебіrentкен?
2. Ақын әдебиет әлеміне алғаш қандай ақын ретінде кіріп келеді?
3. Ақын өлеңдерінде қандай мәселелер көтерілген?

4. Ақынның сатиралық өлеңдерінен нені ұқтыңдар?
5. Ақын өлеңдерін қазақ тіліне кімдер аударған?
6. Ақынның өздерің сүйген өлеңдерін жат алып, сыныпта айтып беріңдер.

МҰҚЫМИ ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

КІМ АЙТАДЫ МЕН ЖАЙЛЫ

Көрінбейтін көлеңкеден күйкімін,
Кім айтады мен жайлы.
Достарыма азайды ғой сүйкімім,
Кім айтады мен жайлы.

Сәулем жайлы жаздым кітап бағалы,
Кім айтады мен жайлы.
Қайғы күнде мені іздеп табады,
Кім айтады мен жайлы.
Әулиеме байбағының хабарын,
Кім бар екен жеткізер.

Жыламасаң күлкінің де жоқ мәні,
Сағынбасаң – табыспа.
Роза гүлін аялаған шақта да,
Тікенді еске тағы ұста.

Құлсың өзің тағдырыңа, біліп қой,
Кеттік сеніп бұған біз.
Басқа жұрттың тандырына күйіп қол
Нан жабуға құмармыз.
Кім бар кәне, кім бар кәне,
Айтатұғын мен жайлы.

Жол іздедім сүйіктіме баратын,
Таба алмадым сол жолды.
Күшім қайда, жүрек қайда жанатын,
Қайран басым қор болды.

Маған емес, бай-бектерге ашылды,
Қыз үйінің есігі.
Содан бейне табатындай көрінді,
Періштем де несібін.

Сол бектердің кімі қане,
Айтар екен мен жайлы.

Жарық қайда, құлайтұғын жар қайда,
Мәжнүн де оны білмейді.
Түнді күн деп, ақ шуақты
Қапас, қара түн дейді.
Сүйемін мен, сүйгеннен соң еске алман
Қасіретімнің талайын.
Сүйемін мен, басымды алар қас жаудан
Сұраймын мен, сұраймын мен:
«Ағайын, кім айтар деп мен жайлы».

Армандайды, армандайды ол жайлы,
Күндіз-түні Мұқыми.
Қиялына, қиялына тоймайды,
Күндіз-түні Мұқыми.
Махаббаттың алауын сөндіруге болмайды,
Жолыққанда сол жанға, кім айтады мен жайлы.

МЕН ЕСКЕ АЛДЫМ

Нұр бейнеңді әлдиледім жүректе,
Біттім содан қайғырып та, жүдеп те.
Барсың өзің арманда да, тілекте
Сонау жарқын жылдарымды еске алдым.

Көктем келді, толды бақша гүлдерге,
Көк барқытты кім жайды екен бұл жерге?
Гүл жұпарын еркін жұтты-ау бір кеуде,
Сенің қара бұрымыңды еске алдым.

Өз қолыңнан жұтып арман шарабын,
Бос та болғам, мас та болғам, қарағым.
Кеудемді аштым, қадалса да жанарың
Оқтан өткір кірпігіңді еске алдым.

Маң далада, айдалада қаңғырдым,
Көндім барлық тәлкегіне тағдырдың.

Жүрегім – гүл, гүлді қиып қан қылдың,
Сенің қара қастарыңды еске алдым.

Ай жүзіңмен ай таласа алмады,
Ақ самалым, ақ періштем таңдағы.
Сенде менің өмірімнің қалғаны,
Сенің кешкі серуеніңді еске алдым!

Жамандардың жаманы едім десем де,
Тұрдың тұнып менің өмір кесемде.
Бұл дүниеде арманда боп көшерде,
Маған деген көңіліңді еске алдым.

О, пейіштің аппақ таңы, сәулесі,
Берші қайтып бақытымды жердегі.
Мұқымиды арман қайта тербеді,
Үмітті боп жүрген шақты еске алам!

Аударған Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

ФУРҚАТ
(1858–1909)



XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өзбек поэзиясына бір жөн үлес қосқан аса талантты ақындардың бірі – Фурқат Халмұхаммедұлы. Ол халық арасында Фурқат есімімен кеңінен танылып кеткен. Оның өз есімі – Зәкіржан.

Фурқат Ферғана облысына қарасты Қоқан қаласында, ұсақ қол-өнершінің жан ұясында 1858 жылы дүниеге келіп, 1909 жылы, 51 жасында дүниеден өткен. Әкесі Молла Халмұхаммед, 6 жасар баласын ескі діни мектепке оқуға беріп сауатын ашады.

Соңыра ол, 1872–1875 жылдар аралығында Қоқан қаласындағы діни медреседе оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Дегенмен, ол медресе 1875 жылы жабылып қалады да, онда оқуын одан әрі жалғастыра алмайды.

Аса зейінді болып өмірге келген Зәкіржан, мектеп қабырғасында оқып жүрген кездерінде-ақ өлең жазып, әдебиет әлеміне еркін ене бастайды. Әрі ол, 8 жасынан бастап-ақ Шығыс ақындарының шығармаларын өз бетінше оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Тіптен, эзербайжан, тәжік әдебиетінің ұлы тұлғаларының шығармаларына да көңіл көзін қадай бастайды. Әсіресе ол, Аттор мен Хафиз, Әбдірахман Жәми мен Әлішер Науаи шығармаларын үзбей оқып, олардан рухани нәр ала түседі.

Жағдайының аса ауырлығына байланысты, күн көру мақсатында, өлең жазуды жиыстырып, 1878 жылы нағашысымен бірге, сол кездерде «Жана Марғұлан» деп аталатын, бүгінгі таңдағы Ферғана қаласына барады. Онда ол, сондағы бір туысының дүкеніне сатушы болып жұмысқа орналасады.

Бірақ арадан көп өтпей Фурқат, 1880 жылы Қоқан қаласына қайта келіп, ондағы оқыған зиялы қауымдармен, оның ішінде Мұқыми, Зауқи

сияқты т.б. қаламгерлермен танысады. Сөйтіп ол, Қоқандағы әдеби үйірмелер мен жиындарға, кештерге қатыса бастайды. Нәтижеде оның, Қоқан қаласындағы ағартушылық-демократиялық бағыттағы ақындармен танысып, олармен қоян-қолтық араласуы, шығармашылық жұмыспен шұғылдануына өзінің ерекше ықпалын тигізеді.

Қайта қолына қалам алып, осы бір кезеңдер де «Чор дарвеш» шығарманы өзбек тіліне аударумен бірге, өзі де «Хаммоми хаёл», «Нұқ манзар» секілді шығармаларын жазады. Оларда патша чиновниктері мен жергілікті байлардың, үстем тап иелерінің екі жақты езгісінде болған қарапайым халықтың ауыр тұрмысын сипаттайды.

Оның үстіне ол, 1886–1887 жылдар аралығында тағы да Марғұланға қайта барып, онда сауда дүкенін ашып, сауда-саттық жұмысымен қайта шұғылдана бастайды. Бірақ, арадан көп өтпей ол жұмысын тастап, бір саудагердің есеп жүргізушісі болып қызмет атқарады.

Соңыра, 1889 жылдың мамыр айында Ташкентке келіп, ол мұнда 2 жылдай, яғни 1891 жылға дейін тұрады. Әрі, шығармашылық жұмыспен айланыса бастайды.

Фурқат өз өлеңдерінде патша чиновниктері мен жергілікті байлардың, үстем тап өкілдерінің екі жақты қанауында болып, көптеген зұлымдық, зорлық-зомбылық көріп жатқан өзбек халқының аянышты халін, тұрмыс-тіршілігін өзінің поэтикалық шығармаларында кеңінен сипаттайды.

Халық бостандығын, теңдігін, ел тәуелсіздігін аңсап, оны өзінің лирикалық шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек ете бастайды.

Сөйтіп ақын, өзінің поэтикалық туындыларында Түркістан халқының эканомикасы мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің өркендеуін армандайды. Қарапайым халықтың бас бостандығын аңсап, олардың асқақ арманын өлең жолдарына қосады. Халыққа әділет пен теңдік, бостандық орнауын өз шығармаларында кеңінен жырлайды. Мәселен ақын өзінің «Мұхаммас» деп аталатын өлеңінде, дала тағысы қолға түскен киіктің аянышты тағдырына жаны ашып:

Жібер мерген, киікті, жүрсін қаңғып мен құсап,
Шеш арқанды басынан, қуансыншы ол бір сәт.
Мен сияқты оны да, аялайтын жоқ ешкім.
Мен сияқты оның да жақсы күні көмескі.
Мен сияқты ол дағы достарынан айрылған
Мен сияқты ол дағы қанатынан қайрылған.

Дүние оған қараңғы, ол жоғалтқан үмітін,
Мен сияқты ол дағы, зар жылайды күні-түн.

(Аударған Т.Молдағалиев)

дей келе ақын, киікке тәуелсіздікті, бас бостандықты тілей отырып, өз дәуіріндегі залымдық пен зұлымдықтың бетін әдемі ашады.

Қашанда елде еркіндік, тәуелсіздік, бостандық болмай, әрбір жан еркін өмір сүре алмайтындығын поэзия тілімен сәтті сипаттап, шындық бетін жан-жақты аша түседі.

Өлеңде дәуір шындығы, замана келбеті, әділетсіздік пен теңсіздік сырлары поэзия тілімен аса тамаша өрнектеле түскен. Тіптен ақын:

Шеш арқанды басынан, кетсін желдей еркімен,
Шықсын жайлау төсіне, жаз самалы желпіген.
Сол жайлауда өзінің, арманына жолықсын,
Бар екенін бақыттың, тұңғыш рет ол ұқсын.
Бақытынан ажырап қынжылды ғой жүрегі,
Атқан оққа кезікті, еркін ойнап жүр еді.
Дүние оған қараңғы, ол жоғалтқан үмітін.
Мен сияқты ол дағы зар жылайды күні-түн.

(Аударған Т.Молдағалиев).

деп, бас бостандықтың қаншалық адам үшін де, жан-жануарлар үшін де аса қажет екендігін айта отырып, замана келбетін, дәуір тынысын жан-жақты аша түседі.

Әсіресе, озбыр-үстем тап иелерінің әділетсіздігінің сырына үңіле отырып, оған өктем үн қатады. Өзінің шынайы шешімін айтады. Мәселен ақын:

Ая, ая сорлыны, өз өмірін бер қайтып,
Еркелесін шалғында, еркіндігін желге айтып.
Қосағымен өрістен жүрсін байғұс бір қайтып,
Үшін тынық бұлақтан, саған алғыс күнде айтып.
Дүние оған қараңғы, ол жоғалтқан үмітін,
Мен сияқты ол дағы, зар жылайды күні-түн –

деп, жапан түзде жалғыз қалған сорлы киікке қайырымды, мейрімді болуды айта отырып, үстем тап иелерін, бай-манаптарды ынсапқа, адалдыққа, мейрімділікке үндейді. Соңыра ақын:

Жүрегінен оның да, у тамады білемін,
Ащы жаспен емдеуге мүмкін емес жүрегін.
Жапандағы шұңқырға зар жаңбыры толғандай,
Фурқат деген ақын мен-бағы қайтқан сор маңдай.

Дүние оған қараңғы, ол жоғалтқан үмітін,
Мен сияқты ол дағы, зар жылайды күні-түн.

(Аударған Т.Молдағалиев)

деп, терең түйіндеу жасайды.

Оның үстіне ақын шынайы сезімді, сүйіспеншілік сырларында өзінің көңіл күй лирикаларында ерекше емірене жырлайды. Оны біз ақын ғазалдарынан анық аңғара, қаныға түсеміз. Мәселен ақын:

Оның жүзін бұйра шашы жауып тұрар жартылай,
Қараңғыны жарық еткен дерсің бейне алтын ай.

деп, сұлу қыздың кескін келбетін поэзия тілімен тамаша өрнектей келіп, нәзік сезімдердің тамаша сырларын да, шынайы махаббаттың машақаттарын да әдемі жеткізе біледі. Мәселен ол:

Нәзік дене, қаймақ ерін – көрсең есінді алады,
Кім көрсе де өмірінде күлкі, ұйқыдан қалады, –

деп, сұлулықтың сырына ерекше мән бере түседі. Оның сиқыры, бал ерні әрбір жанды балбырата түсетіндігін де тауып айтып, тамаша байламдар жасайды. Мәселен:

Ғашық жанға дауа жоқ қой, ондай дәрі қайда бар,
Сүйгеніңнің аяғына бас ұрғаннан пайда бар.

Аспан өзі салыстырса аймен оның дидарын,
Айыра алмас көпке дейін кімнің артық туғанын.

(Аударған Т.Молдағалиев)

дейді.

Ақын өзінің ғашықтық лирикаларында жалпы әдемілік пен әсемдікті, асқан сұлулықты биікке көтере дәріптейді.

Сол арқылы өмірдің әсемдігін, сұлулықтың тамаша нәрін, саф таза махаббаттың шынайы сырларын ерекше сезіммен жыр жолдарына қосады. Тереңге тебірене біледі. Бұл да – ақынның ұлылығы, кеменгерлігі деуге болады. Тіптен ақын:

Ондай сұлу таппаған соң бұл ғаламның ішінен,
Құдай оның ақ дидарын айнасына түсірген.

Сол махаббат қармағына ілінді де жүрегім,
Оның үйін күндіз-түні күзетумен жүремің.

дейді.

Шынында да Фуркат поэзиясында шынайы сезіммен мөлдір-махаббат сырлары ерекше шабытпен сыр шерткен.

Оның өлеңдерінде махаббат пен сүйіспеншіліктің адам өмірінде алатын орнына айрықша мән беріле жырланған. Сондықтан да ақынның лирикалық ғазелдері өзбек поэзиясындағы махаббат сырларын терең тебірене жырлаған шынайы сезімнің, мөп мөлдір махаббаттың бірден-бір тынысы дей аламыз.

Онда аса талантты лирик ақынның адамға, өмірге, сұлулық пен әсемдікке деген құштарлығын, шынайы сезімдерін, әрбір көңіл күй лирикаларынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Мәселен ақын қыздың тамаша сұлулығы, әсем келбеті жайлы айта келіп, былайша түйіндеу жасайды.

Кашмирге кеп көрдім, оның айдай ашық дидарын,
Жанарынан күн шашырап, нұр шашырап тұрғанын.

десе, тағы бір өлең өрнектерінде:

Күндіз көрсең шашына алтын жағылған ба дейсің сен,
Таңда көрсең, өзі нұрға омылған ба дейсің сен.

дей отырып, одан әрі:

Ақ тамағын көре қалса, көре қалса егерде,
Харұт, Марұт көкті тастап, жетіп әбден келердей.

(Аударған Т.Молдағалиев)

деп, хас сұлудың әсем келбетін, өзінің сезім сырларымен астастыра, жымдастыра жырлайды. Сөйтіп ақын сұлулық атаулының алдында бас июге жетелей түседі.

Міне бұл да ақын құдреті, ақын ұлылығы. Өйткені, әдемілікті бағаламау, сұлулыққа тамсанбау мүмкін емес. Тән мен жанның сұлулығы қашанда емірендіре еліктіріп, өз жетегіне үйіре түсетіндігі табиғи құбылыс.

Міне оны терең түсінген ақын одан әрі әсем қыздың тамаша келбетін тағы да тамсана түсіп, былайша өрнектей түседі. Мәселен Фуркат:

От жанары–серт семсері жарқ етсе бір егер де,
Қою түнді тіліп өткен нажағай ма дер ем мен.
Қара қастан сәл жоғары қара менді көргенде,
Құрандағы нұн әрпі кеп оянады зердеңде.

деп ақын тебірене терең түйіндеу жасай келіп, онан соң тағы да, ерен шабытпен:

«Еркем – менің, ерніңізде тұрған қара нүктені
Өшірсе ғой сәл жараспай тұрады екен өйткені»
Дегенімде, қыз жымып жауап берді сауалға
«Суретшінің кінәсі ғой, риза емеспін аманда».

Деді де қыз: «Неге еліңді тастадың?» – деп сұрады,
Жауап бердім: «Тағдыр солай, тағдыр бұған кінәлі» –

(Аударған Т.Молдағалиев)

деп, аса тапқырлықпен тамаша байлам жасайды.

Ақынның өзіне ғана тән тағы бір ерекшелігі, ол қашанда жақсылықты күнделікті өмірден іздеуге жұмылдырады. Оның үстіне ақын лирикаларында, табиғаттың тамаша көріністері мен оның әсем тылсымды сырлары, туған елге, туған жерге деген ыстық сезімімен өзара жымдаса түсіп, ол өзара үндесе өзінің шынайы шешімін табады.

Асқақ арманды ақын, нұрлы көктем кезінде де өзінің сүйген жарын аңсап, оған деген іңкәр көңілін, ыстық сезімін ашып жыр жолдарына қоса түседі. Оны біз ақынның «Мұхаммас» деп аталатын өлеңінің мына бір жолдарына көңіл көзін қадасақ, оны анық аңғара түсеміз. Мәселен ақын:

Көктем шықса, сүйіскен шақ түседі кеп есіме,
Сені жаным, жүрмін аңсап, жасырайын несіне.
Таңда тұрып, бөденені ұрған күндер қайдасың?
Тау ешкіні тастан-тасқа қуған күндер қайдасың?
Жастық өмір құшағында тұрған күндер қайдасың?

дей келе, одан әрі:

О, шіркін-ай, әңгімемен атырар ма ек ақ таңды,
Жұтар ма едік көзді жұмып шараптарды мақтаулы.
Тәтті шарап, қызыл шарап қызық күндер келсейші,
Мұңсыз, үнсіз шақтарды сол сағынды ғой бұл жүрек –

деп, сүйген жарына деген ыстық сезімін, іңкәр көңілін айта келіп, одан әрі бұл жалғанның опасыз екендігін де жасырмай ағынан жарыла ашық тілге алады. Онан соң қатаң тағдырдың тауқыметін еске ала отырып:

О, шіркін-ай, қатаң тағдыр жолымызды кеспесе,
Күзгі бақтан күңіреніп қайран өмір кешпесе,
Өкінбесек ешқашанда өте шыққан көктемге

Тағзым етсек жиі келіп ардагер боп кеткенге
Бүгін таңда басқа үмітпен бөтен тілек жоқ менде! –

(Аударған Тұманбай Молдағалиев).

дейді ақын.

Ақын Фурқаттың көңіл күй лирикаларында елге, жерге, ғашық жарға деген сағынышты сезімдер мен ыстық ықылас лебі өзара іштей астаса үндесіп, ол үлкен бір философиялық шешімін таба түсетіндігі анық аңғарылады.

Оның үстіне ақын Фурқат, Қоқан қаласында тұрып-ақ, көптеген Шығыс ақындарының ғазелдері мен рубайыларына еліктеп мұхаммастар жазған ірі талант иесі. Әрі ол, парсы-тәжік ақындарының бір жөн шығармаларын өзбек тіліне аударып, оларды өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландыруда да қыруар қызметтер атқарған хас талант.

Бірақ, үнемі тұрмыс тауқыметін көп тартып, ылғида жоқшылықта болған ақын, Қоқанда әртүрлі қызметтер атқарады. Кейінірек, Тәжікстанның Коджент қаласына да барады. Сөйтіп ақын өмірінің соңғы кездерінде ел аралауға, жер көруге айрықша мән бере бастайды.

Міне мұның бәрі – күн көрістің, жоқшылықтың, кедейшіліктің нәтижесінде болған іс-әрекеттер. Өйткені, өмір – бірден-бір күрес.

Дегенмен, ақынның өндірте қалам тебірентіп, төгілте жыр жазған тұстары – 1889 жылы Ташкентке келгеннен кейінгі шақтары деуге болады. Оның үстіне, ол Ташкентте болған шағында орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетінің кәусарларынан да сусындай бастайды. Әсіресе оның А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов шығармаларымен танысуы, оны ерекше серпінге түседі. Әрі, сол жылдары Ташкентте шығып тұрған «Түркістан уәлаяты» газетінде өз өлеңдерін жиі-жиі жариялай бастайды.

Оның үстіне, бұл ақын шабытына шабыт қосып, ерекше қанаттандыра түседі. Ақын өлеңдерінің орыс тілінде жариялануы да, оның шабытына-шабыт қосып, ереше жігерлендіріп жібереді.

Шынында да Фурқаттың орыс әдебиетінің озық үлгілерімен танысуы, оның үстіне Мұқыми бастаған демократиялық-ағартушылық бағыттағы ақындармен өзара пікірлес болуы, оның өмірге деген көзқарасының қалыптасуында үлкен мәнге ие болады.

Сондықтан да ол XIX ғасырдың соңына таяу жазған өлеңдерінде нағыз жаңашыл ақын ретінде танылып, өзбек әдебиеті тарихында жаңашыл ақын боп қалыптасады. Ақынның «Ғылым қасиеті», «Гимназия», «Театр туралы», «Көрме туралы», «Концерт залында», «Су-

воров» сияқты т.б. өлеңдерімен поэмаларында нағыз ағартушы ақын екендігін жан-жақты таныта түседі. Әрі, орыс мәдениетін халық арасына кеңінен уағыздаушы ақын ретінде де таныла бастайды.

Ол өзінің «Суворов» атты дастанын, 1890 жылдың 5 қазанында Ташкенттегі Орыс драма театрында Суворов жөнінде қойылған драмалық шығарманы көріп, содан ерекше әсер алады да, соның негізінде жазады.

Егер ақын поэзиясына жан-жақты үңіле түссек, онда ақын өз өлеңдерінде оқу-ағарту, тәлім-тәрбие мәселесіне ерекше мән бере түскендігін анық аңғарамыз. Әсіресе ол, техниканың терең сырларын айрықша дәріптеп, бірден-бір жаңалық жаршысы бола біледі.

Оның үстіне ол, ел арасындағы әкімдер мен байлардың, үстем тап иелерінің оқу-ағарту ісіне мән бермейтіндігін ашық айта отырып, олардың халық сауатын ашуға, келешегіне түкте көңіл бөлмейтіндігіне қатты қынжылады. Сондықтан да оларды өз өлеңдерінде өр көкірек, көр көкірек ретінде тілге алып, үнемі мінеп-шеней түседі.

Сол үшін де ақын жастарды орыс мәдениетін меңгеруге, әлемнің озық ойлы, прогресшіл мәдениетін үйренуге үндейді. Жалқаулық, самарқаулық, бойкүйездік атаулыдан бойды аулақ салу керектігін ашық айтады.

Сөйтіп ақын, жаңалық жаршысы бола отырып, темір жол, телеграф, электр жарығы жайлы ой толғай келіп, сол кездегі Ресейде кең өріс ала түскен техникалық прогрестерді дәріптейді.

Тіптен ақын, өз шығармаларында орыс адамдарының жарқын бейнесін жасауға да көңіл көзін қадайды. Бұл – XIX ғасырдың соңындағы өзбек әдебиеті тарихында қылаң берген елеулі жаңалық болатын.

Фурқат 1891 жылдың 14 мамырында Ташкенттен Самарқандқа барып, онан соң Туркия, Греция, Болгария, Египет сияқты елдерде болып, олардың өмірімен, тірлік-тыныстарымен де жан-жақты танысады.

Соңыра, арадан бір жыл өткеннен соң, 1892 жылы Бомбей қаласына да ат басын тірейді. Сөйтіп ол, Үндістанның бірнеше елді мекендерінде болады. 1893 жылдың басында Бомбейден Кашмир қаласына барады.

Сондай-ақ, Арабия елді мекеніне барып, онан соң біраз уақыт Меккеде болады. Кейінірек, Үнді елінің бірнеше қалаларын аралап, онан соң Қашқария өлкесі арқылы Қытайға да барады. Біраз уақыт Жаркент қаласында тұрады.

Міне мұның барлығы – ақынның өмірге деген көзқарастарын жан-жақты қалыптастырып, өмірде болып жатқан кереғар талпыныстарды түсінуге өзінің игі ықпалын тигізеді. Әрі, өмірдің терең сырын ұғынуына үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Шынында да, ақынның көптеген елдерде болуы, олардың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерімен танысуы, оның өмірінде өшпес із қалдырады.

Ақын қай елде болса да, сол елдерде болып жатқан халық теңсіздігін, әділетсіздігін, зорлық-зомбылықтарын өз көзімен көреді. Қарапайым еңбек адамдарының аянышты тағдырынан қатты налиды, күйзеледі. Осы бір сәттер де ол «Отан және ғұрбат», «Сабоға хитоб», «Бомбейден хат» сияқты т.б. өлеңдері мен прозалық шығармаларын жазды. Әрі, «Юнан өңірінен бір аңыз» дастанын, «Кашымірлік қызға», «Адасқанмын» секілді т.б. газелдерімен лирикалық шығармалар жазу мүмкіндігіне ие болды.

Олар да ақын отаршылдық пен ағылшын империалистерінің озбырлық іс-әрекеттерін, үстемдік саясаттарын сынап-мінеп, әділетті биікке көтеріп, жыр жолдарына қосады. Бас бостандықтың мәнін жан-жақты аша түседі.

Оның үстіне Фурқат, 1904–1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы жайлы да бір жөн өлеңдер жазып, онда орыс әскерлерінің ерлік күрестерін дәріптейді. Басқыншылық пен озбырлық атаулыны сын астына алып, қоғамдық өмірдегі әділеттілікті биікке көтере мадақтайды.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жасап, өзбек әдебиеті тарихында оқу-ағарту, демократиялық бағыттығы әдебиеттің дамуына бір жөн үлес қосқан Фурқат, астрономия, медицина ғылымымен де шұғылданады.

Бірақ, оның шығармашылығында ақындық арыны ерекше. Сондықтан да, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өзбек әдебиетінің даму тарихында, оның ішінде поэзия жанрын кең өріс алдырудағы оның орны айрықша. Ол – кемел ақындардың бірі деуге тұрарлық ірі тұлға.

Ол өз өмірінің соңғы сағаттарына дейін халықтар достығын дәріптеп, өзбек халқының болашағына, тәуелсіздігіне үлкен сеніммен қараған ақын. Не шара ол, өз ата жұртынан жырақта жүрген шағында, Қашқария өңіріндегі Жаркент қаласында ауыр сырқаттанып, 1909 жылы 51 жасында дүние салады.

Дегенмен, ұлы ақын өмірден өтсе де, өзінің аса тамаша классикалық үлгіде жазған ғазелдері мен лирикалық шығармалары арқылы, түркі халықтары әдебиеті тарихында өз орнын иелеп, ол халықымыз арасында мәңгі жасай бермек.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Фурқат қай ғасырда өмір сүрген ақын?
2. Ақын поэзиясында нені армандағаны анық аңғарылады?
3. Ақын өз өлеңінде дала тағысы киік тағдырын сипаттау арқылы нені меңзеген?
4. Фурқат «Суворов» дастанында қандай мәселені көтерген?
5. Ақын қандай елдерде болған?
6. Өздерің сүйген өлеңдерін жаттап, сыныпта айтып беріңдер.

ФУРҚАТ ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

ҒАЗЕЛ

Жүріп келем, оның туған аулына келемін,
Сықыры бар қара көзін тек алдымнан көремін.

Оның жүзін бұйра шашы жауып тұрар жартылай,
Қараңғыны жарық еткен дерсің бейне алтын ай.

Нәзік дене, қаймақ ерін – көрсең есінді алады,
Кім көрсе де өмірінде күлкі, ұйқыдан қалады.

Көздің жасы жаза алмайды жүрегінің жарасын,
Суға кеткен гүл жапырағы секілденіп қаласың.

Мені көріп күлгендерге өкпелемен о ғұрлы,
Шарап ішкен көңілдердің шалкуы да орынды.

Ғашық жанға дауа жоқ қой ондай дәрі қайда бар,
Сүйгеніңнің аяғына бас ұрғаннан пайда бар.

Аспан өзі салыстырса аймен оның дидарын,
Айыра алмас көпке дейін кімнің артық тағанын.

Ондай сұлу таппаған соң бұл ғаламның ішінен,
Құдай оның ақ дидарын айнасына түсірген.

Сол махаббат қармағына ілінді де жүрегім,
Оның үйін күндіз-түні күзетумен жүремін.

Аударған Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

АБДУЛЛА ҚАХҲАР (1907–1968)



XX ғасыр өзбек прозасының дамуына аса мол үлес қосқан, шынайы талант иесі – Абдулла Қаххар. Ол 1907 жылдың 17 қыркүйегінде Қоқан қаласында, қарапайым ғана еңбек адамы Абдуқаххар Жалилов деген, темірден түйін түйген ұстаның жанұясында дүниеге келіп, 1968 жылдың 25 мамырында, 61 жасында Мәскеуде дүние салады.

Жастайынан-ақ жоқшылықтың ауыр тауқыметін аса көп тартқан болашақ қаламгер, алғаш ескі діни мектепте оқып білім алып, ерте есейе бастайды. 1919 жылы 12 жасында Қоқандағы мектеп интернатта оқыса, 1922 жылы Қоқанда жаңадан ашылған мұғалімдер дайындайтын педагогикалық техникумда оқып, өз білімін одан әрі жетілдіре түседі. Онан соң біраз комсомол жұмыстарында, газет-журналдарда қызмет істеп, қаламгерлік санатын ширата түседі.

Ол алғаш әдебиет майданына шағын-шағын өлеңдер жазып, ақын ретінде кіріп келеді. Қаламгердің ең алғашқы «Ай тұтылғанда» атты өлеңі, «Муштум» («Жұдырық») журналының 1924 жылғы 8 санында жарық көреді. Онан соң оның бір жөн өлеңдері мен фельетондары, сатиралық әңгімелері «Қызыл Өзбекстан», «Жаңа Ферғана» сияқты т.б. газеттерде, «Нарын шылпық», «Мәулен күпір», «Еркебай» сияқты лақап есіммен жиі-жиі жариялана бастайды.

Бұл ретте оның «Кездескенде», «Өзің шыпа бер», «Білдіру», «Молда Мақмұтжан Мақдұмның қудалануы» деген сияқты т.б. фельетондарымен бірге, «Сәлделі түн» секілді т.б. сатиралық өлеңдерін атай аламыз.

Абдулла Қаххар 1925 жылы Қоқан қаласынан Ташкентке келеді де, онда шығып тұрған «Қызыл Өзбекстан», қазіргі таңдағы «Узбекистон овози» («Өзбекстан даусы») атты газетте бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Әсіресе оның, осы бір жылдары В.Г.Гоголь, А.П.Чехов, М.Горький шығармаларын үзбей оқып, олардан рухани нәр ала бастауы, жазушылық шеберлігінің арта түсуінде ерекше мәнге ие бола бастайды.

Абдулла Қаххар 1926–1929 жылдары Орта Азия Мемлекеттік университеті жанында ашылған Жұмысшылар факультетінде оқып, әдебиет әлеміне еркін енеді. Жұмысшылар факультетін 1929 жылы бітіргеннен соң, Қоқанға қайта барып, сондағы «Жаңа Ферғана» газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады.

Осы жылы ол өзінің «Бассыз адам» атты ең алғашқы әңгімесін жариялап, онда кейбір қуыс кеуде, құр құлқынның құлы болған адамдардың шынайы бейнесін сипаттау мүмкіндігіне ие болады.

Соңыра, Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясына қарасты А.С.Пушкин атындағы Тіл және әдебиет ғылыми зерттеу институтында, екі жыл бойы аспирантурасында оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Сөйтіп, Абдулла Қаххар ХХ ғасырдың 20-жылдарының 2-жартысында-ақ, өзінің «Әлем жасарады», «Қатылдың туылуы», «Екі заң» сияқты т.б. көркем әңгімелерін жариялап, аса талантты прозаик ретінде, өзбек әдебиеті әлеміне еркін кіріп келе бастайды.

Онан соң аса талантты қаламгер өзінің «Тәңірдің күлкісі», «Бақталастар», «Афлотын махаббаты», «Рудафо» сияқты т.б. әңгімелерін жазса, 1932 жылы «Қыстақ су астында» атты әңгімесін кітап етіп бастырып шығарады.

Сөйтіп ол, ХХ ғасырдың 30-жылдарының орта шенінде, өзінің «Соқыр көздің ашылуы», «Мейіз жемейтін әйел», «Ұры», «Сырқат», «Анар», «Өнер иесі», «Әдебиет мұғалімі», «Ожар» сияқты т.б. аса тамаша әңгімелерін жазып, өзінің нағыз әңгіме жанрының хас шебері екендігін жан-жақты таныта түседі. Мәселен: қаламгер өзінің «Мастан» атты әңгімесінде әйелдерге деген ескі көзқарасты жойып, олар бойындағы күш пен жігерді, қайрат пен төзімді, аса биік ақыл-парасатпен шынайы сезімді жан-жақты аша түседі.

Тіптен ол өзінің «Соқыр көздің ашылуы» атты әңгімесінде, Ахмет палуан бейнесі арқылы, азамат соғысы жылдарындағы кейбір адамдардың көзі емес, көңіл соқырлығын жан-жақты ашып тастайды. Сөйтіп, олардың келе-келе өмірге деген көзқарастары тереңдеп, өмірге деген ынтықтығы арта бастағандығын сипаттайды. Сөйтіп олардың өсу, кемелдену эволюциясын көрсетеді.

Нәтижеде, қарапайым еңбек адамдарының өз халқына, өз Отанына деген сүйіспеншілігі барған сайын кең өріс ала түседі. Ол, жан-жақты өсіп-өніп, кемелдене түседі де, нағыз адам болып қалыптасады.

Абдулла Қаххар өзінің 1935 жылы жазған «Мейіз жемейтін әйел» атты әңгімесінде, пәрәнжі тастаған әйелдер жайлы ой толғайды. Әсіресе, басынан пәрәнжесін тастаған әйелдерді аса нашар, бірден-бір бұзылған әйел деген ойда жүрген Нарқожа бейнесін жан-жақты аша түседі. Ол өзінің пәрәнжі жамылып жүрген әйелінің барынша айлакер, сұмаяк, жезөкше болғанын кейінірек білген соң, оның көзі шайдай ашылады. Сонда ғана ол өзінің шерменде болғандығын анық аңғарады. Мәселен, әйел-қыздардың жүзін жасырып, өзін де, өзгелерді де алдауда емес, оның жаны мен тәнінің тазалығында екендігін түсіне бастайды.

Барлық нәрсе жүрек тазалығы мен иманның бүтіндігінде екендігін кейінірек байқап, ондай жандар барлық нәрседен биік тұратындығын анық аңғара бастайды.

Сөйтіп жазушы өзінің «Мейіз жемейтін әйел», «Анар», «Ұры», «Тамаша бау», «Мырза», «Сырат», «Жылдар» сияқты т.б. әңгімелері арқылы, өзінің нағыз әңгіме жанрының шын шебері, хас талант иесі екендігін жан-жақты аңғарта түседі.

Оларда көрініс тапқан Қабыл қарт, Тұрапжан, Сатыпалды, Хамырақұл сияқты т.б. қарапайым еңбек адамдарының пәк сезімдері, өмірге деген көзқарастары өз ерекшеліктерімен даралана сипатталады. Олардың аса тамаша сом тұлғалары оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Бәрі де қарапайым, еңбек адамдары. Бәрінің де жаны мен тәні пәк, жақсы жандар ретінде тілге алынады.

Оның үстіне Абдулла Қаххардың, 1934–1937 жылдар аралығында жазған «Сараб» атты кең тынысты, кемел романы өзбек әдебиеті тарихында үлкен орын иелейтін көркем туынды ретінде, оқырман жұртшылықтың ерекше ыстық ықыласына бөлене түсті.

Көркем шығармада бірін-бірі өте жақсы көрген екі жас – Саиди мен Мунисхан ортасындағы сүйіспеншілік, шынайы сезім сырлары кеңінен сыр шеткен. Олар ортасындағы шынайы сезім, өзара кең өріс ала түскен мөлдір махаббат өз ерекшеліктерімен өте орынды көрініс тапқан.

Кезінде Кеңес үкіметінің үстемдік етуіне наразылық білдірген Мұрат қожа, Сәлімхан, Аббасхан сияқты т.б. жандардың айлакерлік іс-әрекеттері, қарсы күрестері сын астына алынады. Нәтижеде,

қаламгердің бұл романы жасырын байқауда республикалық марапаттау сыйлығын алу мүмкіндігіне ие болады.

Абдулла Қаххар 1937 жылы «Мұнафық», 1940 жылы «Бек», 1941 жылы «Қыздар» сияқты т.б. шағын-шағын әңгімелерін жазып, өзбек қыз-келіншектерінің аса тамаша бейнелерін жасау мүмкіндігіне ие болды. Оларда өзбек әйел-қыздардың тірлік-тыныстары кеңінен сипатталса, екінші дүниежүзілік соғыс жалдарындағы өзбек адамдарының қаһармандық күрестері сыр шертеді. Оны біз жазушының «Асрар қарт» (1943), «Алтын жұлдыз» (1944), «Әйелдер» (1943) сияқты т.б. көркем шығармаларында жан-жақты аңғара түсеміз.

Соңыра қаламгер, 1947 жылы өзінің «Қос шынар оттары» атты аса тамаша романын жазу мүмкіндігіне ие болды. Бірақ жазушы, оны кейінірек қайта қарап, оқырман жұртшылықтың ұсыныстарына орай, бір жөн өзгерістер енгізеді. Сөйтіп оны, 1951 жылы «Қос шынар шырақтары» деген атпен қайта бастырып шығарады.

Жазушының бұл романы өзбек әдебиетінің даму тарихында елеулі орын иелейтін, кең тынысты, кемел көркем шығармаға айналады.

Оның үстіне Абдулла Қаххар, өзбек әдебиеті тарихында драматургия жанрының дамуына да өзінің сүбелі үлесін қоса білген аса талантты драматург. Ол 1949–1953 жылдар аралығында «Жаңа жер» атты комедиясын жазды. Оның бұл шығармасы да өзбек әдебиеті тарихында ерекше орын иеледі.

Онда, Екінші дүние жүзі соғысынан аман-есен өз еліне, өз жұртына оралған Диханбай мен Қозиев сияқты нағыз Отаншыл, халықшыл азаматтардың тамаша бейнесін жасайды. Олардың сүйген жарлары Хайза мен Салтанат, құс ұшса қанаты, түйе жүрсе табаны күйетін Мырзашөлді игеру жұмысына ат салысады.

Олар еселі еңбек үстінде, өздерінің ерлік істерімен көзге түссе, Қамыра бибі, Қалинса, Мәулен сияқты т.б. кертартпа, жатып ішер жалқаулар, жастар жұмысына кедергі келтіріп, оларға тосқауыл болады. Нәтижеде олар өздерінің опасыздық іс-әрекеттерінен опық жейді.

Жазушының бұл комедиясы да жабық байқауда бірінші орын иелеп, Мәскеу, Ленинград театрларының сахналарында талай рет қойылады. Сөйтіп ол, театр көрермендерінің ыстық ықыласына бөленген көркем туынды дәрежесіне көтерілді.

Сондай-ақ Абдулла Қаххар 1954 жылы өзінің «Ауру тістер», 1962 жылы «Табыттан шыққан үн», 1967 жылы «Әжелерім» атты комедияларын жариялау мүмкіндігіне ие болады. Оның бұл көркем

драмалық шығармалары өзбек әдебиетінің даму тарихында ерекше орын иеледі. Нәтижеде, бұл драмалық туынды туысқан халық театр сахналарында да әлденеше рет қойылып, көрермендер ықыласына да бөлене түсті.

Абдулла Қаххар 1954–1956 жылдары Өзбекстан Жазушылар Одағының төрағасы болып та қызмет атқарады.

Сөйтіп, ең алғашқы өзбек әдебиеті тарихында новелла жанрының хас шебері ретінде танылған Абдулла Қаххар, әр түрлі тақырыптар да өлең, әңгіме, фельетондар жазып, өзбек прозасы мен драматургиясының даму тарихында аса үлкен орын иеледі.

Ол өзінің алғашқы әңгімелерінің бірі болған «Ұры» атты көркем шығармасында, ауыл тұрғыны болған бір шал мен кемпірдің жалғыз сиырын ұрлап кеткен жарлының тағдыр тауқыметін, өмірін сипаттайды. Әңгімеде, ұрыны іздеп басшыларға шағым айтамын деп жүріп, өздерінің қолдарындағы барынан айрылып қалған қарапайым еңбек адамдарының тағдыры да жан-жақты көрініс табады.

Сөйтіп Абдулла Қаххар, өзінің шағын-шағын әңгімелерінің өзінде-ақ, өмірлік мәні бар, өмірдің аса үлкен өзекті мәселесін көтере білді. Оның әңгімелерінде қарапайым еңбек адамдарының, кедей-жарлы жақыбайлардың зар-мұңы, көрген қорлықтары кең көрініс таба түседі.

Әрі, оларда ел басы, елу басы, жүз басы дегендердің, ылғида құр құлқынның құлы болатын бет перделерін де жан-жақты әдемі ашып, тамаша байламдар жасайды.

Ел арасында әбден белең алған парақорлық пен зәбір-зұлымдық, өктемдік, пайдакүнемдік пен озбырлықтардың бетперделері жан-жақты ашылып, ол өзінің сәтті шешімін табады. Өйткені әңгімеде «ұрыны табамыз» деп, алдау сұратумен шал кемпірдің бар тапқанын бітедей сорған, қу-сұмдардың алаяқтық іс-әрекеттері өте әдемі, әрі орынды ашылады. Тіптен, шал мен кемпірдің жалғыз тауығын балгер де оны-мұны айтып, жоғалған сиырын табатын болып, алдап кетеді.

Оның үстіне, ел басылары өгіз етін базардан, терісін былғары жасайтын жерден іздеу керектігі жөнінде кеңестер береді. Мұның бәрі, қарапайым халықты алдап-арбап, пайда табу жолында жүрген алаяқтардың бет пердесін ашу.

Сөйтіп адам психологиясын шебер меңгерген жазушы, өгіз ұрлаушының бейнесін ғана емес, қарапайым халықтың қанын сүліктей сорған ел басшылар мен әкімдердің, қу-сұмдығын, алаяқтардың сорақылық іс-әрекеттерінің де бет-пердесін өте әдемі аша түседі.

Сондай-ақ қаламгердің «Анар», «Көзі ашылғадар», «Сағым» сияқты т.б. әңгімелерінде де, өмірдің өзі алға тартқан өзекті мәселелерді жан-жақты көтереді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі, Ташкент қаласының өмірі мен ондағы жастардың тағдыр тауқыметтерін де сипаттайды.

Кезінде жастарды жолдан тайдырмақ болған үстем тап иелерінің айлакерлік іс-әрекеттері, зиянкестік, сұрқиялық, зымияндық істері де сын астына алынады.

Абдулла Қаххар 1937 жылы өзінің «Сараб» атты аса тамаша романын жазу мүмкіндігіне ие болды. Онда ХХ ғасырдың 20-жылдардағы өзбек адамдарының күрес-тартыстарын Рақымжан, Саиди бейнелері арқылы жан-жақты аша түседі. Романда өмірдің өзекті мәселесі шынайы сипатталғандығы сонша, оқырман жұртшылық бұл романды ерекше сүйіспеншілікпен қуана қарсы алады. Нәтижеде, бұл роман оқырман жұртшылықтың сұранысына орай, 1957 жылы екінші рет қайта басылып шығады.

Екінші дүние жүзі соғысы жылдарында Абдулла Қаххар, әр түрлі жанрларда қалам тебіrentіп, жастарды Отан сүйгіштікке баули бастайды. Сөйтіп, өзбек жастарының сезім түйсіктеріне патриотизмнің тамаша рухының дәнін себе түседі. Өйткені ол, өз шығармаларында Кеңес адамдарының соғыс жылдарындағы ерлік күрестерін жан-жақты сипаттаумен бірге, тылдағы еңбек адамдарының ерлік істерін, Отанға, елге деген шынайы сүйіспеншіліктерін, өз шығармаларына арналы арқау, өрісті өзек етуді кең өріс алдыра түседі.

Сондай-ақ оның «Алтын жұлдыз», «Дардақ батыры» деген сияқты т.б. повестерімен, 1947 жылы жарық көрген «Қос шынар» атты шығармасын да ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз. Онда еңбек адамдарының асыл қасиеттері, еңбектегі ерлігі мен бірлігі өзінің шынайы шешімін табады.

Дегенмен қаламгер өзінің «Қос шынар» атты повестін, оқырмандар мен әдебиет сыншыларының кейбір пікірлеріне орай, қайта қарап, біраз өзгерістер енгізіп, барынша толықтыра түседі. Сөйтіп оны, 1958 жылы «Қос шынар оттары» деген атпен роман етіп, қайта жариялайды.

Онда жазушы өзбек қыстағындағы адамдардың жаңа өмірге бейімделіп, жаңа қолхоз бола бастауы кездегі тірлік тыныстарын сипаттайды. Еңбек адамдарының жетіліп, кең өріс ала түсулері жан-жақты сөз болады. Романда сыр шерткен бас кейіпкер Сыдықжан, үнемі өсу, есею үстінде қалыптасып, жетіле бастайды. Еңбек адамы Орманжан мен

аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ахметов, күрес-тартыс үстінде шыныға түседі.

Оларға қарсы, кереғар жау болған Зұнун қожа мен Мирхамид қожалардың зиянкестік іс-әрекеттері де романда жан-жақты ашылып, олар өздерінің сұрқиялық іс-әрекеттерімен барынша әшкереленеді.

Абдулла Қаххар Екінші дүние жүзі соғысы жылдарында, Кеңес халқының жауынгерлігі мен Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін, ерлігі мен достығын сипаттайтын «Асырар баба», «Көк конверт», «Әйелдер», «Әйелдер сым қақты», «Сеп» секілді т.б. шығармаларын жазды.

Оның осы жылдарда жазған көркем туындысының бірі – «Алтын жұлдыз» атты повесі. Онда Кеңес өкіметінің батыры – Ахметжан Шүкіровтің соғыс жылдарындағы ерлік күрестерін, қан майдандағы қаһармандықтарымен күрестерін жан-жақты сипаттауға арналған.

Соғыстан кейінгі жылдарда Абдулла Қаххар аса талантты драматург ретінде де танылып, өзбек әдебиеті тарихында драма жанрының кең өріс алуына өзінің сүбелі үлесін қоса түсті. Бұл ретте оның «Керует», «Сурет», «Тойда аза», «Шохи сузана», «Ауру тістер», «Әжелерім», «Табыттан шыққан үн» сияқты т.б. драмалық және комедиялық шығармаларын атай аламыз.

Абдулла Қаххардың 1958 жылы жарық көрген «Қыстақ» немесе «Шынашақтай шымшық» атты повесі, өзбек прозасының ірі табыстарынан саналған көркем шығармасы. Онда «Бостан» колхозының өмірі арналы арқау болады. Повесте жақсылықтың, жаңалықтың жаршысы болған Сайда бейнесі арқылы, аса шыдамды, тым тапқыр да қайсар өзбек әйелінің еңбектегі ерлігі сөз болады.

Колхоз бастығы Қалендаров пен Сайда арасындағы күрес-тартыстар, кереғарлық, бойкүйездік пен немқұрайлықтар негізге алынады. Шығармада Сайданың ақыл-парасатының молдығы, тапқырлығы, қайсарлығы өз оқырмандарын өз жетегіне үйіре түседі.

Сондай-ақ, суреткер өзінің «Жаңарған өлке» немесе «Жібек сюзана» атты драмалық шығармасында Екінші дүние жүзі соғысынан кейінгі, бейбіт өмір жылдардағы өзбек халқының өмірі өрісті өзек болған. Шығармада сыр шерткен Диханбай мен Хафиза арасындағы күрес-тартыстар арқылы ескі мен жаңа арасындағы бітпес қайшылықтардың сырлары өз шешімін табады.

Драмалық шығармада кертартпа ескі салтты, жаңалық жеңеді. Сондықтан да қаламгер осы шығармасы үшін СССР Мемлекеттік сыйлықтың иегері бола алды.

Аса талантты жазушының жұртшылық тарапынан ерекше ыстық ықыласпен күтіп алынған шығармалары ретінде, оның 1954 жылы жазған «Ауру тістер», 1965 жылы өмірге келген «Соңғы нұсқаулар», 1967 жылы жазылған «Әжелерім» сияқты т.б. көркем туындыларын тілге аламыз.

Драматуруг өзінің «Ауру тістер» атты драмалық шығармасында, кеңес мектебінде тәрбиеленсе де, әлі де ескіліктің шырмауынан шыға алмаған кейбір оқыған, білімді жастардың алаяқтық іс-әрекеттері қатты сын астына алынады. Мәселен: Шығарманың бас кейіпкері дәрігер Марасул Құзыржанов, қарақан басының қамы үшін, өз мүддесі үшін қандай істер болса да тайынбайды. Ол барынша алаяқ, қу, сұм ретінде көрініс тауып, ақыры өз істерінен опық жейді. Әділет алдында бас иуге мәжбүр болады.

Ол алдына келген адамдарды тілімен алдап, алтын деп, ылғида сары мыстан тіс салып, дүние табады. Жасы балағатқа толмаған жас қыз – Нәсибаны алдап-арбап, жолдан ұрып, оған үйленеді. Дегенмен, драмалық шығарманың соңында әділет жеңіп, ол халық алдында шерменде болып, оның кім екендігі ашылады.

Абдулла Қаххар аса талантты аудармашы ретінде де еселі еңбек етіп, 1929–1936 жылдар аралығында орыс әдебиетінен А.С.Пушкиннің «Капитан қыз», Гогольдің «Ревизор», «Үйлену» комедияларымен бірге, «Тарас Бульба» повестін, А.П.Чеховтың «Хамелон», «Унтер Пришибаев», М. Горькийдің «Менің университетім» сияқты т.б. шығармаларды өзбек тіліне аударып, өзбек халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландырды.

Оның үстіне, қазақ оқырмандары да Абдулла Қаххар шығармаларын сүйіп оқып, өздерінің рухани дүниесін нәрлендіре түскен болатын. Бұл орайда оның «Қыстақ су астында» атты әңгімелер жинағын 1932 жылы, «Дүние жасарады» әңгімелер жинағын 1934 жылы Данияр Ысқақов қазақ тіліне аударып, Ташкентте бастырған болса, Фарида Жантуғанова 1936 жылы «Мастан» атты әңгімелер жинағын қазақ тіліне аударып, Ташкентте бастырып шығарады.

Сондай-ақ, 1955 жылы қазақ тілінде жарық көрген «Өзбек әңгімелері» атты жинақта, Абдулла Қаххардың бір жөн әңгімелері орын алған болса, «Ауру тістер» комедиясын, белгілі аудармашы Қалтай Мұхамметжанов 1959 жылы қазақ тіліне аударып, қазақ театр көрермендеріне ұсынады. Соңыра, жазушының «Қыстақ» повестін Әбен Сатыбалдиев, «Анар» атты әңгімелер жинағын Әсілхан Оспанұлы қазақшаға аударып, қазақ

оқырмандарына ұсынған болса, оның «Табыттан шыққан үн» атты драмасын Көбей Сейдаханов аударып, қазақ көрермендерін дән риза етті.

Абдулла Қаххар өмірінің соңғы шағында «Махаббат», «Өткеннен ертектер» атты прозалық шығармаларын жазу мүмкіндігіне ие болды. Ол өзінің «Махаббат» шығармасында әдеп, ар-ұят, ар-намыс мәселесін көтереді. Онда әрбір жанұяға аса пәктік пен бір-біріне деген сенім керектігін жан-жақты аша түссе, «Өткеннен ертектер» атты ғұмырнамалық шығармасында, өз өміріне барлаулар жасай отырып, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерін көтереді. Сондықтан да ол, осы еңбегі үшін 1966 жылы Хамза атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері бола алды.

Суреткер өзінің 1967 жылы жазған «Болмыс жайлы ертегі» атты повестінде, Ферғана өңіріндегі халықтардың тыныс-тіршілігін арналы арқау етеді. Олардың өткен дәуірдегі азапты өмірі, содан құтылу жолындағы ерлік күрестері жан-жақты сыр шерткен.

Повесть негізінен төрт өмірбаяндық новелладан құралған. Бұл көркем шығарма – өзбек прозасының елеулі табысы ретінде бағаланып, сол үшін ол 1967 жылы Хамза атындағы Республикалық сыйлықтың иегері болды.

Сөйтіп, өзінің шығармашылық жолын шағын-шағын өлең, фельетон, әңгіме, новелла жазудан бастаған Абдулла Қаххар, келе-келе түгелдей проза мен драматургия жанрларына ойысып, өзбек әдебиеті тарихында проза мен драматургия жанрларын биікке көтерді.

Ол шынайы талант иесі ретінде, оқырман жұртшылық арасында кеңінен танылды. Нәтижеде ол, аз сөзбен көп мағына беретін, нағыз қара сөздің хас шебері дәрежесіне көтерілді.

Қорыта айтқанда, Абдулла Қаххар өзінің тамаша прозалық, драмалық көркем шығармаларымен өзбек әдебиетінің даму тарихында аса үлкен орын иелейтін шынайы талант иесі ретінде ерекше құрметпен тілге алынады. Сондықтан да ол, өзбек оқырмандары арасында ғана емес, түбі бірге туысқан халықтар арасында да ерекше қастерлене тілге алынатын қаламгер ретінде де, ол мәңгі жасай бермек.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қаламгердің өмірі мен шығармашылығы жайлы не білесің?
2. Молда Мақдум не үшін қудаланды?
3. Абдулла Қаххар қандай тақырыпта қалам тебіrentкен?
4. Сыныпта «Қос шынар» шығармасы жайлы ой бөлісіңдер.
5. «Қыстақ» шығармасында не мәселелер көтерілген?



ЗУЛФИЯ
(1915–1996)



Өзбек поэзиясына ХХ ғасырдың 30 жылдарының бас кезінде, өзінің балауса жырларымен кіріп келген Зулфия, қазақ халқы арасында да кеңінен танымал болған, аса талантты сөз зергерлерінің бірі.

Ол – 1915 жылы Ташкент қаласындағы қолөнер шеберінің жанұясында дүниеге келеді. 7 жасында бастауыш мектепке кіріп, оны аяқтаған соң, 1931 жылы Ташкенттегі әйел-қыздар білім алу оқу орнына түсіп, ондағы қабырға газетінде, сондай-ақ, «Қызыл Өзбекстан», «Жас Ленинші» сияқты газеттерде өз өлеңдерін жариялай бастайды. Әрі, Абдулла Қадыри, Хамза Хаким Заде Ниязи, Айбек, Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Ғайрати сияқты т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын оқып, поэзия әлеміне еркін кіріп келе бастайды.

Сөйтіп ол, өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындыларын, 1932 жылы «Өмір беттері» деген атпен жариялап, оқырман жұртшылықтың ыстық ықыласына бөлене бастайды.

Зулфия өз өлең жолдарында Өзбекстанның әсем келбетін, тамаша табиғатын, өзбек адамдарының еңбектегі ерлігі мен бірлігін, тірлік тыныстарын, өмір жолдарын, асқақ арман-мұраттарын кеңінен жырлаған ерен ойдың иесі. Әсіресе, ақынның «Зауыт жолында», «Мен жұмыс қызымын», «Азат қыз», «Жұмысшыға» деген сияқты т.б. алғашқы өлеңдерінде, өзбек әйел-қыздарының, жұмысшы адамдарының тірліктіныстарынан аса мол мәліметтер береді.

Кейін келе «ақ алтыннан» мол өнім алу жолындағы өзбек халқының ерлік еңбектері кеңінен жырланумен бірге, өзбек әйел-қыздарының жарқын бейнелері де, саф-мөлдір махаббаттары мен ерен сезім сырлары да, асқан шеберлікпен өзінің шынайы шешімдерін жан-жақты таба түскен десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Шыны да сол.

Оның өлеңдерінде асқак пафос пен терең философиялық ой – өзара астаса түсумен бірге, барынша өмірдің терең сырлары тың шешім тауып, олар өз көріністерін жан-жақты таба түскен. Бұл ретте ақынның «Қолхоз қызы», «Пахта», «Оны Фарқат дейді», «Ана», «Өрік гүлдегенде», «Қалқам, болмайды соғыс», «Алтын күз», «Пәрәнжі тастаған әйел», «Өзбек қызының үні» деген сияқты т.б. өлеңдерінен анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Ылғи да үйрену, тынбай ізденуде жүретін Зулфия, өзінің ақындық шеберлігін жылдар өткен сайын жетілдіру нәтижесінде, оның өлеңдерінің идеялық-көркемдік дәрежесі барған сайын ерекше көз тартып, көңілге ұялай түседі.

Тіптен, ерекше зейінді де зерделі болып өмірге келген Зулфияның, мейлінше аса көп ізденетіндігін, жалықпай еңбектенетіндігін, әрбір өлең жинақтарынан анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз. Өйткені ақын қыз, XX ғасырдың 60-90 жылдары аралығында, 40 тан астам жыр жинақтарын бастырып шығарған болса, онда оның жинақтан-жинаққа өсіп, кемелденіп, биіктей түскендігін байқау оншалық қиын емес. Әрі, ақынның ақындық арыны жылдар өткен сайын жетіліп, дами түскендігі анық аңғарылумен бірге, жырдан-жырға өсіп, кең өріс ала түскен ақындық арынын да анық байқай аламыз.

Сондықтан да, қазіргі таңдағы талғамы мол, таразысы әділ әрбір жыр сүйер қауым, Зулфия өлеңдерін сүйіп оқып, одан сүйсіне рухани нәр ала түсуде. Тіптен, ақынның әрбір жыр жинақтарын жыр сүйер қауым, асқан іңкәрлікпен іздеп жүріп оқитын болды.

Сөз орайы келгенде ерекше тілге ала кетерлік жайт, ақын өмірінің соңғы сәттеріне дейін, үлкенді-кішілі 60 тан астам жыр жинақтарын шығарып, онда өзбек халқының өмірін, тамаша тірлік тыныстарын, Өзбекстанның әсем табиғатын кеңінен жырлаумен бірге, халықтар достығы, ынтымақ-бірлігіне де ерекше мән беріп, оны да өзінің жыр жолдарына қосып, өз поэзиясының арналы арқауы, өрісті өзегі етті. Онда аса тамаша түйіндеулер, әсем байламдар жасап, халықтар достығының бірден-бір жыршысына, әрі жаршысына айлану мүмкіндігіне ие болды.

Әсіресе ақынның, Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында жазған отты да ойлы өлең жырларын, әрбір жауынгер жат алып, оны өздерінің рухани азығына, күрес үшін оқты қаруына айналдырған да болатын.

Оның үстіне ақын Зулфия ханым, халықтар достығы, оның ішінде өзбек халқының қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен және тәжік сияқты т.б. халықтармен болған достық қарым-қатынасын, тарихи

тамырластығын шалқар шабытпен тебірене жырлай білді. Міне бұл ақынның «Чоржау – Қоңырат», «Тәжікстан естеліктері», «Досыма», «Сәлем сізге, еркін елдер» деген сияқты т.б. өлеңдерімен бірге, туысқан қазақ халқы өмірінен сыр шертетін «Қазақстан өлеңдері» атты цикл жыр шумақтарына енген «Бұлт ойыны», «Қармақ», «Балқаш түні», «Көкшетау» сияқты т.б. өлеңдерін ерекше атап өтуді жөн деп білеміз.

Оларда бейбіт өмір сырлары кең көрініс табумен бірге, халықтар арасындығы мызғымас достық пен туысқандықтың сыр-сипаттары, шынайы бірлік идеялары, терең сырлы сезімдер арқылы, өзіндік ерекшеліктерімен кеңінен, әрі шебер сипатталған.

Кемел де кемеңгер ақын Зулфия, өзінің Қазақстан жайлы жазған бір топ цикл өлеңдерінде, қазақ еліне, жеріне, халқына деген ерен сүйіспеншілігін анық байқата отырып, тамаша сырлы табиғатына деген іңкәр көңілін, өзінің туысқандық сезімін, ыстық ықыласын өте әдемі жеткізе білген. Мәселен ақын:

Көз-құлақ боп кезе берсем болмас па?
Жатыпты алда жолаушымыз жол басқа.
Сахара сөзін, дос отауын, тас сырын,
Жаным ұғып, көзім көріп қалмас па?

Білместікпен енді өмірім ақпасын,
Сапар оңнан, жолдан басым тартпасын!
Ал төгілді Алатаудан асыл жыр,
Аштым саған көкірегім қақпасын! –

дейді ақын, барынша ағынан жарыла.

Қалайша қуанбасқа, қалайша мадақтамасқа?! Ақын қазақ елін, қазақ жерін ерекше қадір тұтып емірене түскендігі сонша, Алатауды ерен сезіммен ардақтайды, барынша қастерлей түседі. Өзінің ыстық сезімін, іңкәр көңілін емірене жыр жолдарына қосады.

Ақын шындық бетін шынайы аша түсіп, туысқан қазақ халқына деген өзінің туысқандық бейілін білдіре түседі де, шын бейілімен тебірене үн қатады. Мәселен: 1962 жылы Қазақстанда болып өткен өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне арнайы барып қатысқан Зулфия Исраилқызы, өзінің «Биші бұлттар» атты ыстық сезімге құрылған өлеңінде, қазақ елінің Есік көлін, оның аспан әлемінде кең көрініс тапқан бұлт ойындарын, ақындық жүрекпен, шынайы сезіммен сезініп, емірене жыр жолдарын төгілте түседі. Мәселен ақын:

Сүймеуші ем бұлтты тегінде,
Жаратқан деуші ем қор ғып кім?

Қолымен бұлтты уыстап,
Өмірде сірә, кім көрген?
Ал енді қазір тыныстап,
Бұлттармен тұрмын бірге мен.

Қазақтың Есіл көлінде
Ғажабын көрдім сол бұлттың.

Орамал етіп, бір орап,
Иықтан асып тастадым.
Жел қойныма ұялап,
Аласа тартты аспаның.

дей келе, одан әрі ақын ағынан жарыла:

Күннің нұрын қанғанша,
Сүйе берсем еркімде.
Шұғыладан камзолша,
Кие берсем еркімде.

Алайда бұлт тақаппар,
Кезеді көкті құр босқа.
Жел билеген ол бір сал,
Мекен басқа, жөн басқа –

деп, табиғаттың әсем көріністерін барынша іңкәр сезіммен жеріне жеткізе, өте тамаша жыр жолына қоса білген.

Өлеңде образдылық пен табиғилық, терең тылсым сыр мен әсем көріністері, өз ерекшеліктерімен шебер шешімін таба алған десек, ол артық айтқандық емес. Бірден-бір, шынайы шындық.

Зулфия өзінің Қытай мен Үндістанға, Югославия мен Цейлонға барған сапарларында да, достық пен ынтымаққа-бірлікке, бейбітшілікке айрықша мән беріп, оларды да өзінің жыр жолдарында асқан шеберлікпен өрнектей түседі.

Ақын қай ел де, қай жер де, қайсы бір халық арасында болмасын, онда үнемі халықтардың достығын, ынтымақ-бірлігін дәріптеп, ту етіп көтереді де, оны ерекше сүйіспеншілікпен өз өлеңдеріне бірден-бір арналы арқау, өрісті өзек етеді. Мәселен: 1962 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасында болған, өзбек әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне, Өзбекстаннан Айбек, Фафур Ғұлам, Камил Яшин, Міртемір, Хамид Ғулям, Насыр Фазилов сияқты т.б. ақын-жазушылар, Вахид Абдуллаев, Лазиз Қажумов секілді ғалымдармен бірге барған Зулфия ханым, да гүлденген Қазақстанның әсем келбетімен, тамаша табиғатының сырлы көріністерімен кеңірек танысу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақ әдебиетінің ірі тарлан таланттары болған – Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, Мұхамметжан Қаратаев, Жұбан Молдағалиев, Ғали Орманов, Тұрсынхан Әбдірахманова сияқты т.б. кең тынысты, кемеңгер қаламгерлермен кездесіп, қазақ елінің тірлік тынысымен, әдет-ғұрпымен, өмірімен жан-жақты танысып, қазақ халқының қонақжайлылығын, сақилығын өз көзімен көреді. Бұл да ақынды шабыттандырып, еліктіре бастайды.

Өзінің қаламдас құрбысы, досы, сыйласы да сырласы болған, ақын, әрі ғалым Тұрсынхан Әбдірахмановамен жүздесіп, бірге тым жақын қарым-қатынаста бола жүріп, Қазақстанның талай елді мекендерін бірге аралайды.

Соның нәтижесінде, олардың достық қарым-қатынасы, шығармашылық байланыстары жылдар өткен сайын кең өріс алып, ол өмірлерінің соңғы сәттеріне дейін дами түскен болатын. Әрі олар, ылғида бір-бірімен кездескен сәттерінде, үнемі шүйіркелесе сөйлесіп, екі ел әдеби-мәдени байланыстары, өзбек-қазақ халықтарының достық қатынастары туралы толымды ойлар, тамаша пікірлер қозғайтын-ды.

Міне мұның бәрі ақын Зулфия жүрегіне жыр болып құйылып, ол қағаз бетіне түсе бастайды. Сонда Алматы, Көкшетау, Қарағанды, Балқаш өңірлерінде болып, Жезқазғанды да өз көзімен көреді. Әсіресе, қазақ халқының ақ жарқындығы мен ақ көңілділігін, қонақ жайлылығын байқап, дән риза бола түседі.

Тіптен ақынды, Көкшетаудың әсем көріністері еріксіз еліттіріп, емірендіре түседі де, шабыттандыра бастайды. Нәтижеде ақын «Көкшетау» атты өлеңін жазып, онда Көкшенің тамаша көркем көрінісін:

Білгенде Көкшетауды қазақ білсін,
Көзімнің жауын алды-ау ғажап мүсін.
Деді ме жаратқанда бай табиғат –
Жан біткен жаутең қағып қарап тұрсын, –

деп, таңдай қағып, тамсанып қана қоймай, әсем табиғаттың терең тылсымды сырларына шомып, ақындық жүрекпен, шынайы сезіммен еріксіз емірене түседі. Нәтижеде, аса үлкен серпіліспен тамаша байламдар жасайды. Мәселен:

Дедім мен – киік болып шыңға аттайын,
Тас болып Айна көлге шым батайын.
Жоғалып «биші қайың» арасына,
Шашымды ақ самалға құрғатайын! –

Өзбек тілінен Фафу Қайырбеков аударған.

деп, ерекше тебірене, емірене түседі.

Ақынның Қазақстан жайлы жазған цикл өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, онда оның туысқан қазақ халқына деген ыстық сезімімен, қазақ еліне, жеріне, тамаша табиғатына деген шексіз сүйіспеншілігін анық аңғара түсеміз. Мәселен ақын:

Тауларың неткен ғажап аңыздай!
Жамылған жасыл желең бала қыздай.
Көз кеңіп, көңіл кеңіп кете барды,
Көк жиек қымыз құйған шараңыздай.

Әр соқпақ жыр жолындай жатыр сайрап,
Сол жолмен кете барсаң, тау айғайлап.
Өзіне шақырғандай жас аршалар,
Саусағын нұрға созған баладай нақ! –

деп, табиғаттың әсем көріністеріне еріксіз елжірей түседі.

Тіптен ақын «киік болып» биік шыңға аттағысы келсе, енді бірде, Ақ қайыңдар арасына жасырынып, айдын көлге шомылғысы да келеді. Онын соң биік шыңға шығып, шашын «ақ самалға» құрғатқысы да келеді. Жасыл желеңді жап жас «бала қазға» баласа, көк жиектің әсем көрінісін «қымыз құйған шараға» теңейді.

Ақын өлеңдерін оқыған сайын, өн бойың шымырлап, қалай тауып айтып, тамаша байлам жасағандығына дән риза бола түсесің. Одан әрі ақын тағы да емірене, елжірей түсіп:

Бұл жерде көңіл жүйрік арғымақтай,
Шындай зор, мөлдіреген бал бұлақтай.
Ыстық ол жанар таудай жалын атқан,
Аяулы алғашқы асыл махаббаттай.

Қымызы дөт шыдатпас ішпесіңе,
Рахат мың бір көктем түсті есіме.
Мандайдан өмір салған із жоғалды,
Сабалап дос алақан, түс кешімде, –

деп, қазақ қымызын ыстық сезімге бөлеп, рахатқа кенелдіре түскендей, бар сезімін қыттықтап, өмірге деген ынтықтығын кең өріс алдырған сәттерінде, жасырмай ашық тілге алады. Одан әрі:

Ақ отау – қазақтың мол мұрасы,
Анамдай әлдилейді домбырасы.
Ғажап қой сері дүрмек, серкелі топ,
Толатын кешке жақын дөңнің басы, –

деп, Көкшетау елді мекендерінен алған ерен әсерлерін, тамаша шабытпен тамсана жырлап, барған сайын емірене түскендігін өз өлең жолдарында өрнектей түседі.

Ақын өлеңдері өзінің асқан ойлылығымен де, тамаша образдылық теңеулерімен де, әсерлі сипатталуымен де, өз жетегіне үйіріп, оқырмандардың сезімін селт еткізеді.

Өлеңде туысқан қазақ халқына, ел-жұртына деген ыстық ықыласпен ерен сый-құрметтің лебі, шынайы ілтипаттың нышаны анық аңғарылады. Онан соң ақын тағы да, елжірей түсіп:

Қап, әттең! Асықтырды үлкен ақын,
Қазақтар ол сөз айтса тоқталатын!
Ауылда бір мүшәйра күтіп отыр! –
Амал не, жырға әкімдік жоқ болатын!

Аттандық көңіл алып, көңіл тастап,
Тау Көкше бір қарады төніп асқақ.
Жүректе алуан сезім араласып,
Әкетті асыл арман мені бастап –

Өзбек тіліне Фафу Қайырбеков аударған.

деп, қазақ елін, әсем жерін, тамаша Көкшенің көріністерін қимай, лажсыз, амалсыз кетіп баражатқан сәттерін де, аса тапқырлықпен тым әдемі жеткізеді.

Сөз зергері Зулфияның «үлкен ақын» деп, арнайы ыстық ықыласпен тілге алып отырғаны, қазақ әдебиетінің ең жақын досы, әсіресе кемеңгер жазушымыз Сәбит Мұқановтың жан сыйласы да, бірден-бір сырласы болған, өзбек халқының абыз ақыны – Фафур Ғұлам.

Шынында да, оның айтқан сөзін, ешкім де кері қайтара алмайтын, аса дарынды да ерен адуынды ақын болатын. Оның сөзі, қазақ халқы арасында да, қалт етіп қаға берісте қалмайтын, қазақ қаламгерлерінің аса құрмет тұтатын қаламгерлерінің бірегейлерінен болатын.

Оның үстіне, Зулфияның Қазақстан жайлы жазған цикл өлеңдерінде шынайылық басым болумен бірге, онда туысқандықтың ыстық лебі аңқып, оларды өз жетегіне үйіре түсетін. Оны біз ақынның «Үкілі кәмшат», «Балқаш түні», «Қармақ», «Көк жиек», «Бұлт ойыны» сияқты т.б. өлеңдерінен де анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Ақынның туысқан қазақ халқы өмірінен жазған қай өлеңдерін алсақ да, оларда ыстық ықыласпен шынайылық анық аңғарылумен бірге, тамаша үйлесім, терең тебіреністер анық көз алдыға киліге түседі. Көкшенің көркем көріністері мен Жезқазғанның жезі, Қарағандының көмірі, Балқаштың балығы, бәрі-бәрі көз алдында көлбеңдеп, елестей түседі де, еріксіз емірендіре бастайды. Әсіресе, Көкшетаудың сырлы көріністері ынтықтыра түсіп, дәл солай сапарға аттанғың да келеді.

Міне бұл – ақын құдіреті, ақын тапқырлығы мен оның таланттылығы. Яғни, өз оқырмандарын өз жетегіне үйіріп, оларды ойландырып, толғандырады. Қалай дегенде де, өлеңнің құдіреті – өз оқырмандарын ойландырып, толғандыра білсе, оның шынайылығынан хабар береді.

Реті келгенде ерекше айта кетерлік жайт, ақынның Қазақстан жайлы жазған бір топ цикл өлеңдерін, аса талантты ақын Фафу

Қайырбеков, қан-сөлін жоғалтпай, қазақ тіліне өте дұрыс аударып, қазақ халқының рухани игілігіне, мәдени байлығына айландыра алған.

Шыны керек! Ақын Зулфия ханымның, туысқан қазақ халқына деген ыстық сезімі, Қазақстанның әсем табиғаты мен әдебиет, өнеріне деген ынтықтығы, ерен құрмет ықыласы, шынайы сезімдері, жылдар өткен сайын кең өріс алып, дами түскен болатын. Өйткені ақын, 1972 жылы Қазақстан Республикасында болып өткен өзбек әдебиеті мен өнерінің он күндігі кезінде, аса үлкен серпіліс, терең тебіреніспен, «Қазақстандық бауырларым! Мен бүгін, Сіздер жайлы ойлағанымда туысқандық сезімдер көкірегімде шамшырақтай жалын тудырады. Ол шамның нұры, менің жүрегіме ата-анамнан дарыған» – дей келе, одан әрі: «Қанға жан беріп, денемді рахатқа бөлеп жүретін ол – Сіздердің маған деген махаббаттарыңыз. Ол Сіздерге деген менің – достық, туысқандық сезімім» (129) – «өзбек тілінен аударған біз – Қ.С.» деген болатын.

Расында да, туысқан қазақ халқына, оның ел-жұртына аса үлкен құрметпен қарап, оларды айрықша қадір тұтқан Зулфия, қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары – Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафинді, Әбділдә Тәжібаев пен Мұхамметжан Қаратаевты, Тұрсынхан Әбдірахманованы үнемі құрметпен тілге алып, оларды өзінің ұлағатты ұстазы, досы ретінде танып, оларға ерекше сүйіспеншілікпен назар аударатын.

Үнемі қазақ әдебиеті мен мәдениетіне аса үлкен ықыласпен көңіл бөліп, оны үнемі өзбек жұртшылығына, өзбек оқырмандарына кеңінен насихаттап отыратын-ды. Оны біз ақынның Абай, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сияқты т.б. тамаша таланттар жайлы айтқан ой – пікірлерінен анық аңғарамыз. Мәселен ол, заманамыздың заңғар жазушысы, ғұлама ғалым, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов жайлы толғана келіп: «Қазақ халқының, бүкіл Кеңес елінің ұлы, әлем әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі – Мұхтар аға кіріп бармаған үй біздің елде жоқ шығар» – дейді де, онан соң тағы да: «Мен осы кісі жасаған заманада жасағаныммен мақтанамын. Үнемі ұлы ағам, үлкен досымның мәңгілік рухы алдында бас иемін» (130) – (өзбек тілінен аударған біз – Қ.С.) дейді, емірене тілге алып.

Әрине бұл, кездейсоқ құбылыс емес, соны талпыныстың, ерекше құрмет пен ыстық ілтипаттың бірден-бір жемісі десек, ол артық айтқандық емес, бұлтартпас шындық.

Қорыта айтқанда, халықтар достығы мен ынтымақ-бірлігінің тамаша жаршысы, әрі күйшісі, қазақ елінің ғашығы болған, ерен ойдың иесі, Еңбек ері Зулфия, түбі бірге туысқан қазақ елінде де, айрықша ардақ тұтылып, ерекше қастерленетін ақындардың бірі. Сондықтан да, қазақ қаламгерлері «Біздің Зулфия» деп, ерекше ыстық ықыласпен тілге алса, қазақ оқырмандары да оның поэзиясынан рухани нәр алып, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыра түсуде.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Зулфия өзбек поэзиясына қашан кіріп келген?
2. Ақанның алғашқы өлеңдерінде қандай мәселелер көтерілген?
3. Неліктен Зулфияны – «Достық күйшісі» дейміз?
4. Зулфия қай елдерде сапарда болған?
5. Ақын қазақ өмірін қалай жырлаған?
6. Ақын өлеңдерін жаттап алыңдар да, сыныпта айтып беріңдер.

ЗУЛФИЯ ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

АНА

Аралап егістік пен егіндікті,
Көңілді үйге келді ана тіпті.
Тып-тыныш ұйықтап жатыр,
Борсықтай әп-әдемі бал бөбегі.

Секіріп аттан түскен тым асығыс,
Аяғын жылдам басып үйге кірді.
Уа шіркін, бала деген неткен тәтті,
Денеден жұпар иісі аңқып кетті.

Нәресте ана күткен тыным таппай,
Анасы аялаған қабақ шытпай.
Ағытып шын мейірін көкіректен,
Дәл сөйтіп, күн көктемдей нұрын төккен.

Шешіп ап, өз баласын емізген соң,
Баласы жаужырады ұйқы басып.
Үйінен жайлап шықты сонда ана,
Теруге ақ мақтаны бетке алып.

Оянып, тәң сәрі де күнде осылай,
Тереді ақ мақтаны бүкіл халық.
Осылай асыл ана жайма шуақ,
Олар да жүр ғой шіркін ел басқарып.

Міне түн, бүкіл алқап күңгірт тартқан,
Қалғуға бар табиғат сәл-ақ қалған.
Отырды ана толқып ойға шомып,
Жымыңдаған жұлдызды қойды шомып.

Естиді ызыңдарын әсем гүлдің,
Байқайды сәулесін де ағын судың.
Ши мақпал – киімдерін киіп алған,
Ай күліп, жұлдыздар тұр жымыңдаған.

Кең жазық мақталы алқап гүл бағында,
Баптайды бөбегін де күн барында.
Ер еңбек алға бастап таң нұрындай,
Еңбек пен бақытты ғой әз Отанда.

Әсем ай бал бөбекті әлдилеген,
Ана отыр дәл жанында ой билеген.
Білді ме ел арманын сол бөбек те,
Күні ертең жігіт болар ел билеген.

Сездіме ықылас пен ол да ойды,
Бөбек те қарай берді терең ойлы.
Білдіме өскен елдің мол байлығын,
Ана да қуаныштан көңілі толды.

Бұтаның басында шық – бейне мәрмәр,
Бөбекте бұл байлыққа күлім қағар.
Ана ойын – аялайды әсем жарық,
Мейірін төге түскен нұрлы жанар.

БҮЛБҮЛ

Көктемде сулар тасып сарқырайды,
Аспанда жұлдыздар да жарқырайды.
Құлпырып әсем гүлдер жайнағанда,
Самалдан тал бұтағы – қалтырайды.

Айлы таңда сайраған гүл үстінде,
Бұлбұл да әнін шырқап жарқырайды.

Ей бұлбұл, сабыр етіп тынышталшы,
Менде өзіндей шырқайын үніңе сап.
Берші үніңді, дәл өзіндей сайрайын,
Тыңдасын жұрт, достарым күлім қағып.

Мен айтайын бақытты елім жайлы,
Ән салайын сүйікті жарым жайлы.

Ұлы ақынды күллі жұрт – бұлбұл дейді,
Бұл сөзді жөн айтылған кім білмейді.
Өзіңмен бір шырқасақ таң сәріде,
Кеудемде тасыған күй күмбірлейді.

Мінекей көктем келді, құлпырды дала гүлі,
Бұлбұлдай тамсандырды ғазел үні.

Аударған Қалдыбек СЕЙДАНОВ.

Алтыншы бөлім



ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН:

ӘБДІРАХМАН ЖӘМИ

(1414–1492)



Әлем поэзиясының дамуына аса мол үлес қосқан, парсы-тәжік әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі – Әбдірахман Жәми. Ол 1414 жылы Герат қаласында дүниеге келген. Кезінде Герат қаласы Орта Азиядағы мәдениеті дамыған ірі орталықтың бірі болған. Тіптен ол бүкіл Таяу Шығыстың саяси, экономикалық және мәдени өмірінде ерекше орын иелеген.

Әбдірахман Жәмидің балалық, жастық шағы осы Герат қаласында өтеді. Онда ол белгілі филологтар мен дін иелерінен, сопы-шейхтар мен ғұлама ғалымдардан дәріс алып, әдебиет әлемінің бал-бұлақтарынан сусындай бастайды.

Соңыра Самарқандқа барып, сонда оқиды да, білімін одан әрі жетілдіреді. Ол араб тілі мен грамматикасын, философия мен заң ғылымын, ислам тарихы мен математика, астрономия салаларын да жетік меңгереді.

Әбдірахман Жәми жасаған дәуірде Орта Азия мен Хорасанда Әмір Темір әулетіне қарасты елдер мен жерлердегі үстем тап иелері арасында күрес-тартыстар үдей түскендіктен, әпербақандықтар кең өріс алып, мемлекет ыдырай бастаған кез болатын.

Әбдірахман Жәмидің әдеби мұрасы өте бай. Одан бізге елуден астам поэзиялық, прозалық шығармалар жетіп келген. Оның ішінде ақыннан үш лирикалық өлеңдер жинағы (диван) мен жеті эпикалық дастаны, бірнеше прозалық шығармалары, сондай-ақ көптеген тарихи, әдеби туындылары мен суфизм философиясы жөнінде бірнеше трактаттары жетіп келген.

Ақын ғазелдері гуманистік идеяларға аса бай. Оның шығармаларында сүйіспеншілік, іңкәрлік, құштарлық жөнінде кеңінен сыр шертіледі. Пәк сезімді қыздар мен шынайы махаббат құштарлары болған жігіттердің ғашықтық сырлары өзінің тамаша шешімдерін тапқан. Бұл ретте ақынның «Айым менің, сенсіз көз жасымды төктім», «Кірпігімнен бұршақтай боп жас ақты», «Жібек шаш», «Ыстық қайғы», «Сарғайды жүзім», «Күміс мойын», «Пәктік сақшысы», «Махаббат туралы» сияқты жыр-өлеңдерін атай аламыз.

Шынайы махаббатты айрықша қадір тұтқан ақын:

Махаббатты жыр етейік тағы да,
Қалам жүйткіп, кетсін өлең ағыла.

дей отырып, сұлу қызға деген іңкәрлікті, шын сүйіспеншіліктің тамаша сырларын суреттеп:

Ай келбетті ақ бетіңнен түсір торғын пердеңді,
Қызыл ернің – қос лала гүл сұқтандырсын көргенді.
Тал бойында бір мінің жоқ – дүйім жұртты қаратқан,
Тәңір өзі риза шығар сендей жанды жаратқан, –

дейді.

Ақын пәктікті, тазалықты, саф махаббатты ерекше қастерлегені соншалық, оны өлең жолдарының негізгі лейтмотивіне айналдырады. Сондықтан да ол:

Сырғып қалам сыбызғалы сырлы үнмен,
Сүю жәйлі сұңқылдады жыр бірден, –

деп, елге, жерге, туған-туысқанға болған шынайы сезімдердің мәнін жан-жақты ашады. Төңіректе кең өріс алған махаббаттың әсем сырларына шомған ақын:

Бар төңірек тұнып тұрған махаббат,
Сонда нағыз ақиқат пен шапағат, –

десе, одан әрі:

Атақта да, атақсызда табына,
Бағынады махаббаттың заңына, –

дейді.

Әбдірахман Жәмидің атын әлемге танытқан аса тамаша шығармалары – оның жеті дастаны. Ұлы ақынның «Тақуаларға тарту» (1481–

1482), «Тақуалар тасбиғы» (1482–1483), «Жүсіп–Зылиқа» (1483), «Ләйлі-Мәжнүн» (1484), «Ескендір-наме» (1485), «Алтын шынжыр» және «Саламан мен Әбсәл» сияқты дастандары көркемдік жағынан да, өз дәуіріндегі қоғамдық өмірде болған мәселелерді кемел сипаттауымен де оқырмандарды өз жетегіне үйіріп алады.

Мәселен: ақын өзінің «Тақуаларға тарту» атты дастанында өмірдің әр түрлі мәселелерін нақыл, өсиет, өнеге ретінде сөз ете отырып, күллі жұртшылықты тәлімді, тәрбиелі болуға үндейді. Сөз құдіреті мен ақындық өнер жайлы терең тебірене отырып, ол жөнінде өзінің ойын ашық айтады. Әрбір сөзді орын-орнымен ретін тауып қолдану, оны іске асыра білу, адам өмірімен қоғамда болып жатқан әр түрлі жағдайлардың нағыз шындығын айту – аса қажет деген идеяны алға тартады.

Сондай-ақ ақын өзінің «Өлең сөздің қасиеті туралы» деген еңбегінде, өлеңнің адам өмірінде алатын мәнін жан-жақты ашады. Әсіресе, үстем тап өкілдері болған надан байларға өлең шығарған, сарай ақындарын қатты қаралайды. Сөйтіп ақын, сараңды – «саки» деп, шалағайды – «дана» деп жырлаған жағымпаз ақынсымақтарды жер-жебіріне жеткізе сынайды.

Ұлы ақынның негізгі кредосы – шын мәніндегі талантты ақын ешқашан да жалған жазбауы керектігі. Қандай қиындықтар, зорлық-зомбылық көрсе де, тек шындықты айту керектігін тілге алады. Ақын өзінің «Жастық тәкаппарлығы» атты поэтикалық туындысында жастарды жеңіл желпі өмірге ұмтылмауға, жақсылықты, байлықты қиялдан ғана іздемей, оны өз қолдарымен жасау керектігін қатаң ескертеді. Өзінің «Тұрақсыз ғашық хақында әңгіме» атты еңбегінде, сұлудан сұлу іздеймін деп, нағыз сұлудан айрылып қалған тұрақсыз, көрсеқызар жігіттің жер соғып қалған қайғылы халін жан-жақты суреттейді. Сұлу қыздың: «Менен де сұлу сіңлім соңымда келе жатыр», дегеніне сеніп, санын соғып қалған жігіттің аянышты жағдайын оқырмандар алдына жайып салады. Әсіресе ақын сұлулықты, әдемілікті, әсемдікті айрықша қастерлеп, оны ерекше шабытпен, асқақ үнмен жыр жолдарына қоса біледі. Мәселен:

Сұлулыққа табынған да рахат,
Ол – ханзада, болар күні – махаббат.
Сол ханзада – сұлулық кеп қалғанда,
Күн – махаббат бас ұруға арманда.
Сол сұлулық Ләйлі болып алды да,
Табындырды Қайысты әкеп алдына, –

деп, ол сұлулық, әсемдік атаулыны аса жоғары бағалайды.

Әбдірахман Жәми өзінің «Кір жуушы әйел мен Көкқұтан» атты мысал өлеңінде, биік аспанда самғай ұшып, құс атаулының үрейін ұшырған, сөйтіп, құстардың жас етімен қоректенген Бүркітке еліктеймін деп қарақұсқа жем болған Көкқұтанды сөз етеді. Онда ақын «Әлін білмеген әлек» деген идеяны алға тартады. «Көрпеңе қарап көсіл» деген ойды ілгері қояды. Әркім өзінің шама-шарқына қарауы керектігін ескерте отырып, адамдарды өркөкіректіктен, құр мақтаншақтықтан бойды аулақ салуға жұмылдырады. Желігу, мақтаншақтық жерге соқтыратындығын әдемі ескертеді.

Ақын шығармаларында дінді бетке ұстап, сол арқылы құр құлқынның құлына айналған сопысымақтарды сынау да кең өріс алған. Оны біз ақынның «Алтын тізбек» дастанынан анық аңғарамыз. Ол өз дәуіріндегі кейбір сопылар мен дін иелерінің ниеті тамақ пен шарапқа ауып кеткенін, олардың намазы мен дұғалары күн көрудің қамына айналғандығын сынайды. Кім дүние, ақша берсе, сопылар соның сөзін сөйлейтіндігін, құлқыны үшін ақты қара, қараны ақ дейтіндігін жеріне жеткізе сын астына алады.

Сондай-ақ Әбдірахман Жәми өз шығармаларында жалқаулықты, ұйқышылдықты да мінеп-шенеп, оның барып-барып өкінішке соғатындығын ашық ескертеді. Адал еңбек, терең ойдың биікке көтеретіндігін аса жоғары бағалайды. Тіптен ақын ұйқы мен өлі тең десе, енді бірде ұйқыны ұрыға да балайды. Ақын өмірге, қоғамға кесірі тиетін нәрсенің бірі – күншілдік, бақастық, бақталастық екендігін де ашық айтады. Әсіресе достың шынайы, барынша адал болуын биікке көтереді. Олардың бір-біріне барынша мейірімді, әрі адал болуы керектігін алға тартады.

Әбдірахман Жәмидің көркем шығармаларының ішінде аса шоқтығы биік туындысының бірі – «Жүсіп-Зылиха» дастаны деуге болады. Ол көлемі жағынан да, көтерген мәселелерінің ауқымдылығы жағынан да оқшау дүние. «Жүсіп-Зылиха» – Шығыс ақындары тарапынан кең жырланған тақырып. Екі жас арасындағы саф сүйіспеншілік пен бір-біріне деген мейір, ыстық махаббат шығармада барынша кең, әрі шынайы сипатталады. Поэмада Зылиханың алғаш түсінде Жүсіпті көріп, оның сұлулығына бірден ғашық болып қалуы сөз болады. Бірақ, бір-біріне қосыла алмаған ғашықтардың, соңында мерт болғандығы жайлы сыр шертеді. Мәселен: дастанда Зылиханың Жүсіпке барып өз сүйіспеншілігін, мұңын шағу жайлы:

Тәрбиеші анасының ертегі,
Зылиханың тас жүрегін өртеді, –

делініп, одан әрі:

Қайнап ақты көзден парлап мөлдір жас,
Бейне жеміс суындай-ақ көлге ұқсас.
Құрма ағаштай шалынған бір үсікке,
Көлеңке боп құлап түсті Жүсіпке.
–«Басымды иіп аяғыңа жығылдым,
Сүйгендіктен айтам мен мұнымды.
Тілеймін мен саған өмір сәнін де,
Өзім жайлы ұмытам да бәрін де.

Бұйра шашың арқан болып оралып,
Жүрегімді шырмап алды ол анық.
Бір сен үшін денем от боп күйеді,
Жаным менің саған ғана иеді.
Жалғыз ғана құтқарушым сен өзін,
Тағдырымды шешіп берсе шипагер,
Саған ынтық қасіретті айтар ол, –

деп, Жүсіпке деген сағыныш, ғашықтық сезімін жайып салады.

Жүсіпке бірнеше жылдар бойы ғашық болған Зылиха, ақырында өз дегеніне жетеді. Құштарлық, ғашықтық ләззатын татады. Дегенмен ол ұзаққа созылмайды. Мысыр әкімінің әйелі болған Зылиха, Жүсіппен танысып, оны өзіне қарату үшін шарқ ұрады. Көптеген қаржы шығарып сарай да соқтырады. Қырық жыл бойы ғашық болған Зылиха өзі сүйген Жүсіпке жету үшін шөптей солып, арып-ашады. Ақыры Жүсіппен қауышқанда ғана іңкәр көңілі тоят тауып, жасарып та кетеді.

Жүсіп дастанда құмарлық сезіміне тым беріліп кетпей, әрбір нәрсеге ақылмен, адамилық тұрғыдан қарайтын, пайым-парасаты аса мол жан ретінде көрініс табады. Шығармада оның саналылығы, қайраттылығы, ұстамдылығы әдемі суреттеледі.

Дастанда Зылиха да өз сүйгені үшін әрқандай қиыншылыққа төзе алатын, арзанға еліктемейтін, өз бағасын өзі білетін, аса күшті сезім иесі ретінде тілге алынады.

Әбдірахман Жәмидің атақ-даңқын әлемге танытқан екінші бір дастаны «Ләйлі–Мәжнүн». Бұл тақырыпты Низами, Науаи, Фузули сияқты жыр дүлдүлдері де жырлаған. Қазақ әдебиетінде оны Шәкәрім Құдайбердіұлы да жазған болатын.

Сондай-ақ ақынның «Тақуа тасбиғы», «Ескендірнама» секілді дастандары да баршылық. Ол өзінің «Тақуалар тасбиғы» дастанында кішіпейілділіктің пайдасы мен тәкаппарлықтың залалын кең оқырмандарға жайып салады. Ақын білімді, өнегелі адамдарды жеміс ағашына балап, олардың асқақтап, аспандап кетпейтінін, барынша кішіпейіл болатындығын сөз етеді.

Шығармада патшалардың әділдігі мен зұлымдығы әшкереленеді. Онда ел билеушілердің әділдігі–елді көгертудің негізі десе, олардың

зорлық-зомбылығы – елді тоздырудың, елді нашарлатудың себепшісі деген идеялар алға тартылады. Өсіресе кекшілдік пен күншілдік үстем болса, ел билеуші – әділдік таразысынан ауытқитындығын ашық ескертеді. Ылғи да ел билеушілерінің халқына жақсылық қылуы керектігін тілге алады. Мәселен ақын: «Жаман атақ – кісінің екінші өлімі, жақсы атақ – кісінің екінші өмірі» деген идеяны алға тартады.

Әбдірахман Жәми өзінің «Ескендірнама», немесе «Ескендірдің даналық кітабы» атты еңбегінде Ескендірдің дара қасиеттері, дара сипаттарынан гөрі оның өмірін, әкімдік, адамгершілік, парыз, шапағат, қанағат идеялары тұрғысынан жырлауға айрықша мән береді.

Дастанның бірінші тарауында Ескендірдің дүниеге келуі, сегіз жасынан бастап тәжі киюі, әкесінің Арастуды (Аристотельді) баласына ұстаздық етуге шақыруы, жас патшаның ілім-білім алып, барған сайын жетіліп, толысуы, кемеліне келуі сөз болады.

Ақын шығармасының негізгі идеясында, қашанда ел билеуші, мемлекет басшысы дана, ақылды адам болмаса, мемлекеттің жағдайы нашарлап, халық сорлайтындығы, қашанда надан патша елді тура жолға бастай алмайтындығы ашықтан-ашық сөз болады.

Дастанның екінші бөлімінде Ескендірдің әкесі Арастудан баласына арнап өсиет кітап жазып беруді өтінеді. Өйткені, ақылды әке баласының болашағын ойлайды. Сонда Арастудың жазған даналық кітабында патшалыққа керекті қасиет деп біріншіден, білімділікті алға тартса, екіншіден, мәселені шешуде тек ақылға жүгіну мен әділдік керектігін, үшіншіден, сақилық пен кешірімділікті, төртіншіден, табандылық пен ерлікті, бесіншіден, әділдікті, алтыншыдан, жамандық пен кесапаттықты жоя білу керектігін ескертеді.

Дастанда Ескендірдің басқадан артықшылығы деп оның кішіпейілділігі тілге алынады. Ол өзіне дейінгі патшаларды биікке қоя сөйлеп, өзін қатардағы көптің бірі ретінде алғандығы сөз болады. Дегенмен, тарихта болған. Ескендір бұдан бөлектеу, бүкіл әлемді басып алушы, жаулаушы болса да, оны Әбдірахман Жәми өзге ел билеушілеріне үлгі, өнеге етуді басты ниет еткен. Ел билеуші, патшалардың ынсапты, әділетті, халық қамын ойлайтын, нағыз халықшыл болуын арман еткендіктен, солай түйіндеулер жасаған.

Дастанда Сократ тұлғасы да даралана сипатталған аса тартымды бейне. Ол да дүние жисам, атақ, даңқ шығарсам деген ойдан мүлдем алшақ жан. Өмір бойы шындық іздеген, бар өмірін ғылым жолына бағыштаған адам ретінде тілге алынады.

Ол шын бостандық пен еркіндік–әкімшілік, ел басқаруда емес, ешкімге тәуелсіз болмай, еркін өмір сүруде деп түсінеді.

Шығармада Сократтың шәкірті ретінде Платонды алады. Ол шәкіртіне: «Өмірге кесепат келтіретін алты нәрсе бар»–дей отырып, ол–күншілдік, зорлық, дүниеқұмарлық, сараңдық, мансапқорлық, надандық деп түсіндіреді.

Сөйтіп, ол берекелі еңбек етіп, халыққа жақсылық жасаймын десең, «Көп сарып қылуға ұмтылма, қанағатшыл бол, еңбек жолына дұрыс түсе біл, көңіліңнен жамандық атаулыны шығарып таста, ер жүректілермен ғана дос бол» деген идеяларды алға тартады. Оның үстіне Әбдірахман Жәми–өзінің «Фейеограстың даналық кітабы» атты шығармасының бір тарауында: «Өмірдің бірден бір мәні–халыққа пайдалы қызмет етуде»–дей отырып, «Әр күні өзіңе есеп бер. Бүгін не бітірдің, не жақсылық, нендей жамандық жасадың, қашанда ақыл таразына салып отыр»,–деген, ойларды өз шығармасына арналы арқау етеді.

Әбдірахман Жәми өз шығармасында: «Өмірдің жақсылығын көр, ләззатын тат, бірақ оны басқалардан қызғанба, кісінің сөзіне емес, ісіне қара, әділдікке тік тұра біл»–деген даналық ойларды алға тартады.

Ақын шығармаларының қорытындысы есебінде оның «Бахаристан», немесе «Көктем гүлі» еңбегін атауға болады. Бұл–ақынның қара сөзбен жазылған көркем прозалық туындысы. Онда ол өзінің кейбір түйінді ойларын ғана өлең жолдарымен өрнектеген. Дегенмен, ақынның бұл еңбегін ғибраты аса мол, мысал әңгіме ретінде танып, оны новелла деуге болады.

«Көктем гүлі» – Әбдірахман Жәмидің бірінші рет қара сөзбен жазған көркем шығармасы. Онда «Пайда үшін дос болу–жаман әдет», «Игілік те үй ішінде–ол кішіпейілділік». «Жамандық та үй ішінде, оның кілті де, жамандық» деген ойды алға тартады. Мәселен, ақын:

Біріншіден дос көңіліне қарай біл,
Кемшілігін кеңшілікпен кешіргін.
Екіншіден өзіңе де абай бол,
Жаза басып, сұрап жүрме кешірім, –

дейді.

Әбдірахман Жәмидің «Көктем гүлі» атты еңбегінің тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор. Оны дидактикалық негізде жазылған көркем туынды деуге болады.

Кемеңгер ақынның өлеңдері 1968 жылы «Ұлы ақындар кітапханасы» сериясы бойынша, «Өлеңдері мен дастандары» деген атпен «Жазушы» баспасынан қазақ тілінде басылып шыққан. Ақын өлеңдері мен поэмаларын қазақ тіліне Ізтай Мәмбетов, Сейфолла Оспановтар аударған.

Қорыта айтқанда, Әбдірахман Жәми – өз заманындағы аса озық ойлы, талантты кемеңгер, ірі тұлға. Оның шығармалары әлем әдебиеті қазынасында ерекше орын иелеген, кемел де көркем дүниелер. Оларда сыршылдық пен шыншылдық, оқырмандардың сезім пернесіне нұр себе түсетін шынайылық басым.

Сондықтан да Әбдірахман Жәми мұрасы, күні бүгінге дейін адамзаттың мәдени қазынасынан өзінің сүбелі орнын иелей түсуде. Оның шығармалары парсы және тәжік классикалық әдебиетінің ең үздік үлгілерінің бірегейі саналады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ә.Жәми қай ғасырда жасап, қай қалада өмірге келген?
2. Оның атын әлемге танытқан қандай шығармаларын білесіңдер?
3. Ұлы ақынның «Жүсіп-Зылиха» дастанында нендей мәселелер көтерілген?
4. «Ескендірнама» дастанының идеялық мәні.
5. Ақын өлеңдерін, ғазелдерін қазақ тіліне кімдер аударған.
6. Ақынның өздеріне ұнаған өлеңдерін жаттап алыңдар да сыныпта айтып беріңдер.

ЖҮСІП – ЗЫЛИХА

(Дастаннан үзінді)

ЗЫЛИХАНЫҢ ЖҮСІПКЕ БАРЫП МАХАББАТ МҰҢЫН ШАҚҚАНЫ

Тәрбиеші анасының ертегі,
Зылиханың тас жүрегін ертеді.

Қайнап ақты көзден парлап мөлдір жас,
Бейне жеміс суындай-ақ көлге ұқсас.

Құрма ағаштай шалынған бір үсікке,
Көлеңке боп құлап түсті Жүсіпке;

«Басымды иіп аяғына жығылдым,
Сүйгендіктен айтамын мен мұңымды.

Тілеймін мен саған өмір сәнін де,
Өзім жайлы ұмытам да бәрінде,
Бұйра шашың арқан болып оралып,
Жүрегімді шырмап алды ол анық.

Бір сен үшін денем от боп күйеді,
Жаным менің саған ғана иеді.

Сюю-теңіз, тұншығушы мен өзім,
Жалғыз ғана құтқарушы сен өзің.

Тағдырымды шешіп берсе шипагер,
Саған ынтық қасіретті айтады ел!»

Жүсіп тыңдап тосын сөзге таң қалды,
Төкті сұлу тағы құса арманды.

«Саған бақыт болатұғын көзді сен,
Жасқа неге толтырасың өміршең?»

Қасіретін Жүсіп сонда түсініп,
Тақсіретін сөйлеп кетті күрсініп.

«Жылаймын мен, жүрегім бар жаралы,
Махаббаттың жолын білем қаралы.

Шешем еді асыл менің асығым,
Жанды жеген әлсіретіп жасырын.

Енді бірі, әкем еді асығым,
Міндеттімін оларға мен асылым.

Солар мені Мысырға осы жіберді,
Алыс жолға құртатұғын жігерді.

Тар кеудемде егіледі жүрегім,
Кешір мені, саған айтпай жүр едім.

Зылиха айтты; «О, сүйікті жарығым!
Ай деген не? Сенің айым жар үнім!

Сенің жарың болмасам да аңсаған,
Күтуші боп болдым ғой мен таң самал!
Бір құлыңды берші маған көрейін,
Саған деген бар сырымды төгейін.
Жүрмін қайта өзімді ұстап тағат қып,
Егер мені жат деп тұтсаң – ағаттық.

Өз-өзіне қайғы күтсе кімде-кім,
Қайғы жолын ойламайды күнбе-күн.

Сүйемін мен,
Сүйіп сені қалармын –
Ал саған ше, бір жексұрын болармын.

Тыным беріп, сеніміңді арт маған,
Ең болмаса келісімді тарт маған.

Бірге жүрші,
Ырза болып кетейін,
Өмір-бақи қамқоршың боп өтейін».

Жүсіп айтты сонда тұрып: «О құдай!
Мен жарым құл,
Ал сен болсаң – толық Ай.

Бұл құлыңның бар күшін сен пайдалан,
Бұйрық берсең – орындаушы сайлы адам.

Мені сәнсіз қалыпта сен ұстама,
Құлыңды сен ұялтуға қыстама.

Ұлықсат ет, ақ жүзінді шолуға,
Рақым ет, дастарқандас болуға.

Міндет тұтып тапсырғайсың бір істі,
Сол заматта-ақ орындаймын жұмысты.

Қандай бір іс болғанменен сұранам,
Қызмет етпей қалайша мен тұра алам.

«Тында, – деді тағдырымның жарығы,
Мен сөзіңе тұрмайтын құл кәнігі.
Бердім ерлік сендік құл мен күндерге,
Жұмса мені құрақ ұшам бұл жерде.

Қалың құлға бастыртып мен еңсені,
Өз ісіме қалай жегем мен сені?

Жүру үшін аяқ қажет адамға,
Сілтеу үшін таяқ қажет наданға.

Көз жүрмейді, аяқ жүрер тар жолмен,
Ал жолсыздық көзді ағартар сор терен»

«Сенің ойың, – деді Жүсіп, – жұптасып,
Жатыр екен жаныменен ұштасып.

Күн нұрымен теңеседі қай жарық?
Тартпа алдыма махаббаты жайма ғып.

Бар міндетім күтушілік бір саған,
Басқа арман жоқ мен байғұста аңсаған.

Шын досыңның айтқанына жан құрбан,
Дос ниеті – достар үшін заң тұрған».

Қиын жолдан Жүсіп шықпақ сытылып,
Қызмет етпек махаббаттан құтылып.

Тым жақындық қауыптырақ қайғы алу,
Бір жолы бар – құл болып тек жай қалу.

Алау оттан аман қалған мақтадай,
Адам жанын әр уақытта сақтағай!

Аударған Сейфолла ОСПАНОВ.



А.С. ПУШКИН (1799–1837)



Әлем поэзиясының жарқын жұлдыздарына айналған А.С. Пушкин, ғасырлар өткен сайын даралана, тұлғалана түсіп, өзінің биік шоқтығын күллі жұртшылыққа айрықша паш еткен ірі тұлға, кемел ақын.

Шынтуайтына келгенде, А.С. Пушкин – поэзия әлеміндегі теңдесі жоқ, үлкен бір құбылыс деуге арзитын, кеменгер ақын. Оның өзі өмірден әлдеқашан озғанымен, соңына қалдырған тамаша інжу-маржандары, поэтикалық туындылары ешқашан өлмек емес. Сондықтан да ақынның өзі де:

Жоқ, өлмен – жаным жасар өлеңімде,
Жаңғырады, қурамайды денем мүлде,
Жалғанның жарығында мен ардақты,
Жасаса жалғыз ақын керегі не! – дейді.

Осы бір өлеңінің өзінде солай деуі, көріпкел ақынның керемет парасат иесі екендігін аңғартып, оның асқан дарындылығы мен тамаша даналығын аңғарта түседі емес пе? Ақынның айтқан ойы, бүгінгі таңда түгелдей іске асып отыр. Ол ешқашан өлмек емес.

Жасыратыны жоқ, ұлы ақын сұм дұшпандарының суық қолынан қаза тапқанда, кейбір достары қатты қайғырып: «Орыс поэзиясының күні батты» – десе, енді біреулері: «Жарқыраған күн еді» – деп, шындықтың бетін ашқан болатын.

Дегенмен де, әрбір өлең сүйер қауым бір сәт ойланса, орыс поэзиясының күні батпапты. Қайта А.С. Пушкиннен қалған тамаша өлеңдер арқылы орыс поэзиясының таңы атып, жарқырай түсіпті. Өйткені ақын өлеңдері бүкіл әлемді өз шапағатына бөлеп, өз шұғыласына шомылдырып, тым биіктетіп жіберді деуге болады. Оның бірден-бір айғағы

ретінде ақынның мерейтойының 200 жылдығы бүкіл әлем деңгейінде атап өтілуінің өзі содан дерек берсе керек-ті.

Орайы келгенде айрықша айта кетерлік жайт, ұлы тұлғаның кемеңгерлігін алғаш танып, өлмес поэзиясының терең мәнін жан-жақты бағалағандар да орыс халқының данышпан ұлдары болғандығын ескерте кеткен жөн болар деген ойдамыз. Бұл орайда, ұлы орыс сыншысы В.Г.Белинский, белгілі сөз зергері Н.В.Гоголь, ірі ақын М.Ю.Лермонтов сияқты кемел суреткерлер есімін қуанышпен атай аламыз. Мәселен, ұлы ақынның өліміне айрықша қайғырып, ерекше налыған М.Ю. Лермонтов өз өлең жолдарында А.С. Пушкинге опасыздық жасап, оны өлтіргендерге қарата:

Жалмауыз топ, тақ қоршаған,
Жоқ не ары , не беттері.
Азаматтылықты тұмшалаған,
Даңқ, данышпан жендеттер!
Отырсындар бүркеніп заң.
Сотпен шындық тілін кесіп,
Сот бар әлі-кім бұзылған... –

деп, опасыздық бетін әдемі аша келіп, бәрі бір уақыты келгенде ақынның қас-дұшпандары, Тәңір алдында жауап беретіндіктерін де ашық айтады. А.С. Пушкиннің қазасына налып, әділетсіздік сырларын жан-жақты паш етіп қатты сынайды.

Шын мәніндегі аса талантты ақын А.С. Пушкин өмірлік мәселелердің мәнін терең түсініп, оны өзінің өлең өрнектерімен тамаша тәптіштей алады. Мәселен:

Алдаса егер сені өмір,
Қапаланба, қайғырма!

Қаралы күнді көре біл,
Жақсы үміттен айрылма! –

– деген ақын, онан соң:

Ертеңді жүрек күтеді,
Бүгінгі күн-аяулы,

Баянсыз бәрі, өтеді,
Не өтсе, сол аяулы! –

–деп, орынды байлам жасайды.

Тіптен ақынның «Дастарқан жыры» атты өлеңіне үңілсек, терең ойға батып, ақын талантына бас иеміз. Ол:

Неге тынды шаттық үні кенеттен?
Шарап тәңрі шырқап салар қайда әндер?!

Жасасын да, нәзік қыздар бойжеткен,
Жасасын бізді сүйген әйелдер!
Толтыра құй ыдыстарды! Ханымдар, –

дей келіп, одан әрі:

Дәл түбіне түсіре,
Қою шарап ішіне,
Қасиетті жүзіктерін салыңдар! –

–деп өктем үн катады, шындық бетін асқақ арманмен жан-жақты ашып, оны шебер жеткізеді.

Реакцияшыл топ өкілдері А.С. Пушкинді қаншалық қаралап, ақын есімін халық алдында былғамақ болғанымен, арадан сексен жыл өтсе де, оны өлтірткен патша да орыс патриоттарының әділ сотынан өз жазасын алғандығын да кәрі тарихтан жақсы білеміз.

Мінеки, өзі өлсе де сөзі өлмеген ұлы ақынның тамаша поэтикалық шығармалары күні бүгінге дейін әлем оқырмандарын өз жетегіне үйіріп, күллі жұртшылықты дүр сілкіндіруде.

Алып ақынның көрегендігі соншалық, өзінің өлең жолдарының бірінде:

Даусым Ресейге кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап,
Славьян, фин жұртының өр ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыш, қырда қалмақ, –

– деуінің өзі, дәл бүгінге дейін өзінің шынайы шешімін тауып жатқандығын анық аңғарамыз. Бүгінгі таңда, оның есімі бүкіл әлемді шарлап кетті емес пе?

Ақынның бізге бай мұра боп жеткен «Борис Годунов», «Полтава», «Капитан қызы», «Еркіндік», «Қанжар», сияқты және т.б. шығармаларында еркіндікті, бостандықты армандап, әділдікті, теңдікті, биік парасатты барлық нәрседен жоғары қойып, оны тебірене жырлағандығын байқаймыз.

Әсіресе ақынның Қырым, Кавказ елді мекендерінде жүріп, сол елдердің өмірін, достығы мен ынтамық бірлігін жырлаған романтикалық сарындағы «Кавказ тұтқыны», «Бақшасарай фонтаны», «Цыгандар» сияқты шығармалары күні бүгінге дейін өміршендігін титтей де төмендеткен емес.

Ең қызығы, А.С. Пушкин екі дүниенің қоян-қолтық келіп, халық арасында қайшылықтар әбден ұлғайған, кең өріс алған, әбден шие-

леніскен дәуірінде жасаған болатын. Яғни ол жаңа капиталистік қарым-қатынастың сан қилы элементтері кіріп келумен бірге, ескі феодалдық-крепостнойлық үкімет оларды ығыстыруға әрекет жасау жағы әбден күшейген дәуірде өмір сүрді.

1825 жылғы патшаға (желтоқсан айында) қарсы көтерілістен соң, Ресейде реакцияшыл күштер әбден күшейіп кеткен болатын. Міне, осы кезеңде декабристердің басшы адамдары атылды. Ал кейбіреулері дарға асылып, ел арасында, наразылықтар әбден күшейіп кетті. Қаншама адамдар жер аударылып, Сібірге сүргінделді. Бұл кезең нағыз қанды қол «Николай 1-дің заманы» деп тілге алынған уақыт болды.

Осындай қиын-қыстау, алмағайып дәуірде жасаған А.С. Пушкин ол кезеңнің қайшылықтарын анық аңғарып, ешкімнен қаймықпай, ылғи да халық жағында болып, бостандық пен еркіндікті, әділеттілікті, азаматтықты тебірене жырлады. Өз қолшоқпарларына айналдырмақ болған Николай 1-дің сөзіне құлақ аспай, оның іш тартқанына титтей де мән бермей, халық жағында болып, олардың мұнын мұндаған, нағыз халықшыл ақын болды.

Дегенмен оның адасқан тұстары да болды. Ол жайлы белгілі сыншы ғалым, ұлағатты ұстаз, академик, марқұм Мұхаметжан Қаратаев: «Адасты да, әлсіреді де, бірақ тынбады, ескілік жүгінен арылып, жаңа өмірдің рухына ерді, ілгері ұмтылды, адам баласының бақытын аңсады», – дейді.

Ол рас! Пушкин барынша, бар даусымен әділдікті, теңдікті ашық жырлап, түрлі берекесіздіктерді сынай түсті. Оның «Борис Годунов», онан соң жазған көлемді шығармаларынан «Капитан қызы», «Дубровский», «Белкин» сияқты повестер – ұлы қаламгердің шындықты шынайы жеткізе алған, аса құнарлы шығармалары деген болар едік.

Ол өзінің «Полтава» атты поэмасында төңкерісшіл қимылдарды қатты сынап, Петр патшалығына бүйрегі бұра айтқан ой түйіндерін анық байқатады. Оның «Стансылар», «Достарыма» сияқты өлеңдерінде, ұлы ақынның дәуір тынысын шебер сезініп, оларды сынға алу жемістерін байқау оншалық қиын емес. Бірақ ол, 1827 жылы жазған «Арион» атты өлеңінде өзін декабристердің бірден-бір жыршысы етіп тілге алады. Солай бола тұрса да, 1831 жылдан соң оның либерализмі кең өріс ала түсіп, жаңа үміт жаршысына айнала бастайды. Содан ол Николай патшаның қанды шеңгелінен қайтыс болғанға дейін ескі консерватизмді, феодалдық қоғамның асқан сорақылықтарын, патшалықтың ұсқынсыз іс-әрекеттерін қатты сынайды.

А.С.Пушкин поэзиясында табиғаттың әсем көріністері тамаша сыр шертеді. Оны біз ақынның «Патша селосындағы ой» деген өлеңіндегі мына бір жолдарға назар аударсақ анық аңғарамыз. Мәселен, ақын:

Көк өрім там мен терек алдымдағы,
Төніп тұр мөлдіреген су бетіне.
Даланың қаншасындай қызғалдағы
Құлпырып, құмар еткен сәулетіне, –

дейді. Немесе ақынның «Наташаға» деген өлеңіндегі мына бір жолдарына көңіл көздерін қадалық:

Жайдары жаз күнгірт тартып,
Кетті өтіп күндер ашық.
Қарағайлы орман қалғып,
Тұр тымырсық тұман басып.

Егін жайлар жатыр сұлап,
Салқын тартты асау бұлақ,
Бұрылданып бұйра орман,
Көк күмбезі тұр тұнжырап, –

деп, ол тамаша көріністің әсем келбетін жасайды.

Ақынның «Терезе» атты өлеңіне назар аударсақ та, тамаша көріністердің әсем сырына тап боламыз. Ақын:

Жуырда түнде бейуақ,
Көк еркесі ай сумандап,
Тұманды сызып жүрген шақ,
Алдында әйнек тың-тыңдап,

Отырған қызға болдым тап.
Жасырын үрей жан тербеп,
Сабырсыз қарап, отырсақ,
Баурайда жатқан жол көлбеп, –

дейді де, өзінің асқақ арманын одан әрі сәтті өлең жолдарымен тамаша қиыстыра түседі.

А.С.Пушкин өзінің «Жолдастарға» деген өлеңінде де, шындық бетін шынайы ашып, тамаша байламдар, терең тұжырымдар жасайды. Оны біз ақынның төмендегі өлең жолдарынан көреміз:

Азапты күндер қалды артта,
Жазармыз жылдар жарасы.
Көрмейміз, кетіп жан-жақ
Сарақольск даласын.

Әр жаққа әлі-ақ тараймыз,
Аулақта іс көп біз күткен.
Аптығып алға қараймыз.
Адуын, албырт үмітпен, –

дейді ақын.

Расында да, ақынның қайсы бір өлеңіне назар аударсақ та, онда өз заманындағы әділетсіздікті, теңсіздікті шынайы аша отырып, дәуір тынысын өлең өрнектері мен әдемі жеткізеді. Мәселен: ол өзінің «Еркіндік» атты өлеңінде:

Аулақ менен, жоғалтшы көз алдымнан,
Нәзік қанша махаббат деп аһ ұрған!
Қайдасың сен, бостандықтың жыршысы,
Патшалардың зәре-құтын қашырған?
Келші, жұлшы, тәжіге тартқан зүлімді,
Дүниенің бостандығын жыр етсем.
Зұлымдықты атамын да зілімді, –

деп қайсарлығын, тәккәпарлығын, ұлылық сипаттарын анық аңғартады.

Алғаш өз шығармашылық жолын ода, эпиграмма жазудан бастаған ақын, келе-келе кең тынысты кемел шығармалар жазып, дәуір шындығын шебер сипаттайтын нағыз талант дәрежесіне көтеріледі. Бұл орайда оның «Руслан мен Людмила» шығармасын айрықша тілге алған болар едік.

Ақын өз заманының талантты қаламгері Байронның ықпалымен де романтикалық сарындарда бірнеше поэмалар жазу мүмкіндігіне ие болды. Тіптен ақынның орыс поэзиясында тұңғыш рет өлеңмен жазылған роман жанрын өмірге алып келуін, орыс поэзиясындағы үлкен жаңалық деуге болады. Бұл ретте оның «Евгений Онегин» шығармасын бөліп атау қажет деп ойлаймыз.

Шындығында да ақынның «Евгений Онегин», «Граф Нулин», «Борис Годунов», «Полтава», «Капитан қызы», «Дубровский», «Кавказ тұтқыны» секілді кемел шығармалары – орыс поэзиясында ғана емес, жалпы әлем әдебиетінде салмақты орын иелейтін сом дүниелер.

Осындай ұлы ақынның тамаша көркем шығармалары өзбек оқырмандарына Усман Насыр, Айбек, Хамит Әлімжан, Зулфия, Міртемір аудармалары арқылы жетіп, өзбек халқының рухани игілігіне айналған болса, ал қазақ жұртшылығы Ілияс Жансүгіров аудармасында «Евгений Онегин» романын түгелдей оқып, өздерінің мәдени байлықтарына айналдырды.

Сондай-ақ А.С.Пушкин шығармалары қазақ оқырмандарына Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Мәжит Дәулетбаев, Ғали Орманов, Сәйділ Талжанов, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожин, Мұзаффар Әлімбаев сияқты аса талантты ақындардың аудармалары арқылы жеткендігін қуанышпен тілге аламыз.

Кемеңгер ақын Абай Құнанбаев айтқандай: «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» – демекші, поэзия падишасы А.С.Пушкин ешқашан өлмек емес. Ол бүкіл әлем

жұртшылығы арасында ғасырлар өткен сайын биіктеп, Шолпан жұлдызындай жарқырай бермек.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. А.С.Пушкиннің қандай өлеңдері бізге жетіп келген?
2. Ақынның «Евгений Онегин» поэмасында қандай мәселелер көтерілген?
3. Ақын өлеңдерін қазақ тіліне кімдер аударған?
4. Өзбек ақындарынан А.С.Пушкин өлеңдерін кімдер аударған?
5. «Капитан қыз», «Кавказ тұтқыны» сияқты шығармаларын оқып алыңдар.
6. Ақынның «Руслан мен Людмила» шығармасын жаттап алып, бірің Руслан, енді бірің Людмила болып, сабақта сахналастырыңдар.

А.С. ПУШКИН ӨЛЕҢДЕРІНЕН:

ОНЕГИННІҢ СИПАТЫ

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген.

Кейде паң, кейде көнгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық форыменен.
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.

Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе,
«Дем алысым, құмарым – бір сен» десе.
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше,
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансып, қайғырып, орны келсе.

Жап-жаңа кісі болып түк білмеген,
Қалжыңын білдіртпейді «қалай» деген.
Жаның шошыр, ерлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген.

Титтей бойы болса да сезер сонда,
Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда.

Ғашық құмар, ақылмен бойыңды алып,
Жылы жауап есітер не қылсаң да.

Емінер, «әй» дегізер, дайын қылар,
Жүрегің қалай соқса, пайым қылар.
Жылы ізін суытпас, дамыл көрмес,
Бір оңаша жолығар жер айтқызар.
Ел аулақта оңаша қолына алып,
Көңліндегі сабағын айтып тынар.

Жасынан көрсе оны ақылы сасқан
Не сұрқия жандарың жұрттан асқан.
Женуге, қор қылуға тағы да ұста,
Өзіне күндес шықса, жол таласқан.
Әжуаға, қорлауға тілі орамды,
Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан.

ТАТЬЯНАНЫҢ ОНЕГИНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

Амал жоқ – қайттім білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Талапсыз, бақсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп мен жанып,
Айында бірер көрсем де.

Болмады көріп қалуға,
Есітіп біраз сөзінді.
Шыдар ем бір ай жатуға
Ұзақ түн жұмбай көзімді.

Қызықтан қашып бұл жерге
Көңліңіз суып келіпсіз.
Мәнісін сұрап білуге
Тілдесе алмаймын еріксіз.

Келмесең егер сен бізге,
Сау болмас па ем, әлбетте?
Болмасам ашына мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке.

Асау жүрек қайнамай,
Жуасыр ма еді кезінде?
Елден бір жақсы сайламай,
Бармас па ем ерге өзім де?

Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек.
Әзелде тағдыр неден,
Қожам – сенсің, не керек.

Тіршілігім – құрбандық,
Шыдамай сені көргенше,
Тәңрімнен келген бұл жарлық,
Ием – сенсің өлгенше.

Әуелі кірдің түсіме,
Ортақтасып өміріме.
Толғау салып ішіме,
Сол күнде-ақ жақтың көңіліме.

Құдайдан болғай деп емі,
Құдайыны мол бердім.
Көрген жерде-ақ мен сені,
«Осы екен ғой – сол» дедім.

Жатқан сайын ұйқыға
Дұға оқушы ем, шошынып.
Ұнатып мені құлқыңа,
Жүруші едің қосылып.

Түсімде мені жұбатып,
Жылы сөзбен сөйлесіп.
Кетуші едің қуантып,
Қалушы еді көңіл өсіп.
Шыныңды айт, кімсің тербеткен
Иембісің сақтаушы?

Әлде азғырып әуре еткен
Жаумысың теуіп таптаушы?

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс.

Не болса да өзімді
Тапсырдым сізге налынып.
Толтырып жасқа көзімді
Есірке деймін жалынып.

Бұл жерде ешкім сырымды
Білмейді, айтып не етейін?
Жақтырмай бұзсаң нұрымды,
Білдірмей күйіп өтейін.

Күтемін сізден қайта хат,
Қуандырып дертім жаз.
Ол болмаса, шыныңды айт,
Кінә өзімде, өзіме аз.

Өз хатыма өз көзім
Ұялып, қорқып баға алмас.
Кепілім менің – бір өзің,
Бөтен жан тесік таба алмас.

Аударған – Абай ҚҰНАНБАЕВ.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

Халық ауыз әдебиеті	3
Тұрмыс-салт жырлары.....	10
Мақал-мәтелдер.....	31
Ертегілер	42
Аңыз-әңгімелер	51
Батырлар жыры	62
Алпамыс батыр	67
Лиро-эпос жырлары.....	86
Айман-Шолпан.....	88
Айтыстар	103
Біржан мен Сара айтысы.....	115

Екінші бөлім

XV–XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті	128
Асан қайғы Сәбитұлы	129
Асан қайғы толғаулары	135
Қазтуған жырау	137
Қазтуған жырау толғаулары.....	139
Шалкиіз жырау Тіленшіұлы	140
Шалкиіз толғаулары.....	141
Доспамбет жырау.....	150
Доспамбет жырау шығармалары	150
Ақтамберді жырау	152
Ақтамберді жырау шығармалары.....	152

Үшінші бөлім

XVIII ғасыр әдебиеті	158
Бұқар жырау	160
Бұқар жырау толғаулары.....	169
Үмбетей жырау	171
Үмбетей жырау толғаулары	175

Төртінші бөлім

XIX ғасыр әдебиеті	177
Махамбет Өтемісұлы	179
Махамбет өлеңдерінен	202

Бесінші бөлім

Туысқан халықтар әдебиеті үлгілерінен	206
Низами Гәнжауи	206
Әлішер Науаи	214
Мақтымқұлы Пырағы	226
Бердақ	282
Мұқыми	240
Фуркат	251
Абдулла Қахһар	261
Зулфия	270

Алтыншы бөлім

Әлем әдебиеті үлгілерінен	281
Әбдірахман Жәми	286
А.С. Пушкин	292

O'quv nashri

Q. Jumaliev, **T. Aqsholaqov**,
Q. Seydanov, A. Buksinbaeva

ADABIYOT

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 9-sinfi uchun darslik

(Ozoq tilida)

4-nashri

Редакторы *Г. Нишанова*
Керкемдеуші редакторы *Х. Қутлуков*
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АИ 15.8. 14.08.2009.

Басуға 2019 жыл 13 мартда рұқсат етілді. Пішімі 70×90^{1/16}. Офсеттік қағазы.
«Таймс» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 22,23.
Баспа табағы 21,41. Таралымы 5639. Тапсырыс № 19-176.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz

**Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

O'quv nashri

Q. Jumaliev, **T. Aqsholaqov**,
Q. Seydanov, **A. Buksinbaeva**

ADABIYOT

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 9-sinfi uchun darslik

(Ozoq tilida)

4-nashri

Редакторы *Г. Нишанова*
Керкемдеуші редакторы *Х. Қутлуков*
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АИ 15.8. 14.08.2009.

Басуға 2019 жыл 13 мартда рұқсат етілді. Пішімі 70×90^{1/16}. Офсеттік қағазы.
«Таймс» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 22,23.
Баспа табағы 21,41. Таралымы 615. Тапсырыс № 19-177.

Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясы
құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz

www.iptd-uzbekistan.uz